

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылғы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№5 (182),
МАМЫР
2020 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек,
Қ.Құнапина – т.ғ.к., доц.; С.Дүй-
сен – п.ғ.к., Қ.Қарамандәв –
тарихшы-зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш бас
редактор. Б.Матеева – ұс-
таз-әдіскер. Ш.Танмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ү.Елшібай – озат ұстаздар.

Басуға 10.04.2020 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108^{1/16}.

Шартты б.т. – 5. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.

Таралымы – 1500.

Индексі – 75748.

Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Авторлар қазақша ғылыми-
теориялық мақалаға орысша,
ағылшынша, орысша мақалаға қа-
зақша, ағылшынша, ағылшынша
мақалаға қазақша, орысша резюме
ұсынуға міндетті. Мақаланың ғы-
лыми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың байлам-
тұжырымдары редакция көзқара-
сымен сәйкеспей де мүмкін. Кө-
шіріп басылса не пайдаланылса,
сілтеме жасалуы тиіс.

Журнал ҚР БҒМ Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитеті (БҒСБК) ұсынған
тізімде бар.

Журнал в списке рекомендо-
ванных ККСОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

А.Еспенбетова, Н.Байымбетова. Тәңіршілдік діни сенімдердің ерекшеліктері.....	2
Құмарбек Жүпбаев. Шыңғыс хан қазақ па?.....	4
Айша Бегалиева, Сакен Косанбаев. Героический путь Жанхожи Нурмухамедова.....	7
Амангелді Төлемісов, Азат Жексенбеков. Ресей империясының Жетісуды отарлауы.....	10
Әзілхан Тәжекеев, Минсара Қараманова, Болат Абылаев. Арал мен Жаңақорған арасы.....	13
Өтеген Исенов. Торғайдағы 1916 жылғы көтеріліс.....	16
Жансая Өсіпова. Мәмбетәлі Сердалининнің омбылық өмір кезеңі.....	18
Болат Нығметов. Техникалық жоғары оқу орнының ұйымдастырушысы.....	22
Талас Омарбеков, Айжан Қоңырова. Орталық Азиядағы «Түркішілдік».....	24
Айнұр Қалыбаева, Нұрия Жұмағалиева. Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасындағы аграрлық мәселелер.....	27
Досалы Салқынбек. Тарих ғылымы жаңа еңбекпен толықты.....	29
Гүлмира Нұрышева. Қазақстанда ұлттық кадрларды даярлау.....	30
Динара Хамидуллина, Айтолқын Төлешова. Атырау облысына жер аударылғандар.....	32
Қабибек Мұхитов. Баку мұнайын Атырауға тасу тарихы.....	34
Жапсарбай Қуанышев. Тәуелсіздік қарсаңындағы Қазақстан.....	37
Болат Сайлан, Ақтолқын Райымбек. Тәуелсіз Қазақстанның қарулы күштеріндегі С.Нұрмағамбетовтың рөлі.....	39
Құндызай Ерімбетова. Отанына адал ұл.....	41
Қайрат Қарамандәв. Майдангерлердің ерлігі.....	46
Куляш Джумағалиева. К вопросу о положении военнопленных.....	58
Ақбота Сейсенбаева, Райса Сауырбаева. Түркиядан келген қазақтар.....	60
Бағдагүл Аманиязова. Ұлтаралық келісім.....	62
Самал Молдашева. Қоғамдағы бірлікті қалыптастыру.....	65
Айнұр Бейсеғұлова. Этникалық бірегейлік мәселесінің зерттелуі.....	67
Марал Калиева. Программа «Рухани жаңғыру».....	69
Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.	
Д.Асымова, Г.Қырғызхан. Сандық білім құзыреттілігін дамыту.....	72
Бекзат Қалиева. «Өлкетану» факультатив пәнін оқыту.....	73
Күлімкөз Сантаева, Жұлдыз Әскербаева. Қалыптастырушы бағалау әдіс-тәсілдері.....	77
Венера Жолмұхамбетова. Алаш арыстарының мемлекеттік туралы идеялары.....	79
Эльмира Әлбосынова. Қылмыстық құқық құрылымы мен функциялары.....	80
Ділназ Есенгелді. Кітап – алтын қазына.....	80

УДК 256

ТӘҢІРШІЛДІК ДІНИ СЕҢІМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ және тарихи сабақтастық

А.ЕСПЕНБЕТОВА,¹ Н.БАЙЫМБЕТОВА,²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті тарих және дінтану кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к., ²5В013000 тарих-дінтану мамандығы 2-курс студенті

Қасиетті даланың үнімен тілдесіп, бұлағын бойына сіңірген қазақ халқының тарихы тереңде жатыр. Олар кең даланы, таулы қыратты, ұлан ғайыр жазықты еркін кезген көшпелі халық болды. Осылайша көшпелілік салт-дәстүрін ұстанған қалпымен талай ғасырларды бастан кешірді. Төбесінде шексіз көк аспан жұлдызбен толысып, қасиетті сенімдермен ұштасты. Рухани мұрасын өскелең ұрпаққа жыр-дастан, мақал-мәтел ретінде қалдырды және оның құпиясын ашу бүгінгі біздің міндетіміз.

Тарихи кезеңдерге сәйкес көшпелі салт-дәстүрді ұстанған қазақ қоғамы үшін табиғат маңызды орын алды. Дүниенің құдіретін әрбір табиғи құбылыспен байланыстырып, түбі бір шексіз көк аспан бейбітшіл заманның символы саналды. Мұсылман діні қазақ қоғамына кіріп, тәңіршілдік, шаманизм ұғымдарымен ұштасып, көшпелі қоғамда өмір сүрген қазақтар үшін мұсылман діні көп уақытқа дейін мойындалмады.

«Тәңір» ұғымы Шумер сына жазуларында, ғұндарда «зингир» (қазақта «зеңгір» сөзі бар) түрінде кездеседі. Ұлы Тәңірді «Көк, Ұлы, Нұр», т.б. сипаттаудың бәрі аспанды білдіреді. Қазақ халқы табиғатынан еркін халық, мұсылман діні қоғамға кіргенімен толықтай орнай алмады. Себебі, қазақ халқы ішінен өзіне ыңғайлысын таңдап оны тәңіршілдік, шаманизм сенімдерімен ұштастырды. Өз заманында Шоқан Уәлиханов қазақ халқының діни сенімін қарастыра келе, мұсылмандық қанымызға тарап әлі сіңе қоймағанын жазды. Шамандар көп жерде өзінің құдіретін жоймағанын, Мұхаммедтің атын білмейтін қаншама қазақ бар екенін атап көрсеткен болатын. Мұсылмандық сенім болашақта халықты қақ бөлетіндігі жайында өзінің жазба дерегінде нақты көрсеткен болатын [1, 28-бет].

Ш.Уәлихановтың айтуынша, XIX ғасырдың ортасына дейін ислам қазақтың қанына сіңген дін болмаса керек. Сондай шала дінді орыс патшалары татар молдалары арқылы таратып сіңірді. Мәселен, Шоқан Уәлиханов өзінің қолжазбаларында бұл мәселеге қатысты бірқатар түсінік берген. Барлық жазушылар қазақтар туралы географиялық қолжазбаларында қазақтар мұсылман болғанымен, көп жерлерде шамандық әдет-ғұрыпты кеңінен ұстап, мұсылмандық әдет-ғұрып пен шаманистік сенім араласып кеткендігі айтылады. Бірақ бұл туралы әлі күнге дейін ешкім нақтылап айтып жаза алмады. Қазақ шамандары немесе бақсылары туралы әртүрлі кезеңде деректер кездеседі. Негізінде, шамандық әдет-ғұрып әлі де зерттеулерді қажет етеді. Шамандық ғұрып қазақтарда моңғолдарға қара-

ғанда әлдеқайда ерекшеленеді, бірақ қазақтарда моңғолдарға қарағанда қазірге дейін сақталмады. Керісінше, қазақтарда бұл мұсылман дінімен араласып, мұсылман сенімі аталды. Ислам діні орыс өркениетімен далаға енді. Сауатсыз халықтың арасында мұсылман дінінің астында жасырын жатқан сенім ретінде қалды. Бұдан оның мағынасы емес, аты ғана өзгерді. Онғонды – аруақ, Көк Тәңірді – Құдай (Аллах), жер жаны Ерлікті – шайтан, жын атауларға өзгерді. Бірақ шаманистік ұғым қала берді. Аспан Құдай ұғымымен ауысып, тәңір ұғымы халық есімінен біртіндеп ұмытылды. Алайда күн, ай, жұлдыз әлі де құрметпен айтылып, халық кейбір әдет-ғұрыптарын сақтап қалды [1, 4-бет].

Мәселен, ислам мен тәңіршілдік қазақ қоғамында сембиозға ұшырап қазақтар аралас деңгейде сенді. Нәліктен қазақ қоғамында XX ғасырға дейін христиан, буддизм және ислам классикалық үлгіде берік орнай алмады? Нәліктен қыпшақтар мен қазақтар ислам дінінің негізін қалаушы мұсылмандар емес? Бұл сұраққа ұлы философ, барша түріктің жанын түсінген Лев Николаевич өзінің ұтымды жауабын берді: *«Тек бос жатқан жерге ғана енуге болады. Ұлы Далада оның тұрғындарына ұлы діндер қамтамасыз еткен нәрсенің бәрін берген бір тылсым нәрсе болды, бұны тек соғыстар ғана емес, мәдениеттегі жеңістер де айғақтайды»* [2, 166-бет].

Қазақ халқының сенімі жайында Сәбит Мұқанов өзінің көзқарасын деректерде нақтылап көрсетті. Мәселен, ол қазақтың ислам дініне оншама беріле сенбейтіні жөнінде бірнеше факті келтірді. *«Тендік бермейтін қиянатшыл, жауыз біреу туралы назаланғанда, қазақ оған «көкте Құдайдың, жерде құмайдың әлі келмейді»* дейді. Құдайы – Алла, құмайы – аң атаулының бәрін де жейтін мифологиялық ит. Құдай мен құмайды теңеуі қазақтың дінге сенушілерінің оған қандай көзқараста екенін көрсетіп, мұсылман діні қазақ қоғамында әлі де берік орнамағаны жайында ойын білдірді [3, 304-бет].

Исламның таралуымен қатар қала халқы арасында пұтқа табынушылық әлі де сақталды. Зерттеушілер Орта Азия халықтары үшін ислам олардың рухани-діни түсініктерін толық ығыстырып шықпағанын атап өтеді. Мұны археологиялық материалдар дәлелдейді. Ошақтардың бай безендірілуіне Сырдария аймағының ертедегі халқының отқа табынуы мен діни-мифологиялық тұжырымдамасының сарқыншақтары көрініс тапқан. Мәселен, ертедегі түріктерде отқа тығыз байланысты полисемантикалық Құдай Ұмайға табыну орын

алған. Қазақтарда отқа табыну «*Ұмайға табынумен араласып, ал кейде жай ғана ұштасып кетеді*». Қазақтар отты әулие (қасиетті), сондай-ақ ана деп те атады [4, 482-бет].

Сонау Түрік қағанатында көктегі тәңір киелі саналып, көптеген наным-сенімдермен ұласты. Күлтегіннің өлімі туралы Білге қағанның: «*Адам балалары Тәңірі өлшеген уақытта өлу үшін туылады*» деуі де содан. Сондықтан да көмек сұрап адамдар Тәңірге ғана жалбарынатын, ал Жер-Суға табынғанда да міндетті түрде Тәңір тілге оралушы еді. Тәңір әділ еді, ол сый да жасайтын, жазалайтын да. Сондықтан түркілер «Тәңір жарылқасын!», «көк соққан» немесе «көк соғар» дейтін [5, 10-13-бб.].

Мәселен, көне мифологиялық деректерде Тәңірдің белгісі – шеңбер яғни Күн. Бүркіт ұлы Құдайдың қуатымен бәрін біліп, сезіп отыратынын білдіреді. Тәңірінің түсі – Көк екендігі баяндалады. Бұдан біздің аңғаратынымыз қазіргі таңдағы еліміздің символына айналған туымыз көк түсті аспан бейнесінде болып, еркіндікте ұшқан бүркіттің бейнеленуі түркі әлемінде әлі күнге дейін жалғасын тапқан сабақтастықты көрсетеді.

Күлтегін ескерткішіндегі Білге қаған атынан баяндалатын: «*Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде қара Жер жаратылғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Істемі (Істімі) қаған отырған*» деген түріктердің өзінің қолымен тасқа қашап жазылған нақты деректері барша түркілердің діни-наным сенімі ежелден тәңіршілдік екенін растайды. Мәселен, еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз шығармаларында осы бір дерек көздері арқылы ойларын жеткізе білді. Оның айтуы бойынша түркілер әлемінің тап ортасында адам тұрды, олар, ең алдымен, адамды құрмет тұтты. Адамдар әлемі, адамзат – түркі рухының қасиетті жиынтығы саналды. Мысалы, Күлтегіннің құрметіне қойылған құлпытасқа қашап, ойып жазылған үлкен жазуда мынадай сөздердің болуы тіптен тегін емес: «*Жоғарыда тәңір көк, төменде қара жер жаралғанда, олардың екеуінің арасында адам баласы пайда болды*» [6, 101-бет].

Ежелгі түріктердің таным-түсінігінде: «*Тәңірдің мекені – көкте. Ол (Тәңір) жылына бір рет өзінің негізгі тұрағы осы көктен түсіп, жердегі таудың биік шыңына келіп отырып, бүкіл жер беті тіршілігіне өмірін жүргізеді*», – деп білген. Сол себепті олар жыл сайын бүкіл ел болып жиналып, биік шыңды тауға келіп, Көк-Тәңірге, Жер-анаға, ата-баба аруағына арнап құрбандық шалып, тәу етуді дәстүрге айналдырған. Бұл дәстүр ортағасырлық түріктерде сақталған. Мұның түп негізінде, қазіргі кейбір зерттеушілер айтып жүргеніндей, ежелгі түріктердің тау-тасқа табынып, кие тұтуы емес, керісінше, жоғарыда айтқанымыздай, шың басында Тәңір отыр, яғни Құдай отыр деп ұғынып, соған (Тәңірге) бас ұрып, жалынып-жалбарынатын түсінігі жатыр. Осы түсінікпен Тәңірдің көктен түсіп, Ежелгі түріктер, кейбір зерттеушілердің айтып жүргеніндей, Көкке де, Күнге де «Тәңір» деп табынбаған. Сондықтан да ежелгі түріктер тіршіліктің анасы – жер, атасы – аспан, яғни бар тіршілік жерде жаратылған, ал оған нәр беруші, асыраушы аспан деп білген [7, 199-бет].

Жер шарының қай түкпіріндегі адамдар болсын дамудың осы төменгі сатысында аспанды, күнді, айды, жұлдыздарды тәңірі көріп сиынбағаны жоқ. «Тәңірі» дегеннің өзі ескі қанжұт (Тибет) тілінде

«аспан» деген мағына береді. Аспанның түсі көгілдір болғандықтан қазақтар оны «көк» деп атады, «көк соққыр» деген қарғыс күні бүгінге дейін сол ұғымнан келе жатыр. Табиғаттың осы сияқты түсініксіз дүлей құбылыстарының бәрін тәңірі санаған адамзат, бертінде олардың санын көбейтіп алған. Ғылымда олардың бәрін «миф» дейді. 1961 жылы Ленинградта басылған «Мифология сөздігі» деген кітаптағы деректер бойынша, көне замандағы мифтердің саны мыңнан астам.

Тәңірді белгісіз аспан ретінде емес, ақылды-қамқоршы немесе Құдай деп аударған жөн. Себебі түркі хандарының шығу тегі аспаннан емес, қасқырдан немесе ханнан тарады деп саналады. Тәңір «Құдай» мағынасы моңғол деректерінде кездеседі. Мысалы, Дайчин – Тәңір – соғыс Құдайы, Марс. Қате түсіндірулерге жол беретін шамалап аударудан гөрі терминді аудармасыз қалдыру керек екендігін Гумилев Л.Н. өз еңбегінде нақты айтып көрсетті. Мәселен, оның айтуынша тәңір туралы анықтамалар Елтерісте кездеседі: «*Жоғарыда тәңір былай деді: «Түрік халқын құртпа*». Бұл жерде негізгі мағына тарихи жағынан көрінеді. Яғни Тәңір өмірде өз орыны бар, ол ұлы аспанда орналасқан [8, 300-бет].

Бүгінгі күні халқымыздың күнделікті өмір салтында тәңірге сенудің белгілері жиі ұшырасады. Ол біздің әдет-ғұрып, салт-санамызға әбден сіңіскен. Отты қадірлеу, ошақ басын сыйлау, отпен аластау сынды ырымдарды білеміз. Баланың қолына сүйел шықса, айға қарап сүйелді көрсету ырымы, кісі есімдерінің ай, жұлдыз, күн сөздерімен құралуы, кісі есіміндегі «Тәңірберген» сынды көптеген мысалдарды келтіруге болады.

От киелі саналып, отқа түкіруге, ошақты басуға болмайтын. Қыз болашақ күйеуінің үйіне келін болып түскен кезде отқа май құйған. Сәлем беріп, ішінен мына сөздерді қайталаған «аруақ (ата-баба рухы) разы болсын».

Құрбандық мал еті қайнап жатқанда анасы немесе әйелдердің ішінен біреуі алақанын оттың үстіне қойып, жас жұптың бетіне алақанын жүргізген. Жас жұп от құрметіне көйлек сыйлаған, оны әдетте жігіттің әкесі алған. Келіннің мінезі қойдың терісіндей жұмсақ болсын деген ниетпен қойдың терісіне отырғызады. Жаңа түскен келіннен ант қабылдау үшін екі аттың арасынан өткізіп, адам өлтірілген қаруды сүйгізген.

Айды көрген кезде үш рет секіріп, үш рет бас иген, содан кейін шөпті үзіп, үйге әкеліп отқа тастаған.

Аруақ – ата-баба рухы, қиын-қыстау сәтте қазақ аруаққа былайша жалбарынған: «*Аруақ қолдай көр, қолтығымнан демеп, желеп-жебей көр*». Құрбандыққа ай мүйізді, аша тұяқты ірі қара малды сойған. Көбінесе маңдайында аласы бар, бозқасқа, ақсарбас, құлағы бауырсаққа ұқсас көк қой және жайылым ішіндегі тұңғышын құрбандыққа шалған. Бір қоныстанған жерге қайта келіп қоныстанбаған, себебі ол жерде бөле-жала және аруақтар жиналады деп ойлаған.

Жұлдызды адамжаны ретінде санаған. Жұлдыздың құлағанын көрген кезде «*Менің жұлдызым әлі тұр деген*». Аспаннан жұлдыз аққанын көрген кезде әкесі киіз үйге кірер босағада «*бүгін екеуі өлу керек деген*».

Мал киелі саналып, түрлі табынушылыққа әкелген. Сондықтан мал сүйегін аяқ астына тастамаған. Сүт төгілген кезде обалға қалмас үшін тазалап, иіліп, қолымен қайшылаған. Оң қолын маңдайына апарып, кейін иекке, сосын оң қолын оң иыққа, кейін сол иыққа тигізген.

Айналмақ ауырып жатқан адамды 3 рет айналған. Құсты ұстап алып басынан 3 рет айналдырған. Олар бақытсыздық пен ауруды өзімен бірге ала кетеді деп ойлаған. Өздерінің жақсы көретіндіктерін білдіру үшін жиі «айналайын» сөзін айтқан. Нәзік жанды ана өзінің баласын «айналайын, қарағым» сөзімен еркелеткен [9, 209-бет].

Сонымен түбі бір тамырдан таралған түркі халқы түрлі тайпалық-мемлекеттік құрылымдарды бастан өткерді. Сонау сақ-ғұн дәуірінен бастау алған төл тарихымыз қазіргі таңдағы қазақ атаулы Елді қалыптастырды. Заман өзгеріп, халықтың рухани құндылығы біраз өзгеріске ұшырады. Мұсылман дінін қабылдағанға дейін түріктер төңірге табынып, жер-суға, ата-баба рухына, аруақтарға сыйынып келген. Сол үшін де олар көктемде, күзде өздері қасиет тұтатын жерге барып, көк төңірге, жер-анаға, ата-баба аруағына арнап құрбандық шалған. Көшпелі халықтар үшін табиғатпен бір толқында өмір сүру қалыпты құбылыс болды. Олардың түсінігінде бізді қоршаған әрбір затта белгілі бір қасиет бар деп саналған. Яғни, адам жаратылысынан ақпараттық толқындар арқылы ғарышпен байланыста өмір сүреді деп ойлаған. Сондықтан аспан, көк төңір ұғымымен ұштасты. Қазіргі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде тәңіршілдіктің белгілері әлі де ұшырасады, бұл оның біздің әдет-ғұрпымызға тереңдей еніп, біте қайнасып кеткендігін көрсетеді.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена религиозным верованиям древних турков. Автор, анализируя особенности тюркостанства, обращает внимание на его влияние,

наряду с исламом, на традиции и обычаи казахского народа, отмечая таким образом их историческую преемственность.

Ключевые слова: религия, турки, вера, тюркостанство, кочевничество, традиция, обычаи, ислам, история.

This article was associated with the reluctance of the ancient turks. The author, analyzing the tenacity of the Tengrian people, compiles the intricacies of selfishness, approaching Islam, on the basis of the traditional Kazakh language, the same as the great historical significance.

Keywords: religion, Turks, faith, Tengrism, nomadism, tradition, customs, Islam, history.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Валиханов Ч.Ч.** Следы шаманства у киргизов. Избранные произведения. Алма-Ата, 1958- 154 с.
2. **Нарымбаева А.** Аркаим: очаг мировой цивилизации, созданной прототюрками / А.Нарымбаева. - Астана: Корпорация Атамұра, 2004.
3. **Мұқанов С.** Қазақ қауымы. / Тарихтық және этнографиялық шолу. - Алматы: Ана тілі, 1995. - 304 б.
4. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В четырех томах. Том 1.-Алматы: «Атамұра», 1996.-482 с.
5. **Бисенбаев А.К.** «Көне түркілердің аңыздары», Алматы, «Ан-Арыс», 2008.
6. **Назарбаев Н.Ә.** Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, 1999.-215 б..
7. **Салғараұлы Қ.** Ұлы Дала.– Астана: Фолиант, 2013.
8. **Гумилев Л.Н.** Древние тюрки. - Москва: Товарищество «Клышников - Комаров и К», 1993. - 300 б.
9. **Валиханов Ч.Ч.** Собрание сочинений в пяти томах. Том 1.-Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984.


ШЫҢҒЫС ХАН ҚАЗАҚ ПА?

Құмарбек ЖҰПБАЕВ,
зейнеткер

Бүгінгі күнде қазақтардың ішінде «Шыңғыс хан қазақ па?» деген сұрақ жиі естіледі. Бұл сұраққа жауап беру үшін, алдымен қазақ деген кім, оған кімдер жатады деген сұрақтың жауабын білу керек. Расында қазақ деген ұлтқа кімдер жатады? Қазақстанда 11 млн. Шетелдерде 3 млн-ға жуық қазақ бар дейміз. Сонда олар кімдер? Ең алдымен, олар ХІХ – ғасырға дейінгі көшпенді өмір сүрген халықтың ұрпақтары болуы керек. Тілі, діні, әдет-ғұрып, салт-санасы қазақ халқыныңкімдей болуы керек. Қазақтың үш Жүзінің біріне, ол Жүздерге жататын ру-тайпалардың біріне жатуы керек, немесе қазақтың төрелерінің тұқымы мен қожаларының біріне жатуы керек. Қазақ халқы негізінен ХVІІ-ХVІІІ ғасырда қалыптасып болды. Ал, қазақтың үш Жүзі ертерек, Алтын Орда заманында Өз Жәнібек ханның билігі тұсында 1342 – 1357 жылдарда құрылған. Жүздер көшпенді түрік тайпаларын басқару үшін ұйымдастырылған мемлекеттік құрылым болып табылады. Қазіргі қазақтың Ұлы жүзіне үйсін, қаңлы, жалайыр, дулат, албан, суан, ж.б. жатады. Орта жүзге арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ жатады. Кіші жүзге өлімұлы, байұлы, жетіру тайпалары жатады. Оларды

жалпылама Алшын деп атайды.

Ал, Шыңғыс ханның шыққан тегін үлкен де, кіші де бәрі біледі – ол қият тайпасының құрлас руынан шыққан Алан Құба сұлудың, әкесі жоқ Боданжар деген ұлының ұрпағы – нирундар деп аталған тұқымға жатады. Қият-боржигин деп аталған Есугей баһадурдің ұлдарының бірі. Шыңғыс ханның аталарының бәрі белгілі, оларды төмендегідей схема арқылы көрсетуге болады:





«қазақ» деп аталған бір түрік тайпасы болған. Ол – Қыпшақ тайпасы. Қыпшақтарды б.з. I ғасырынан бастап көптеген шетел саяхатшылары, тарихшылары, жылнамашылары «косох», «касох», «асок», «азақ», «казах» ж.б. деп атаған. Бұл атау қыпшақтардың рулық таңбасының екі тік сызық түрінде болғандығынан шыққан. Ол таңбаны «қос оқ» деп атаған. Таңбасына сәйкес қыпшақтарды да «қос оқ» елі деп, бірте-бірте әртүрлі елдердің айту ерекшеліктеріне байланысты өзгеріске түсіп, «касох», «казах», «асок», «азақ» деп атала бастаған. Қыпшақтар б.з.д. XIII ғасырдағы Оғыз қаған заманынан бері тарихқа енген. Сондықтан, «қазақ» атауы Оғыз хан заманынан бастау алады деп айта аламыз. Бірақ, бұл «қазақ» атауы тек қыпшақ тайпасына ғана қолданылған. Оғыз қағаннан бері өмір сүрген қыпшақ хандығын қазақ хандығы деп атауымызға болады.

Ал, Шыңғыс хан мен қыпшақ хандығының ара қатынасы жаугершілік жағдайда болған. Қыпшақтар немесе сол кездегі қазақтар Шыңғыс ханның татар-моңғол әскерінен бірнеше рет жеңіліп, қырғынға ұшырады. Алғаш Отырар үшін соғыста, одан кейін басқа да Орталық Азия қалалары үшін соғыстарда, Кавказда, Қалқа өзенінде аландармен, орыстармен одақтасып соғысқанда қыпшақтар жеңіліс тауып, көп шығынға ұшырады. Моңғолдар қолға түскен қыпшақтарды олжа қылып, құлдыққа сатып, құдалап, тоздырып жіберді. Нәтижесінде Шыңғыс хан жорықтарынан кейін бұрынғы қыпшақ қазақтарының елінен ештеңе қалмады деуге болады. Осындай тарихи оқиғалардан кейін қайтіп «Шыңғыс хан қазақ па?» деп сұрақ қоюға болады. Бұлай сұрақ қою орынсыз және тарихи білместіктен туады.

Ал, енді Шыңғыс хан тұсындағы моңғолдар (татар-моңғолдар), қалмақтар, жоңғарлар және қазіргі халқа моңғолдары дегендер кімдер деген сұрақты қарастырайық. Ең алдымен Шыңғыс хан тұсындағы моңғолдарды алайық.

Шыңғыс хан заманында қазіргі Қазақстан мен Моңғолия жерінде, Байкал маңында, Алтай-Саян таулары аймағында, Шығыс Түркістанда (Шыңжаң), қытайдың Ұлы қорғанына дейін көшпенді түрік тайпалары мекендеген. Бұл тайпалардың көпшілігі Алаша хан заманында оның ұлы Моңғол хан ұлысына бөліп берілген түрік елдері болатын. Яғни, олар көне моңғолдарға жататын елдер. Одан бергі ұзақ тарихи замандарда бұл елдердің басым көпшілігі моңғол еліне жататындығын естен шығарып, басқа өз атауларымен аталып кеткен еді. Бұл елдердің ішінде өздерінің моңғолға жататынын есте ұстап келген немесе таза моңғолға жататын Қият және Дарлекин тайпалары болды. Шыңғыс ханның осы қият тайпасынан екенін білеміз. Бізге белгілі қоңырат тайпасы да осы қиятқа жатады, бірақ ол Шыңғыс хан шыққан тайпа емес, Шыңғыс ханға тек шеше жағынан туыс.

Ал, жалайыр тайпасы дарлекинге жатады. Олардың да Шыңғыс ханның шыққан тегіне қатысы жоқ. Жалайырлар алты атаға дейін Шыңғыс ханның ата-бабаларына қызмет істеп, жалшы болып жүрген. Бұл кезінде моңғолдың кісілерін, бала-шағаларын өлтіргендері үшін кесілген жаза болатын. Сол себепті жалайырлардың да таңбасы төрелердің таңбасы сияқты тарақ таңба. Ол заманның заңы бойынша қызметшілер төрелерінің таңбасын қолданған. Шыңғыс ханның аталары, руы 12 ата жалайыр шежіресінде жоқ. Болуы мүмкін де емес. Шыңғыс хан – қият

Ал, енді, осы аталған Шыңғыс ханның ру-аталары қазақтың үш Жүзінің қай тайпасында бар. Ешқайсысында жоқ. Тек төре тұқымының ұрпақтары ғана Шыңғыс ханмен рулас, дәлірек айтсақ, Шыңғыс ханның өзінің ұрпақтары.

Төре тұқымы қазақ руларын басқару үшін негізгі қазақ тайпаларының көпшілігінде болған. Бірақ оларды сол ру-тайпаның шежіресіне енгізуге, сол тайпаға жатқызуға болмайды. Төре тұқымы қазақтың Жүздеріне, тайпаларына кірмейді, бірақ төрелер бірнеше ұрпақ бойы қазақ тайпаларымен бірге көшіп-қонып, оларға билік жүргізгендіктен жалпы қазақтарға жатқызылады.

Осы заманғы қазақтардың алғашқы хандығы 1465 жылы құрылған. Қазақтар деп аталған түрік тайпалары Әбілқайыр хан билеген Өзбек хандығынан 1456 жылы бөлініп шыққан. Он шақты жылда көбейіп, нығайып, жеке хандық дәрежеге жеткен. Қазақтардың 1465 жылы ақ киізге салып көтерген алғашқы ханы – Керей хан Болат сұлтан ұлы болды, соңғы ханы Ресейге бағынғысы келмей соғысып, 1847 жылы қаза тапқан Кенесары хан Қасым ұлы болды. Осы екі арада Қазақ мемлекеті 382 жыл дәуірледі. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздерде барлығы 32 хан билік құрды. Олардың 15-і бүкіл қазаққа билік жүргізді. Ал, бұл кезден бұрын, Шыңғыс хан тұсында немесе одан да бұрын қазақтар болды ма?

Әрине, қазақ халқын құраған түрік тайпалары бұдан бұрын да өмір сүрген. Бірақ, олар қазақтар деп аталмаған. Олар өз аттарымен Керейлер елі, Наймандар елі, Меркіттер елі, Жалайыр елі т.с.с. деп аталған. Ал, Шыңғыс хан заманынан да бұрын

тайпасынан, ал жалайырлар – дарлекин тайпасына жатады.

Шыңғыс ханның аталары, руы қоңырат тайпасына да жатпайды. Қоңыраттың негізгі екі руы – Көтенші және Көктің ұлы құрамында да Шыңғыс ханның ру-аталары жоқ. Сондықтан, Шыңғыс ханды қоңырат тайпасынан шықты деп жүрген «тарихшылар» қатты қателеседі.

Бұл екі тайпадан (жалайыр, қоңырат) басқа Шыңғыс хан заманындағы татар-моңғолдарға (түріктерге) жататындар:

-керейт (керей), найман, меркіт, тарғұт (торғауыт), барғұт (байырқы), теленут (төлеңгіт), орианқа (ұраңқай), құрқан (курыкан), ойрат, құры, тулас, тума, бұлғашын, кермучин, күрлеуіт, тамғалық, қырқыз (қырғыз), курумчи (құрымсы), онғұт, таңғұт, құрлас, олқунут, келқунут, елжигин, елдуркин, ордауыт, қоңқауыт, баяуыт (баят), чорас, татабы, құмық, қай, қыпшақ, алшын, үйсін, қаңлы, тоба, ухуан, жужан, қидан, ұйғыр, хори-тұмат, т.б. және осы түріктерге жататын қият тайпасының құрлас руынан тараған нирун тармағы – Шыңғыс ханның туған елі болып табылады.

Бұл елге жататын ру-аталар: катақин, салжиут, тайжиут, маңғыт, дурбан (дүрбіт), барын, барулас (барлас), дуклат (дұғлат, дулат), сижиут, иусут, қият – боржигин. Бұл рулардың ішіндегі Шыңғыс ханның аталары қият – боржигин тармағынан шыққан, түпкі атасы – Боданжар мұнақ (Будыңжар) Алан құба ұлы.

Осы тізімдерде көрсетілгендей, Шыңғыс ханның өмір сүрген ортасы кілең түрік (татар-моңғол) тайпалары. Бұл факт оның құрған мемлекеті түрік тайпаларынан құралған екендігін көрсетеді.

Енді қалмақтар мен халқа моңғолдарына келейік. Олардың шыққан заманы – Шыңғыс хан өлгеннен кейінгі заман. Шыңғыс ханнан кейін Ұлы қаған болып оның үшінші ұлы Үгедей (1229 – 1241 жылдар), одан соң Үгедейдің ұлы Күйік (1246 – 1247 жылдар), одан соң Тулы хан ұлы Мөңке (1251 – 1259 жылдар), одан кейін Тулы хан ұлы Құбылай (1260 – 1294 жылдар) моңғол империясын билеп, тағына отырған. Моңғол империясының астанасы қазіргі Моңғолия жеріндегі Қарақорым қаласы болған. Бұл қала бұрын Найман мемлекетінің астанасы болған. Наймандар Шыңғыс ханнан жеңіліп, мемлекеті құлағаннан кейін Қарақорым шаһары моңғол империясының астанасы болды. Бұл Құбылайға дейінгі қағандардың заманында. Құбылай қаған болғаннан кейін 1264 жылы империя астанасын Ханбалық (Бейжің) қаласына көшірді. Құбылай қағанмен бірге қытай жеріндегі жаңа астанаға Моңғолия аймағынан 40 түмен моңғол (татар-моңғол, түрік) тайпалары көшеді. Бұл 400 мыңдай халық.

Құбылаймен бірге империя тағы үшін екінші үміткер Үгедей ұлы Арықбұғы таласқа түскен еді. Халқа аймағында ол жеңіске жетіп, қаған сайланады. Бірақ Арықбұғы қытай жақта жүріп, қаған сайланған әскері мықты Құбылайға жол беріп, 1264 жылы билікті Құбылайға береді. Осыдан кейін Арықбұғы өз жақтастарын ертіп, қазіргі Қазақстан жеріндегі Жетісуға ауа көшіп кетеді. Жетісуға барған моңғолдар ол жерде жаңа Моғолстан (Моңғолстан) мемлекетін құрады. Моңғолия жері (Халқа маңы) іс жүзінде елсіз, босап қалады. Моңғол жеріндегі Құбылайға ермей қалып қойған түрік (татар-моңғол) тайпалары «қалмақтар» деген атқа ие болады. «Қалмақ» атауы осыдан шыққан. Босап қалған моңғол жерлеріне жан-

жақтан басқа елдер көшіп келіп, орналаса бастайды. Олар да түрік тайпалары – хори-тұматтар, ойраттар, алтайлықтар, балықшы-аңшы орман тайпалары – ормауыт, төлеңгіт, орасут, бұлғашын, кермушин, қоры, толас, ж.б.

Құбылай қағанның әулеті (Юань) қытай жерінде 105 жыл билік етіп, оңтүстік-шығыс Азияны (Корея, Үндіқытай) түгел бағындырып, Жапонияға да екі-үш рет жорық жасайды. Бірақ, Жапонияға жасалған жорықтар сәтсіз аяқталады. Ғасырдан аса билікте тұрған Юань әулеті XIV ғасырда қожырап, олардың соңғы билеушісі Тоған-Темір хан 1368 жылы қытайдан моңғол жеріне қашып шығуға мәжбүр болады. Юань әулетінің билігі осылай аяқталады. Тоған-Темір ханмен бірге Моңғолияға 10 түмен ел қайтып оралады. Бірақ, бұл ел қытайлануға ұшыраған, Будда дініне енген, көшпенді өмір салтын ұмытқан ел еді. Осы оқиғалардан кейін Моңғолия жерінде жан-жақтан көшіп келіп мекендеген жұрттар, қайта оралған моңғолдармен қосылып, бүгінгі халқа моңғолдарының ата-тегіне айналды. Бұл халық Шыңғыс хан заманындағы татар-моңғолдар емес, тілі, діні, әдет-ғұрыптары да өзгерген жаңа құрама халық болды. Дей тұрғанмен, қазіргі халқа моңғолдарының тілінде, әдет-ғұрыптарында түрік татар-моңғолдарына ұқсастық бар. Кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда қазіргі моңғол және қазақ сөздерінің 60%-на жуығы бір-біріне ұқсас көрінеді.

Енді жоңғарларға келсек, олар Шыңғыс хан империясының сол қанатын құраған. Сол себепті жоңғар (зюн гар) аталған. Бұларды батыс моңғолдар деп те атайды. Жоңғарларға ойраттар, торғауыттар, дүрбіттер, хошоуттар, чорастар, баяттар жатады. Бұлар Құбылай қаған бастаған моңғолдар империяның жаңа астанасы Ханбалыққа (қытай жеріне) көшкеннен кейін босап қалған батыс Моңғолия мен Халқа жеріне қоныстана бастаған. Ойраттар Махаму, Тоған Темур тайшылардың (князьдер) тұсында халқа моңғол тайпаларын басып алды.

Байкалдан Ұлы қытай қорғанына дейінгі жерлерді түгел бағындырып, күшті мемлекет құрды. Есен ханның тұсында 1439 – 1455 жж. ойрат мемлекеті өзінің күш-қуаты бойынша шарықтау шегіне жетті.

1552 жылдардан кейін халқа моңғолдары ойраттар мен басқа жоңғар тайпаларын Моңғолиядан батысқа қарай ығыстыра бастады. Ойраттың торғауыт тайпасы Хо-Урлық тайшының басшылығымен қыр батысқа ауа көшті (1616 ж.). Олар барлығы 250 мыңдай адам, қазақтардың жері арқылы көшіп өтіп, Еділ-Жайық маңына келіп орналасты. Ол жақтағы ноғайлармен қақтығысып, 1664 жылы Қалмақ хандығын құрды. 1673 жылдан кейін қалмақтардың ханы Аюке Ресеймен жақын қарым-қатынас орнатты. Осыдан кейін Ресей Қалмақ хандығын өз мүдделеріне пайдалана бастады.

Жоңғар тайпалары чорос тайпасының билеушісі Хара – Құла (1634 ж.ө.) ханның тұсында бірігіп, Жоңғар мемлекетін құрды. Ойрат одағы құрған мемлекет ыдырады. Батур хонтайшы (1634 – 1653 жж.) жоңғар мемлекетінің негізін қалады. Ғалдан Башохты (1670 – 1697 жж.), Сыбан Рабдан (1697 – 1727 жж.), Ғалдан Церен (1727 – 1745 жж.) хонтайшылар тұсында Жоңғар мемлекеті күшейіп, маңайындағы көрші халықтармен – қытаймен, халқа моңғолдарымен, қазақтармен жүздеген жылдарға созылған шапқыншылық соғыстар жүргізді.

Жоңғарлардың, әсіресе, қазақтармен соғыста-

ры өте ұзақ, әрі шиеленіскен соғыс болды. Қазақ-қалмақ соғысы 1556 жылдағы қалмақ (ойрат) шапқыншылығынан басталып, 1755 жылға дейін екі ғасырдай уақытқа созылды. Екі жақ кезекпен жеңіске жетіп отырды. Бірақ, 1723 жылғы Сыбан Рабдан хонтайшының қазақ жеріне шабуылы бейғам жатқан қазақтарды зор күйзеліске ұшыратты. Атышулы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» босқыны осы жылдан басталып, қазақ халқы қырғынға ұшырап, үштен бірінен айырылды. Үш-төрт жылдан кейін ғана қазақтар ес жиып, 1727 жылы Бұланты соғысында жоңғарларға алғаш рет қатты соққы берді. 1729 жылы Балқаш маңында Аңырақай деген жерде жоңғарлар қазақтардан күйрей жеңіледі. Осыдан кейін қазақтар күшейіп, жоңғарлар жеңіле бастап еді. Ал 1755 жылы қазақтардан жеңіліп, әбден әлсіреген жоңғарларды қытай әскерлері жаппай қырғынға ұшыратып, Жоңғар мемлекеті жойылып кетіп еді. Жоңғар халқының оннан бірі ғана қалып, Қытай, Моңғолия, Ресей жерлеріне бытырап, тозып кетіп еді.

Ойрат хонтайшылары Шыңғыс ханның Ұлы империясын қайта құру мақсатын көздеп еді. Бірақ ол мақсаттарына жете алмады. Олар құрған Жоңғар мемлекеті күйреп, жоқ болды.

Міне, түрік халқының осындай құрылымы мен құралы тарихын білген адамға «Шыңғыс хан қазақ па» деген сұрақты қоюдың қажеті жоқ. Шыңғыс хан қазақ емес және бүгін белгілі қазақ тайпаларының ешқайсысына жақын туыстық қатысы жоқ. Шыңғыс хан моңғол түрігі, қият тайпасының құрлас руынан, аңыз болған Алан Құба сұлудың ұрпағы – нирундардың тұқымы, қият-боржигин (сары сақал, көкшіл көз) аталған Есугей баһадурдің тұңғыш ұлы.

Шыңғыс хан мен оның заманындағы қазақ-

тардың (қыпшақтардың) қарым-қатынастары қандай болғанын білеміз. Біреулер «*Біз Шыңғыс ханнан шошымайық, өз бабамызды өзімізден алыс-татпайық*» деп ақыл айтуда. Шыңғыс ханнан ешкім қашқалақтап жүрген жоқ, мәселе біздің тарихымызды дұрыстап жазуда. Біз өзімізге ұнайтын тарихты емес, ақиқат шындыққа негізделген тарихымызды жазуымыз керек және оны үлкен-кіші, бәрі білулері керек. Егер тарихқа өтірік араласса, ол көпке бармайды, біраздан кейін, бәрібір, өтірік әшкере болады.

Шыңғыс ханның барлық түрік елдеріне еш бөтендігі жоқ. Ол қалың түрік елдерінің ішінен, түріктің бір тайпасынан (қият, нирун, боржигин) шыққан төл перзенті, арғы тегі қадым замандағы Алаша ханның, Оғыз қағанның, Күн ханның әулетінен. Түріктің, татар-моңғолдың атын жер жүзіне әйгілеген, кең-байтақ түрік жерінде тәртіп орнатқан қаһарлы билеушісі, Алаша ханнан, Оғыз қағаннан, гүндерден, түрік қағанаттарынан кейінгі түрік империясын құрған даңқты жиһангер, екінші мыңжылдықтың үздік адамы, бүкіл түріктің мақтанышы, Ұлы билеушісі екені рас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әбілғазы.** Түрік шежіресі. Алматы «Ана тілі» 1992.
2. **Қ.Жалайыр.** Шежірелер жинағы. А. «Қазақстан» 1997.
3. **Қ.Халид.** Тауарих хамса. А. «Қазақстан» 1992.
4. **Лувсанданзан.** Алтын шежіре. А. «Өнер» 1998.
5. **А.Г.Оловинцев.** Тюрки или монголы. А. «Ц.Б.» 2014.
6. **М.Ерімбетов.** Қоңырат шежіресі. А. «Жалын» 1993.

Алматы облысы,
Ескелді ауданы,
Қаратал ауылы.

ГЕРОИЧЕСКИЙ ПУТЬ ЖАНХОЖИ НУРМУХАМЕДОВА

Айша БЕГАЛИЕВА,
старший преподаватель Казахского Национального
университета имени Аль-Фараби,
Сакен КОСАНБАЕВ,
кандидат исторических наук, доцент
Южно-Казахстанского государственного
университета имени М.О.Ауэзова

Введение. За годы независимости благодаря усилиям исследователей Казахстана были заново открыты и восстановлены прежде вырванные и искаженные страницы национальной истории. Вместе с тем, еще сохранилось немало вопросов, требующих современного переосмысления с точки зрения новых концептуально-методологических подходов.

Среди них актуальными выступают исследования жизни и деятельности исторических личностей, чья многогранная и насыщенная важными историческими событиями деятельность вызывает у нынешнего поколения чувства гордости и восхищения, и стимулирует их на патриотические поступки во благо нашей Отчизны и народа.

К таким людям относится и Жанхожа Нурмухамедов (1780-1860) один из ярких лидеров национально-освободительного движения казахов Приаралья против хивинского и российского колониализма.

Жанхожа Нурмухамедов был высокообразованным человеком, обладал недюжинным умом, был прекрасным оратором. В своих действиях он руководствовался стремлением к единению народа, защите от посягательств внешних врагов.

Между тем его интересная и насыщенная важными событиями жизнь и деятельность во благо народа не получила в достаточной степени освещения.

Основная часть. Как отмечает известный революционный российский исследователь Л.Ф.Мейер: «*Жанхожа, по происхождению своему, был простой киргиз, хотя его отец Нурмухамед уже пользовался влиянием в кишкене-чиктинском роде. У Нурмухамеда было три сына Бек, Акмурза и вышеупомянутый Жанхожа, первый малоизвестен, остальные оба рано прославились храбростью, а последний еще, кроме того, умом и справедливостью при решении самых запутанных споров. К этому надо добавить, что он всячески ободрял народ не*

подаваться хивинцам, старавшимся утвердить на Сыре (Сырдарье – авторы) свое владычество через султанов потомков Каип-хана. Это было продолжение того, что мы видели во время Арынгазы, но на этот раз во главе народа стоял человек из среды его же – простой киргиз (казах – авторы). Брата его хивинцы вскоре убили, но он сам откочевал в Каракумы, а преследовавших его хивинцев разбил наголову, причем в сражении получил 8 ран. Этот подвиг храбрости окончательно упрочил его славу, народ в большом числе начал стекаться к нему, и вскоре в 1835 году, он был достаточно силен, чтобы осадить и взять хивинскую крепость Бабаджан – то была месть за смерть брата. После этого он управлял киргизами (казахами – авторы) совершенно по своему усмотрению, отличаясь, как и прежде строгим, но справедливым судом, за взятки и воровство он наказывал смертью. К этому надо прибавить, что он старался соединить киргизов (казахов – авторы) во всех отношениях, между прочим, и в труде, так он много заботился о хлебопашестве, устройстве плотин и оросительных каналов. Слава его зрело по всей степи» [1].

Таким образом, известный дореволюционный российский исследователь Л.Ф.Мейер сумел на наш взгляд, дать взвешенную объективную оценку деятельности легендарного казахского батыра Жанхожи Нурмухамедова. Он всячески придерживался принципа мирного существования с соседними государствами, способствовал развитию торговли и земледелия в крае.

Как отмечает известный дореволюционный российский исследователь А.И.Добросмыслов: «Для нашего очерка имеют значение два таких батыра – Джанходжа Нурмухамедов и Исет Кутебаров. Оба эти батыра принадлежат к большому роду шекты, кочевавшему на громадном пространстве в окрестностях Аральского моря. Джанходжа и Исет выдвинулись из толпы простых киргиз природному уму, физической силе и как прекрасные наездники, а первый, кроме того, и как справедливый судья (бий). Эти батыры, лишь только сошел со сцены султан Кенисара Касимов, стали управлять шектинцами по своему усмотрению, не подчиняясь никакой посторонней власти, и стараясь распространить свое влияние и на соседние роды» [2].

Не менее интересные и содержательные сведения о многогранной деятельности во благо народа и Отечества Жанходжи Нурмухамедова приводится в работе известного дореволюционного российского исследователя И.В.Аничкова «Киргизский герой Д.Нурмухамедов. Очерк из первых шагов русских на Сырдарье», изданной в Казани в 1894г. **В ней автор отмечает:** «Джанходжа, сын батыра Нурумбета (Нурмухаммед), кочевавшего по Сыру, Каракумам, Иргизу и Илеку, родившегося от Киикбая и жены его Тажэ рода тома, сестры Исета батыра, имел матерью женщину из племени каракалпак, живших прежде на Яныдарье, рассказывают будто еще ребенком в люльке, он обладал большой силой, а когда ему минуло 15 лет, мы узнаем, что он выказывает силу, храбрость и решительность, не свойственную его возрасту. Он жестоко наказывает правившего тогда киргизами на Сырдарье батыра Клышбая за то, что брат его отобрал у его близкого родственника Исенбека верблюда и лошадь, Джанходжа вступался за

родственника и ударяет Клышбая айбалтой (боевой топорик на длинной рукоятке), так что тот падает без памяти, отец Джанходжи, узнав об этом, рассердился на него за то, что он осмелился поднять руку на старшего, и хотел его наказать, но сам батыр Клышбай удержал его и приказал не трогать Джанходжу, так как чувствовал себя действительно виновным, с этого времени Джанходжа был прозван батыром и все киргизы, признав его своим главой, должны были ему подчиниться. Этот эпизод служит как бы вступлением батыра в жизнь степного героя. После этого мы узнаем, что Джанходжа уже 18-ти лет вступает в борьбу, с жившими в то время на Яныдарье каракалпаками, нападает на них, убивает их главного батыра Тойбэ и разбивает несколько их городков Джаманбийский, Урунбийский и другие, мстя за набеги каракалпаков на киргиз, последствием нападения Джанходжи на этих каракалпаков было будто бы удаление их с Яныдарьи в хивинские пределы, на Даукару. Далее мы встречаем батыра вместе с султаном Кенисарой Касимовым, ханом киргиз Средней орды, под Сузаком, по всей вероятности этот эпизод можно приурочить к набегу Кенисары на Сузак, в конце 30-х годов, в отместку за убийство отца его Касимхана и братьев Сарджана и Исенгельды, после этого похода Кенисары, устроив «ас» поминки по отцу, пригласил многих почетных и родовитых киргиз Большой, Средней и Малой орд и был ими поднят ханом. Во время этого похода на Сузак, батыр ездил в г.Туркестан, помолиться у могилы Султана Хазрета Ясави, весьма чтимого киргизами святого, и принимал «селям» от кочевавших около Туркестана киргиз. Джанходжа отправился со многими своими батырами и джигитами в Сузак по просьбе Кенисара, который желая наказать кокандцев, прислал ему письмо, прося собрать из Малой орды помощь, батыр, взяв из алимцев и чумекеевцев 100 батыров и джигитов, сколько смог собрать, пошел с ними к Сузаку, после его взятия Джанходжа со своими батырами взял крепость Сауран и затем поехал в Хазрет Туркестан, по дороге оттуда он принял «селям» от бия киргиз рода «Тама» Курманби – этот бий просил батыра помочь ему отомстить кокандцам за убийство его единственного сына, так как у него не хватало силы, батыр помог ему, напал на кокандцев и отомстил за смерть бия, после этого он простился с Кенисарой, прося его прощание не обижать простых киргиз и их не беспокоить, затем уехал назад к себе, на Сыр» [3].

Характеризуя внешний портрет батыра Жанходжи Нурмухамедова И.В.Аничков пишет: «Что касается наружности батыра, то по рассказам видевших его и знавших, он не был как Исет Кутебаров большого роста и внушительной наружности, напротив имел небольшой рост, и не отличался видной наружностью, никогда не расставался со своим оружием, кинжалом, шашкой и айбалтой, которые всегда лежали около него, даже когда сидел или лежал в кибитке, он говорит, всегда строгал какую-нибудь палочку, как будто также строгаёт своих врагов, был он молчалив и неразговорчив» [4].

Другой не менее известный дореволюционный российский исследователь один из первых редакторов «Туркестанских ведомостей» Н.А.Маев характеризуя взаимоотношения Жанхожи Нурмухамедова с рос-

сийским правительством отмечает: «Понимая, что для русского начальства выгодно при этом иметь на своей стороне любимых и уважаемых всеми киргизами (казахами – авторы) народных вождей, Оренбургский губернатор Н.Обручев старался сблизиться с двумя известными в то время батырами из чиклинского рода Жанхожой и Исетом. Оба они были простые киргизы, известные наездники, враги султанов и вообще аристократического начальства степи. Собоими батырами Оренбургский губернатор генерал Н.Обручев был в начале в весьма хороших отношениях, а Жанхожа помогал даже русским, при взятии хивинской крепости Джан-Кала, при устье Сырдарьи. В то время кокандцы, владея Туркестаном, Акмечетью (форт Перовский), а ныне уездный город Перовск и еще несколькими крепостями в средней части течения Сырдарьи, старались подчинить себе всех киргизов (казахов – авторы), кочевавших вблизи. Жанхожа явился непримиримым врагом кокандцев, и поддержанный русским отрядом взял кокандское укрепление Кошкурган, разбил кокандский отряд и принудил их отказаться от своих притязаний. Но вскоре наветы султанов – правителей успели очернить Жанхожу в глазах русского правительства. В это же время назначен был султаном – правителем над сырдарьинскими киргизами (казахами – авторы) непримиримый враг Жанхожи, султан Ирмухамед Касимов. Это еще более расстроило добрые отношения Жанхожи к русскому правительству, а несправедливость и незаконные поборы Ирмухамеда совершенно воспотановили батыра против русских» [5].

Как отмечает известный казахстанский исследователь М.У.Шалекенов: «В декабре 1856 года началось восстание сырдарьинских казахов. Центром восстания была бывшая хивинская крепость Джан-кала. В середине 1856 года Жанхожа объединял до 1500 повстанцев. Он организовал несколько подвижных отрядов в среднем по 150 – 200 человек, которые были расставлены недалеко от русских крепостей форта № 1 и форта Перовского и неожиданно напали на Сырдарьинскую линию» [6].

По свидетельству известного дореволюционного российского исследователя Н.А.Маева: «В день Рождества Христова 1856 года форт № 1 был совершенно окружен мятежными шайками. Генерал – майор Фитингоф поспешил на помощь осажденным, с отрядом из 665 человек, при трех орудиях и 1 ракетном станке, и 9 января 1857 года сошелся со скопищем Жанхожи при урочище Арык–Балык. Киргизы (казахи – авторы) живо атаковали слабый русский отряд, сам Жанхожа с белым знаменем на руке, был впереди и воодушевлял нападающих. Но когда русский отряд, выдержав почти целый день натиск нестройной толпы, перешел, наконец, в наступление, киргизы (казахи – авторы) не выдержали и рассеялись. Мятеж Жанхожи стоял им многих убитыми и ранеными, много погибло в степи от голода и разных лишений, и кроме того, отбито было при поисках и преследовании шаяк до 21365 голов скота. Приверженцы Жанхожи удалились после того на левый берег Сырдарьи, между низовьями Кувандарьи и Яныдарьи, и не имели уже никакой силы и значения. Здесь престарелый батыр Жанхожа был убит в 1860 году своим врагом султаном Ирмухамед Касимовым, напавшим на его аул совершенно неожиданно» [7].

Говоря о последних минутах жизни Жанхожи Нурмухамедова известный дореволюционный российский исследователь Л.Ф.Мейер отмечает: «Окружив аул Жанхожи, киргизы (казахи – авторы) не решались напасть на кибитку Жанхожи, так что старик успел надеть свою кольчугу и выйти из кибитки вооруженный, но коня его уже не было. Увидев, что пришло время умирать, он сел спокойно на бугорок и начал творить молитву. Сподвижники Илекея, из суеверного страха перед 80 – летним стариком, не решались убить его, но султан настойчиво приказывал стрелять в него. Долго пули, по слабости киргизских (казахских – авторы) зарядов отскакивали от кольчуги, пока, наконец, одна не попала в шею и не положила старика мертвым» [8].

В публикации не менее известного дореволюционного российского исследователя Н.И.Веселовского: «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае» была помещена песня о киргизском батыре Д.Нурмухамедове, которая была особенно распространена среди киргизов рода Чикты, кочующих по нижнему Сыру, Каракумам и юго-западным берегам Аральского моря. Имя Джанходжи до сих пор еще окружено ореолом рыцарства» [9].

Так трагически оборвалась жизнь замечательного борца за свободу и независимость своего народа Жанхожи Нурмухамедова. Несмотря на его гибель, имя выдающегося батыра навеки останется в памяти нынешнего поколения. Его многочисленные подвиги во благо народа и Родины послужат неподражаемым примером для подрастающего молодого поколения не равнодушного к своей истории.

АҢДАТПА

Бұл мақалада аңызға айналған қолбасшы – Жанхожа Нұрмұханбетовтың қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрестегі даңқты ерлігі баяндалады.

This publication traces the heroic path of the legendary national hero of the Kazakh people, who gave their lives for the independence and freedom of their people Zhankozhi Nurmukhamedov.

ЛИТЕРАТУРА

1. Л.Ф.Мейер. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Туркестанский сборник. Том 22. СПб., 1870. С.65.
2. А.И.Добросмыслов. Тургайская область. Исторический очерк // Известия Оренбургского отдела Императорского Русского Географического общества. Выпуск 17. Тверь, 1902. С. 405.
3. И.В.Аничков. Киргизский герой Д.Нурмухамедов Очерк из первых шагов русских на Сырдарье Казань, 1894. С. 22-23.
4. Там же. С. 27.
5. Н.А. Маев. Очерк истории киргизского народа с 1732 по 1868 гг. // Туркестанский сборник. Том 52. СПб., 1873. С.421.
6. М.У.Шалекенов. Взаимоотношения народов Приаралья в XVIII – XIX вв. Алматы, 1995. С. 69-70.
7. Н.А.Маев. Очерк истории киргизского народа с 1732 по 1868 гг. // Туркестанский сборник. Том 52. СПб., 1873. С.422.
8. Л.Ф.Мейер. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Туркестанский сборник. Том 22. СПб., 1870. С.69.
9. Н.И.Веселовский. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае // Песня о киргизском батыре Джанходжи Нурмухамедова СПб, 1894. С. 71.

ӘОЖ 930

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЖЕТІСУДЫ ОТАРЛАУЫ: негізгі нәтижелері

Амангелді ТӨЛЕМІСОВ (Толамисов),
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университеті тарих кафедрасының доценті.,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Азат ЖЕКСЕНБЕКОВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университетінің тарих
кафедрасының 2-курс магистранты

Мазмұны. Тақырыптың өзектілігі бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда орын алған саяси және әлеуметтік-экономикалық, сонымен бірге идеологиялық өзгерістер мен олардың тарих ғылымының дамуына ықпал етуі жағдайымен тығыз байланысты. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды зерттеуде ескі формациялық көзқарастан бас тартып, жаңа әдіснамалық тұрғыдан зерделеу қажет. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың әр адамның тарихи үдеріс пен заңдылықтарды, халықтың өткенін әр түрлі түсініп, ұғынатынын атап өткені орынды. *«Өткенімізді зерттеп-зерделеуде әмбебаптық әдіснама болуы мүмкін емес, өйткені тарихтың өзі мазмұны жағынан күрделі болып табылатындықтан, оны зерттеу жолдары да алуан түрлі болып келетіні заңды»* [1].

Қазақстан егемендік алғаннан кейін отандық тарих ғылымының дамуында сапалық өзгерістер орын алды. Тарихты қазіргі методологиялық тәсілдеме, жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік пайда болды. Бұл орасан зор тарихи мұраны қалпына келтіріп, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың объективті бейнесін қалыптастыруға негіз болмақ.

Қазақстанның саяси-құқықтық тарихын зерттеу халықтың өткен тарихындағы, оның этникалық қалыптасуына ыпал еткен ішкі-сыртқы факторларды анықтаумен байланысты. Бұл Қазақстанда құқықтық мемлекет құру идеясы аясында жүзеге асырылатын құқықтық реформалардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда заңнамалық құжаттарды талдайтын деректанулық зерттеулердің маңызы зор, өйткені бұл өткен тарихи тәжірибені ескеріп, қазіргі құқықтық жағдайды айқындап, түсінуге, сонымен бірге азаматтық ұстаным негізінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын объективті тұрғыдан бағалауға, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласу арқылы дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда әкімшілік-аумақтық жүйені енгізу мен өзгертудің заңнамалық негіздері мәселесін қарастыру барысында зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдары талданады. Осыған байланысты Е.Бекмаханов патшалық үкіметтің жүзеге асырған отарлау саясатының жоспарлы түрде үш бағытта жүргізілгенін атап өтті. XVIII ғасырда отарлаудың әскери және экономикалық бағыты басым болды, өйткені бұл кезеңде Ресей Қазақстанды толықтай

бағындыруға жеткілікті күшке ие болмады. Ғасырдың соңында елде хандық билікті жоюға бағытталған әрекеттер сәтсіз аяқталды.

Қазақстан жерін толық жаулап алу Ресей жеріне көптеген өзгеріс тудырды. Табиғаты бай, мал шаруашылығымен айналысатын Қазақстан жері Ресей ақсүйектерін бұрыннан қызықтырып келген болатын. Соған қарамастан Қазақстан жерінің табиғи-географиялық, экономикалық жағдайын жақсарту мәселесі туындап отырды.

Далалық комиссияның шешімі бойынша, 1865 ж. Қазақ даласының мәселесіне байланысты екі қолхат толтырылды. «Жетісу мен Сырдария жерін уақытша басқару», «Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын уақытша басқару» 1867-68 жж. қабылданды.

Реформадағы басты мәселе халықты бір жүйеде басқару. Реформа нәтижесінде Қазақстан жері үш генерал-губернаторлыққа бөлінді. Батыс Сібір–Ақмола, Семей. Түркістан генерал-губернаторлығы – Жетісу, Сырдария, Орынборға – Орал, Торғай облыстары кірді. 1870 ж. Маңғышлақ приставы Кавказ құрамында болып, көп кешікпей Каспий маңы облысы құрамына кірді. 1872 ж. Бөкей хан Ордасының құрамындағы халық Астрахан губерниясының құрамына енді. Сырдария облысы ауылдарындағы полицейлік ұйымды ақсақалдар басқарды.

Облыстық әкімшіліктің ең басында әскери генерал-губернаторлар тұрды. Жетісу мен Сырдария облыстарының әскери губернаторлары шекаралық істермен айналысты. Әскери губернаторлар облысты басқаруға да ат салысты. Басқаруды ұсынушы вице-губернаторлар болды. Облыстық басқару үш бөлімнен тұрды: бөліп беру, қылмыстық және соттық. Барлығын ақсақалдар басқарды. Аймақтық басқару реформасы сұлтандардың билігіне кедергі келтірді және сол уақытта болыс басқарушылары мен старшындардың билігін жоғарылатты. Қазақстандағы отаршылдықтың жаңа жүйесі мен патшалық жаңа басқару жүйесінің билігін нығайтты [3].

1867 жылы 14 шілдеде Жетісу облысы құрылып, әкімшілік аймақ ретінде Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енді. Жетісу облысы бес уезден тұрды: Сергиополь (кейін Лепсі), Қапал, Верный, Тоқмақ (кейін Пішпек) және Ыстықкөл (кейін Қарақол).

Түркістанның алғашқы генерал-губернаторы К.П.Кауфман болды. Ол 1867-1882 жылдар аралығында Түркістан генерал-губернаторлығын басқарды.

Жетісу облысы 1867 жылғы Уақытша Ереже бойынша облыстық Басқарманың және әскери губернатордың басқаруында болды. Әскери губернаторға облыстың әскери және әскери-халықтық басқаруы, сонымен бірге Жетісу казак әскерлерін басқару жүктелді. Ал облыстық Басқарма мемлекеттік мүліктерді және әкімшілік, сот мекемелерін басқарды. Жетісу облысында 1867-1882 жылдары Г.А.Колпаковский әскери губернатор болды. Сонымен, Жетісу облысында, негізінен шекаралық жағдайына байланысты, әскери билік орнады. Өйткені саяси жағдайды шешуде әскери басқару қолайлы болды.

1868 жылы Жетісу облысының алғашқы әскери губернаторы Г.А.Колпаковский Нарын өлкесіне экспедиция қолданып, нәтижесінде сол жерлерді облысқа қосты. Кейін бұл территория Пржевальск уезін және Пішпек уезінің оңтүстік бөлігін құрады. 1871 жылы Іле даласы және Құлжа Жетісуға қосылды. Кейін Іле даласы Жаркент уезінің территориясын құраған болатын. 1881 жылы Петербург келісімі бойынша Құлжа Қытай мемлекетіне қайтарылып, Жетісу облысының Қытаймен шекарасы белгіленді. Осы кезеңнен бастап, Жетісу облысының территориялық кеңейтілуі тоқтатылды.

1882 жылы Жетісу облысы Ақмола және Семей облыстарымен бірге жаңадан құрылған Дала генерал-губернаторлығының құрамына кіріп, 1897 қайдан Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енді.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстанның кейбір облыстарында отаршылдық саясатты жүргізуде қиындықтар туғандықтан, Ресей империясы 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ережені қабылдады. Бұл ереже бойынша Жетісу облысы алты уезден тұрды: Верный, Қапал, Лепсі, Пржевальский, Пішпек және Жаркент.

XIX ғасыр ортасында қала халқының саны өзгере бастайды, мысалы 1897 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанның ірі қалалары Оралда – 36446, Верный – 22744, Семей – 20216, Петропавл – 19668, Жаркент – 16094, Қостанай – 14275 адам тұрды.

Қалалардың мәдени белгісі әлеуметтік-экономикалық үдерістерінің ықпалымен өзгеріп отырған. Оған себеп өлкені толығымен отарлау, байлықты игеру үшін жер жағдайын, салт-дәстүр, мәдениетін білетін білімді кадрлар қажет болды [3].

Жетісу аймағы өзінің көпғасырлы тарихында саяси және экономикалық жағынан көршілес мемлекеттердің қызығушылығын тудырған. Бірақ Жетісу Ресей империясының құрамына енгеннен кейін, мұнда дәстүрлі билік жойылып, барлық басқару жүйесі өзгертілді. Негізінен, Жетісудың облыс болып құрылған тарихы XIX ғасырдың екінші жарытысынан басталады.

Қазақстан территориясы Ресей құрамына енгеннен кейін, өлкеде басқару жүйесі толығымен енгізілгеннен кейін, орыс шенеуніктері басқару аппараттарына тағайындалған болатын. Барлық басқару жүйесі Ресейден жолданған арнайы шенеуніктердің қолында болды. Нәтижесінде, орыс шенеуніктерінің өлкеге қатысты еңбектері жарыққа шықты.

XIX ғ. II жартысында қазақ зиялылары үшін жер мәселесі өте ауыр проблема болды. XX ғ. басында қазақ зиялылардың жер мәселесіне қатысты мақалалары ұлттық мерзімді басылымдардың беттерінде жарияланып тұрды. Сонымен қатар олар I және II

Мемлекеттік думаға қатысып, жер мәселесін ашық айтқан болатын [2].

Патша үкіметі орнағанға дейін Жетісу халқының қоғамдық құрылымы мен шаруашылығы рулық негізде қалыптасып дамыды. Бұл туралы Н.Ә.Назарбаев: *«Тайпа, ру, олардың барлық мүшелері бір-бірімен қандас туыстар болып, олардың барша әрекет-тірліктері тұтасып жатқан. Рас, олар бір-біріне ұқсамаған, алайда біртұтас отбасының бөлінбес мүшелері ретінде қабылданған. Олар өзара туығыз байланыста болғанымен, әркім өзіндік күш-қуатымен, психологиясымен, парасат-пайымымен тірлік құрған. Өзінің негізгі өзегі патриархалдық отбасы болып табылатын бұл сияқты кез-келген қауымдастықтың дәстүрді тұғыр еткен өзіндік жан-жүрегі, біртұтас әлеуметтік шаруашылық және парасат-бітімдері болған»*,– дейді. Бірақ қазақ қоғамындағы осы тұтастық пен бірегейліктің іргесі XIX ғасырдың II жартысынан бастап сөгіле бастайды. Оған себеп болған патша үкіметі жүргізген әкімшілік реформалар еді. Қазақ қоғамының ішкі беріктігі мен әлеуметтік-шаруашылық біртұтастығының бұзылуы осы реформалар арқылы жүргізілген отарлық саясатпен және капиталистік қатынастармен тығыз байланыста жүзеге асты. Сондықтан қоғамның өзгеруі оңай немесе жеңіл түрде жүрді деп айта алмаймыз. Халық жаңа қоғаммен бірге тұрмысқа енген өзгерістерге тосын құбылыс ретінде қарап, оларды бірден қабылдай алмады. Жаңа қатынастарға тосырқай қарауы табиғи заңдылық та еді. Сонымен бірге қазақ даласына басқарудың жалпы империялық жүйесін қалыптастыруды мақсат еткен «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» жөнінде: *«Өзіндік әдет-ғұрпы, дүниетанымы бар көшпелі халық аты-жөні жоқ, күтпеген жерден толып жатқан сатылы басшылығы, олардың көп бөлшекті бағынышты тармақтары, түрлі атаулы сатысы бар бюрократиялық орталыққа бағынды. Бұл әкімшілік жүйесі осыған дейін қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіз еді»*,– деп, бұған дейін енгізілген реформалардың жергілікті тұрғындарға әсерінен де ақпараттар береді. Сондай-ақ, Жетісу тұрғындарына 1867 жылғы 11 шілдедегі «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі Ереже жобасы» да тосын, әрі түсініксіз болды. Бұл Ереже жобасы Жетісу қазақтарына ұнамады. Олар «ақ 66 патшаның» өздеріне қолайсыз ереже ұсынуына «кім кінәлі?» деп өзара дауласты. Қарапайым халықтың елдегі саяси-экономикалық өзгерістердің, әділетсіздіктер мен әлеуметтік қиындықтардың патша үкіметінің отарлық саясатынан бастау алып жатқанынан бастапқыда хабары болмады. **Оған Жетісу облысын зерттеуге шыққан комиссия жазбаларынан көз жеткізуімізге болады. Онда: «Қазақтар «бізге бұрынғы тәртіпті қолайсыз немесе ауыр болды?» деп Ақ патшаға кім айтып жүр десе, енді бірі оған «Абақ сұлтан Ақ патшаға тойға барып, аға сұлтандар билігін жоюды талап етіпті» – деп жауап беріп жатты. Халық бұған да сенуге дайын болды. Біз оларға ешкімнің де патшаға барып арыз айтпағандығын түсіндіру үшін өлке картасын көрсетіп, жоғарғы жақтағы бастықтар олардың тұрған жерін ғана емес, бұл жердегі әрбір рудың көшіп-қонатын жайлауларын, тау, тасты, олардың ата-бабаларының молаларына дейін білетінін айтқан кезде халық таңқалысып, Аллаға сиынып, сақалдарын сипай берді»,– деп жазады. Жетісу және Сырдария облыстарын басқару Ережесінің**

жобасы бойынша билер соты сақталып қалды. Бірақ, билер соты мен олардың съездеріне шешім шығару құқы берілгенімен, екі жақ ол шешіммен келіспеген жағдайда орыс сотына шағымдана алды. Ереже жобасының басты жаңалығы, әрі халыққа тосын болған жағдайлардың бірі сайлау жүйесінің енгізілуі еді.

Сонымен бірге билер сотының съезін енгізіп, жазалауға шектеу қойды. Денесіне зиян келтіру, дене мүшесін кесу және өлім жазасы алынып тасталды. Оның орнына айыппұл салу, қамауға алу, кінәсін жұмыспен өтеу, Сібірге жер аудару жазалары енгізілді. Түркістан өлкесін басқару ережесі бойынша би болып жасы 25 ке толған, сотталмаған, қылмысы үшін тергеуде болмаған жергілікті халық өкілі сайлана алды. Ал, Жетісу облысы Далалық Ережемен басқарылатын болғандықтан (1882-1899) жасы 35-ке толған жергілікті халық өкілі және орыс оқу орынында курс аяқтаған, әрі 25 жасқа толған болса, би болып сайлана алды. Сонымен бірге 7 күн тұтқында болғандар мен 30 сом айыппұл төлегендердің сайлануға құқы болмады. Сайлау жүйесі қазақ ауылдарының әкімшілік бөлінісімен бірге қазақ халқының бүкіл тіршілігіне терең өзгерістер алып келді. Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың II жартысынан бастап өмірге енгізілген әкімшілік-аймақтық реформалар Жетісу облысы тұрғындарының күнделікті өмірін түбегейлі өзгерістерге ұшырата бастады. Осы реформалар негізінде жүзеге асырылған сайлау жүйесі жергілікті тұрғындар өміріне парақорлық, арызқойлық, руаралық тартыс, ағайын араздығы сияқты жат қылықтарды енгізіп, көшпелі өркениет кезінде қалыптасқан менталитетті өзгертіп, отбасы, ағайын арасындағы татулық сияқты құндылықтардың іргесін сөге бастады. Отбасы мәселесі де орыс заңы арқылы реттеле бастады. Сондықтан жаңа тәртіптердің халықтан қолдау табуы қиынға соқты. Орыс билігімен бірге келген заңдылықтар жергілікті тұрғындардың бұған дейінгі тұрмысына, қоғамдық санасына, дәстүріне жат болды. Олар биліктің халық санағын жүргізуін, маскүнемдік, нашақорлық, бұзақылық, қаңғыбастық, ұрлық, тонау, 79 қарақшылық, сонымен бірге түрмелердің пайда болуы сияқты отарлық билікпен бірге келген өзгерістерді тосын, әрі жат құбылыс ретінде қабылдап, үрке қарады. Бірақ, уақыт өте келе жаңа қоғаммен бірге келген қоғамдық қарым-қатынастар, тосын әдеттер әрбір отбасына, оның мүшелерінің өміріне тереңдеп ене түсіп, бұрынғы дәстүрлі құндылықтардың негізі шайқалтты. Жергілікті тұрғындар рухани жағынан орасан зор күйзелісті бастан кешіре отырып, жаңа қоғамның барлық заңдылықтарын қабылдай бастады [2].

Үлкен қалаларда полиция басқармасы мен приставтар құрылды. Жер дауларын болыс съездері шешті. Ресей сот жүйесі әлемдік сот, облыстық сот және Басқарушы сенаттан тұрды. Билер соты құрылды, олар таңдаулы төрешілерге айналды. Бұл енгізілген жаңалық дәстүрлі шариғат сотына соққы тигізді.

Қорытынды. Жетісу аймағы өзінің көпғасырлы тарихында саяси және экономикалық жағынан көршілес мемлекеттердің қызығушылығын тудырған. Бірақ Жетісу Ресей империясының құрамына енгеннен кейін, мұнда дәстүрлі билік жойылып, барлық басқару жүйесі өзгертілді. Негізінен, Жетісудың облыс болып құрылған тарихы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады.

Қазақстан территориясы Ресей құрамына енгеннен кейін, өлкеде басқару жүйесі толығымен енгізілгеннен кейін, орыс шенеуніктері басқару аппараттарына тағайындалған болатын. Барлық басқару жүйесі Ресейден жолданған арнайы шенеуніктердің қолында болды. Нәтижесінде, орыс шенеуніктерінің өлкеге қатысты еңбектері жарыққа шықты.

XIX ғ. II жартысында қазақ зиялылары үшін жер мәселесі өте ауыр проблема болды. XX ғ. басында қазақ зиялылардың жер мәселесіне қатысты мақалалары ұлттық мерзімді басылымдардың беттерінде жарияланып тұрды. Сонымен қатар олар I және II Мемлекеттік думаға қатысып, жер мәселесін ашық айтқан болатын.

Өз мақаламды қорытындылай келе, Елбасымыз Н.Назарбаевтың мына сөзімен аяқтағым келіп отыр: *«Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнге сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықиласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды»* [4]. Біз әлі жас мемлекетпіз. Солай бола тұрса да 29 жылда біраз жақсылыққа куә болып үлгердік. Өлі де асар асуымыз, алар белесіміз алда. Тәуелсіздігіміз нығая берсін! Тәуелсіздік таңы арайлап атып, егемендігіміз еңселі бола берсін!

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются вопросы внедрения и изменения административно-территориальной системы управления на территории Казахстана в XVIII-XIX вв. на основе законодательных источников Российской империи. Авторы обращают внимание на необходимость дальнейшего анализа многочисленных законодательных источников империи по вопросам административно-территориального управления в Казахстане.

Ключевые слова: Законодательные источники, Царское правительство, Административно-территориальная система, Генерал-губернаторства, Казахские жузы, История Казахстана, Колонизация.

In this article the introduction and changing of administrative-territorial management system in Kazakhstan in XVIII-XIX centuries on the basis of legislative sources of the Russian Empire is considering. The authors draw attention to the need for further analysis of numerous legislative Empire sources on the administrative-territorial governance in Kazakhstan.

Keywords: legal sources, the tsarist government, the administrative and territorial system, governor-general, the Kazakh zhuzes, history of Kazakhstan, colonization.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.А. Хранить память, крепить согласие. Алматы: Қазақ баспа сөзі, 1998. 16 с.
2. Бисембаева Л.А. 1916 жылғы көтеріліс және Жетісу облысының тұрғындары. //Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2019. – №1 (77). – Б. 181-187.
3. http://www.kstu.kz/wp-content/uploads/docs/ik_kz/teor/teor_7.htm
4. massaget.kz

АРАЛ МЕН ЖАҢАҚОРҒАН АРАСЫ – Орынбор-Ташкент теміржолынан қалған мұра

Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университеті «Археология және этнография»
ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, PhD доктор,
Минсара ҚАРАМАНОВА,
аталған университеттің Қазақстан тарихы және
әлеуметтік-саяси ғылымдар кафедрасының меңгерушісі,
Болат АБЫЛАЕВ,
Қызылордадағы №5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-
лицей директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2004 жылы Астана қаласында Қазақстан теміржолына 100-жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан теміржолының ерекшелігі оның үлкен транзиттік мүмкіндіктерінде, ол Еуропа мен Азия елдерін жалғастырады және біз осы артықшылықтарды пайдалануымыз керек», – деп атап өткен болатын. Қазақстан теміржолының бүгінгі маңыздылығымен қатар, терең тарихы бар. Оның тарихы Орынбор-Ташкент теміржолының іске қосылуынан басталады. Әрине, сол кезеңдегі «ғасыр құрылысына» балаған теміржол патшалық Ресейдің отарлау саясатының жемісі деген де пікірлер бар. Бірақ, біздің айтпағымыз ол емес, біз осы Орынбор-Ташкент теміржолының Қызылорда облысы аумағындағы қалдырған тарихы, мұралары және бүгінгісі жайлы.

Алған тақырыптың зерттелу тарихы жайлы біршама деректер мен зерттеулер де бар. Бірақ, құрылысына ғасырдан аса уақыт болған теміржол бойындағы құрылыстар бүгінде сәулет ескерткіші болып табылғандықтан, олардың жәй-күйі мен ерекшеліктері тұрғысынан жасалған ізденіс жұмыстар жоқтың қасы. Теміржолмен бір мезгілде салынған құрылыстардың басым бөлігі қирап, бұзылып кеткенімен негізгі ғимараттар әлі күнге дейін тарихи-сәулеттік келбетін сақтап келеді.

Қызылорда қаласының 200 жылдық тарихында Орынбор-Ташкент теміржолының орны ерекше екені айдан анық болғандықтан тақырып өзекті деп есептейміз.

Орынбор-Ташкент теміржолы жайлы қысқаша анықтама. Оренбург-Ташкент теміржолының құрылысы 1901 жылы бір уақытта теміржолдың екі бітетін жағынан басталған, ал құрылыс жұмыстары 1906 жылы аяқталды. Солардың ішіндегі Перовск (қазіргі Қызылорда) және Түркістан вокзал ғимараттары, депо және т.б. ғимараттар пайдалануға берілді. Жалпы ұзындығы 2090 км, оның ішінде қазақ жері арқылы өтетін бөлігі 1660 км. болса, оның бойында 78 станция тұрғызылды. Орынбор-Ташкент теміржолын салу ісі Николай II патшаның 1901 жылдың 21 сәуірдегі бұйрығы негізінде қолға алынды [1]. Орыс үкіметінің Орынбор – Ташкент жолын салудағы басты мақсаты – Орта Азия үшін Англиямен арадағы бәсекелестікте жеңіп шығу, өлкедегі арзан шикізат қорын Ресейге тасу, Түркістан өлкесіне тура шығу болды. Салынатын жолдың бүкіл желісі әкімшілік жағынан екі бөлікке бөлінді. Жолдың оңтүстік бөлігі (Ташкент-Көбек) Түркістан өлкесі Сырдария облысының аумағы бойынша солтүстік бөлігі (Орынбор-Көбек) Орынбор губерниясы, Торғай облысының және Орал облысының жерлері арқылы өтетін болып белгіленді.

Құрылыс Орынбор жағынан 10 мамырда, ал Ташкент жағынан 9 қарашада басталды. Бұған 70 млн. сом қаржы жұмсалды, 40-50 мың жергілікті тұрғын жұмыс істеді. 1904 жылы 1 қаңтарда бүкіл Орынбор-Ташкент теміржолы бойынша пойыздардың уақытша жүрісі ашылды [2].

Солтүстік бөлігі 1905 жылы 25 шілдеде толық аяқталып, оңтүстік бөлігі 1906 жылы 1 сәуірде пайдалануға берілді. 1905 жылы 1 қаңтардан бастап Орынбор-Самара-Златоуст жолының телімі, ал 1906 жылы 22 шілдеден бастап Орта Азия жолының Ташкент станциясы Орынбор-Ташкент теміржолы қосылды. Соның нәтижесінде жаңа желінің жалпы ұзындығы ұлғайды. Бес ірі станция – Ақтөбе, Шалқар, Қазалы, Перовск (Қызылорда), Түркістан Қазақстанның Ресеймен және Орта Азиямен байланыс торабына айналды. Жол басқармасы Орынбор қаласында болды [3, 412-413-бб.]. Орынбор-Ташкент теміржолы – қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік және батыс аудандарын Орта Азия республикаларымен, Ресеймен, Кавказ және Шығыс Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі теміржол желісі.

Орынбор-Ташкент теміржолы қалдырған тарихи мұра. Арал мен Жаңақорған арасы. Қызылорда облысы әкімдігінің 18 мамыр 2010 жылғы №776 қаулысымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімі 274 археология, қала құрылыс және сәулет ескерткіштері болса, соның ішінде 60-тан астамы теміржол құрылысына қатысты ескерткіштер.

Олар: 1.Теміржол вокзалы ғимараттары;
2.Су қыспақты мұнаралар;
3.Теміржол көпірлері;
4.Теміржолшылар клубы ғимараты;
5.Теміржол милициясы ғимараты;
6.Вокзал маңы құрылыстары мен тұрғын үйлер [4].

Теміржол вокзалы ғимараттары, су қыспақты мұнаралар, теміржол көпірлері әлі күнге дейін ғасырдан аса уақыт үздіксіз қызметін атқарып келуде. Кейбір шағын станцияларда теміржол вокзалы ғимараты мектеп, әкімшілік мақсатта, тіпті тұрғын үй ретінде де пайдаланып келеді. Ал ерекше күрделі архитектуралық туындылар болып саналатын теміржолшылар клубы ғимараттары (Қазалы, Қызылорда), мәдениет саласындағы мекемелер әлі күнге дейін пайдаланса, Қызылорда қаласындағы вокзал маңындағы теміржол милициясы ғимараты бүгінде «Ақмешіт» музейі болып саналады.

Әрине 60-тан аса ескерткіштердің барлығын қарастырып, қамту мүмкін емес болғандықтан, олардың негізгі вокзал ғимараттарына, мұнараларға және басқа да құрылыстарды ашып көрсетуге тырыстық.

Теміржол вокзал ғимараттары – сәулет өнерінің ескерткіштері.

Теміржол вокзал ғимаратының тарихы, адамның тағдыры сияқты өзінің қайталанбастығымен есте қалады. Ерекше қызықтыратын тұс Түркістан және Қызылорда вокзал ғимараттарының салыну тарихы. Бұл қалалар тарихы Ұлы Жібек жолында орналасқандықтан орындары ерекше және Қазақстанның астаналық қалалары

рөлін атқарған. Бұл жолдар бойында әр заманда сауда қатынастары жақсы дамыған. Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы кездейсоқ емес, осы теміржолдың салынуы аймақтың табиғи байлықтарын игеруге, аймақтың дамуын, зат тасымалдау мен жолаушылар тасымалында ерекше рөл атқарады.

лаушыларға қызмет көрсетуге көп көңіл бөлінді. Жол жүру билетін рәсімдеу мәселесі жақсы жолға қойылып, аз уақыт жұмсалады, ең бастысы жолаушылардың жағдайын жасау өткен ғасырдың ортасынан бастау алған дәстүр. Қызылорда қаласында билетті алдын-ала алудан бөлек, үйге және санаторийге жеткізіп беру қарастырылған.



1-сурет. Перовск теміржол вокзалы.

Қазір Қызылорда, Арал, Қазалы, Сексеуіл, Шиелі Жосалы және т.б. теміржол вокзал ғимараттары тарихи архитектуралық ескерткіштер болып табылады. Алғашқы кезеңдерде вокзал ғимараттары мәдени орталықтардың бірі болған, мұнда түрлі мәдени іс-шаралар өткізілетін болған. Вокзал ғимараттарын белгілі архитекторлар салған, қазіргі уақытта осы ғимараттар көптеген қала және аудан орталықтарының керікті жерлері болып есептеледі.

Қазақстанның далалық аймағы одан кейінгі Орталық Азия жерлері қашанда болса да табиғи байлықтарымен, мал өнімдері және мақта, жеміс-жидектермен қызықтырған. Осы байлықтарды сыртқа шығару өңірдің экономикасы, сауданың дамытуда өнімді тасымалдау мәселесі болған. Теміржол құрылысының салынуы, аймақ экономикасы мен мәдени дамуына үлкен өзгеріс алып келді. Түркістан генерал-губернаторлығы құрылған соң, теміржол рельсін Еуропалық Ресеймен байланыстыру мәселесі алға қойылды.

Қызылорда аймағынан өтті.

Дәстүрді сақтаушылар. Арал ауданы Сексеуіл станциясынан бастап теміржол вокзал ғимараттары осы өлкеміздің ғасырлық тарихын сақтаушылар. Өткен ғасырда осы теміржол вокзал ғимараттарымен бірге, паравоз және вагон жөндейтін депо, әкімшілік ғимараттар, теміржолшыларға арналған жатақханалар мен су қыспақты мұнаралар салынды.

Ұзақ уақыттың ішінде вокзал тарихында көптеген кездесулер мен ажырасулар, үлкен қонақтарды күтіп алып шығарып салды. Теміржол вокзал ғимараттары елмен бірге талай қиындықтарды көрді, елдің теміржол саласының дамуы мен құлдырауын бірге көрді.

Сонау 1925 жылы Қызылорда вокзалында Қазақ автономиялық Республикасының делегаттарын күтіп алды. Бес күнге созылған съезде Қырғыз аталып жүрген халықтың тарихи дұрыс атын қалпына келтіру мақсатында бұдан былай «қырғыздар» «қазақ» деп аталсын деген қаулы қабылданады. Сонымен бірге съезд «Қырғыз Республикасын» «Қазақ Республикасы», ал

оның астанасы Ақмешітті Қызылорда деп атауға қаулы қабылдайды.

Ұлы Отан соғысы жылдары осы жерден майданға әскер мен Қызыл әскерге астық жіберілді.

Тағы орын алған маңызды оқиғалардың бірі 1993 жылы Қызылорда қаласында Орта Азия мен Ресей мемлекеттерінің басын қосқан жиынның өтуі, онда Арал мәселесі қаралды. Жиынның нәтижесі бойынша Аралды құтқару халықаралық қоры құрылды. Бұл оқиға қала өмірінде үлкен орын алды.

Тарихи келбетін сақтау қалу маңызды. Қазіргі Қызылорда қаласының теміржол вокзалы екі ғимараттан тұрады. Кене ғимараты бір қабаттан және жаңасы үш қабаттан, ғимараттар 1905 және 1969 жылдары тұрғызылған. 2012-2013



2-сурет. Қызылорда теміржол вокзалының бүгінгі көрінісі.

Басты мақсат сапалы қызмет... Салынған уақыттан бастап Қызылорда теміржолының қызметкерлері арқасында жүк тасымалдау қызметі артып, жо-

жылы қайта жөндеу кезінде құрылысшылар тарихи архитектуралық ескерткішті бұрынғы қалпын сақтай отырып қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, вокзал ғимаратында мүмкіндігі шектеулі жандарға барлық жағдайлар жасалған, арнайы табалдырықтар, сатылар, арнайы билет кассалары, автотұрақтан орындар берілген.

Арал – Қазақстанның көне вокзалы. XX ғасырдың басында ең ауқымды Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы далалық шөлді аймақта жаңа елді мекендер одан соң станциялар бой түзеді. Станциядан соң вокзал ғимараттары жергілікті халықтар біртіндеп көшіп келген үлкен ауылдар мен қалаларға айналды. Осы тұста сондай Қазақстандағы ең көне вокзал ғимараты орналасқан Арал теңізі станциясы.

Арал қаласының қалыптасуы алғашқы Алтықұдық ауылынан бастау алады. Арал қаласының оңтүстік жағында әлі күнге дейін Алтықұдық елді мекені теміржол бекеті ретінде сақталған.

Қала тарихы 1817-1818 жж. бастау алады. 1870 жылдан бастап Арал елді мекені деп, ал 1900-1901 жж. Арал қаласы деп аталды. Сол жылдары қала теміржолдан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан еді.

1905 жылы теміржол вокзал ғимараты бой көтеріп, Арал қаласының тарихы ресми түрде осы уақыттан бастау алды.

Арал теңізі станциясынан шығыс және солтүстік-шығысқа қарай жалғыз теміржол тармағы жатыр, ұзындығы 32 км болатын теміржол сульфат натрий тұз өндіретін жерге қарай тартылған.

Арал теңізі станциясы 2012-2013 жылдары қайта жөндеу жұмыстарынан өткізіліп, пайдалануға жіберілді [5, 19-25-бб.].

Су қыспақты мұнаралар. Арал ауданының Сексеуіл станциясынан бастап, Жаңақорған ауданы аралығындағы Бесарық станциясына дейінгі барлық бекеттерде орналасқан. Өте сапалы салынған күрделі құрылыстар бір-біріне ұқсас болып келеді. Олар екі қабатты құрылыс, басым бөлігі бір камералы болса, арасында екі камералы да түрі кездеседі.

Мысалы Шиелі ауданы, Шиелі кентіндегі мұнарада да екі су сақтайтын орын бар, оның сегіз қырлы пішіні бұрыштары кесілген төртбұрышты (12х6 м) еске түсіреді. Мұнара екі қабатты, төменгісі күйдірілген тікбұрыш форматты кірпіштерден айшықталып қаланған, жоғарғысы – ағаштан салынған. Ескерткіштің жалпы биіктігі 17 м. Төменгі қабатта машиналық бөлімше, ал жоғарғысында – су сақтайтын орындар орналасқан.

Мұнараның ерекшелігі – ұзын жақтарының ортасына жарты циркульді кескіндегі аркалы қуыстардың орнатылуында. Олардың екі жақ бөлігіндегі әр қасбетте сәулелі маңдайшалары бар терезе ойықтары орналасқан. Тура осындай ойықтар ғимараттың бүйір жағында да бар. Жоғары қабаты бөренелерден салынып, тақтайшалардың тік және көлденең қатарларымен әсемделіп қапталған. Шатырдың құламалы, асылмалы бөліктері бар [7].

Қараөзек теміржол көпірі 1877-1906 жж. Орынбор-Ташкент теміржолы салынуы барысында жасалған. Құрылыстың солтүстік бөлігін А.И.Урсаги, оңтүстік бөлігін О.П.Вяземский басқарған.

Көпір жобасы В.Г.Шуховтың жетекшілігімен жасалған. Көпірдің ұзындығы – 151,2 м. Биіктігі – 8,74 м. Темірден жасалған. Көпір жол бағытында және көлденең балкалардан тұрады. Екі басы мен ортасы бут таспен қаланған.

Өтпелі қуысы бар құрылыс екі фермнан тұрады. Өтпелі қуысы бар құрылыс екі негізгі балкадан тұрады. Конструкция көлденең және тігінен қойылған темірлермен

бекітілген. Көлденең байланысы көпірдің жоғарғы және төменгі бөліктері арқылы, рамы бекітілген. Пойыз өтетін жері 151,2 м теміржол көпірі жобасы құрылыстың сәтті схемасы, көпірдің жасалуы мен тіп-тік желісі, конструкциялардың барлық элементтері мен бөлшектерінің байланысуымен ерекшеленеді [8].

Теміржолшылар клуб үйі ғимараты Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде орналасқан. Теміржолшылар клуб үйі ғимараты Қазалы стансасына жақын салынған вокзал маңы алаңына салынған сәулет құрылысы болып табылады.

Клуб үйі жан-жағынан қызметтік бөлмелері қоршап тұрған, сахнасы бар көрермен залынан тұратын күрделі жоспарлы құрылыс. Жоғары акустикалы, 200 орындық зал жоспарлы композицияның ортасында орналасқан. Негізгі құрылыс материалы – күйдірілген кірпіш және әктас ерітіндісі. Шатыры метал қаңылтырмен жабылған. Негізгі көлемі 64х48 м. [9].

Теміржол милициясының ғимараты (қазіргі Ақмешіт музейі), Қызылорда қаласында темір жол вокзалының аумағында орналасқан. 1905 жылы салынған архитектуралық тарихи ескерткіш. 1917 жылдан бұл ғимарат әскери казарма болған. Кейін қалпына келтіріліп, 2004 жылы 14 желтоқсанда Ақмешіт музейі болып ашылды.

Музей Қызылорда қаласының сонау 1818 жылдан Ақмешіт бекеті болып құрылғанынан бастап тарихын толық ретінде сипаттайды.

Ғимараттың архитектурасы бір этажды. Ғимарат жоспарында Z – әрпі пішінде. Қасбетінің шеткі бөлігі шығынқы келген. Шеткі бөліктерінің төбесі екі жақты құламалы шатыр болып келтірілген, негізгі орташа бөлігінің төбесі де сол түрде, бірақ көлденең болып келеді. Ғимараттың қасбеті 7 тік пилястрлермен әшекейленген. Өр пилястрдің ортасына терезелер салынған [10].

Қорытынды. Жоғарыда атап өткендей небәрі 5 жылда орасан зор қарқынмен салынған Орынбор-Ташкент теміржолының саяси-экономикалық мақсаты басым болды.

Қазақстан теміржолдарында жұмысшы кадрларының қалыптасуы, оның Ресейге қосылуының әлеуметтік-саяси қорытындысы болды.

Қазақстанның теміржолдарында жұмысшы кадрлары қалыптасты. 1900 жылы Қазақстанда барлығы 5-6 мың теміржолшы болса, ал бірінші орыс төңкерісі кезінде 1905-1907 жж. олардың саны 20 мыңға жетті. 1913 жылы Қазақстанда 23000 теміржолшы болды, ал қазақ төңкерісі қарсаңында олардың саны – 30000 жуық болды. Оның 14000 нан астамы Орынбор-Ташкент жолында жұмыс істеді. Ірі станцияларындағы шеберханалары мен депо жұмысшыларының саны 1-2 мың адам болды [11].

Міне, бұл да тарих, кешегі сақ заманында Тұран ойпаты өркениеттерінің тоғысқан жері, ортағасырлардағы Ұлы Жібек жолының осы Сырдың бойындағы қалалар арқылы өткендігін білеміз. Ендеше, Орынбор-Ташкент жолының киелі Сырдың жағасын жағалай салынуы заңдылық десек те болады. Өткен тарихымызды бағалау барлығымызға ортақ міндет. Арал мен Жаңақорған ортасын жалғап жатқан күре шойынжолдың бойында қанша бекет, қанша қала, қанша ауыл болса, сонша тағдыр мен тарих бар. Бір-бірін қайталанбас етіп, бір-біріне ұқсатпай салған теміржол вокзалдарының ғимараты өткен тарихтан естелік. Мемлекет қарауына алынған нысандардың басым бөлігінің жәй-күйі сын көтермейді. Сондықтан бүгінде тарихи келбетін жоймаған теміржол бойындағы ғимараттар жайлы еңбектер, кітап-альбомдар, мақалалар жарияланып, ел арасында насихатталу керек деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Материалы по обследованию казенных железных дорог; Ташкентская ж.д., СПб., 1913.
2. Отчет по постройке северной части Оренбургского-Ташкентской ж.д., ч.1. СПб., 1908.
3. **Дайрабай Т.** Орынбор-Ташкент теміржолы // Сыр елі Қызылорда облысы энциклопедия. Алматы, 2005, 412-413-бб.
4. Қызылорда облысының әкімдігінің 18 мамыр 2010 жылғы №776 қаулысымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі.

5. **Мурзабекова А., Молдахметов Д.** Свидетели истории – Кызылорда и Туркестан // Время в пути. №4 (18) 2017. С. 19-257.
6. Шиелі кентінің су қыспақты мұнарасының паспорты.
7. Қараөзек теміржол көпірінің паспорты.
8. Теміржолшылар клуб үйі ғимаратының паспорты.
9. Теміржол милициясының ғимаратының (қазіргі Ақмешіт музейі), паспорты. Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің қорынан алынды.
10. **Асылбеков М.Х.** Некоторые вопросы истории строительства Оренбургского Ташкенткой ж.д., Известия. АН КазССР. Сер. ист. арх. и этногр., 1962, вып. 2.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

ТОРҒАЙДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС: жүзбасы Қайранбай Малшыұлы

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің профессоры

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ең ұйымдасқан және қатты қарсылық көрсетіп, орыс патшасының үрейін ұшырған соғыс (шілде 1916 жыл – ақпан 1917 жыл) Торғай даласында болды. Көтеріліс дүмпі тек Торғай уезі ғана емес, сол кездегі ұлан ғайыр Торғай облысының Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай уездерін және оған көршілес Атбасар, Ұлытау жерлерін қамтыды [1]. Көтеріліс басшысы, яғни хан болып елдің белгілі азаматы Қыпшақтың Нияз атасынан тараған Әбдіғалпал Жанбосынұлы сайланды. Сарбаздар сардары Кенесары ханның батыры Иманның немересі Амангелді болды. Бас мергені болып «Қара берен Кейкі атанған» қол мерген Кейкі батыр (Нұрмағанбет) Көкембайұлы сайланды [1, 55-б.]. Көтерілісшілер қатары қазан айында 50 мыңға жеткен. Сарбаздардың әскери тәртібі нығайып, оларға онбасы, жүзбасы, мыңбасы сайланды [2].

Наурызым – қазіргі Қостанай мен бұрынғы Торғай облысының арасындағы шекаралас аудан. Алғашқыда Наурызым Торғайға қараған. Тың көтерілгеннен кейін күшейген Қостанай басшылары Наурызымның сұлу орманына, қорығына қызығып, оны Қостанай облысына қаратып алады. Ал Торғай облысы кезінде Наурызым өлкесі екі болысқа – «1-ші Наурызым», «2-ші Наурызым» болып бөлінген еді.

Шолақсай – Торғай көтерілісіне байланысты деректерде жиі айтылатын топонимика. Себебі бұл жерге кезінде переселендер ауылы орналасады. Сонымен қатар, Шолақсай арқылы Қостанайдан Торғайға қарай асатын керуен жол өткен. Ол кезінде «Шолақсай – Торғай керуен жолы» немесе «Ноғай жолы» деп аталған. 1916 жылғы Амангелді мен Кейкі батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілістің қанды шайқастары осы аймақта да орын алады.

Мақала арқауы Наурызым өлкесінің тумалары 1916 жылғы Торғайдағы Амангелді мен Кейкі бастаған көтеріліске белсене араласқан, **Наурызым даласынан Торғайға барып, көтерілісшілерге қосылған ағайынды Қайранбай мен Айранбай туралы.** 2016 жылы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай, Қостанай облыстық мұражайы көтерілісшілердің



Қайранбай Малшыұлы – 1916 жылғы көтеріліске қатысушы. Амангелді жүздігінің жетекшісі. Сурет (көшірме) Қостанай облыстық өлкетану музейінің қорынан алынды.

жүзбасы болған қолбасшылардың ұрпақтарының қатысуымен ашық мұражай лекциясын өткізді. Лекцияға мені де шақырған болатын. Сонда Жақсылық ағамызбен таныстым. Зейнеткер Жақсылық ағамыз өз әкесі Қайранбай Малшыұлы мен әкесінің інісі Айранбай Малшыұлының көтеріліске қалай қатысып, нендей ерлік жасағаны ақын Әбжан Құндызбаевтың «Торғай көтерілісшілері» туралы толғауында Амангелді Имановтың батырлығын, онымен қатар ерлік көрсеткен отряд жетекшілері Қайранбай Малшин, Ақмолда Нұрқамысов сынды батырларды ерекше атап көрсеткенін айтып берді. **Жақсылық Қайранбайұлының айтуынша:** «Әкесі Қайранбай Малшыұлы 1890 жылы Қостанай облысының Наурызым елді мекенінің Қызылжота деген жерінде дүниеге келеді. Бұл қазіргі Шилі ауылынан 5-6 шақырым жердің атауы. Әкесі 66 жас жасап, Жақсылық ағамыз 12 жасқа келгенде дүниеден озды. Бұл – 1956 жыл, ал көтеріліске қатысқанда ол 26 жаста болған. Бала кезіндегі есінде қалғаны, Амангелді Имановтың ұлт-азаттық көтерілісі туралы жер-жерге хабар жеткенде, әкесі Қайранбай Наурызым елді-мекен аймағынан соғысқа жарамды жігіттерді жинап, ат-көлігімен Амангелді тобына барып қосылады. Ол өзінің туған інісі Айранбай Малшыұлын да ертіп кетеді. Амангелді Қайранбайды жүзбасы етіп сайлайды. Інісі Айранбай атақты Доғал – Үрпек соғысы кезіндегі қанды шайқаста қаза табады. Әкесінің маңдайына қылыш тиіп жараланады. Сол жарадан қалған белгіні

– маңдайындағы тыртықты «соғыста қылыш тиген» деп айтып отыратыны есімде қалды», – дейді. Соғыстан аман-есен оралған әкесі Қайранбай кеңес шаруашылығында шопан болып жұмыс жасайды. Әкесінің өз қолымен қазған құдығы бар. Сол құдыққа байланысты 1943 жылы «Большевиктік» газетінің тілшісі С.Бүркімбаев мақала жариялайды [3]. Журналист мақаласында: «Қайранбай құдығы – Аманкелді – Торғайға баратын жолдың үстіндегі бір белгілі станция. Әрлі-бері өткен кірмеші болсын, жай жолаушы болсын осы араға бір тоқтап, Қайранбай құдығынан бір шөлін қандырмай кеткен емес. Өйткені ол Ақсуаттың асуынан жапан далаға салған жалғыз құдық. Осы құдықтан басқа жерден ол арада ұрттам су таба алмайсыз... Жақында... осы Қайранбай құдығына тоқтап, машинаға су құйып алуға тура келді... Сәске кезі еді. Қолында ақ таяғы бар бурыл сақалды қарт адам бізден бұрын бір қора қойды айдап келіп, осы құдықтан жалғыз өзі суара бастады. Қауға шелекті аспамен тартқанда көз ілестірмейді... Сосын жанына келіп жөн сұрады. «Әкем аты – Малшы, өзімді Қайранбай дейді, – деді қарт, – Семіозердің (ауданның бүгінгі атауы – Әулиекөл. – Ә.И.) «Құмжота» колхозының шопаны боламын». Бұл кәдімгі осы құдықтың «иесі» Қайранбай болып шықты. Құдықты баяғыда байдың есігінде жүргенде өзі қазған екен. Содан ол «Қайранбай қазған құдық» болып аталып кетіпті. Бұл құдықтың Қайранбай атанғанына 30 жылдан асса керек» [3], – деп жазылған. Ұлы Отан соғысы кезінде тылда еңбек еткен қарт Қайранбай батыр шопан болып еңбек етіп колхоздың 600 бас саулық қойын бағады. 1943 жылы ол 250 бас саулық қойдан 312 қозы, 70 ешкіден 90 лақ алып аман-есен өргізіп, төл алу жоспарын 125 процентке орындаған [3].

Бүгінде, көзі тірі 75 жастағы ағамыз Жақсылық Қайранбайұлы Малшиннің айтуынша, Науырызым ауданына қарасты Шиелі, Құмжота, Жаркөл колхоздарының аралары шамамен 7-8 шақырым болған. «Құмжота» колхозы қыр басында, ал сол колхоздан солтүстікке қарай 10-15 шақырым жердегі ойда Қайранбай құдығы болған. Ертеде Қостанай – Семіозер – Торғай бағытындағы қаражол осы Қайранбай қыстағындағы құдықтың үсітімен өтетін болған. Қайранбай ақсақал Құмжота ауылынан 1952 жылы Шиелі ауылына жанұясымен қоныс аударып, 1956 жылы сол ауылда Қайранбай ақсақал қайтыс болады. Кейінен 1961-шы жылдары Шиелі колхозы кеңес шаруашылығының (совхоз) орталығы болып, «Семилетка» аталған.

Торғай-Қостанай бағытына сапарға шыққандар ол кездегі көлік түйе, жылқы болған жолаушылар қысы-жазы Қайранбайға жетсек аман боламыз, – дейді екен. Өйткені, Қайранбай құдығынан түйе, жылқыларын суарып, Қайранбай ақсақалдың үйіне түсетін болған. Жақсылық ағамыз: «Ол кезде кішкентай баламын келген қонақтар маған ойыншық әкелетін. Тамақ әкеліп тастайды, тары әкелетін еді. Шешем Ұмсынай Ақметқызы тарыдан көже жасап, жолаушыларға сусын етіп беретін», – деп еске алады.

Бүгінгі Науырызым ауданына қарасты «Шиелі» ауылынан батысқа қарай шыққанда шамамен 10-15 шақырым жерде Қайранбай құдығының орны болуға тиіс. «Құмжота» ауылына көшіп барып қоныстанған шаруалар Қайранбай құдығының маңынан өздеріне құдықтар қазып алған. 1960 жылдардан бастап «Қайранбай құдығы» тұрған жер «Көп құдық» атана бастайды.

«Ақсуат» деген жер, торғайлық ақсақалдардың айтуынша, Дәмдінің тұсында кездесетін Күйік қопасының маңында, Зерттеуші Мейердің 1865 жылы жариялаған «Киргизская степь Оренбургского ведомства» еңбегінде

Науырызым орманының оң жағы мен сол жағында екі үлкен су қоймасы бар екені айтылады. Бірі – Сарымойын, екіншісі – Ақсуат [4, 48 с.].

– Көтерілістің көп шайқастарының бірі, – Науырызым маңында – Күйік қопасында жүрген. Қостанай жақтан, Құсмұрын бекіністерінен шыққан жазалаушы отрядтар осы Шолақсай немесе «Ноғай жолы» арқылы Торғай аспақ болған. Көтерілісшілер оларды Торғайға өткізбеу үшін алдынан шығып, торауыл қойып, шайқасқан. Академик Манаш Қозыбаев өзінің «Жауға шаптым ту байлап» атты кітабында: «1917 жылдың ақпанның 13-і күні Шолақсай керуен жолын торыған Аманкелді, Өмен, Кейкі бастаған 2000 сарбаз «Шошқалы» қопада подполковник Кисловтың отрядын оқпен қарсы алды, шабуылға шығып айқас салды. Дер кезінде шегініп, әскердің ертеңгі жолын болжап, түнделетіп төте жолмен Күйік қопасына жеткен сарбаздар Тышқан тамының маңайында ақпанның 14-і күні Кислов отрядын қайтадан қарсы алды. Күйік қопадағы бұл айқаста атақты Құлман қыпшақ Кейкі батыр ерен ерлік көрсетті. Жау тобына қырғидай тиіп, жазалаушылардың талайын жайратты» [5, 175 б.], – деп жазады.

Көтеріліске қатысқан сарбаз Ерқожаев Әлиакбардың баяндауынша, Күйікқопадағы шайқас былайша өрбіген: «Желтоқсан айында Әліби Жангелдин хат арқылы мынадай хабар жібереді: патша үкіметінің әлдебір басшысы «маған мінетін ат, бір солдат және жетпіс патрон берсе, мен Амангелдінің отрядын құртар едім» депті. Оған басшылары 40 солдат және бір зеңбірек беріпті. Жауды тосу үшін біздер Қарасай (Шолақсай болса керек – автор) жолдарының қиылысына тосқауылға тұрдық. Таң ата Қойқара байдің иелігі болып саналатын Күйік көлдің жағасынан солдаттар көрінді. Әскердің алдында басшысы, оның артында жеті адам, алысырақта үлкен отряд келе жатты. Кейкі Көкембаев бірінші болып оқ атып, әскердің басшысын атып түсірді. Қалған жетеуін Амангелді Иманов атып өлтірді. Артта келе жатқан үлкен отряд зеңбірекпен оқ атты. Бірақ зеңбірек дұрыс бекітілмесе керек, аударылып кетіп маңайындағыларды жайпады. Біздер отрядқа жақындамай, ұрысты аяқтап, Сартайға қарай шегініп, демалуға кеттік. Келесі күні Амангелді мен Кейкі ұрыс болған жерге барып, онда тек өлген кісілердің мүрдесі жатқанын көріп келді» [6, 1-4 п.] делінген. Торғайдағы көтерілісшілерді қырып-жоймақшы болған патша әскерілерінің жоспары Күйік қопасында жүзеге аспай қалады.

Қорыта келе айтпағымыз, **біріншіден**, өлке тарихындағы есімдері белгісіз болып келген отаншыл, елжанды қайраткерлердің есімдерін және олардың өнегелі өмір жолдарының тарихын қайта жаңғырту. **Екіншіден**, Қайранбай Малшыұлының тағылымға толы өмір жолдарының тарихын таныту.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена жизни и работе Кайранбая Малшыулы (Малшин), сотника в войске Амангельды Иманова, который участвовал в Тургайском восстании в 1916 году. В статье автор рассматривает историю военных кампаний в которых участвовал Кайранбай Малшыулы. Места сражений автор обозначает старыми топонимическими названиями, что имеет определенную ценность.

The article is dedicated to the life and work of Kairanbai Malshyuly (Malshin), a centurion in the army of Amangeldy Imanov, who participated in the Turgai uprising in 1916. In the article, the author considers the history of military campaigns in which Kairanbai Malshyuly participated. The author designates battle places with old toponymic names, which has a certain value.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Исенов Ө.И., Еришева Т.** Кейкі батыр және тәуелсіздік мұраты. // «Кейкі батыр: ерлік пен елдік тағылымы» дөңгелек үстелдің материалдары». Қостанай, ҚМУ. – 2017. – 94 б. – (51-61-бб.).

2. **Исенов Ө.И., А.Шерзат.** 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қаһарманы Кейкі батыр. // «Әлихан Бөкейхан және Алаш тағылымы»: Материалы республиканской конференции, посвященной празднования юбилея государственного деятеля, лидера партии «Алаш» А.Букейхана под эгидой ЮНЕСКО и 80-летию Костанайской области. – Қостанайский гос. университет имени А.Байтұрсынова: на казахском/русском яз. 2016. – 297 б. – 63-65-бб.; **Өтеген Исенов, Ажар Шерзат.** Қол

мерген Кейкі батыр. // Қостанай таңы. 12 сәуір 2016 ж. – 10-б.

3. **Бүркітбаев С.** Қайранбай құдығында. //Большевиктік жол. №22, 13 июнь 1943 жыл.

4. **Мейер Л.** Материалы для географии и статистики России. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. – Санктпетербург, 1865. – 414 с.

5. **Қозыбаев М.** Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

6. Қазақстан Республикасы Президенті Архиві (ҚРПА). 811-қор, 6-тіркеу, – 204-іс. Ерходжаев Алияқпар естелігі.

7. **Сүлеймен М.** Әбдіғалпар Жанбосынұлы. – Павлодар: ЖК «Сытина Н.И.» баспаханасы, 2017. – 536 б.; Файзолла Сатыбалдыұлы. «Әбдіғалпар хан». //https:// qazaquni. kz/ 2016 /06/ 07/53218.html

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

МӘМБЕТӘЛІ СЕРДАЛИННИҢ ОМБЫЛЫҚ ӨМІР КЕЗЕҢІ (1885-1889 жылдар)

**Жансая ӨСІПОВА (Осипова),
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік
университетінің PhD докторанты**

Мәмбетәлі Сердалин XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ұлттық зиялылары өкілдерінің бірі. Ол – демократ, экономист, тарихшы, алғашқы қазақ революционері болды. Мәмбетәлі Сердалин (Шөбеков) 1865 жылы Көкшетау уезінің Мезгіл ауданының №4 ауылында дүниеге келген. Оның ата-бабалары ықпалды қарауыл руынан, есенбай бөлімінен шыққан. Атасы Шөбек Байсарин бай адам болғанын ресми деректер растайды. Оның шаруашылығында 395 жылқы, 500-ден астам қой және ондаған ірі қара мал болған [1, 101-б.].

Мәмбетәлінің әкесі Сердалы Шөбеков те өте білімді адам болған. Араб және орыс тілдерін еркін меңгерген, кейіннен ол «Рүстем – Дастан», «Мұңлық – Зарлық» сияқты араб эпостарын қазақ тіліне аударған [2]. Халық оны дана адам ретінде құрметтеді. Орыс ағартушының маңыздылығын түсіне отырып, ол ұлына еуропалық білім алуға мүмкіндік жасады.

Мәмбетәлі бастауыш білімді туған ауылы мен Көкшетау қаласында алды. Мұнда ол араб, орыс тілдерін жетік меңгерген, бұл одан кейінгі жылдары Шығыс классиктерінің шығармаларымен қатар, орыс жазушыларының туындыларымен танысуға мүмкіндік берді.

1885-1889 жылдары Омбыда оқыған жылдары М.Сердалиннің қоғамдық-саяси көзқарастарын қалыптастыруда елеулі рөл атқарды. Белгілі болғандай, XIX ғасырдың II жартысында Омбы қаласы Дала өлкесінің әкімшілік орталығы ғана болып қоймай, сонымен қатар өлкенің ағартушылық орталықтарының бірі бола отырып қазақ зиялыларының көптеген өкілдерінің білімі мен азаматтық қалыптасуына елеулі ықпал еткен. Ш.Уәлихановтан бастап Омбы қаласының халық білімінің үздік дәстүрлерін Ө.Бөкейханов, Қ.Кемеңгеров, М.Жұмабаев, М.Әйтпенев, С.Сейфуллин, Асылбек және Мұсылманбек Сейітов, А.Тұрлыбаев және Мәмбетәлі Сердалин де меңгерген. Орыс жолдастарымен қарым-қатынас жасау, орыс

мәдениетімен танысу, сол кездегі қоғамдағы орын алған оқиғалар кейіннен олардың рухани дамуында өз рөлін атқарды.

М.Сердалин өмірінің омбылық кезеңін екіге бөліп қарастыруға болады: біріншісі – Омбы техникалық училищесінде оқыған жылдары және екіншісі – саяси жер аударылғандармен байланыс орнатуы. Омбы техникалық училищесі (бұдан әрі – ОТУ) 1882 жылы Ресей императорының Жоғарғы жарлығымен ашылды. Училищенің басты мақсаты Сібір теміржолының құрылысы үшін төмен техникалық кадрларды дайындау болды. Бұл оқу орнының мәртебесінің қаншалықты жоғары болғандығын оның оқушыларының әлеуметтік құрамы да дәлелдейді: оқушылардың 14 %-ы дворяндар 59 %-ы – қала халқы өкілдері, 3% – діни қызметкерлер және 24% – шаруа балалары. Училищеде оқу мерзімі 4 жылға созылды. Мұнда «Құдай заңы», «Арифметика», «Алгебра», «Геометрия», «Тригонометрия», «Физика», «Механика», «Химия», «Есеп жүргізу» пәндері оқытылды. Жалпы білім беретін пәндерден басқа оқушылар ұсталық, металл құю және слесарлық механикалық шеберханада практикалық дағдыларды алды. Училищеге іріктеу өте қиын болды. Гимназияның 3 сыныптық білімі бар әрбір адам оқуға түсу емтихандарын тапсыра алмады [3].

ОТУ-ға түсу үшін қазақ оқушыларында өздерімен бірге азаматтық билік өкілдерінен ОТУ директорының атына ұсыным хат және ұсынылушыны сипаттайтын құжаттары болуы тиіс еді. Айта кету керек, дала облыстарындағы уездік бастықтар қазақ балаларының орналасуы туралы мәселеде үлкен рөл атқарды. ОТУ-ға оқуға қазақ балалары пансионер ретінде қабылданды [4, 197 б.].

Абитуриенттерді ОТУ-дың оқушылары құрамына қабылдау кезінде жас ерекшеліктері ескерілді. «Жас ерекшелігі» мәселесі Батыс Сібір училищесінің бас инспекторының пікірін ескере

отырып шешілді. Оны келесі құжат растайды: «... Омбы техникалық училищесінің Жарғысының жобасы негізінде... техникалық училищеге 13 жастан 16 жасқа дейінгі ұлдар қабылданады. Алайда, Батыс Сібір училищелері бас инспекторына жазған Кеңсе пікіріне сүйенетін болсақ №1506 Ақмола генерал-губернаторы қатынасындағы қосымшадан олардың біреуі 12 жаста, ал екіншісі 17 жаста болған деп көрсетіледі» [5]. Қабылдау туралы оң шешімде өлкенің генерал-губернаторына маңызды рөл берілді. ОТУ директоры Н.Е.Доброхотовтың басшылығындағы педагогикалық кеңестің де пікірі үлкен салмаққа ие болған.

ОТУ-ға қабылданар алдында қазақ жастары қабылдау Ережесіне сәйкес «арифметика», «сурет салу», «орыс тілі» және «тарих» пәндері бойынша қабылдау емтихандарын тапсырды. ОТУ-дағы қазақ оқушылары негізінен Семей, Ақмола, Орал және басқа облыстардың өкілдері болды. Бұл училищеді Ақмола облысынан Мамбетәлі Сердалин және Ілияс Итжанов оқыған [6].

Оқушының толық курсы кезінде қазақ пансионерлеріне «қырғыз қоғамдық сомаларының» есебінен демеушілік жасалды. Оқу ақысының уақытында төленуі Н.Е.Доброхотовтың жеке бақылауында болған. Оның үстіне, Н.Е.Доброхотовтың жазбаша сұрау салулары осы мәселені шешу құзыретінде болған лауазымды тұлғаға жіберілді: «Жоғары мәртебелі губернатор мырзаға... маған сеніп тапсырылған училищенің тәрбиеленушілерін оқыту және ұстау құқығы үшін М.Сердалин мен Ілияс Итжановтың 200 сом ақшаларын жіберу туралы өкім жасау. Доброхотов» [7]. Студенттердің оқу ақысы әр жарты жыл сайын 100 сом болды. Айта кету керек, әр облыстан келіп оқыған қазақ балаларының оқу ақысы бірдей болды [8].

Каникулдықкүндеркезіндеқолданыстағыережелер бойынша Омбыдан олардың тұратын ауданына қазақ пансионерлердің жол жүруіне арналған сома бөлінді. Бұл жағдайда Н.Е.Доброхотов тиісті ауданның уездік бастығына жазбаша сұрау салды, онда соңғысына ақы төлеу қажеттігі туралы хабарлайды. Мысалы: «Ақмола уездік бастығына. Маған сеніп тапсырылған училищенің тәрбиеленушісі Ілияс Итжанов, Ақмола уезінің қырғыз, №1 ауылдың Қотырқөл болысының тәрбиеленушісі 1 маусым мен 1 тамыз аралығында ата-анасына каникулдық уақытта демалысқа баруды тілейді, соның салдарынан ақша сұрап, егер оған тиесілі болса, Омбыдан келген Итжановтың тұратын жеріне дейін жолақысын сұрайды» [9]. Мемлекеттік ақша каникулдық уақытта, яғни жылына бір рет төленді. Пансионерлердің жол жүруі үшін тағайындалған ақша оларға жеке қолына берілді, осыған байланысты олардан қаржылық қолхат алынды. Мысалы, «1887 жыл, шілде. Мен, Омбы техникалық училищесінің 2-сынып тәрбиеленушісі М.Сердалин, каникулдық уақытта Көкшетау қаласына жол жүру үшін берілген 23 рубль 36 тиын ақшасына қол қойдым. Сердалин» [10].

Балаларды вакациялық уақытқа жіберу процедурасы пансионердің кету фактісінің тіркелуін және ілеспе тұлғаның бар болуын қамтыған, егер сондай жағдай орнағанда: «Омбы техникалық училищесінің директорына, сізге сеніп тапсырылған училищенің оқушысы Сердалинді қырғыз және орыс балаларына арналған Омбы пансионатының қырғыз мұғалімі Ермұхамед Тоқпаевпен бірге Көкшетау уезіне вакациялық уақытта жіберуге болады» [11].

Оқушыны ұстауға жұмсалатын сома қандай екені

туралы М.Сердалиннің заттар тізімі куәландырады: «... драп пальто – 18 руб. 80 коп., шалбары бар блуза – 3 руб. 3 коп., мата көйлек – 1 руб. 16 коп., орал-мал – 10 коп., шұлғаулар – 20 коп., етік – 3 руб. 50 коп., лакталған белдік – 35 коп., башлық – 95 коп., Барлығы – 28 руб. 93 коп» [12]. Көріп отырғанымыздай, оқушылар мемлекеттік қамқорлықта болды. Алайда, студентті ОТУ қабырғасынан шығарғаннан кейін қазыналық заттарды ОТУ әкімшілігіне қайтаруға тура келді.

ОТУ-да тәртіпке үлкен көңіл бөлінді. Стипендиаттарды Ақмола және Семей облыстарының билігі бақылады. Үнемі Доброхотовқа төмендегідей сұраныстар жасалды «Николай Егорович ... мені сіздің мекемеде тәрбиелеп отырған қырғыз ұлдарының тізімімен, уездерін көрсете отырып, сондай-ақ, олардың әрқайсысының жетімдіктері туралы хабарлауыңызды сұраймын» [13]. Сондықтан да оқушылардың біреуі сабаққа қатыспаса, училище әкімшілігі дереу тіркеп отырған. Оқушы ОТУ қабырғасына келмеген және оның тарапынан қандай да бір хабарлама болмаған жағдайда, училище әкімшілігі билікке келмеу себебі туралы сұраныс жіберді. М.Сердалинге қатысты да мынадай сұраныс жасалған: «.. 27 тамыз 1885 жылы Көкшетау уездік бастығына ... Маған сеніп тапсырылған училищенің тәрбиеленушісі Сердалин демалыстан қайтып келмеді, маған Сердалиннің училищеге келмеу себебін хабарлауды сұраймын...» [14].

Омбы облыстық мұрағатында оқушылардың үлгерімі туралы қосымшасы бар студенттердің жеке істері сақталған. 1885 оқу жылының мәліметтеріне сәйкес М. Сердалинде мынадай бағалар болды: мінез-құлқы – «4», назар аудару – «5», ұқыптылық – «5», орыс тілі – «3», орыс тарихы – «4», алгебра – «5», механика – «4», Физика – «5», технология – «4», геометрия – «4», сурет салу – «4» [15]. Көріп отырғанымыздай, М.Сердалин денсаулығының әлсіздігіне қарамастан, жақсы оқыған. М.Сердалиннің, И.Итжановтың, И.Тарабаевтың жеке істері, оқушылардың үлгерімі туралы мәліметтер арасында Семей облысынан шыққан, Нұрмұхамедов деген атпен белгілі болған, Әлихан Бөкейхановты да кездестіреміз.

М.Сердалиннің замандасы Әлихан Бөкейханов осы училищеді 1886-1898 жылдар аралығында оқыған. Сол кезде училищенің қабырғасында болашақ екі саяси қайраткердің достығы басталған. Директордың өтініші бойынша Ә.Бөкейханов үздік оқушылар қатарынан болғандықтан, әрі қарай училищені бітіргеннен кейін Санкт-Петербург Орман институтына оқуға жіберілді. Төрт жылдық оқу курсынан өткен соң Ә.Нұрмұхамедов 1898 жылы барлық пәндер бойынша «өте жақсы» балл көрсетіп, техник атағын алған [16]. Ә.Бөкейханов сияқты, Ілияс Итжанов пен Мәмбетәлі Сердалин білім туралы аттестат алған жоқ. Ілияс Итжанов ОТУ-да 1884 жылдың 11 қыркүйегінен 1886 жылдың 28 қыркүйегіне дейін оқыды. ОТУ-да берген күелікте Итжановтың мінез-құлқына өте жақсы, ал тәртібіне «жақсы» деген баға берілген. Бірақ «Итжанов ата-анасының қалауы бойынша 2-сыныптан шығады» [17]. М.Сердалиннің тағдыры өзгеше болды. Ол қанағаттанғысыз мінез-құлқы және саяси сенімсіз адамдармен байланысы үшін 1889 жылы ОТУ-дан шығарылды.

М.Сердалин өмірінің омбылық кезеңі оқу жылдарымен ғана емес, сонымен қатар саяси қызметтің басталуымен сипатталады. Өйткені, дәл сол уақытта Ресей империясының шетінде, оның

ішінде Омбы қаласында да қоғамдық-саяси және революциялық өмір жанданды. Ресей империясының қоғамдық өміріне А.Герцен, Н.Чернышевский, Н.Добролюбов, В.Белинскийдің революциялық-демократиялық идеялары елеулі әсер етті, ал Ресей орталығындағы қоғамдық-саяси және мәдени өмірдің барлық негізгі үдерістері империя шеттеріндегі аумақта көрініс тапты.

Сонымен қатар, Омбы қаласы «айып колониясына» айналған, оған еліміздің орталық аудандарынан қылмыстық және саяси себептермен мыңдаған сотталғандар жіберілді. Омбы арқылы Солтүстік Қазақстанға, Тобыл губерниясының Тюкалы және Тар уездеріне жер аударылған [18, 129-б.]. Бұл жерде декабристер Н.В.Басаргин, С.М.Семенов, Н.А.Чижов, поляк көтерілісіне қатысушылар өз мерзімін өтеді. Омбы түрмесінде каторгада Ф.М.Достоевский мен С.Ф.Дуров та отырған. Мұнда айдауда көптеген халықтық ұйымдар қозғалысының қатысушылары болды.

ХІХ ғасырдың ортасында саяси жер аударылғандардың прогрессивті жергілікті жұртшылықпен ынтымақтастығы қалыптасты. Бірте-бірте демократтар мен либералдардың арасында жер аударылғандардың беделі өсті, бұл кейіннен бүкіл елдің қоғамдық қозғалысында көрнекті орын алуға мүмкіндік берді. Революциялық оқиға қарсаңында үлкен қалаларда марксистік үйірмелер жұмыс істей бастады, халықтық атыуын алған қоғамдық қозғалыс пайда болды. Жергілікті жерлерде саяси қуғынға ұшырағандар заңсыз үйірмелер құрып, заңсыз әдебиеттерді таратады, жұмысшы сарбаздар мен оқушылар арасында үкіметке қарсы насихат жүргізді, сонымен бірге прогрессивті идеяларымен танылған қазақ зиялы өкілдерімен байланыс орнатты. Онда революциялық күрес тәжірибесі бар адамдар және революциялық идеяларымен танылған жастар болды. Қазақтың оқыған жастары марксистік бағыттағы астыртын үйірмелерге араласты, Бұл жерде орыс революциялық қозғалысының сабақтастығы байқалды – Еділ арқылы Оралға алыс қалалар мен қазақ даласының ауылдарына. Студенттер «Землячество» деген ұйымдарға біріге бастады, оның мақсаты: *«Жерлестік-әскери бірлік, саяси сананы дамыту және өзара көмек көрсету үшін құрылған»* [19, 17-б.].

Олардың қызметі адамдардың өмірін жақсартуға бағытталып, қазақтардың атынан өтініш жазып, болыстық старшиналар мен уездік өкімшіліктің іс-әрекеттерін талқылады. Бұған қоса, саяси жер аударылғандар үлкен ағартушылық жұмысты жүргізді: кітапханалар, мұражайлар ұйымдастырды, кейбіреулері статистикалық комитеттің қызметін ретке келтірді, қазақтардың әдеттегі құқығын зерттеді, содан кейін өз еңбектерінің жинақтарын шығарды. Өз тағдырын саяси жер сілкіністермен байланыстырған прогрессивті жастардың қатарында М.Сердалин да болды. Студент бола отырып, ол қаланың саяси өміріне араласып, саяси жер аударылғандармен байланыс орнатты, олардың заңсыз жиналыстарына қатысты. Мұнда басқа аудандардан келген студенттермен араласып, мемлекеттің саяси істеріне терең үңіліп, жаңа әдебиеттермен таныса отырып, ол саяси ағымдарды толық түсінді. Сонымен қатар, сол кезеңнің ерекшелігі социалистік, яғни әділ қоғамдық құрылым туралы оқулар кең тарай бастады.

М.Сердалинге Батыста және Ресейде танымал болған қоғамның демократиялық даму идеялары жақын және түсінікті болды. Оның қоғамдық-саяси көзқарастарының негізіне ұлттық, прогрессивті, діни демократиялық идеялар кірді. Одан әрі бұл

оның қызметіне әсер етті. Омбының демократиялық үйірмелерінің қатысушыларын сипаттай отырып, полиция оның үкіметке деген сенімін жоғалтуға ұмтылысын атап өтті. Саяси қозғалыстың өсуінен қорқатын полиция саяси жер аударылғандарға мұқият бақылау жүргізіп, оларды қызмет салаларынан алыстатты [20, 145-б.].

Мұрағаттық деректерге сәйкес, М.Сердалин жасырын қадағалауда болған полицияның бақылау нәтижелері туралы ведомостарында сенімсіз адамдардың тізімінде болды. Мысалы, 1887 ж., 21 қаңтарда Ақмола облысының Көкшетау уездік бастығы Омбы қаласындағы техникалық училищенің мырзасына былай деп жеткізеді *«Маған жеткен мәліметке сәйкес тәрбиеленуші М.Сердалин Көкшетау уезінің қырғыздарына жазбаша және телеграф арқылы басшылықтың әртүрлі анықтамаларын және өкімдерін жеткізеді, салдарынан қырғыздар арасында тәртіпсіздікті туындататын түсінбеушіліктер кездеседі»* [21].

Мұрағаттық материалдар арасында Петропавл полицмейстерінің 1889 жылғы 2 қаңтардағы рапорты бар, онда ол Омбы полицмейстеріне *«Омбы техникалық училищесінің тәрбиеленушісі Мәмбетәлі Сердалин Петропавл қаласы арқылы өзінің туған-туысқандарына Көкшетау уезіне жол жүру арқылы полицияның қадағалауында тұрған саяси жер аударылғандардың баспанасында түнеп, содан соң Ясаул Панковқа Көкшетау қаласына кеткенін хабарлайды. Сердалинге бұл адамдармен кездесуге қандай қажеттілік болды, дегенмен күдікті мақсатпен болуы мүмкін»*, – деп көрсеткен [22]. Жоғарыда айтылғандардан байқағанымыз, Сердалин тек Омбы, Көкшетау ғана емес, Петропавлдың да саяси қадағалаудағы адамдарымен байланыста болғаны.

80-жылдардың екінші жартысында Петропавл қаласында саяси жер аударылғандардың заңсыз халықтық үйірмесі құрылды. Оның құрамына А.Анненков, Н.Пахолков, М.Песис, К.Белиловский, А.Аргунтинский-Долгоруков, А.П.Гончаренко, Рудометов, Н.Иванов, Е.С.Колмакова, Е.Корпухова, К.Н.Гораев және басқалары да кірді [23]. Белгілі болғандай, М.Сердалин Д.Аргунтинский және А.Гончаренкомен тығыз қарым-қатынаста болған.

1889 жылдың 4 наурызында Ақмола губернаторының атына Петропавл полицмейстері рапортында былай деп мәлімдеген: *«Жазда Петропавлға Омбы техникалық училищесінің оқушысы Сердалин келді. Ол үнемі саяси жер аударылғандар Анненков, Аргунтинский-Долгоруков, Казанский, Гончаренколармен кездесіп отырады. Осыны байқаған уездік бастық Ковзалов, 11 нұсқау ретінде маған баяндады, мен өз кезегінде Сердалинді шақырып, ескерттім, бірақ ол сол жерде жиі болып, Аргунтинский мен Гончаренкода түней бастады. Мен бұл туралы училище бастығына хабарладым»* [24]. Саяси қамаудағылар училище бастығына М.Сердалиннің үстінен шағым түскенін білгеннен кейін, Ковзаловты жек көріп кеткен. Саяси жер аударылғандар Ақмола губернаторына жазған хатында оларға қысым жасаған, қорқытқан, бопсалау және жеке өміріне араласуға жол берген қадағалаушы Ковзаловтың әрекеттеріне қарсы наразылық білдірді. Алайда губернатор шағымдар расталмады деген шешім қабылдады. М.Сердалиннің саяси жер аударылғандармен байланысын жалғастырғаны туралы бірнеше рет рапорттар Омбылық уездік бастыққа, ОТУ директорына, Петропавл уездік бастығынан және полицмейстерден келген. Алайда, М.Сер-

далининң саяси жер аударылғандарға бару мақсаты патша қорғауына белгісіз болды. Дегенмен, Ақмола губернаторының өкімімен «Сердалининң өмір салтына, жасаған ісіне және оның таныстығына қатысты құпия бақылау жасалды» [25]. Бақылау нәтижелері ай сайын әскери губернаторға жеткізілді.

Осылайша, М.Сердалининң іс-әрекетіне құпия бақылау орнатылды. Ол мұны білді, бірақ денсаулығының нашарлауына қарамастан, училище өкімшілігі мен полицмейстерлер тарапынан қудалауға қарамастан, құпия түрде «өз достарына» жолығып, байланысқа шығуды жалғастырды.

М.Сердалининң демалыс уақытында Көкшетау уезіне келмегендігі жөнінде Ақмола облысы Көкшетау басшысы Коноваловтың ОТУ директорына 1889 жылдың 9 қаңтары күні жасаған мәлімдемесінен байқаймыз: «Аталған телеграмманы Сердалининң әкесі Сердалы Шөбековке жеке көрсеткенде ол өз ұлы Омбыдан келмегенін және қазір қайда екенін білмейтінін айтты» [26].

Омбы техникалық училищесінің директоры Петропавл полиция бастығының хабарламасы негізінде Ақмола губернаторына: «1889 жылы 5 қаңтарда училище тәрбиеленушісі Мәмбетәлі Сердалин Петропавловск қаласына туысқандарына демалысқа аттандырылды. Сонда болған уақытында саяси жер аударылғандарды паналаған» [27].

Омбы техникалық училищесінің директоры М.Сердалинге тінту ұйымдастырды, бірақ полиция ешнәрсе таппады. Сердалининң мектеп ережелерін бұзғаны мен мінез-құлқының өзгеруіне байланысты 1889 жылы қаңтарда педагогикалық кеңес шұғыл жиналыс өткізіп, онда Мәмбетәлі Сердалинді дереу училищеден шығару туралы шешім қабылдады [28].

Осылайша, «қанағаттанарлықсыз әрекеттің» кесірінен, саяси қуғындалушылармен байланыста болғаны үшін Мәмбетәлі училищеден шығарылды. Сонымен қатар, ОТУ директорына оқудан шығарылған тәрбиеленушінің құжаттарын тиісті органдарға тапсыру туралы сұрау жіберілді: «... Ақмола губернаторына сізге сеніп тапсырылған училищенің бұрынғы тәрбиеленушісі Сердалинді мекемеден қанағаттанарлықсыз іс-әрекеті үшін шығарып, білім министрінің бұйрығын дәл орындай отырып, тиісті ақпарат туралы хабарлауыңыз қажет» [29]. Бұдан әрі оны 8 қаңтарда ата-анасының тұрғылықты жеріне кету үшін Омбы уезінің бастығына тапсырғаны туралы хабарланды. Кейін М.Сердалин ОТУ-дан анықтама алды, оның туған күні, діні жазылған, 3 жылдық білім туралы анықтама қоса тіркелді. Бұдан әрі «1884 жылғы 16 тамыздан 1889 жылғы 3 қаңтарға дейін болған кезде оның мінез-құлқы жақсы болды ... Енді Сердалин 4-ші сыныпты бітіргенге дейін оқудан шығарылды, әскери қызмет туралы жарғының 56-тармағының 3-бабында белгіленген жәрдемақы алуға құқылы» [30].

Демек, М.Сердалинге училищені бітіруге рұқсат етілмеді. Ал төртінші оқу жылында, 1889 жылы, М.Сердалин оқудан шығарылып, қолданыстағы жүйеге қауіп төндіретін әрекеттері үшін, саяси тұтқындармен қарым-қатынас жасағаны үшін өзінің туған жеріне жіберілді.

Осылайша, М.Сердалининң өміріндегі Омбы кезеңін сипаттай отырып, студент кезінде ол саяси қызметін бастаған және сол кездің өзінде дүниетанымы жетілген тұлға болып қалыптасып келе жатқанын айта аламыз. Дәл осы жерде, Омбыда, М.Сердалинді өмір бойы жетелейтін саяси күрестің бастамасы жасалды. М.Сердалининң саяси көзқарастарының қалыптасуы Ресей империясының шеткері аймақтарындағы марксистік және социал-

демократиялық қозғалыстың басталуымен, орыстар мен қазақтардың азаттық қозғалысымен, сондай-ақ социалистік ой өкілдерінің еңбектерінің таралуымен, саяси қуғындардың әрекеттерімен сәйкес келді. Әрине, мұның бәрі болашақта революционер, демократ және болашақта саясаткер ретінде Мәмбетәлінің қалыптасуына әсер етпей қоймады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается омский период в жизни Мамбет-Али Сердалина, яркого представителя немногочисленной казахской национальной интеллигенции конца XIX начала XX веков. Он был демократом, экономистом, историком, первым казахским революционером.

The article considers the Omsk period in the life of Mambet-Ali Serdalin, a bright representative of the small Kazakh national intelligentsia of the late XIX-early XX centuries. He was a Democrat, economist, historian, and the first Kazakh revolutionary.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Садвакасов Т. Ел мен жер. -Алматы, 2003. -101 б.
2. Государственный архив Акмолинской области. Ф.714. Оп. 2. Д.7. Л.9.
3. Ақкулы С. А. Букейхан //Простор.1993.№10.-198-199-бб.
4. Айтмухамбетов. А.А. Омское техническое училище и казахи //Современное общество. Вып 1.1999.-с.197.
5. Государственный архив Омской области. Ф.43.Оп. 1.Д14.Л.32.
6. Там же. Л.34.
7. Государственный архив Омской области. Ф.43.Оп. 1.Д14.Л.33.
8. Там же. Л.51.
9. Государственный архив Омской области Ф.43.Оп. 1.Д14.Л.29.
10. Там же Л.38.
11. Государственный архив Омской области. Ф.43.Оп. 1.Д14.Л.74.
12. Там же. Л.95.
13. Государственный архив Омской области Ф.43.Оп. 1.Д14.Л.96.
14. Там же Л.87.
15. Там же. Л.88.
16. Государственный архив Омской области Ф.43. Оп.1.Д14.Л.32.
17. Там же.Л.93.
18. Хазиахметов Э//Россия между западом и востоком. Вып.2.-Омск,2001.- с.129.
19. Галиев В.В. Ссылные революционеры в Казахстане. -Алматы, 1978.-с.17.
20. Там же.-с.145.
21. Центральный государственный архив Республики Казахстан. Ф.15.Оп.2.Д70.Л.61.
22. Государственный архив Омской области Ф.14. Оп.1.Д1277.Л.2.
23. Государственный архив Омской области.Ф.270. Оп.1.Д.32.Л.13.
24. Государственный архив Акмолинской области. Ф.714. Оп.2.Д.7.Л.16.
25. Там же. Л.14.
26. Государственный архив Омской области Ф.43. Оп.1.Д14.Л.29.
27. Там же Л.30.
28. Государственный архив Акмолинской области. Ф. 714. Оп.2. Д.7.Л.29.
29. Государственный архив Омской области. Ф.43. Оп.1.Д14.Л.28.
30. Там же. Л.34.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ (Батыс Қазақстан өңірі бойынша)

Болат НЫҒМЕТОВ,
С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай
және газ университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Уақыт шіркін өз арнасымен жылжи береді, оған ешкім де тоқтау сала алмайды деген бабалардың үні құлаққа шалынғандай болды. Сонау екінші дүниежүзілік соғыстан жеңімпаз болып келген ұлы ұрпақтың асыл перзенттерінің бірі, бірегейі – Төлеуіш Пәуеденұлы Серіковтің бұл дүниеден бақилық болғанына екі жылдың жүзі болған екен. Төкең жөнінде өткен шақпен сөйлеуімізге тура келіп отыр. Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік және Халықаралық инженерлік академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, Атырау мұнай және газ университетінің негізін қалаушы, тұңғыш ректоры, отын-энергетикалық мәселелері жөніндегі батыс өңірдегі ғылыми орталықтың директоры болған ағамыз жөнінде қалың оқырманға сыр шертейік.

Төлеуіш Пәуеденұлы 1948 жылы 21 ақпанда Гурьев (Атырау) облысы, Құрманғазы ауданы, Сафон селосында дүниеге келді. *«Анау біздің Еділде, оның Қиғаш атты саласының теңізге құяр сағасында сонау бір сары тіс заманнан бері үйлері мол, күйлері жақсы Сафон деген село бар. Оның өзі табиғаттың тамаша бір қойнауында орын тепкен құт мекен. Адамдар әрдайым өздері туған өңірдің сұлулығына сұқтана таранады, бой өсіреді, ой қалыптастырады, есейіп, ер жетеді емес пе?! Олар, Сафон қашанда тоғайындағы миуасы, судағы балығымен емес, ауылда өсіп, ер жеткен баласымен мақтанады. Кешелі-бүгін осыннан сандаған саңлақ түледі. Олардың қай-қайсысы да тек ауылдың емес, аймақтың, Атыраудың атын шығарып, ардақты ұл-қыз атанды, ел есінде қалды. Солардың бірі, тіпті бірегейі десе де болар – Төлеуіш Пәуеденұлы Серіков»* [1,5-б.].

Ата-анасы Пәуеден мен Жамал – қарапайым жандар, өз ортасының беделді де парасатты, қазақтың мейіраманды да кең пейілді, үлгілі отбасы. *«Біреудің ала жібін аттама, алдыңнан ақ күн тусын»* деп өз ұрпақтарына аналық-әкелік тәрбие беріп, маңайына шуақ шашқан асыл адамдар еді... Пәуеден бабамыз Ұлы Отан соғысының ардагері, майдангер, үшінші, екінші дәрежелі «Даңқ», «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысын» ордендерінің және «Ленинградты қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін», т.б. медальдардың иегері, ұрпағына ақылшы, дана абыз, асылдың сынығы еді [2,4-б.]. Төлеуіш орта мектепті аяқтағаннан кейін, Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының «химия және биология» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1969 жылы тәмамдады. Ғылыми-педагогикалық қызметін 1969 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясына қарасты Мұнай химиясы және табиғи тұздар институтында бастады.

Ізденімпаз жас маман Москва қаласындағы КСРО Ғылым академиясының А.В.Топчиев атындағы Мұнай химиясы синтезі институтына арнаулы, мақсатты бағытталған аспирантурасына түсті. Төкең еңбек жолын инженер, аспирант, кіші ғылыми қызметкер, лаборатория меңгерушісі бо-

лып бастады, ал 1984 жылдың қараша айынан Қазақ политехникалық институты жалпытехникалық факультетінің деканы қызметіне кірісті. 1986 жылы «Эмбанефть» өндірістік бірлестігі В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Гурьевтегі жалпы техникалық факультетіне университет тарихындағы алғашқы оқу ғимаратын сыйға тартуда Т.П.Серіковтің атқарған еңбегі, ұйымдастырушылық қызметі ерекше болды. Оқу-ғылыми орталығының деканы болғанда 1988 жылы Төкеңнің зор еңбегінің арқасында қазіргі университетіміздің іргесі қаланып, «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Автокөлік жолдарының құрылысы» мамандықтары бойынша күндізгі бөлімде студенттер қабылдайтын дербес оқу-ғылыми орталығына айналды. Сол жылы бірінші курсқа екі топ қабылданды. 1990 жылы ҚазПТИ Атырау филиалының директоры қызметінде болғанда студенттер алғашқы екі курсты Гурьев (Атырау) қаласында оқып, соңғы курстарын Алматы қаласында жалғастыруға тура келетін. Сондықтан, жердің шалғайлығы студенттердің осы оқу орнын таңдауына кедергі келтірді. Осы орайда Т.П.Серіковтің басшылығымен Қазақ политехникалық институтының Гурьевтегі филиалын құру туралы шешім қабылданды.

1994 жылы Серіков Төлеуіш Пәуеденұлының Білім және Ғылым министрлігіне берген ұсынысымен ҚазҰТУ-дың Мұнай және газ институты құрылып, оның ректорлығына Т.П.Серіков тағайындалды. Институт дербес оқу орны ретінде мамандар даярлай бастады. Атырау мұнай және газ институтының ректоры (1998-2011 жж.) қызметтерін абыроймен атқарды. Кейін Төлеуіш Пәуеденұлының жетекшілігімен сегіз ғимарат, яғни екі бес қабатты студенттік жатақхана (1989 ж.), №5 оқу ғимараты (2004 ж.), спорт кешені (2005 ж.), студенттер сарайы мен сауықтыру орталығы (2007 ж.), №9 оқу ғимараты (2008 ж.) және №10 кітапхана ғимараты (2011 ж.) салынып, пайдалануға берілді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Батыс аймақ үшін бағытталған тапсырмасын орындау мақсатында мұнай-газ саласына мамандар дайындау үшін институттың тұңғыш ректоры ретінде ауқымды істер атқарды. Жаңа кафедралар, факультеттер ашып, осы саланың кәсіби мамандарын жұмысқа шақырып, мұнай-газ кешеніне арналған барлық мамандықтар үшін инженер-мұнайшыларды тәрбиелеп, институттың материалдық базасын қалыптастырды.

Төлеуіш Пәуеденұлы – Қазақстанның Батыс өңіріндегі техникалық бағыттағы жоғары оқу орнының ұйымдастырушысы, қоғам қайраткері, 1995 жылы жаңа қабылданған Конституциямызға сәйкес қос палаталы Парламенттің Сенатына Атырау облысы бойынша депутат болып сайланды. 1995-1999 жылдары ҚР парламент Сенатына Атырау облысынан сайланған депутат ретінде депутаттық корпуста белсенді қызметімен көріне біліп, сол жылдары еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының локомотиві болған мұнай-газ саласының дамуына өзіндік үлесін

қосқан. «Мұнай туралы», т.б. заңдардың қабылдауына мұрындық болған. Төлеуіш Пәуеденұлы: «... Есімде қалғаны, он күн ішінде сараптаудан өткізіп, түзету енгіздік. Нарықтық қатынастардың келуіне байланысты елімізде мұнай саласын басқару құрылымы да өзгерді. Алғашқы кезде «ҚазақОйл» мұнай компаниясы құрылды.»,- деп еске алады [3,78-б.]. Сонымен қатар, ағамыз республикаға, шетелдерге белгілі ірі ғалым. Ол қоғамдық, ғылыми-педагогикалық жұмыстарымен конференцияларда, мәжілістерде, ресми кездесулерде баяндамалармен шығып, ғылыми орталарда, белгілі шетел ғалымдары алдында Қазақстан мұнай-газ саласының болашағы жөнінде Ресей, Әзірбайжан, Молдова, Өзбекстан, Түрікменстан, АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Иран, Түркия, т.б. елдерде өз ойларымен бөлісіп, шебер жеткізе білген.

1998 жылы сенаторлық қызметі аяқталуына орай Төлеуіш Пәуеденұлы өз алдына шаңырақ көтерген мемлекеттік оқу орны – Атырау мұнай және газ институтының ректоры қызметіне кірісті. Төкең жаңа бастамалардың басы-қасында жүретін жанашыр басшы бола білді. Мұнай химиясы саласының ірі ғалымы ретінде оның атқарған, ашқан жаңалықтары айтарлықтай. Ол ғылымға келген алғашқы күнінен бастап, жоғары сапалы өнімдер алу жолын табу мақсатында еліміздегі 80-нен астам мұнай кен орындары мұнайларының құрамын зерттеді. Осы мұнайлардың ерекшеліктерін анықтап, гидрокрекинг процесі негізінде өңдеу жолдарын белгіледі. Алюмокобальтмолибденді катализаторды мұнай өнімдерін гидрогенизациялау процесінде пайдалануды ұсынып, авторлық куәлік алды. Катализатор алғаш рет Ангарск мұнай-химия комбинатының гидрокрекинг қондырғысында сынақтан өтіп, кеңінен қолдануға ұсыныс алды. Осы зерттеулер нәтижелері бойынша Төкең Қытай, Югославия, Түркия, Бразилия және Англияда өткен халықаралық форумдарда баяндамалар жасады. 1980 жылы Мәскеудегі КСРО ҒА А.В.Топчиев атындағы Мұнай химиялық синтездер институтында мұнай өңдеудің гидрогенизация процесінің негізін салушы Я.Р.Кацобашвилидің жетекшілігімен «С3-С5 алкандарды және С6-С9 ароматты көмірсутектерді бір мезгілде алу мақсатында мұнай шикізатын гидрокрекингілеу процесін зерттеу» тақырыбында химия ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін ғылыми диссертациясын сәтті қорғайды. Осы жұмыстардың нәтижелерін дамыта келе, 1995 жылы ҚР ҰҒА академигі Н.К.Нәдіровтың басшылығымен «Күкіртті, жоғары асфальтенді-шайырлы мұнайлардан бензин мен мұнай химиясы шикізаттарын алу әдістері» тақырыбында химия ғылымдарының докторы ғылыми атағын алу үшін диссертацияны ойдағыдай қорғады.

Т.П.Серіков студенттер, магистранттар, аспиранттар және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін 160-тан астам ғылыми монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын жазған. Жиырма авторлық куәліктер мен патенттердің, Мәскеудегі ғылыми жаңалықтар мен өнертабыс патенттері авторларының бірі ретінде Халықаралық академиясы берген (№346 диплом) Ғылыми жаңалықтың және 300-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Төлеуіш Пәуеденұлы шебер ұйымдастырушы, іскер басшы бола біліп, маңайына игі жақсыларды жиып, облыс, қала басшылығының қолдауымен Атырау мұнай және газ институтын басқарған уақытында институт қаржысына 15 оқу корпусын салу ерлік емес пе? Міне, нағыз патриот, өз елін сүйген, берік қағидаттарға сүйенген басшы ғана осындай істердің ұйытқысы бола алады. Төкеңнің тағы бір ұлы ісі өзінің бастамасымен және

басшылығымен Атырау мұнай және газ институтында тұңғыш рет Халықаралық диссертациялық кеңес құрды. 2000-2010 жылдары мұнай-газ саласының үш бағыты бойынша, 02.00.13 «Мұнай химиясы», 25.00.17 «Мұнай және газ кенорындарын игеру және пайдалану», 25.00.15 «Ұңғымаларды бұрғылау және қолдану технологиясы» мамандықтары бойынша техника және химия ғылымдары саласында докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалатын халықаралық мамандандырылған кеңестің төрағасы болды [4,77-б.].

Бұл кеңесте 77 ғалым диссертациялық жұмысын қорғады. 15 докторлық және 62 кандидаттық жұмыс қорғалып, қазіргі таңда Астана, Алматы, т.б. республиканың, тіпті шетелдердегі жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу, өндірістік мекемелерде қызмет атқаруда. Олар еліміздің индустриальды-инновациялық өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Әрине, Төлеуіш Пәуеденұлының ел алдындағы еңбегі бағаланып, «Құрмет» орденімен, «Астана», «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл» медальдарымен және ҚР Президентінің үш мәрте Алғыс хатымен марапатталды. Атырау қаласы мен Құрманғазы ауданының құрметті азаматы, өнегелі отбасының ұйытқысы, ұл-қыздарының аяулы әкесі, немерелерінің сүйікті атасы, елдің атпал азаматы. Қазіргі кезеңде Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде жұмыс жасап жүрген ғалымдардың көпшілігі өздерін Төлеуіш Пәуеденұлының шәкіртімін деп есептейді, себебі олардың ғалым болып қалыптасуына осы тұлғаның тікелей ықпалы болды. Осы жылы университет Ғылыми кеңесінің шешімімен тұңғыш ректор Серіков Төлеуіш Пәуеденұлы атындағы Музей-кабинеттің ашылуы аяулы ағамызға деген әріптестерінің ризашылығынан туындаған өнегелі іс деуге болады. Қазақстанның Батыс өңіріндегі жоғары оқу орнының негізін қалаған біртуар азамат жөнінде көптеген ғылыми зерттеулер, монографиялар жазылар, осы мақала ұлы көштің бастауы, азғантай ғана қосылған үлесі деп есептейміз.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается роль Т.П.Серикова как одного из основателя крупного технического вуза Западного Казахстана. Также раскрывается его роль как видного общественного деятеля, ученого, его вклад в развитие педагогических и научных кадров для нефтегазовой отрасли.

This article discusses the role of T.P. Serikov as one of the founders of a large technical university in Western Kazakhstan. His role as a prominent public figure, scientist, his contribution to the development of pedagogical and scientific personnel for the oil and gas industry is also described.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Төлеуіш Серіков.** Қиғаштың ұлы. -Астана, 2018. -151-б.
2. Жапырағын жайған байтерек. -Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасының «Шежіре» шығармашылық орталығы. 2015. -48-бет.
3. **Ф.Серіков, Б.Оразбаев, О.Серіков.** Төлеуіш Серіков. Алматы: «Мұнайшы қоғамдық қоры», 2014. -332-бет.
4. **Ахметов С.М., Валишева Р.М., Джумамухамбетов Н.Г., Джусупова А.А., Диарова Д.М.** Время работает на нас. – Атырау: Издательство «РИО АИНГ», -172с.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ «ТҮРКІШІЛДІК»

және «исламшылдық» идеялары

Талас ОМАРБЕКОВ,
тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
Айжан ҚОҢЫРОВА (Қонырова),
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс PhD

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жерін жаппай орыстандыру саясаты халықтың арасында алаңдаушылық туғызды. Бұл саяси жағдай қазақ халқының ғана емес, басқа да мұсылман халықтарының басынан кешірген жағдай еді. Патшалық кезеңде басталған орыстандыру саясаты Кеңестік билік кезеңіне жалғасып, халық арасында түркі халықтарының бір майданға бірігу жолына алып келді. Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтары патша өкіметінің отарлық орыстандыру саясатына қарсы бостандық алу мақсатында XIX ғасырдың екінші жартысында бірігіп, өз идеяларын ұсына бастады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өзінің басқару жүйесін Орталық Азияға жая бастаған Ресей отаршылдары татар, башқұрт және ноғай елдерін бағындыруға және орыстандыруға қолданған әдіс-айласын енді жаңа елдерге қолдана бастады. Ал оларға Ресейге қарсы төтеп беру үшін материалдық және рухани күш қажет болды. Осы кезде түркі халықтарын біріктіру мүмкін болды. «Түркішілдік» және «исламшылдық» деген идеология орыс отаршылдарының орыстандыру саясатына қарсы тұрды. Ресей империясы қоластындағы мұсылман халықтары алдында екі жол тұрғандығы бізге мәлім. Бірінші жолды таңдағандар империя мүддесіне сәйкес орыс мәдениетіне бас иіп өмір сүру, соның айтқанына көну, екінші жол – ғылым-білім алуда, ұлттық сипатты сақтау болды. Бірінші жол ұлтты жоятын жол, екінші жол қауіпті болса да, қазақ зиялыларының таңдаған бағыты болды [1, 11-б.]. Орыстандыру саясатына қарсылық білдірген түркі тілдес халықтар арасынан шыққан зиялы қауым өкілдері халықтарының болашағын ойлай отырып, екінші жолды таңдауға бет алды.

Ресей патшалығының отаршыл орыстандыру саясатына батыл қарсы шығушы елдердің алдыңғы шебінде Түркия тұрды. «Бірлік және прогресс» партиясына («Иттихадэ тераки») біріккен «жас түркішілер» деп аталатын ықпалды топ барлық түркі тілдес халықтарды Түркия өкметімен бірлікке, ниеттілікке шақырды. Арғы тегі, діні, тілі бір Орта Азиядағы, Қазақстандағы, Ресейдегі, Кавказдағы бауыларын Түркі туы астында бірігіп, ортақ жауға қарсы шығып, ұлы мемлекет құруға ұран тастады. Бұл ұранды көптеген түркі тілдес халықтар қошеметпен қарсы алды [2, 71-78-бб.].

Аталған идеяны Ресей жерінде алғашқы болып «Тілде, істе және пікірде бір болу» деген ұранмен көтергендердің бірі – Исмайыл Гаспыралы. Ол 1851 жылы Қырымда Бақшасарай қаласына таяу жерде орналасқан Аджик ауылында прапорщик Мұстафа Гаспыралының отбасында дүниеге келді. И.Гаспыралы алғашында ауылдық мұсылман мек-

тебінде, кейіннен Воронежде оқып, содан кейін Мәскеудегі кадет корпусына оқуға түседі. Еуропа және мұсылман елдерінде болып, ұлттық мәселемен жақын танысқан ол 1876 жылы Бақшасарайға келіп өзінің түркішілдік қызметін бастады. «*Ұлттық езгіден құтылудың негізі – өзіңді танудан басталады*», – деген ұстанымды басшылыққа алған И.Гаспыралы алдымен білімді өзгерту қажеттігін айтты. Ол осы бағытта жаңа әдісті мектептер ашуды қолға алады. Исмайыл Гаспыралы орыс отаршылдығына қарсы дін-исламдағы жәдидшілдікті түркішілдікпен ұштастырған, түркішілдікті дамыту үшін педагогика мен графика саласында жаңалық ашқан жәдид болды. Исмайыл әлемнің түпкір-түпкірінде өмір сүретін түркі халықтары үшін ортақ түркі жазба тілін қалыптастыруды армандады.

Осы идеяны басшылыққа алған «Тәржіман» (Аудармашы) газеті 1883-1914 жылдар аралығында Бақшасарай қаласында шығарылып тұрды. Осы басылым арқылы түркі ұлтшылдығы насихатталды. И.Гаспыралы отарлық езгіден құтылудың бірден бір жолы – түркі ұлтшылдығы деп тапты. Қазақ жерінде И.Гаспыралының бастамасын жүзеге асырушы Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол 1912 жылы өзі жасаған «*Төте жазу әліппесі*» арқылы жәдидтік идеяларды насихаттаған «Қазақ» газетін дүниеге әкелді. И.Гаспыралы мен А.Байтұрсынұлының бастамасына Ө.Бөкейхан, М.Шоқай, М.Дулат, Ғ.Қараш, М.Сералин, М.Жұмабай, Ж.Әубәкір, М.Кәшімов және т.б. сияқты қазақ ұлтшылдары қолдау көрсетті.

Ресей империясында XX ғасырдың бас кезінде түркі халықтары арасында ұлт-азаттық идеологиясы қалыптаса қоймаған кезде орысшыл отарлық езгіге қарсы қозғалыс алдымен жалпы исламдық қозғалыс аясында жүрді. **Оның бағыт беруші орталығы Мемлекеттік Дума құрамындағы Мұсылман фракциясы болды** [3, 219-б.]. Ұлт-азаттық сипаттағы ислам қозғалысының басында Исмайыл Гаспыралымен бірге Зәки Уәлиди Тоған, Зия Гөкалып, Юсуф Акчүра және т.б. тұрды. Бұл зиялы қауым өкілдерінің де негізгі мақсаты орыс отаршылдарына қарсы тұру еді.

И.Гаспыралы Батыс Еуропаның отары болған мұсылман халықтарына қарағанда, Ресейдегі мұсылмандардың жағдайының жақсы екендігін байқады. Бірақ та ол Ресейдің мұсылман халықтарына қарсы жасаған қиянаттарын да атап, оларды сынмен қатар, мұсылман халықтарының сауаттылығы мен материалдық жағдайының кемшіліктерін баса көрсетті. **Ол өзінің еңбегінде былай дейді:** «*Я полагаю, что в будущем российские мусульмане должны быть более цивилизованными, чем любые другие мусульманские нации. Мы – устойчивая*

нация, дающая нам возможность учиться. Вы, старшие братья, даете нам знание. Науки должны быть допущены в татарские школы и преподаваться на татарском языке. Новые школы должны быть открыты в Баку, Ташкенте, Казани и т.д. Преподаватели должны заканчивать специально организованный Российский восточный университет таким же образом, как в Индии. Где ученики получают образование в индийских школах и на индийском языке Русские и мусульмане должны находить понимание в данном вопросе» [4, 160-б.]. Сонымен бірге Гаспыралының көзқарасында мұсылман халықтарының бірте-бірте ассимиляцияға ұшырауына алаңдаушылық білдіру де байқалады.

Ресей мұсылмандары арасында ұйымдастырушылық қабілетімен, саяси қайраткерлігімен ерекше көзге түскен зиялының бірі – көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы ғалым Зәки Уәлиди Тоған. Ол Башқұртстан Республикасына қарасты Ишимбай ауданында дүниеге келді және Шихабеддин Маржанидің шәкірттерінен білім алды. 1908 жылы Қазанда Қасымия медресесінде оқытушы болды. Орыстың шығыстанушы, түркітанушы ғалымдарымен бірігіп жұмыс істеу барысында тарихи құнды деректер мен сирек қолжазбаларды жинап, зерттеу үшін 1913-1914 жж. Орта Азияға барады. 1916 жылдан саясатпен айналыса бастады. Ресей мемлекеттік Думасы жанындағы «мұсылман» фракциясында хатшы болып, оның жұмысында белсенді қызмет атқарды [5, 150-б.]. Зәки Уәлиди Тоған: «Орта түркілердегі Шоқанға ұқсас тұлға қырымдық И.Гаспыралы. Ол да орыс әскери ортасының түлегі. Шедрин, Тургенев, Чернышевский шығармалары, XIX ғасырдағы орыс либерализмі, «батысшылдық» пен «славянышылдық» ағымдардың тартысы, әскери мектептердегі орыс еместерге деген сенімсіздік, орыс армиясындағы бүкіл әлемдік билікке ұмтылу пиғылдары И.Гаспыралының ұлтжандылық сезімі оятты»,– деп, қазақ ғалымы Ш.Уәлихан мен И.Гаспыралы арасындағы ұқсастықтарды байқайды [2, 277-б.].

Жалпы «түрікшілдік» пен «исламшылдық» идеясының шығу тарихы мен қалай өрбігені жайында шетел ғалымдарының еңбектерінде пікірлер көптеп кездеседі. Соның бірі, ағылшын ғалымы Уриэл Хейд түрікшілдіктің бастауы 1911 және 1913 жылдар деп санайды. Оның себебі, түрікшілдік идеологиясының жетекшісі Зия Гөкалптың алғашқы идеяларының бастамасы осы жылдармен сәйкес келуінде [4, 108-109-бб.].

Зия Гөкалп – түрікшілдік қозғалысының көрнекті өкілі. Оның «Жас түріктер» қозғалысымен жасырын байланыс орнатқаны анықталып, абақтыға жабылды. 1898 жылы отбасына оралғаннан кейін елі үшін көптеген еңбектер атқарады. Соның бірі түрікшіл зиялылардың басын біріктіріп, «Түрік ошақтары» ұйымын құруға ат салысуы. Ол өзінің елі үшін аянбай еңбек еткен мемлекет қайраткері. Оның «Түрікшілдіктің негіздері» атты әйгілі кітабы екі бөлімнен тұрады. Еңбекте түрікшілдіктің Түркия елінде пайда болмас бұрын Еуропада түріктерге байланысты екі қозғалыс түрінде болғанын көрсетеді. Біріншісі француз тілінде «Turquere» деп аталған «Түрікті жақсы көрушілік», түрікке деген тамсанушылық. Екінші ағым «Түркология» деп аталады. Түркология бағыты бойынша әр елдің ғалымдары көне түріктер, ғұндар, моңғолдар туралы тарихи және археологиялық зерттеулер жүргізіп, олардың өте көне ұлт екендігі, кең аймаққа тарайтыны және түрлі кезеңдерде бүкіл әлемге үстемдік еткендері туралы

айтады. Зерттеушілердің айтып отырған түріктері Түркия түріктері емес, ежелгі Шығыс түріктері еді [5, 255-б.].

Зия Гөкалп «Түрікшілдік – түрік ұлтын биіктету» деп көрсетті. Соған байланысты түрікшілдіктің негізін түсіну үшін «ұлт» аталатын қауымның неден құралатынын анықтауға тырысты. Ұлт – тіл, дін, мораль және барлық көркем өнер салалары тұрғысынан ортақ, яғни бірдей тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік. Әр адам қаны бір адамдардан гөрі тілі, діні ортақ адамдармен бірге өмір сүргісі келеді. Өйткені адам болуымыздың ерекшелігі тәнімізде емес, рухымызда дей келе ол, Ескендір Зұлқарнайын: «Менің нағыз әкем Филипп емес, Аристотель. Өйткені, біріншісі материалдық денемнің, екіншісі рухани дүниемнің өмірге келуіне себеп болған»,– деген сөзін мысалға келтіреді [5, 260-261-бб.]. Зия Гөкалп еңбегіндегі тобықтай түйінді былай қояды: ұлттың – түрік, мұсылман үмбетіненмін. Ол, Батыс өркениетіненмін, «Ұлтымыз – Түрік» дегенде оған жаңаша сипат беруге тырысты, «Мұсылман үмбеті» – ислам діні, «Батыс өркениеті» дегені жаңа ілім мен білімге, философияға, ғылым мен технологияға және дәуірдің озық өркениетіне сай нағыз еуропалықтар сияқты әрекет ету керектігін айтады [5, 270-271-бб.]. Зия Гөкалптың бұл идеясын қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өз дәуірінде айтып кеткені олардың еңбектерінен мәлім. Білімде, ғылымда батыста тек оған жету үшін орыс тілін үйрену қажет екендігін жастарға түсіндіре отырып, ұлтқа қызмет жасау үшін орыс тілінде білім алуды ұсынып, ағартушылықпен айналысты. Бұл сол заманда қазақтан озып тұрған білім жүйесін ұлт мүддесіне жарату үшін айтылған еді.

Түрікшілдік идеясының саяси негізін қалаушылардың бірі – Юсуф Акчура (Жүсіп Ақшора). Юсуф әкесінен ерте айрылып, анасының тәрбиесінде болады. Баласының болашағын ойлап, толық білім беруді көздеген ана жеті жасар баласын 1886 жылы Стамбулға әкеледі. Ол мектептегі білімін әскери біліммен жалғастырады. Сол жерде саяси, мәдени істермен шұғылданды. Татар халқының көрнекті тұлғасы, жаңашылдық, жәдидшілдік қозғалысының жолбасшысы Шихабеддин Маржанидің өмірімен жақсы танысады. Әскери мектептен соң саяси істермен шұғылданған Юсуфты, саяси көзқарасын айыптап «Жас түріктер» қозғалысымен байланыс құрды деген күдікпен 1897 жылы айдауға жібереді. Ол 1899 жылы айдаудан қашып, Тунис арқылы Парижге келіп тұрақтайды. Осы жерді білімін шыңдап, «Жас түріктер» қозғалысының жетекшілерімен танысады. 1903 жылы еліне оралып, оқытушылық қызмет атқара бастайды. Исмайыл Гаспыралының басшылығымен шығарылатын «Тәжірман» газетінің жұмысына белсене араласады. Осында өзінің «түрікшілдік ағымының манифесті» аталған «үш түрлі саясат» атты еңбегін жазады. Осы еңбек арқылы Юсуф Акчураны «түрікшілдіктің әкесі» деп атайды. Оның «Ғылым мен тарих» атты кітабы жарияланған кезде 1906 жылы патша өкіметі Дума сайлауына қатыстырмау мақсатында оны тұтқындайды. 1908 жылы Юсуф Акчура Османлы мемлекетінде жаңа мемлекет орнаған соң Стамбулға келіп, Түрік мәдениетін зерттеу мақсатымен «Түрік» қоғамын, 1911 жылы «Түрік жүрду (Түрік жұрты)» қоғамын құрды. Кейіннен түрікшілдік ағымының жетекшісі болып, зиялылармен бірге «Ұлттық Түрік» партиясын құрды [5, 276-б.].

Орысшылдыққа қарсы күрестің қазақ тарихындағы мүлдем жаңа түрі мен кезеңін бастап

берген зиялының бірі – Мұстафа Шоқай. Ол «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» сияқты журналдарымен, «Түркістан Кеңестер билігі езгісінде» сияқты белгілі еңбегімен танылды. Ш.Маржани, И.Гаспыралы, Ю.Акура еңбектерімен, бұғаудағы мұсылман-түрік халықтарының ұлт-азаттық жолындағы күресі мәліметтерімен таныс болған Мұстафа өзінің бар күш жігерін, үлкен дарынын батыста Кеңес үкіметінің Түркістандағы отаршыл саясаты жөнінде әділ, турашыл көзқарас қалыптастыруға, сол арқылы өз Отанына қызмет етуге арнады. Революциялық өзгерістерден күткен үміті ақталмасына көзі жеткен М.Шоқайдың да З.Уәлиди сияқты «...Россияның ішіндегі күрес мұсылмандар құқын қамтамасыз ете алмады. Әрине, бұл өкінішті-ақ, сондықтан да күрес енді халықаралық сипат алмақ. Менің мақсатым – бұл елдердің талап-тілегін әлемдік қауымдастыққа жеткізу», – деп айтуына толық құқығы бар еді [3, 198-б]. Тарихшы ғалым М.Қойгелдиев: «М.Шоқай «Түркі елі» идеясын есімізге түсіреді. Себебі М.Шоқай қазақ елінің тәуелсіздігін, Түркістанды көне заманнан бері өз атамекеніне айналдырған басқа да халықтардың тәуелсіздігінен бөліп қараған емес. Ол үшін Түркістан тұтастығы мен Түркістан еркіндігі – егіз ұғымдар» [3, 199-б.], – деп, М.Шоқайдың түрікшіл, халқының болашағын ойлаған біртуар азамат екендігін сипаттайды.

Жастайынан зерек, алғыр М.Шоқайдың алғашқы ұстазы оның анасы болды. Ол бес жасынан хат танып, немере ағасы Әлмұхаммет ашқан мектепте білім алды. Төрт жылдық мектепті екі жылда оқып, мұсылманша хат танып, Құранды жақсы меңгерген Мұстафа Шоқайды орыс мектебіне бермек болады. Ақмешіттегі екі жылдық орыс мектебінен кейін Мұстафаны әкесі Ташкент ерлер гимназиясына беруді жоспарлайды. Мұстафаны ғылымға жетелеп, оның талантын ұштай білген башқұрт ғалымы Әбубәкір Диваев болды. Ә.Диваев жігерлі жасөспірімді уақыт өте келе жәдидшілердің жетекшілерімен таныстырды. «Тәржімән», «Хуршид», «Тараққи», «Шухрат», «Тужжар» сияқты жәдидшіл басылымдар арқылы танымдық дүниелерді оқып, ойына ой қосып, есейе түседі [6, 20-21-бб.]. Гимназияны алтын медальға бітірген Мұстафа 1910 жылы 21 маусым күні императорлық Петербург университетінің ректоры атына өтініш жазып, оқу орнына қабылданады [6, 26-б.]. Осы кезден бастап оның қоғамдық-саяси қызметінің жаңа бір белесі басталады. Басына түскен қауіп-қатерге қарамай ұлты үшін дүниенің қай жерінде жүрсе де, өзінің қажырлы еңбегін халқына ғана арнады. Ол шетелге саяси эмиграцияға кеткен күндерінен бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық-саяси өмірін саясаттанушы ретінде жан-жақты әрі терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде ғылыми-танымдық және саяси қолданбалы еңбектер қалдырды.

Оның саяси күресінің ең маңызды құралдарының бірі – баспасөз. Мұны оның жарияланған мақалаларынан байқауға болады. Ол көптеген газет-журналдарда баспасөз қызметін атқара жүріп, мақалаларын орыс, француз, түрік және ағылшын тілдерінде шығатын газет-журнал беттеріне жариялады. Сонымен қатар ол екі журналдың жарыққа шығуына жетекшілік етті. Стамбулда «Иени Түркістан» атты журналды З.У.Тоғанмен бірге шығарса, кейінірек Түркістан мәселесі тақырыбын терең әрі батыл қамтыған «Яш Түркістан» журналын жарыққа шығарды. Журналдардың басты мақсаты Түркістан орысшылдыққа қарсы ұлттық тәуелсіздік идеясы мен

түркі халықтары арасында ынтымақтасу пікірлерін тарату болды. Оның басты мақсаты Түркістан халықтары мен Түркия халықтары арасында тіл мен діл бірлігін нығайту болды [7, 258-б.]. Бұл журнал «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының басылымы болды. Мұстафа Шоқай журналдың алғашы санынан өз мақалаларын жариялай бастады. Сондай мақалалардың бірі «Тұран мемлекеті (дәулеті) хақында» деген мақаласында «Мирсайд Сұлтанғалиев ісіне» байланысты былай деп жазды: «Панрусистер, яғни Мәскеулік коммунистер Сұлтанғалиев, Енғамов және басқа да түрік коммунистері арасында «тұтас Ресей идеясымен» күреске шығу арқылы кеңестік жүйеге қарсылық білдіргендерді әр уақытта эмиграциядағы Түркістан мұғажырларымен байланыстырып қарауға дайын тұрады. Біздің барлығымыз да бір ғана бұлақтан бастау аламыз. Бұл бұлақ көзі де – біздің өлтірілмейтін ұлттық бірлік идеямыз. Біз – Тұрандықпыз. Біздің ортақ отанымыз – Түркістан. Біз сол жерден өсіп-өндік, өйткені жат жұрттыққа бой ұсынғымыз келген жоқ. Ол жердегілер болса «панрусистердің» біртұтас Ресей орнату үшін жасалып жатқан әрекеттерді көріп, күреске шықты. Біздің дертіміздің ортақ бастауының қайда жатқанын біліп қойсын. Міне, осы ортақ бастаудан біз ұлт-азаттық күресі үшін тапсырмалар аламыз. Біз – Тұрандықпыз. Иә, Түркістан – біздің атамекен, отанымыз. Иә. Міне, біздің барлығымыз осы атамекен – бесігіміздің империализмнің бұғауынан босауы үшін күресіп жүрміз» [6, 156-157-бб.], – деп барлық түркі халықтарының ауызбірлікте екендігін аңғартады.

Патшалық Ресей мен Кеңестік билік түркі тілдес мұсылман халықтарының бұл идеологиясына сескене қарады. Сондықтан да мұсылман-түрік аймақтарынан шыққан қайраткерлердің азаттыққа ұмтылған, орыстандыруға қарсы пікірлерін «пантүрікшілдік», «панисламшылдық» деген атпен орынсыз айыпталып, олардың ұлттық идеяларын жүзеге асыруға түрлі себептермен қолдан жасалған тосқауылдар қоюға тырысты.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история возникновения и развития идеи «пантюркизма» и «панисламизма» в Средней Азии в начале XX века.

The article examines the history of the origin and development of the idea of “pan-Turkism” and “pan-Islamism” in Central Asia in the early 20th century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қамзабекұлы Д.** Алаш арқауы (зерттеу мақалалар). – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» баспанасы, 2017. – 408 б.
2. **Құдышев О.** Панисламизм мен пантюркизм деген не? – Сарыарқа №3. – 1995 ж. Ақмола қаласы. 71-78-бб.
3. **Қойгелдиев М.Қ.** Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. – 400 б.
4. **Хостлер Ч.** Тюркизм и Советы. Тюрки мира и их политические цели. /Пер. с англ. Г.М.Мендикуловой/ Сост. Б.М.Сужиков. – Алматы: «Санат», 2006. – 288 с.
5. Тарих адамзат ақыл-ойдың қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант – 2006. – Т.10: Түркі халықтарының тарихи ойы. – 392 б.
6. **Қыдырәлі Д.** Мұстафа. – Астана: Деловой Мир Астана, 2012. – 276 б.
7. **Қара Ә.** Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы. – Алматы: Арыс., 2004. – 32.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы)

Айнұр ҚАЛЫБАЕВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, тарих ғылымдарының магистрі,
Нұрия ЖҰМАҒАЛИЕВА (Джумағалиева),
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті тарих мамандығының 3-курс студенті

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық, жер және қоныстандыру төңірегіндегі патша өкіметінің саясатын кеңінен зерттегендердің бірі – академик Мәмбет Қойгелдиев. Қаралып отырған уақыттағы жер, қоныстандыру, патшалықтың отарлау саясаты М.Қ.Қойгелдиевтің докторлық диссертациясында және соның негізінде жазылған еңбегінде зерделенеді. Автор қазақ жерлерінің отарлануын, қоныстандыру қорытындыларын таптық қағидалардан ада, жаңа әдіснамалық негізде талдайды. Автордың XX ғасыр басындағы қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының қызметіне арналған еңбегінде патша өкіметінің қоныстандыру саясаты екі кезеңге бөлініп қарастырылады. Бірінші кезең XIX ғасырдың 60-90-жылдары немесе «Дала Ережесіне» дейінгі деп аталып, казактар отарлауын қоса, 1891 жылға дейінгі орыс шаруаларының қоныстану үдерісін талдайды. «Орыс шаруаларына дейін қазақ даласын игеруді бастап берген, әрине, казактар еді. Ресей империясындағы 11 казак әскерінің төртеуі (Орал, Сібір, Орынбор, Жетісу – М.Қ.) қазақ жерінде құрылды. XIX ғасырдың соңына қарай негізінен қазақ жерінен тұрған Сібір казак әскері 5 миллион десятина, Орал казак әскері 6 миллион десятина және Жетісу казак әскері 610 484 десятина, бәрін қосқанда 11 610 484 десятина жер иемденді», – деп жазады [1; 26-б.].

Автордың пайымдауынша XIX ғасырдың 60-90-жылдарының өзінде ішкі Ресей губерниялары мен Сібірден қоныс аударған шаруалардың қазақ жерлерін отарлау процесі айтарлықтай қарқынмен жүрген. 1885 жылдан 1893 жылға дейін Ақмола облысының жергілікті халқының иелігінен 251 779 десятина жер тартып алынса, 10 940 ер адамы бар жаңа қоныстанушылардың 24 селосы құрылған. Бұған ұқсас өзгерістер қазақ өлкесінің басқа да облыстарында орын алған. Алайда қоныстанудың бұл қарқыны отаршыл әкімшілікті қанағаттандырмай, жаңа отарлау ісіне лайық жаңа заңдық негіз жасауға көшкен [Сонда, 32-б.].

М.Қ.Қойгелдиев бірінші және екінші кезеңдер бойынша қоныстандыру, қазақ жерлерін тартып алу мәселелерін қорытындылай келе: «*мұрағат деректері негізінде төңкеріске дейінгі қазақтардың пайдалануынан жалпы көлемі 45 миллион гектарға жуық жер тартып алынып, ол барлық қазақ жер көлемінің 16 пайызға жуығы болды*», – дейді.

Автор қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақ жерлерін патша үкіметі тарапынан отарлау кең көлемде және айтарлықтай үлкен қарқынмен жүргізілді. Бұл үдеріс, әсіресе, қоныстандыру мекемелері құрылғаннан кейінгі уақытта бұрын болмаған деңгейге көтерілді дей келе 1860-1917 жылдардағы қазақ елінің пайдалануынан тартып алынған жер көлемін 1928 жылғы шекаралық өлшем бойынша көрсетеді [Сонда, 50-б.].

М.Қ.Қойгелдиев қоныстандыру, қазақ жерлерін отарлау саясатымен қатар патшалықтың қазақтарды жерге орналастыру саясатын немесе көшпелі тұр-

мыстан отырықшы тұрмысқа көшіру әрекеттерін сынап жазды. Қазақтардың отырықшылыққа көшуі таптық жіктелуден емес, патшалықтың отарлау саясатынан деген пікір білдіреді. Яғни, патшалықтың отарлау саясаты нәтижесінде жері тарылып, күйзеліске ұшыраған халық отырықшы тұрмысқа көшіп, жан сақтауды мақсат еткен. «*Сонымен 1909-1910 жылдары қазақ жерін отарлау барысында жаңа кезең басталды деп айтуға негіз бар. Оның негізгі ерекшелігі – қазақ шаруаларының пайдалануындағы жерлерді көбірек босатып алу үшін оларды жаппай бірыңғай отырықшы тұрмысқа көшіру еді. Міне, сондықтан да XX ғасырдың басындағы қазақ шаруаларының бұрын болмаған көлемде және жедел қарқынмен отырықшы тұрмысқа ойысуының ең негізгі себебін таптық жіктелу процесінен емес (әрине, оны жоққа шығаруға болмайды – М.Қ.), алдымен отарлау саясатынан іздеу толық негізді*», – деп көрсетеді [Сонда, 61-б.].

XX ғасыр басындағы патша өкіметінің қазақ жерлерін отарлау, қоныстандыру, оған қазақ зиялыларының көзқарастары туралы Ө.Озғанбай өз еңбектерінде кеңінен тоқталады. Патшалықтың қазақ өлкесін отарлауы нәтижесінде күйзеліске ұшыраған қазақ елінің мұң-мұқтажын тап басып көрсетеді. «*Қазақтардың атамекенінің нулы-сулы шұрайлы жерлерін патша әкімшілігі ішкі Ресейдегі шаруалардың әлеуметтік-экономикалық сұранысын өтеу арқылы шешіп, осы есеппен қоныс аударушылардың жаппай ағылуына мүмкіндік жасады. Мал шаруашылығымен айналысатын ұлы көшпелілердің соңғы тұяғы-қазақтардың күнкөріс көзі жер екені белгілі. Құнарлы жерінен айырылған қазақ елінің күйі қашты. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ең басты өзекжарды мәселесі-жер мәселесі болды. Қазақ иелігіндегі мал шаруашылығына шұрайлы жайылымдары мен құнарлы жерлері, сулы алқаптарының дені қоныстанушы мұжықтарға тартып алынып берілуі жергілікті халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін төмендетіп, кедейленуіне әкеліп соқты. Өмірдің барлық саласына енген қысымшылық қалың бұқараны қажытып, титығына жеткізді*», – деп XX ғасыр басындағы қазақ халқының мүшкіл халын нақты жеткізеді [2; 60 б.].

Қорытындылай келе, қазақ жерлерін тартып алу, шұрайлы жерлерден ығыстырып, қазақ шаруашылығын дағдарысқа ұшырату, қазақтардың отырықшылыққа көшуіне кедергі жасау, сондай-ақ қазақ өлкесін рухани саладағы отарлаумен ұштасқандығын көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ өлкесіндегі төңкеріске дейінгі уақыттағы жер мәселесін, патша өкіметінің отарлау саясатын алғаш көтергендердің бірі – Қадіржан Әбуев. Ол М.Сердалиннің қоғамдық-саяси көзқарастарына арналған зерттеуінде XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы патшалықтың қазақ өлкесіндегі отар-

шыл саясатын қайраткердің қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткен жайлардың бірі ретінде көрсетеді. Бұл жөнінде: «XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстанды түгелдей отарлау аяқталуына байланысты өлкені басқару жөніндегі реформа қабылданды. Реформаға орай елдегі өзін-өзі басқару әдістері түбегейлі жойылып, әкімшілік басқарудың жаңа түрі өніп, отаршылдық күшейе түсті. Жер мәселесі бұл кезде өткір тұрды. 1867 жылғы заңға сәйкес Қазақстандағы барлық жер мемлекеттік меншік болып жарияланды да, қазақ жерін жаппай қанау басталды. Орталық Ресейден шаруаларды лек-легімен көшіру науқанға айналды. Тек 1893 жыл мен 1912 жылдың арасында Ақмола облысына 292 400, Торғайға 292 300, Семейге 50 700, Жетісу өлкесіне 433 000 ер адам қоныс аударған. ... Қоныстандырудың екінші легі жоғарыда айтылғандай, Столыпиннің аграрлық реформасымен байланысты. 1917 жылға дейін қазақтардан 45 миллион десятинадай жер межеленіп алынды. Ал қоныс аударғандардың саны 1,5 миллион адамнан асты. Патша үкіметінің отарлау саясаты-туған жерден қуу, салықпен қысуды күшейту жергілікті халықтың наразылығын туғызды. ...Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына алдыңғы қатардағы интеллигенциясының әсері өте зор болды. Сөз жоқ бұлардың қатарында М.Сералин де бар еді», – деп жазады [3; 63-64-бб.].

Қ.Әбуев М.Сералиннің егін егуге қарсы емес, алайда ол бір жақтылықтың, асыра сілтеушіліктің қажетсіздігін ескерте отырып, чиновник Щербина басқарған егін шаруашылығы министрлігі комиссиясының жыртуға жарамды жер көлемін асыра көрсеткен тұжырымын жоққа шығарғанын атап көрсетеді [Сонда, 65-б.].

XIX ғасырдың екінші жартысындағы патша өкіметінің Қазақстандағы, оның ішінде батыс өңірде жүргізген әкімшілік-территориялық реформалары негізіндегі отарлау саясатын **Б.С.Әбеннова диссертациялық жұмысында және соның негізінде жарық көрген монографиялық еңбегінде кеңінен талдайды.** Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында XIX ғасырдың екінші жартысындағы патшалық Ресейдің отарлау саясатына алғашқы болып ұлт мүддесі тұрғысында баға берілген зерттеулердің бірі болып табылады. Автордың «1868 жылғы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі» атты монографиясында қазақ жерін отарлау және оның заңдастырылуы мен жүзеге асырылуы тың мұрағат деректерімен талданады.

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы патша

өкіметінің қоныстандыру саясаты мен аграрлық саясаты туралы ұлт зиялыларының еңбектеріне тарихнамалық талдау жасағандар Талас және Шыңғыс Омарбековтар болды. Авторлар еңбектің «Қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарастары» деген бөлімінің екінші тарауын «Патша өкіметінің отарлау саясаты қазақ зиялылары еңбектерінде» деп атай отырып ғасыр басындағы аталмыш мәселелерге қатысты қазақ интеллигенттерінің тарихи көзқарастарын кеңінен талдайды. Алдымен авторлар ұлт зиялыларының патшалықтың қоныстандыру саясатының отарлық мәнін қалай әшкерелегендігін баяндайды.

Авторлар ұлт зиялылары еңбектерін оқығанда бірден көзге түсетіні мына мәселелер деп төмендегі қадау-қадау үш мәселені алға тартады. Олар: атты казактардың, әскерилердің және қара шекпендердің қазақ жеріне қоныстандырылу себептері, патша өкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру саясатының кезеңдері; бұл саясаттың ауқымы мен салдары [4; 216-217-бб.].

Зерттеушілер патша өкіметінің қоныстандыру саясатының себептерін жан-жақты талданған авторлар ретінде Т.Шонанұлын, М.Шоқайды, М.Тынышбаевты атайды. Сонымен бірге Қ.Кемеңгерұлы мен С.Асфендияровтың патша үкіметінің қазақ жерін тартып алу себептерін ғана емес, сонымен бірге осы саясаттың көпе-көрнеу отаршылдық мәнін әшкерелегенін, патшалықтың қазақ жерін жаулап алу мақсатын әр түрлі құйтырқы қулық-сұмдықтармен жүзеге асырғанын да дәлелдеп жазады [Сонда, 221-222-бб.].

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются политика переселения и аграрная политика царского правительства в конце XIX - начале XX веков в истории Независимого Казахстана.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. -366 б.
2. Озғанбай Ә. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.). –Алматы, 2006. -360 б.
3. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен. – Алматы: Қазақстан, 1994. -144 б.
4. Омарбеков Т. Омарбеков Ш. Қазақстан тарихы мен тарихнамасына ұлттық көзқарас.-Алматы: Қазақ университеті, 2004. -388 б.
5. Әбеннов Д.Қ. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қазақ жерінде орыс шаруаларының қоныстануы және оның зардаптары. Тарих ғыл.канд.ғыл. ... дис.-Алматы, 2000. -135 б.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен **ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.**

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы **фотосын және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы**

жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.



ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ ЖАҢА ЕҢБЕКПЕН ТОЛЫҚТЫ

Елбасының “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламалық мақаласы мен “Ұлы даланың жеті қыры” еңбегі қоғамдық сананы серпілтіп, ұлттық рухымызды жаңғыртуға зор септігін тигізгені белгілі. Әсіресе, тарихшылар қауымы үшін ілгері ізденістерге жол ашумен қатар, тарих ғылымының алдында тұрған міндеттер, өзекті ойлар ортаға салынған еді. Осы үдерістер мен ізденістер жолында, таяуда, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ғылыми кітапхана залында көрнекті тарихшы-ғалым, ҚР ҰҒА академигі **Әбжанов Ханкелді Махмұтұлының жақында ғана жарық көрген “Рухани жаңғыру және ұлттық тарих”** атты монографиясын университет студенттеріне таныстыру рәсімі болып өтті.

Бұған дейін 600-ден астам ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған өзекті зерттеулердің, оның ішінде 15-ке жуық монографиялық еңбектер мен оқулықтарды, оқу құралдарын жарыққа шығарған ғалым өзінің кезекті “Рухани жаңғыру және ұлттық тарих” еңбегінде Елбасының “Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру” бағдарламасында айтылған тұжырымдар мен іске асырылуға тиісті жобалар негізінде ұлттық тарих ғылымын зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері, алдымызда тұрған идеологиялық әралуандылық, мәдениет пен рухани өміріміздегі қордаланған мәселелер, білім мен ғылым жайы және ұлттық идея мен тұлғатану жөніндегі өз ойларын ортаға салып, ғылыми пайым жасайды.

Тарихшы-ғалым еңбектің “Жаңғыру жолдары” атты бірінші тарауында бүгінгі күні тарихи ғылымының, тарихи ізденістердің алдындағы және мәдени-рухани өміріміздегі қордаланған мәселелерді көтере отырып, “Рухани жаңғыру” аясында одан шығар жолдарды көрсетеді. Қазақтың “киелі”, “қасиетті” сөз ұғымдарына айрықша тоқталған ол, бұл мағыналы сөздердің халқымыздың көнеден келе жатқан

қазыналы тарихының, бізге жеткен бай мұрасымен біте қайнасып жатқан асыл мұраларының көзі болғандықтан, бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі олардың алар орнындағы рөліне тоқталады. Ғалымның “Қазақстандық патриотизмнің екінші тұғыры-қазақ киесі. Қазақтың киесіне санамыздағы аруаққа айналған ұлыларды, бәрімізді желеп-жебеп жүрген өсиеттерін, баталарын, аманатын жатқызады. Оның материалдық көрінісі, менің ойымша, Қазақстанның бар аумағынан табылып жатқан археологиялық алтын адамдар. Егер сақ жауынгерінің киесі болмаса, қолдамаса, тұлпары Елтаңбамызды нұрландырмас еді”, – деген байламы халқымыздың қасиеті мен киесінің терең мағынасы мен халқымыздың тарихындағы салмақты орнын ашып тұрғандай.

“Ұлы дала тұлғалары” атты екінші тарауда халқымыздың, Абылай хан, Абай, Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев сынды даңқты перзенттерінің халқымыздың алдында сіңірген еңбектері, қилы тағдыры мен ғылыми, әдеби мұраларына терең бойлай отырып, олардың тарихтағы алар орны, қайраткерлік жолының тағзымы мен тағылымы “Рухани жаңғыру” идеясымен өзектеліп жатқанын кеңінен ашып көрсетеді.

Ғалым “Тәуелсіздік және ұлттық тарих” деп аталатын үшінші тарауының “Тарих тірегі жер”, “Ұлы дала және методология”, “Мәңгілік елден”, “Мәңгілік елге”, “Даланың қилы тағдыры”, “Қасиеті күдіретті жер мен тарих”, “Тіл-тарихтың тірі тұғыры”, “Мемлекет-тарихи үдерістер алаңы”, “Түркілік ортақ тарихтың интеллектуалды қырлары” атты кесек-кесек бөлімдерінде көне дәуірден бергі ата-бабаларымыздың аңсаған арманы, атадан балаға жеткен мақсат мұраты, елді қорғау, жерді қорғау жолындағы жанқиярлық ерліктері, ел бірлігі жолындағы ортақ күресі, тіл мен тарихтың ажырағысыз қағидалары, мемлекетшілдікті қалыптастырудағы тарихтың рөлі сынды ауқымды, терең ойлы тұжырымдарымен ой бөліскен. Ғалымның “Тарих авторлық өзін білемдіктен, басқаны қор санаған кеудемсоқтықтан, саясаттанған елестен емес, деректерге жүгінген шынайы байлам-дәйектен тұруы керек. Сонда ғана ол тәрбиелеуші, ағартушы, алға жетелеуші, т.б. функцияларды атқарады”, – деген пікірі өте орынды айтылған деп есептейміз.

Еңбектің тұсаукесер рәсмінде сөз сөйлеген “Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті” кафедрасының ұстаз ғалымдары: Д.Салқынбек, Ш.Әбуханов, Р.Сембаев, Е.Сырбаев, З.Тастанова, А.Шардарбековтер “Рухани жаңғыру” бағдарламасына ғылыми пайым жасап, оны ғылыми айналымға енгізген алғашқы ғылыми еңбектің құндылығына тоқталды. Кафедрада оқытылатын “Қазақстанның көзіргі заманғы тарихы”, “Философия”, “Қоғамдық саяси білімдер” пәндері бойынша еңбекті оқу процесінде пайдалану мәселелерін ортаға салды.

Кездесуге қатысқан университетіміздің “Бизнес және құқық” жоғары мектебі және “Ветеринария” факультеттерінің студенттері тарапынан қойылған сұрақтарға Ханкелді Махмұтұлы жан-жақты жауап берді.

Қорыта келгенде, республикамыздың ғылыми кітап қоры “Рухани жаңғыру” бағдарламасы негізінде жазылған тарих білімі мен ғылымы бойынша жаңа құнды еңбекпен толықты. Орта және жоғары оқу орындарының студенттеріне және оқытушыларына арналған ғылыми еңбектің игілігін оқырман қауым көрсін дейміз.

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰАУ-дың кафедра
менгерушісі, профессор.

ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ (XX ғасырдың 20-30-жылдары)

Гүлмира НҰРЫШЕВА (Нурушева),
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай
мемлекеттік университетінің 3-курс докторанты

XX ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысында үкімет партия мен комсомол өкілдерін моральдық-саяси қасиеттері жағынан қоғам мен мемлекетті қайта құрудың күрделі кезеңінде неғұрлым жауапты және күрделі тапсырмаларды орындауға қабілетті жауапты қызметкерлердің идеологиялық дайындалған санаты ретінде қарастырды. Жұмысшылардың, ауылдық ұйымдардың қызметкерлерін даярлау үшін тыңдаушылардың әлеуметтік құрамы бір текті емес болып шықты. Бірақ олардың басым көпшілігі шаруалар мен малшылар ортасынан шыққан, тыңдаушылардың 80%-ы ауылдық партия белсенділері болды. Жалпы дайындалған 257 хатшылардың-партұйымдастырушылардың, үгіт өткізгіштердің және әйел ұйымдастырушылардың ішінен 18% немесе 46 адам жұмысшы және басқа да ұйымдардан болды, қалғандары ауылдық ұйымдарда жұмыс істеді. Қазақстан бойынша жұмыс ұйымдарының үлес салмағы 12,5%-ды құрады. Осылайша, тыңдаушылардың әлеуметтік мәртебесі бойынша пайыздық арақатынасы белгілі бір шамада Қазақстанның әлеуметтік кәсіби құрылымын көрсетті.

Сонымен, курстардың жұмыс жүйесінде оң үдерістер байқалды: курстар желісін кеңейту, тыңдаушылар құрамын арттыру, оқытудың теориялық-әдістемелік базасын кеңейту. Жағымсыз факторлар сақталды: қаржы тапшылығы, оқытушылар корпусының және оқу әдебиетінің жетіспеушілігі. Қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік әдебиеттердің тапшылығы байқалды. Осындай курстардың жұмыс істеуіне ұйымдарда қайта іріктеу, тәркілеу және тағы басқа әлеуметтік құбылыстар әсер етті, оларды жүзеге асыруға тыңдаушылар қатысты. Тыңдаушылардың жасақталмау мәселесі сақталды, мысалы, Петропавл округінде жоспарға сәйкес оқыту курсы 256 адамға есептелген. Іс жүзінде тиісті курстарда 206 адам оқыды. Мұндай жағдай Қызылорда және басқа да ұйымдар бойынша қалыптасты. Тексеруші комиссиялар кадрларды қайта даярлау курстарында пәндердің біркелкі бөлінбеуін атап өтті.

Курсанттардың оқу пәндерімен шамадан тыс жүктелу элементтері кездесті. Мысалы, Орал өңірі бойынша келесі факт тіркелді: насихаттаушылар курстары 24 күн жұмыс істеді және осы уақыт ішінде курс жетекшілері келесі 9 пән бойынша сабақ беруге тырысты: ленинизм, саяси экономика, партия тарихы, экономикалық саясат, VI аймақтық партиялық конференцияны, Орал Округкомының Пленумын, ОК шілде пленумын және Коминтерн VI конгрессінің шешімдерін әзірлеу, бағдарламаларды пысықтау, кітаппен жұмыс істеу әдістемесі, мектептер мен үйірмелердің жұмыс әдістемесі және 10 сағат көлемінде тарихи материализмді оқыту. Мұндай курстардың тиімділігі аз болды [1, 4-п.]. Осылайша, шектеулі уақыт аралығында курсанттар көптеген пәндерді меңгеруге қабілетті бол-

мады. Курстардың жұмыс мерзімі айқын болмады, атап айтқанда Орал облысында осындай курстар 24 күн бойы, ал Қарақалпақияда бір ай бойы жұмыс істеді. Оралда аудандық партия активінің курстары 4,5 ай, ал Петропавл округінде 1-2 ай жұмыс істеді. Мазмұны бойынша бірдей курстарда оқыту әдістемесінің тұрақсыздығы сақталды. Қорытынды өзектілендірілді: қатаң регламенттеу және бірдей курстарда оқытудың біріздендірілген жүйесін енгізу қажеттілігі. Курстардың ерекшелігіне байланысты бүкіл республика бойынша бірыңғай білім беру бағдарламасын енгізу қисынды болды [1, 5-6.].

Осылайша, бірыңғай бағдарлама мен курстардың бекітілген мерзімдері негізінде партия ұйымдары жергілікті жерлерде кадрларды жазғы даярлау және қайта даярлау жұмыстарын жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерді ескере отырып жүргізу қажет болды. Басшылық 1929 жылы есеп беретін партиялық ұйымдарды тиісті курстарда дайындалуы тиіс қызметкерлердің саны мен мамандануын анықтауды мақсат етті. Қаржы факторы курстарды іске асырудың маңызды элементі болып табылады. Өкінішке орай, XX ғасырдың 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басындағы аралық кезеңінде үкіметтік деңгейде толық мәліметтер болмады, олардың негізінде жекелеген курстар жұмысының құнын анықтау мүмкіндігі болды. Алайда, республикалық жауапты құрылымдарға әр түрлі курстардың жиынтық деректері негізінде олардың жұмыс мерзіміне қарамастан, жекелеген ұйымдар бойынша әрбір адамды даярлаудың орташа құнын анықтауға, сондай-ақ республика бойынша орташа құнды шығаруға мүмкіндік туды. **Төмендегі кестеде бірқатар әкімшілік орталықтар бойынша тыңдаушыларды даярлаудың қаржылық сипаттамасы көрсетілген.**

Ұйымның атауы	Даярланған және қайта даярланған қызметкерлердің жалпы саны	Дайындықтың жалпы құны (рубльмен)	Орташа 1 адамға (рубльмен)
Қарқаралы	60	3556	59
Қарақалпақ	64	3955	61
Ақтөбе	86	7672	89
Орал	35	3716	106
Петропавл	206	22000	106
Қостанай	61	3403	55
Жалпы	512	44302	86 [1, 5-п.].

Осы кестеге сәйкес бір қызметшіні дайындау құны 55-тен 106 рубльге дейін болды. Бұл айырмашылық жауапты партия қызметкерлерінің пікірі бойынша 3 компоненттен тұрады: 1) курс жұмысының ұзақтығы, 2) курсанттар саны, 3) курсанттар саны және курс құрамы. Курстардың жұмыс істеу кезеңінде бар деректерді салыстырмалы талдау тексерушілерге жалпы республика бойынша партия ұйымдары өткен 1928 жылы ерте кезеңмен салыстырғанда қаржы

қаражатының едәуір көп мөлшерін бөлгені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Жергілікті төменгі партия ұйымдары үшін активті дайындаумен қатар Свердловск, Ленинградта және басқа да қалаларда орналасқан түрлі коммунистік жоғары оқу орындарында және партиялық курстарда партия кадрларын неғұрлым тереңдетіп даярлау бағдарламасы іске асырылды. Қазақстандықтар партия қызметкерлері курстарында, Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқыды. Қазақстаннан тыс жерлерде осындай тереңдетілген курстарда 155 адам оқыды.

Іссапарларға жіберілгендердің ұлттық құрамы мынадай болды: еуропалықтар – 64 адам немесе 43,1%, қазақтар мен шығыс халықтарының өкілдері – 91 адам немесе 58,7 %. Салыстырмалы талдау осы санаттағы тыңдаушылардың қазақ ұлты өкілдерінің үлес салмағының артқанын көрсетті. 155 адамның 47-і сырттай коммунистік жоғары оқу орындарына, атап айтқанда Свердлов университетіне іссапарға жіберілді. Осылайша, 1928 жылғы 30 желтоқсан кезеңінде тыңдаушылардың осы санатының саны 10 адамға 37-ден 47-ге дейін өсті [1, 6-Б.]. Бірақ, талдаушылардың пікірінше, сырттай қатысушылардың сандық өлеуеті оларды дайындау сапасының анықтаушы факторы болған жоқ, бірақ өткен кезеңдегі статистиканы талдау негізінде тыңдаушылардың көпшілігі оқумен айналысып, толық жұмыс істемеген, бұл тексерушілердің пікірінше дұрыс емес деп саналды. Бұл категорияны сырттай жұмыспен қамтамасыз ету міндеті тұрды. Әр түрлі курс тыңдаушыларын жинақтау тиімділігі тұрғысынан коммунистік қорытынды жасалды. Оның мәні кандидатураларды іріктеу моделін төмен қанағаттанарлық деңгейдік бағалауда болды. Мысалы, Республика Ташкентте діндарлар курстарында курсанттарды даярлау үшін 22 орынға квота алды. Іс жүзінде курста 14 адам оқыды. ВК (б) П ОК жанындағы колхоз-кооперативтік курстарға 12 бос жұмыс орны болды, ал жалпы 7 адам түсті. Өндірістік ауданға практикалық партиялық жұмысқа 10 орын алып, 8 адам ғана курстарға аттанды.

Кадрларды даярлау жүйесіндегі жағымсыз факторлардың бірі мынадай ескерту болды: жекелеген округтік ұйымдар тарапынан тиісті құраммен және басқа оқу орындарымен іріктеуге және жинақтауға жеткіліксіз көңіл бөлінеді. Мысалы, 1928 жылғы 10 қазандағы Алматы Мемлекеттік жұмыс факультетінің мандаттық комиссиясының шешімі бойынша Қостанай округінен жұмыс факультетіне оқуға үміткерлердің округтік ұйымдардың кінәсінен сәйкессіздігі туралы белгіленген. Осылайша, іс-әрекеттердің келіспеушілігі, жергілікті жерлерде әдеттегі формализм нәтижесінде бюрократиялық қағазбастылық орын алды, ол әр түрлі ұйымдар арасындағы республика аумағындағы көлемді санақта көрініс тапқан. Мысалы: комиссия округтік ұйымның бірі мен Орталық құрылымдар арасында курстарға 6 адамды жіберу жөнінде 70 парақта хат жазысу құжатының бар екендігін атап өтті. Басқа жағдайда кооперативтік-колхоз ісі бойынша оқыту үшін курстарға 7 өкіл іссапарға жіберу мақсатында орта есеппен 45 жеделхат жұмсалды [1,7-Б.].

Осылайша, орталық органдар курсанттарды қатаң талап қоюмен жергілікті жерлерде нақты жұмысты ұйымдастыруға кірісуге шақырды. Жоғары оқу орындары мен басқа да оқу орындары үлкен маңызға ие болды. Алайда, статистиканы жинау және қайта өңдеу саласындағы жоғары оқу орындарының белгілі бір кезеңіне дейін республикалық деңгейде жұмысына назар аударылмаған. Барлық оң және

теріс жағдайларды ескере отырып, жекелеген құрылымдар курсанттарды даярлау бойынша едәуір нәтижелердің бар екендігін атап өтті. Мысалы, Алматы ұйымын есепке алмағанда жұмыс курстарының саны 1927 жылы 20-дан 38-ге дейін немесе 90%-ға өсті. Осы курстарда тыңдаушыларды қамту 667-ден 1082 адамға дейін немесе 62%-ға өзгерді. Алматы ұйымынан курсанттардың жалпы саны – 47, курсанттар саны – 1342 адамды құрады. Ұлттық құрылымдағы өзгерістер ауылдық актив есебінен тіркеліп, қазақ ұлты өкілдерінің үлес салмағы артты. Қайта даярлаудан өткен тыңдаушылар үшін курстар саны артты. Жеке ұйымдар бойынша өсім 20-дан 76%-ға дейін болды. Ең төменгі көрсеткіш Қарақалпақ ұйымында, ең жоғарғы көрсеткіш Ақтөбе ұйымында белгіленді. Мысалы, Орал және Қостанай ұйымдарында дайындалған және қайта даярланған партия мүшелерінің саны 3-тен 19%-ға дейін сақталған. Гурьев және Адай ұйымдарында дайындық мүлдем өткен жоқ. Әлеуметтік белгісі бойынша курс тыңдаушыларының санында белгілі бір теңгерімсіздік сақталды. Мысалы, Қазақстандағы жұмыс ұяшықтарының үлес салмағы 12,5 % құрады. Ал партия ұйымдастырушыларының хатшылары, әйелдер ұйымдастырушыларының курстарындағы жұмыс ұйымдарынан тыңдаушылар – 9,3%-ды құрады [1,8-Б.].

Жалпы курс жұмысының елеулі кемшілігі – бірыңғай үлгілік бағдарламалардың, болжамды мерзімдердің, белгілі бір курстар мен пәндерді оқытудың бірыңғай әдістемелерінің жұмыс ұзақтығының болмауы. Соның нәтижесінде жергілікті жерлерде төтенше жағдай байқалады. Белгілі бір салаларда мамандарды даярлау және қайта даярлау мәселесі бойынша нақты және мақсатты нұсқаулар болмады. Осылайша, институттарды ұйымдастырудың негізгі кемшілігі барлық партиялық ұйымдардың тиісті үміткерлерді іріктеу мәселесіне жеткілікті назар аудармауы болып табылады, соның нәтижесінде үміткерлерді белгілеу бойынша үлкен хат алмасулар, ұсынылатын орындардың айтарлықтай толтырылмауы болып табылады. Сондай-ақ, әлеуметтік белгісі бойынша жоғары оқу орындарына іссапарға жіберілушілерді есепке алу және коммунистік жоғары оқу орындарын бітірген адамдарды практикалық жұмыста пайдалану туралы мәселе қанағаттанғысыз деңгейде ұйымдастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы подготовки национальных кадров в Комвузах и парткурсах в Казахстане в 20-30 годы XX века. В указанный период наряду с подготовкой актива для местных низовых партийных организаций реализовывалась программа более углубленной подготовки партийных кадров, в различных коммунистических вузах и партийных курсах, которые располагались в Свердловске, Ленинграде и в других городах.

This article discusses the issues of training national personnel in higher education Institutions and party courses in Kazakhstan in the 20-30 years of the twentieth century. During this period, along with the preparation of assets for local grassroots party organizations, a program of more in-depth training of party personnel was implemented in various Communist universities and party courses located in Sverdlovsk, Leningrad and other cities.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. Қоры.141. Тізім.1. Қ.2648. Б.3,4,5,6,7,8.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНА ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДАР және сол саяси қуғын-сүргін құрбандарының тылдағы еңбегі

Динара ХАМИДУЛЛИНА,
PhD доктор,
Айтөлкын ТӨЛЕШОВА (Тулешова),
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің магистранты

Қазақстан – әлемдік деңгейде қоғамның өзіндік даму моделін ұстанып отырған толерантты, әр түрлі ұлт өкілдері татулық пен ынтымақтастықта өмір сүріп жатқан көп ұлтты мемлекет. Қазіргі таңда 130-дан астам түрлі ұлттың басын бір шаңырақтың астына ұйыстырып отырған саясатымызды елімізде өмір сүріп жатқан әрбір ұлт сезініп, қолдау арқылы, қазақстандық моделдің үлгісін жаһандық деңгейде маңызын арттырып отыр. «Мен – қазақстандықпын» деген әрбір азамат ынтымақтастық құндылығын жоғары қойып, әрбір ұлт өкілі еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуы үшін бар ынтасымен үлес қосуда.

Тарих қойнауына зер салсақ көп ұлтты қоғамның қалыптасуында күрделі әрі азапты сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйенің зардабын тартқан мыңдаған халықтардың мұңды тағдыры жатыр. Қуғын-сүргін саясатының салдарынан туған жері мен өскен ата-қонысын тастап, басқа елге жер аударылған халықтар үшін Қазақстан қиын да қилы кезеңде көптеген ұлттарға жаңа пана, жаңа мекен, жаңа қоныс болды. **Жер аударылған халықтар туралы алғаш М.Қ.Қозыбаев «Ақтаңдақтар ақиқаты» еңбегінде:** «1937 жылы Қазақстанға 18526 корей семьясы мен зорлық-зомбылықпен жер аударылды. 1943-1944 жылдары қасиетті қазақ жеріне Солтүстік Кавказдан қуғындалған жарты миллионнан астам қарашай, балқар, шешен, ингуш, күрд, қалмақ, т.б. халықтар пана тапты. Қуғын-сүргінге ұшыраған осы халықтардың қайсысының болмасын күмән келтірмейтін бір ақиқат нәрсе: мейірбандық пен бауырмалдық, жомарттық пен дархандық қанына сіңген қазақ халқының жапа шеккен халықтарды жатырқамай, достық құшаққа алуы, ғылым тілімен айтқанда шынайы интернационалдығы», – деп ерекше атап көрсеткен [1].

Жалпы 1920-1950 жылдары 60-тан астам халық пен этникалық топтар саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың жалпы саны 3,5 миллионнан асты. Солардың 1 миллион 200 мыңы Қазақстанға қоныстандырылды. Бұл демографиялық өзгерістер, әсіресе, Ұлы Отан соғысы қарсаңында өте қарқынды жүрді [2]. Санақ нәтижелеріне сүйенсек, 1939 жылы халық саны 6 млн 365 мың адам болса, 1959 жылы 9 млн 295 мың адам болып, 45%-ға артқанын және де неміс ұлтының үлесі 8 есеге көбейгенін аңғаруға болады.

Сол уақыттардан бастап **Атырау облысына Қазақстанның басқа аймақтарындағы секілді өздерінің туған жерлері, тарихи Отандарынан еріксіз қоныс аударған халықтар сталиндік репрессия құрбандары: корейлер, шешендер, ингуштар, болгарлар, гректер, немістер келіп пана тапты.** Каспий аймағы көптеген жер аударылған халықтардың туған отанына айналды. Саны жағынан басым болған корейлер мен неміс ұлт өкілдері болатын.

Жер аударылған корейлер Гурьев округына 1937 жылдың қазан және қараша айларында келді. Корейлерді Қазақстанға депортациялау екі

кезеңмен жүрді. Бірінші кезеңде корейлер жүктері түсірілген аймаққа уақытша қоныстандырылды. Депортацияның екінші кезеңі 1938 жылы көктемде басталды. 1937 жылы 2 қазанда Гурьев өлкелік атқару кеңесінің президиумі мен өлкелік партия комитетінің бірлескен бюросы өткізіліп, онда «Гурьев округына келген 2000 корей шаруаларын орналастыру туралы» қаулы қабылданды. Депортацияланған адамдарды орналастыру мәселесін шешу үшін арнайы комиссия құрылды.

Бюро қаулысына сәйкес Камынинге – 500, Каменныйға – 100, Пешнойға – 50, Сомовейге – 50, Забурынға – 200, Қаракөлге – 150, Советскийге – 200, Голощекинскийге – 50, Қараөзекке – 200, Ганюшкинге – 150, Новобогатқа – 150 шаруа қожалығы қоныстандырылды [3].

1937 жылы 8 қазанда Өлкелік атқару комитетінің президиумі мен комитет бюросы 2 қазандағы бірлескен қаулыға өзгеріс енгізе отырып, жаңа шешім қабылдады. Шешімге сәйкес: Теңіз ауданына – 500 (балық зауыттары: Забурынға – 120, Талапқа – 50, Қаракөлге – 130, Советскийге – 50, Голощекинге – 60, Ганюшкинге – 80); Жылыой ауданына – 270 (балық зауыттары: Қияқ балық зауыттарына – 150, Қараөзекке – 30, Жаршыққа – 10, 1-ші балық зауытына – 50, Жилая коса – 30); Есбол ауданына – 100 (Карманов, Топайлы, Зеленый, Өрлік); Гурьев ауданына – 660, (аралдар: Камынинге – 350, Каменныйға – 30, Пешнойға – 50, Сомивий балық зауытына – 5, Мұнай кәсіпшіліктері: Новобогатқа – 125, Жалтырға – 40, Қараөзекке – 20 отбасы, қалған 340 отбасы селолар мен ауылдарға орналастырылатын болды.

1937 жылы 2 қарашада Теңіз ауданына 1500 адамнан тұратын 321 шаруашылық келді. Келгендер ауданның балық зауыттарына жіберілді. Көптеген тұрғын үйлер әзір емес еді. Құрылыс материалдары қоныстанушылар келген күні ғана жеткізілді. Гурьев округына келген 1266 корей отбасы жұмыс істемей тұрған балық зауыттар мен Теңіз, Гурьев аудандары колхоздарына орналастырылды.

Атырау облыстық мұрағат қорының деректеріне корей шаруалары облыс ауыл шаруашылығына, балық шаруашылығына, өнеркәсіпке де үлес қосқаны туралы мағлұматтар кездеседі. Осы халықтардың ішінде Ұлы Отан соғысы кезінде еңбек етіп, жеңіске үлестерін қосқан Огай Но Ок, Тэн Алексей Федорович, Тэн Алексей Федорович секілді тыл еңбеккерлерін ерекше атап өтуге болады.

Огай Но Ок 1924 жылы Қиыр Шығыста Будановск селосында дүниеге келген, 1937 жылы Гурьев облысына жер аударылып, Махамбет ауданы Чкалов селосында ауыл шаруашылығына үлес қосқан тыл еңбеккері. Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбегі үшін бірнеше мәрте марапаттарға ие болаған [4].

Тэн Алексей Федорович 1925 жылы Қиыр Шығыстағы Буденоко селосында дүниеге келген. 1937 жылы ата-анасымен бірге Махамбет ауданындағы Чкалов ауылына көшіріледі. Соғыс жылдары Орск

химкомбинаттың құрылысына қатысады [5].

Сонымен қатар жер аударылған корейлер ауыр өндірістік салаларда да елеулі еңбек етті. Оған дәлел Атырау облыстық архивінде сақтаулы 1937 жылы Гурьев облысына жер аударылған және де сол кездегі қиын жағдайдың куәгері болған Ли Дя Хак естеліктері. *«Мен, Ли Дя Хак 1920 жылы Қиыр шығыстағы ауылдардың бірінде дүниеге келдім. Жеті жасымда ата-анамнан айрылып, әжемнің тәрбиесінде болдым. 8 және 9-сыныпты Владивостокта оқып жүрген кезімде саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болып, 1937 жылы Гурьевке келдім. Жер аударылып келгеннен кейін білімді жалғастырып, осы жерде еңбек жолын бастадым. 1942 жылы әскер қатарына шақырылдым, алайда мені еңбек армиясында қалдырып, «Казнефместрой» тресіне жіберді. Еңбек армиясында жағдай өте қиын болды, 20-24 сағат жұмыс жасап, 2 сағат қана демалдым»,* – деп Ли Дя Хак еске түсіреді [6]. Ол сонымен бірге ауыр жағдайға шыдай алмай тіпті өліп жатқан адамдардың да саны көп боланын көрсетеді. Олардың қатарында қазақтар, орыстар, поляктар болғанын да атап өтеді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында бастау алған тұтастай халықты күштеп жер аудару әміршіл-әкімшіл жүйенің ауыр қылмысының бірі бұрынғыдан сайын өрши түсті. Соғыс қарсаңында шекаралас аймақтарда тұратын іргелес жатқан мемлекеттер халқының өкілдері соғыс болған жағдайда олар өздеріне этникалық жақын халыққа қолдау жасауы мүмкін деген оймен ішкі аймақтарға жер аударылды. Осындай қудалауға ұшыраған ұлт өкілдері немістер еді. Немістерге облыс орталықтарында тұруға тиым салынып, шалғай аудандарға көшірілді. Кавказ жерлері басқыншылардың қол астында болған кезде *«немістерге қолдау көрсетті, өтіп бара жатқан неміс әскерлеріне жол ашты, қарақшылықпен айналысты, неміс агенттерін жасырды»* деп айыпталып, *«сенісіз»* деген айдар тағылды.

1941 жылғы партияның құпия бұйрығы бойынша Қазақстан мен Сібірге 1 млн 84 мың неміс жер аударылды. Соның ішінде Қазақстанға 420 мың неміс жіберілді. Немістерді Қазақстанның екі ғана облысы Батыс Қазақстан және Гурьев облысына қоныстандыру көзделді. Алайда Гурьев облысына немістер 1942 жылы желтоқсанда пайда болды. Мұрағат деректері бойынша 1942 жылы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 7 қазандағы №2383 қаулысына сәйкес олар еңбек колонияларының құрамында Еңбек майданына мобилизацияланды.

Ұлы Отан соғыс жылдарында немістер Каспий кәсіпшіліктерінде, «Казнефтаннефтекомбинат» бірлестігінде, «Казнефместрой» тресінің жобалау-құрылыс бөлімшелерінде жұмыс істеді. Сонымен бірге Сағыз, Ескене, Доссор, Байшоназ, Мақат, Құлсары, Қосшағыл кен орындарында қызмет атқарып, арнайы мұнай ұнғымаларын қазып, темір жолдарын салды. Олар Гурьев қаласындағы № 441 зауытының негізгі жұмыс күшін құрады. Мұрағат деректері бойынша 1943 жылы 15 қаңтардағы «Казнефместрой» еңбек еткен 3120 жұмысшы болса соның 425 немістер 87 ер адам, 344 әйел адамдар болған. Ал 1943 жылы 15 ақпанда олардың саны 919 ға жеткен. Атырау облысы мұрағат құжаттары бойынша 1943 жылы «Казнефтаннефть» жылдық есебіне сәйкес 1944 жылы 148 жұмыс күшінің 80% жер аударылған халықтан құралған [7].

Немістерді еңбекке тартудың арнайы ережелеріне сәйкес немістер зауыт пен өнеркәсіп орындарында, көпірлер мен жолдардың құрылысында, тасымалдау жұмыстарында, совхоздарда еңбек етті. КСРО тара-

пынан бюджеттен қаржы бөлініп, жер аударылған халықтарды орналастыру, керек-жарақпен қамтамасыз ету жерігілікті басқару органдарына жүктелді. Бірақ жер аударылғандардың саны көп және соғыс уақытының қиындығына байланысты билік тарапынан көмек мардымды бола қойған жоқ. Тұрғын үй жетіспегендіктен, қоныстанушылар өздері тұрғызып алған бір жертөледе 3-4 отбасы тұрып жатты. Мал таситын вагондарда адам төзгісіз жағдайда көшірілуі, жаңа жердегі ауа-райының қолайсыздығы, азық-түлік тапшылығына байланысты ашығуы, ауыр жұмыс көшірілген адамдардың көптеген бөлігін өлім-жітімге әкеліп соқтырды. Осы тұста соғыс тауқыметін тартқан қазақ халқы өз жағдайының ауыртпалығына қарамастан, зардап шеккендерге қол ұшын беріп, барын аямады. Бастарынан өткерген ауыр жағдайға қарамастан жер аударылған халықтар сұрапыл Ұлы Отан соғысы кезеңінде аянып қалмай, жергілікті халықпен бірлесіп еңбек армиясында тер төгіп, жеңіс үшін бар күш жігерін жұмсай білді. Жоғарыда айтылған дәйектер Ұлы Отан соғысы кезінде маңызды экономикалық аймақ болған Гурьев облысындағы мұнай өндіру заводтарындағы жер аударылған халықтың тылдағы еңбеккер ретінде атқарған қызметі айқын дәлел болады. Соғыс жылдарында Атырау алыстағы тыл болып саналғанымен еңбекшілер соның ішінде мұнайшылар, балықшылар, жер аударылған халықтар да алғашқы күндерден жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосты.

Биыл 9-мамыр 75 жылдығы тойланатын жеңіске ұлы батыр бабаларымыз, еңбегі өлшеусіз тыл еңбеккерлерімен қатар сол жылдары саяси-қуғын сүргін құрбанына айналған басқа ұлт өкілдері де өз үлестерін қоса білді. Гурьев облысының экономикалық және өнеркәсіптік әлеуеті соғыс жылдарында еңбек еткен азаматтардың арқасында өскен еді. Соғыс аяқталғаннан кейін олар өңіріміздің тұрғындарымен бірігіп, өңірдің экономикалық ахуалын көтеруге ат салысты. Ұлы Отан соғысы КСРО да өмір сүрген әрбір халықтың тағдырына өшпестей із қалдырды, жеңіс үшін әр түрлі ұлт болса да майданда да, тылда да, еңбек армиясында да бірігіп жеңіс үшін аянбай тер төкті. Ырысты өлке осы сұрапыл жылдары өлкенізге келген халықтардың бірнеше буынының қалыптасуына мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау» туралы N 2200 Заңында *«саяси қуғын-сүргіндер құрбандары ретінде сондай-ақ КСРО Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар да танылады»* деп айқындалған.

Заңның 3-бабына сәйкес саяси себептер бойынша елден аласталған, тұрған жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аулақтатылған (айдауға немесе жер аударуға жіберілген), арнайы қоныс аударылған, бостандығын шектеп еңбекке ықтиярсыз тартылған, сондай-ақ әкімшілік тәртіппен құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе шектеулерге ұшыраған, әкімшілік тәртіпте немесе сот емес органдар шешімдері бойынша психиатриялық мекемелерде емдеуге күштеп жатқызылған адамдардың бәрі ақталған адамдар деп жарияланады [8]. Сол кездерде саяси-қуғын сүргін құрбаны болған халықтар, қазіргі таңда елімізден пана тауып, Қазақстан Республикасының азаматына айналып, жаңа отанына бауыр басып, толыққанды еңбек етіп,

еліміздің дамуы үшін қызмет етуде.

1997 жылы Қазақстан Тұңғыш Президентінің жарлығымен 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күні болып бекітілді. Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады, 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген болатын. Әрине бұл сұрапыл саясаттың зардаптарын тек бір күн ғана емес, әрдайымда есте сақтауымыз керек. Ұлт үшін өмірін қиған алыптарымызды ұлықтау әр қазақтың міндеті деп есептеймін. Алайда, біз 1997 жылдан бері 31 мамыр саяси-қуғын сүргін құрбандарын еске алу күнінде ұлт зиялылары мен ашаршылықтан зардап шеккен халықтарды еске аламыз, алайда қуғын-сүргін арасында саяси күштеп жер аударылған халықтар елеусіз қалып жататыны жасырын емес. Қиын кезеңде ата-бабаларымыз асқан мейірімділік танытып, сол кезде өңірімізге қоныс аударған халықтарға бар көмегін беріп, бір үзім нанымен бөлісіп, тіпті жетім балаларды қамқорлығына алып, өз баласындай көре білді. Сондықтан да қазіргі тәуелсіз, бейбіт заманда аталарымыз бен аналарымыздың ізін жалғап, жеңіс үшін тер төккен жер аударылған халықтардың еңбегін бағалап, оларды құрмет тұту міндетіміз деп санаймын. Сұрапыл кезеңнің куәгері болған халықтардың ұрпақтары да ынтымақ пен таулықтың туын ешқашан жықпай, басты құндылық ретінде сақтап, ата-бабаларының тарихын құрметтеп, елімізді көркейтуге одан әрі үлес қосады деп сенемін.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о работе в тылу жертв политических репрессий во время Великой Отечественной войны, депортированных в Атыраускую область до и во время войны. В данной статье оцениваются работы в тылу наиболее многочисленных по количеству ссыльных корейцев и немцев в

Атырауской области. В архивных документах проанализированы статистические данные и использованы воспоминания тружеников тыла, таких как Огай Но Ок, Тэн Алексей Федорович, Тэн Алексей Федорович.

Ключевые слова: депортация, политические репрессии, труженики тыла, Великая Отечественная война.

The article tells about the work in the rear of the victims of political repression during the Great Patriotic War, exiled to Atyrau region before and during the war. This article evaluates the work in the rear of the most numerous exiled Koreans and Germans in the Atyrau region. The archived documents analyzed statistical data and used the recollections of rear workers, such as Ohai No Ok, Ten Aleksey Fedorovich, Ten Aleksey Fedorovich.

Key words: deportation, political repressions, rear workers, The Great Patriotic War.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қозыбаев М.Қ.** Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 1992.-272 б
2. **Алексенко А.Н, Алексенко Н.В, Қозыбаев М.К, Романов Ю.И.** Этноссы Казахстана. Астана:Елорда, 2001. -168 бет.
3. **Бердігожин Л, Титенов В.** Атырау этностары. Алматы 2015.-256 бет.
4. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. Қор 352, тізім 1, 1-іс, 2-бет.
5. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. Қор 352, тізім 1, 2-іс, 3-бет.
6. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. Қор 352, тізім 1, 3-іс, 2-бет.
7. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. Қор 1108. Тізім 1, 13-іс, 4-бет.
8. Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы заң 1993 жыл 14 сәуір <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930002200>

БАКУ МҰНАЙЫН АТЫРАУҒА ТАСУ ТАРИХЫ

(Ұлы Отан соғысы жылдарында)

Қабибек МҰХИТОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай
және газ университетінің доценті

1942 жылдың жазында Қызыл әскерді жанармаймен қамтамасыз ету ісі қиындап кетті. Себебі дұшпан әскерлері Краснодарды басып алып, Грозный мен Баку мұнайлы аудандарын орталықтан бөліп тастаған болатын. Сол кезде «Правда» газеті: *«Жау біздің еліміздің маңызды аудандарын басып алды. Олар біздің наннан, мұнайдан айырғысы келіп жүр. Олар біздің кеңестік оңтүстікті орталықтан кесіп тастап, тағы да жүздеген мың кеңес адамдарын құлға айналдырғысы келеді»*, – деп жазған болатын (1).

1942 жылдың шілде айынан бастап жау ұшақтары Астрахан қаласын бомбылай бастады. Еділ өзенінің жағалауында орналасқан Ильинка селосындағы мұнай базасы бүлінді. Мұнай сақтайтын 40 қойма істен шығып, 370 мың т. мұнай өнімі өртенді. Сталинградқа мұнай өнімін тасып жүрген кемелердің бірқатары жарамсыз болып қалды. Бұл кезде «Волготанкер» мекемесіне қарасты мұнай таситын 60 кемелің 10-ы ғана пайдаланылды. Майдан шебінің Астраханға жақындауы Еділ өзені бо-

йымен тасылып жатқан мұнай өнімдеріне қауіп төндірді.

1942 жылдың жаз айларында жаумен соғысып жатқан Қызыл әскердің жанар-жағар майы сарқыла бастады. Осыған орай, Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Грозный мен Бакудағы мұнай өнімдерін орталыққа жеткізуді талап етті. Сөйтіп, 1942 жылы 16 маусымда Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «Грозный мен Бакудағы мұнай өнімін дереу тасып алу жөнінде» (2), арнайы қаулы шығарды. Онда су транспорты мен теміржол транспортына мұнай өнімдерін Каспий теңізі арқылы жедел тасып алуды міндеттеді.

Баку мұнай өнімін Каспий теңізі арқылы Түрікменстандағы Красноводск қаласына жеткізіп, одан әрі темір жол арқылы Ашхабатқа тасуға кірісті. Ашхабатқа келген мұнай өнімдері Ташкент-Қызылорда-Ақтөбе-Орынбор теміржол желісі арқылы Сталинградқа жеткізіліп отырды (3). Бірақ, Красноводск қаласының теміржол желісі мұншама көп көлемдегі жүкті өткізе алмайтын еді. Сондықтан майданға қажетті

жанармайдың 50-60 пайызын ғана тасып үлгерді (4). Сонымен қатар, Красноводск арқылы тасу көп уақытты талап етті. Баку мұнайын Қызыл өскерге жеткізу үшін қысқа жол керек болды. Сол себепті мұнай өнімін түгел тасып алу үшін жаңа тұрақ іздеуі қажет болды. Осы кезде Кеңес үкіметінің басшылары Гурьев қаласына көңіл аударды. Себебі, Каспий теңізінің солтүстік жағалауында Астрахан мен Гурьевтен басқа қалалар жоқ еді. Оның үстіне Гурьев қаласы майданнан алыс болды, әрі 1935 жылы іске қосылған Каспий-Орск мұнай құбыры жұмыс істеп тұрды. 1939 жылы жылына 250 мың т. мұнай өткізе алатын, ұзындығы 10 км. болатын Гурьев-Ширина мұнай құбыры салынды. Бұл құбыр арқылы Ембі мұнайы Ширина мұнай базасынан Каспий теңізі арқылы Еділ бойындағы мұнай өңдеу зауытына тасылып отырған. Енді осы мүмкіншілікті пайдаланып, Кавказ мұнайын тасып алу қажет болды.

1942 жылы 13 сәуірде Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «Пешной аралына мұнай құбырын салып, оны Гурьев-Орск мұнай құбырымен қосу және Гурьев портын салу» деп аталатын қаулы шығарды.

Сәуір айында, Үлкен Пешной аралына кеме жақындап келе алатын болу үшін теңіз түбін тереңдету мақсатында қазу жұмыстарын жүргізе бастады. Қанша қазса да теңіздің түбі онша тереңдемеді. Бір ай тынымсыз қазылса да небәрі бір жарым метрге ғана тереңдетілген екен. Осыған орай ауыр баржылардағы мұнай өнімін тасып алудың басқа жолдарын қарастыра бастады. Сол үшін ауыр баржыларға тиелген жанар майды тайызда жүзе алатын кішігірім кемеге ауыстырып құйып, Үлкен Пешной аралына алып келу керек деп шешті. Сонымен қоса теңіздің тайыз жерлеріне межешам орнатып кемелерге жарық беріп тұру үшін кезекші ұстау қажет деп шешті (5).

1942 жылы 18 мамырда Гурьев облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті барлық құрылыс ұйымдары басшыларымен біріккен кеңес өткізеді. Онда мұнай айдау құбыры мен теңіз порты құрылысының жұмысын талқылады. Облыс басшылығы жұмыс қолының тапшылығына қарамастан, бұл құрылысқа 1400 адам және 200 арба жұмыс көлігін бөледі өзіне міндеттеме етіп алды. Балық консерв комбинаты маңынан жұмысшылар тұратын тұрғын үй мен өндірістік және мәдени-ошақтарының мекемелері үшін 4000 шаршы метр жер бөлінді (6).

Үлкен Пешной порты мен құбыр құрылысы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің назарынан тыс қалмады. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Каспий теңізі арқылы тасылып жатқан мұнайдың жағдайын күнде біліп отырды. Сол кезде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің өкілі, Қызыл өскерді жанар-жағар маймен қамтамасыз ету басқармасы бастығының орынбасары болған полковник С.М.Бланк атыраулық тарихшы Қабидолла Досқалиевпен әңгімелескенде: «Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің бірде-бір мәжілісі Ширина туралы әңгімеге соқпай кеткен жоқ. Бұл объектінің құрылысы Сталинград қорғаушыларын керек-жарақпен қамтамасыз етудегі мәселелердің маңыздысы болды», – деп ерекше атап көрсеткен екен (7). Сөйтіп, бұл нысан өзінің маңызы жағынан басқа да мемлекеттік маңызы бар нысандармен қатар тұрды.

Шұғыл басталған құрылыс жұмысы небәрі 15 күн ішінде аяқталды. Осы уақыт ішінде Гурьевтен Ширина мұнай базасына дейін ұзындығы 7 км болатын темір жол тармағы салынды. Мұнай базасында салынған темір жолдың екі жағына мұнай құятын эстакадалар орнатылды. Ол эстакада бір жарым сағат ішінде 1000 тонна мұнай өнімін құя алатын еді. Ширинадағы мұнай айдайтын стансаға бу жіберіп тұру үшін паровоздар тұйығы салынды. Сонымен қоса, мұнай құятын стансаға 8 моторлы 2 сорғы орнатылды. Құрылыс алаңы мен мұ-

най құбыры желісінде жұмыс тәуліктің 24 сағат бойы жүргізілді. Екі мың жұмысшы және инженерлік-техникалық қызметкерлер 30-35 адамнан бригада құрып алып, үздіксіз мұнай айдап отырды. Бұл жұмысқа Орынбор темір жолы басқармасына қарасты Орск темір жол құрылысының бастығы С.К.Мирошниченко басшылық жасады. Қызмет барысында Ж.Жүнісов басқарған бригада ерекше көзге түсті. Гурьев портында 450 жүк түсіруші болатын. Олардың көбі майданнан келген мүгедек адамдар еді. Дегенмен, олар өздеріне берілген жежені артығымен орындап жүрді. 28 қазақтан құрылған екі бригада өздерінің күндік мөлшерін 150-200 пайызға орындаған екен.

Бұл құрылысқа барлық республиканың жұмысшылары атсалысты. Мұнай құбыры құрылысына Мәскеуден 30 жоғары білікті дәнекерлеуші келді. Астрахандықтар 113 дәнекерлеу агрегатын, 5 трактор мен 8 автокөлік және құм, цемент, қиыршық тас, бетон араластыратын машина, электр құрал-жабдықтар мен дәнекерлеу агрегаты сияқты құрылыс материалдарын бөлді.

Астраханнан құрылыс материалдарын таситын жүзбелі транспорт құралдары жеткізілді. П.Н.Кубышин басқарған теңіз агенттігі рейсінің оперативті аппараты бар «Донбасс» дебаркадері келді. Астрахань теңіз агенттігінің оперативті тобы өзінің барлық флоты мен Гурьевке көшірілді. 1942 жылдың тамызында бұл агенттікте 4 су буксирі, 6 рейд баржысы, «Волгатанкер» буксирі мен 22 өзен баржысы болды. Сөйтіп, 1942 жылдың күз айларына дейін мұнай таситын 100 кеме көшіп келген екен (8). Олардың ішінде «Громов», «Киров», «Руднев», «Щорс», «Федосеенко» сияқты артиллерия қондырғысы бар канонерлік қайықтар болды. Олардың келуі Гурьевтің әскери-теңіз базасын біршама нығайтып тастады.

Гурьевке қарасты «Рейдтанкерге» тайызда жүзе алатын «Волготанкердің» 9 кемесі мен 166,9 мың т жүк таси алатын 21 баржысы берілді (9). Сонымен қоса, Астраханда жиналып қалған кемелердің бәрін Гурьевке жіберуге шешім қабылдады. 32 сүйрейді, 6 жолаушы таситын, 42 мұнай таситын кемелермен қоса 14 құрғақ жүк таситын баржы және жүк қабылдайтын 2 қалқымалы док жеткізілді. Олар Гурьевке 98 мың т. мұнай өнімін, 200 қорғанысқа қажетті құрал-жабдықтар мен 35 мың эвакуацияланған адамдарды тасыды. Сонымен қоса, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің тапсырмасымен сиымдылығы 5 мың т. болатын 8 метал мұнай сақтайтын қоймалар алып келді (10).

1942 жылы 19 тамызда Алматы оттегі зауыты 400 оттегі баллонын, 6 т карбит, 0,5 т сұйық шыны мен 500 т битум бөліпті. Құрылыс жұмысына Астрахан мен Бакудан 650 жоғары білікті маман келді. Мақашқаладан ені (диаметрі) 250 мм болатын 1 500 болат құбыры жеткізілді (6).

Құрылыстағы жұмыс күні-түні тәулігіне 24 сағат бойы бірдей жүргізілді. Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің саны 1500 адамға жеткізілді. Мәскеуден 30 жоғары мамандығы бар дәнекерлеуші, Астраханнан 13 дәнекер агрегаты, 5 трактор, 8 автотомашина, 150 арба әкелінді.

1942 жылдың қазан айынан бастап жау авиациясы Каспий теңізімен Гурьевке мұнай тасып келе жатқан керуендерді бомбалай бастады. Осыған орай теңізбен мұнай тасу ісі қиындап кетті. Сол себепті ендігі жерде оны түнде ғана таситын болды. Әсіресе, баржылармен тасылып келген мұнай өнімдерін Гурьевтегі темір жол тұйығына жеткізу қиын болды. Бұрын портқа тұтыну үшін небәрі 5-8 мың тонна жанар май тасылып келетін. Оның өзі аз көлемде ғана мұнай таси алатын шағын баржылармен тасылатын еді. Ал 1942 жылдың қыркүйек айынан бастап желтоқсан айына дейін Баку мен Махачқаладан 326 мың тонна мұнай өнімі тасылынып әкелінді. Оның 154 мың тоннасы қыркүйек айында ғана болатын.

Гурьевтегі резервуарлық парктің сыйымдылығы өте аз болатын. Сондықтан барлық жүкті темір жолмен тасып алып кеткенге дейін оны Астраханнан эвакуацияланып келген баржыларда сақтауға тура келді. Бұрын баржылар жағаның тайыздығы себепті Форт-Шевченкоға тасылынып әкелетін. Енді бірден теңіз баржысына айдалды. Баржылар жаға тайыз болғандықтан мұнайды жартылай ғана құйып алып өзенінде жүзи алатын кемелерге жеткізіп беріп отырды. Бұл шағын кемелер болса ол мұнайдың үштен бірін ғана құйып алып, Жайық өзенінің бойымен Ширинадағы мұнай базасына жеткізіп отырды. Базаға жеткізілген мұнай өнімдері темір жол тұйығында орналасқан цистерналарға құйылып, Гурьев-Қандыағаш, одан әрі Қандыағаш-Орск темір жолы желісімен Орск қаласына тасылды. Баржылардың аздығы мен танкерлердің жетіспеуі, қарапайым сүйреткіштің тапшылығы біраз қолбайлау болды (11).

Осымен қоса, мұнай өнімдерін құбыр арқылы тасымалдау ісі жүзеге асты. Ол үшін алдымен, Бакуден тасылып келген мұнай өнімдерін Үлкен Пешной аралына жеткізіп, сол жерде мұнай сақтайтын қоймаларға құйып алды. Сөйтіп, оны жана майды құбыр арқылы бірден Ширинаға айдап отырды. Ширинаға жеткізілген соң оны Каспий-Орск мұнай құбыры арқылы Орск қаласына айдады. Осы мақсатта, Ширина мұнай базасындағы мұнай құятын стансаға 8 моторлы күші 140 квт сағат болатын сорғы орнатылды. Электр энергиясын мұнай базасына жақын тұрған Гурьев балық консерв комбинатынан тартқан екен.

Өзен флотының Гурьевке орналастыруына Өзен флоты Халық Комиссары Г.В.Харитонов басшылық жасады (12). Олардың үлесіне Гурьев пен Баутин порттары мен Каспий теңізі кеме жөндеу базасын салу сияқты күрделі міндет тиді. Олар Жайық өзенінің Каспий теңізіне құятын сағасын тереңдету жұмыстарымен айналысты. Бұл үшін Астрахан қаласынан «Сормово», «ВКХ – 5», «М.Горький», «СК – 4», «Волжский – 2» жер қазу техникасы әкелді. Сөйтіп, 1942 жылдың жазында канал жарты метрге тереңдетілді. Мұның өзі құрылыс жұмыстарының аяқталуына қарамастан Гурьевте орта тоннажды баржыларды қабылдауға мүмкіндік берді.

Қазақ халқының жанқиярлық ерлігі мен кеңес халықтарының көмегі нәтижесінде бұл маңызды нысан мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Сөйтіп, 1942 жылы 10 тамызда Кавказ мұнайы Гурьев арқылы майданға аттанды (7).

1942 жылы 28 тамызда Сталинград шайқасы қызған кезде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасының орынбасары, генерал-майор А.В.Хрулев Гурьев облыстық партия комитетіне: «...5-6 күннен кейін сіздерге мұнай құйылған шанылар (цистерналар) келеді. Тәулігіне 300-400 шанылардан кем мұнай құйылмасын және 10-15 күн ішінде оны 1000-1200 цистернаға дейін жеткізіңдер. Бұл өте қажет!», – деген жедел хат жіберді (13).

Үлкен Ширина аралығындағы мұнай айлағының аяқталуына байланысты 1942 жылдың қараша айында Гурьев-Қандыағаш темір жолмен 4 623 шаны (яғни 4 790 043 тонна) мұнай, Каспий-Орск мұнай құбыры арқылы 32 800 тонна мұнай өнімі жөнелтіліпті. Сөйтіп, Сталинград шайқасы жылдарында қызыл әскерді мұнай өнімімен қамтамасыз етуде Гурьев мұнай қабылдау тұрағының үлес салмағы 32%-ға өскен екен (7).

Гурьев еңбекшілері майданды жанар-жағар маймен қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіндікті пайдаланды. Тек, 1942 жылдың қараша айында Гурьев мұнай базасынан темір жол арқылы 4723 цистерна, яғни 47 943 т., ал мұнай құбыры арқылы 32 800 т. мұнай өнімдері жөнелтілді. Мысалы, 1942 жылдың тамыз айына дейін Каспий теңізі арқылы Гурьев қаласына бір-

де бір тонна мұнай тасылмаған болса, келесі жарты жылда Сталинград майданына жеткізілген жанар-жағар майдың 11 пайызы осы Гурьев қаласы арқылы өткен екен (11, 125-б.).

Мұнай трассасы неміс-фашистерінің әскери басшылығының назарынан тыс қалмады. Жау авиациясы Каспий теңізімен Гурьевке келе жатқан мұнай тиелген кемелерді бомбалай бастады. Тек қана қыркүйек айының өзінде ғана Гурьевке 6 рет «Юнкерс» деп аталатын жау ұшақтары ұшып келіп, Ширинаны бомбалағысы келді. Бірақ олардың бұл ойы жүзеге аспай қалды. Сөйтіп, 100 кг. фугастық бомбасын мұнай сақтайтын резервуарлардан бір шақырым қашықтыққа тастап кетті (8).

Осыған орай, мұнай керуендерін тек түнде ғана тасымалдауға мәжбүр болды. Әсіресе, теңізбен келген мұнай өнімдері тиелген баржыларды Гурьев портына жеткізу ісі өте ауыр болды. Бұл құрылыс өзінің әскери маңызына байланысты Гурьев қаласымен бірге соғыс жағдайына көшірілді. 1942 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Гурьев облысында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің пункті құрылды. Оның төрағасы болып Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Д.Бекжанов тағайындалды.

1942 жылдың қыркүйегінде жау ұшақтары ұшып келіп, Үлкен Пешной аралындағы мұнай айдау стансасын, Ширинада орналасқан мұнай сақтайтын қоймаларды және мұнай құбырын бомбалауға ұмтылды. Бірақ, кеңес әскерлерінің ұшақтары мен әуе шабуылына қарсы күштері олардың бұл пиғылын жүзеге асырмады.

Жанар-жағар майды тасымалдау үшін шандарды (цистерналарды) сумен тасу әдісі қолданылды. Баку қаласына келген шандарды дөңгелектерінен шешіп, суға түсіріп, оларға бензин құйып, кемелерге сүйретіп жіберіп отырды. Үлкен Пешной аралына келген соң әлгі шандарға дөңгелектерін қайтадан жалғап, оларды темір жолмен майданға жіберді. Ұлы Отан соғысы жылдарында 16 млн. т. жанар-жағар май пайдаланыпты. Олардың 3 млн. Гурьев-Орск мұнай құбырынан айдалған екен.

Осылайша, мұнай құбырының құрылысшылары Ұлы Отан соғысы жылдарында майданды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету міндетін абыроймен орындады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Правда», 1942, 20 сентябрь; Доскалиев К.Д., «Из истории строительства Гурьевского порта и нефтепродуктового трубопровода транспортного комплекса». //Известия АН КазССР, №2, 1982 г. стр. 43.
2. Очерки истории Астраханской партийной организации. Волгоград, 1971, стр. 427.
3. **Кормилицин М.И.** «Армии нужно горючее» //Вопросы истории. №12, 1969 г., 117-132 с., стр. 125.
4. **Бланк С.М.** «Нефтяной мост», Простор, 1971, №5, стр. 36.
5. **Широкорад А.В.** «Каспий-русское озеро». М. 2007. Глава 25.
6. **Доскалиев К.Д.** «К вопросу об укреплении ближнего тыла Сталинградского фронта». Известия АН Каз ССР. Серия общественная, 1971, №2, стр. 74.
7. **Доскалиев К.Д.** «Из истории строительства Гурьевского порта и нефтепродуктового трубопровода транспортного комплекса». //Известия АН КазССР, №2, 1982 г. стр. 44.
8. **Белан П.С.** «Казахстанцы в битве на волге», А-А, 1990, 350 стр., стр. 267.
9. РГАЭ, ф. 9469, Оп. 6, Д. 24, л. 14, 19
10. Советский речной транспорт в Великой Отечественной войне. — М.: Воениздат, 1981. — 328 с., стр. 199.
11. **Кормилицин М.И.** «Армии нужно горючее» //Вопросы истории, №12, декабрь 1969 г., стр. 117- 132, стр. 127.
12. Волгари в боях за Сталинград. (Статьи, воспоминания, очерки). /Сост. Кантор А.А., Тажуризин А.Т., Сталинград: Кн. изд-во, 1961. - 186 с., стр. 27.
13. «Простор», 1970, стр. 79.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: саяси ахуалдың ұлттық қыры

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
ҚР Білім және ғылым министрлігі
ҒК Мемлекет тарихы институтының
қызметкері, саяси ғылымдардың докторы

90-жылдардың басында республиканың экономикалық жағдайы нашарлап кетті. Өндіріс құлдырап, ақшаның құнсыздануы тоқтамай қойды. Республикада ұлттық табыс пен еңбек өнімділігі төмендеді. Халық тұтынатын тауарлардың бағасы үш есеге дейін өсті. Бұл әлеуметтік ахуалды шиеленістіріп жіберді. Осыған ұқсас үдерістер Кеңес Одағының құрамында болған басқа республикаларда да жүріп жатты [1].

Қазақ Кеңес Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мәселелерді сараптай келе одақтас республикалардың жеке-жеке өз бетінше дағдарысты еңсеруге шамасы келмейтінін жақсы түсінді. Оны тек ортақ экономикалық кеңістік, егемен мемлекеттер қауымдастығы шеңберінде ғана шешуге болатын еді. Бұл бағытта Алматыда 15 республика басшыларының қатысуымен экономикалық қауымдастық туралы Шарттың негізгі қағидаттары айқындалды. Олар әуелі сол Келісімді парафирледі де. Нәтижесінде сол республикалардың 10-ы Келісімге қол қоюға келісті. Бұған қол жеткізудің өзі оңайға түскен жоқ. Дәл осыдан барып Қазақстанда Президентті жалпыхалықтық сайлау өткізу арқылы сайлау қажеттілігі күн тәртібіне қойылды. Өйткені басқа республикалардың біразында 1991 жылы өз президенттерін сайлап алса, ал кейбіреулерінде мемлекет басшыларын көп ұзамай сайлайтындары жөнінде шешім қабылданған болатын [1].

Қазақстанда президент сайлауын өткізудің өзіне тән себептері де бар еді. Қоғам өз дамуының жаңа кезеңіне көшті. Нарық экономикасына бет бұру экономикалық және саяси жаңа қадамдар жасау керектігін тудырды. Өйткені еркін бағаның енгізілуі, жекешелендірудің жағымсыз тұстары мен жұмыссыздықтың пайда болуы талықсытпалы шаралар қолдануды талап етті. Елдегі ахуалдың ары қарай өрбуі тұрғындарға жақпайтын шешімдер қабылдауға әкеліп соғатыны анық еді. Ендеше бұл экономикалық үдерістерді дамыту үшін оған тиісті саяси қолдау көрсету қажеттілігі пайда болды. Оның бірден-бір жолы – бүкілхалықтық президенттік сайлау өткізу [1]. Халықтан реформа өткізуге мандат алған президент қана нарықтық қайта құруларды жүргізіп, тұрғындардың барлық топтарының мүддесін қорғауға мүмкіндік алар еді. Сөйтіп, президент халықтың сеніміне ие болып, мемлекеттік саясатты батыл жүргізу арқылы Қазақстандағы салыстырмалы түрдегі болса да бар біршама тұрақтылықты сақтап, барлық жауапкершілікті өз мойнына алатындығына деген сенім пайда болды.

Президенттік билік институтын енгізудің келесі себептерінің бірі – Қазақстанның көп ұлтты мемлекет болғандығы еді. Президент болып сайланған адам сонымен бірге еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстардың қолдауына ие болып, елдегі жағдайды тұрақтандыруға күш салуы керек болды.

1991 жылдың басындағы ақпараттарға қарағанда республика тұрғындарының ұлттық құрамы мынадай болды: қазақтар – 39,7 %, орыстар – 37,8 %,

немістер – 5,8 %, украиндар – 5,0 %, өзбектер мен татарлар – 2 % -тен, беларустар мен ұйғырлар – 1,1 %-тен, корейлер – 0,6 % және басқалары – 4,9 % [2]. Көріп отырғанымыздай, қалыптасқан демографиялық ахуал мемлекеттің аман қалуының басты шартының біріне айналды. Бұл республикада этносаралық қайшылықтардың түйінді мәселеге айналып кету мүмкіндігін көрсетті және оны іс жүзінде әлеуметтік, экономикалық дамудың барлық салаларында ескеру қажеттілігі туындады. Сонымен қатар этносаралық қатынастар мәселесін қоғамның тоталитаризмнен нарық экономикасына ауысуына байланысты зерттеудің маңыздылығын Мәскеу жақсы түсінді [3]. Оның үстіне 1986-1989 жылдарда «ұлттық бірлік» айрықша сынға түсіп, ұлт саясаты қатты соққыға ұшырады. СОКП ОК-нің кадр саясаты республикада өрескел бұрмалаушылықтарға әкеліп, қоғамдық бірлік қыл үстінде тұрды [4].

Аталған кезеңде КСРО-да қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси ахуал Мәскеудегі орталық билікті алаңдатпай қоймады. Кеңестер Одағында сонау 1980 жылдардың орта шенінен басталған жаппай тоқырау үдерісі басталды. Жетпіс жыл бойы үстемдік құрған әкімшілік-әміршілдік жүйе мен коммунистік партияның үстемділігі әлсіреп, оның негізі шайқала бастады. Жантәсілім алдында тұрса да, коммунистік басқару жүйесі қолындағы тізгіннен айырылып қалмас үшін орын алып отырған жағдайды насырға шаптырмау мақсатында өртүрлі амал-әрекеттерді қолдануға тырысып бақты. Әрбір республикада арнайы сарапшылар тобы жұмыс істеп, олардағы жағдайды зерттеп, сараптауға, оған баға беруге, дәл осы жылы қызу талқыға түсіп жатқан жаңа Одақтық келісім жайында аймақтардағы халықтың пікірін білуге ұмтылды. Ондағы ойлағандары Одақ құрамындағы республикалардың қоғамдық өміріндегі болып жатқан үдерістер туралы біртұтас пікір қалыптастырып, ахуалды тұрақтандыру еді.

Осындай қоғамдық пікірді сұрау жұмысы Қазақстанда 1990 жылдың аяғы мен 1991 жылдың алғашқы айларында ұйымдастырылды. Бұл сараптамалық бағалауды жүргізуге тікелей мұрындық болуды Кеңестер Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетінің ұлттық саясат бөлімі өз мойнына алды. Бұған республиканың барлық аймақтарынан сарапшылар тартылды. 80 сарапшының арасында 35 қазақ, 22 орыс, 6 неміс, бес-бестен украиндар мен корейлер, екі-екіден беларустар мен ұйғырлар және татар, күрт, шешендерден бір-бір өкілден болды. Олардың 12-і республикалық, 60-ы облыстық деңгейдегі қызметкерлерден тұрса, ал қалғандары басқа қоғамдық ұйымдар мен мекемелерден болды. Сарапшылардың көпшілік бөлігін партия қызметкері (26) мен кеңес және мемлекеттік мекемелердің (21) өкілдері құрады. Сонымен қатар сауалнама парағын 13 зиялы қауым, 10 құқық қорғау өкілдері, 7 шаруашылық басшысы және 3 зейнеткер толтырған [2].

Бір көңіл аударатын нәрсе сарапшылардың дербес құрамын қалалық, облыстық партия коми-

теттері мен республикалық партия ұйымының Орталық комитеті анықтады. Ал сауалнама парағын толтыру аталған партия ұйымдарының ғимараттарында КОКП ОК қызметкерлерінің қатысуымен жүргізілді. Оған Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитеті мен Алматы қалалық, Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Жезқазған, Қостанай, Талдықорған және Орал облыстары партия комитеттері өкілдері де тікелей араласты. Сарапшылар республикадағы жағдайды 16,5 миллион қазақстандықтардың ұлттық, әлеуметтік және партиялық-саяси топтарының ұстанымы тұрғысында бағалауы керек болды [2]. Кеңес Одағының болашағы сол дәуірдің басты мәселесіне айналғаны анық еді. Сарапшылардың да жауаптары осыны дәлелдеп берді. 1991 жылдың 11 ақпанындағы зерттеудің нәтижелері бойынша дайындалған есепте көрініс тапқан сарапшылардың пікірі бойынша Қазақстанда тұрып жатқан халықтың көпшілігі уәкілетті Орталығы бар егемен республикалардың Одағын, яғни жаңартылған Одақты қолдаған көрінеді. Сонымен бірге тұрғындар біртұтас, әкімшілік-аумақтық бірліктері бір орталықтан басқарылатын, дербес мемлекеттік құрылымдары болмайтын мемлекеттік құрылысты қаламайтындықтарын және Мәскеудің ендігі жерде республикалардың мүддесін ескермей әрекет етуіне қарсы болатындықтарын да байқатқан. Сол сияқты олар Орталығы әлсіз және дәрменсіз қайсыбір мемлекеттер бірлестігі болғанды да қостамады. Әлеуметтік сауалнаманы ұйымдастырушылар республикалар мен Орталықтың мүдделерін үйлестіретін түбегейлі идеяларды осы Одақтық келісімге кіргізуді мақсат етті [2]. Одақтық келісімді қолдаушылардың басында Қазақстанның коммунистік партиясы, комсомол, «Невада-Семей», Қазақстанның социал-демократиялық партиясы, «Қазақ тілі» ұйымы, өндірістік орталықтардың Жұмысшы қозғалысы, «Возрождение» болды. Бұл жұмыста, әсіресе, «Единство» мен партия клубтары ерекше ынталылық көрсетті. Ал өкілетті Орталығы бар егемен республикалар Одағына және Орталықтың қатысуымен қол қойылатын Одақтық келісімге «Азат», «Алаш» және «Желтоқсан» ұлттық бағыттағы қоғамдық ұйымдар қарсы тұрды [2]. Осындай өзгерістер тұсында пайда болып немесе өз жұмыстарын жандандыра түскен қоғамдық бірлестіктер арасында жаңа Одақтық келісімге ниеттестік білдіргендеріне Компартия арқа сүйеп, олармен тұрақты түрде диалог орнатуға, ымыраға баруға да дайын тұрды. Ал Социал-демократиялық партиясы және «Қазақ тілі» қоғамымен болса байланысты кеңейтуді ойластырды.

Сол жылдары Қазақстанда болып жатқан қоғамдық үдерістер серпінді дамығанын және өз арнасына азаматтардың жаңа топтарын тарта бастағанын атап өткен жөн. Сондықтан қазақстандық қоғам барынша саясаттанып, орнықты қалыптасып келе жатқан әртүрлі мүдделер төңірегінде топтасып, солардың негізінде саяси партиялар, құрылымдар мен қозғалыстар дүниеге келе бастады. Және бұл жаңа үрдістер КСРО аумағында бұрынғы көрініс тапқан ахуалға мүлдем ұқсамайтын, ең бастысы, коммунистер мен қалың бұқара халықтың еті үйреніп қалған әдеттегі жағдайы болмай шықты. Мәселен, коммунистік партия қоғамдағы жетекшілік жағдайын бұрынғыша сақтап отырғанына, барлық деңгейдегі Халық депутаттары кеңестеріне шешуші ықпал жасау мүмкіндігін әлі де болса жоғалтпай отырғанына қарамастан, ол енді бұдан бұлай республиканың қоғамдық өмірі мен оның саяси сахнасына жаңа партиялардың, саяси бірлестіктердің шығып келе

жатқанын ескеруге мәжбүр болды. Ол саяси күштердің кейбіреулерінің республика өмірінде елеулі рөл атқара бастағандықтары оларға жіті қарауды талап етті.

Шиеленісе бастаған саяси күрес жағдайында Коммунистік партияның республикалық ұйымы өзіне одақтас іздеуді, олармен бірлесіп атқаратын істері төңірегінде ойлана бастайды. Алайда қоғамдық-саяси ахуалдың өзгеріп кеткендігі соншалық, жоғарыдағы шаралар жеткіліксіз болып шықты. Өйткені оған алдымен қарама-қарсы көзқарасты ұстанатын партиялар мен қозғалыстарға қатысты қағидатты бағдарын айқындап алу қажет болды. Олардың кейбірі тіптен теріс пиғыл танытып, автономиялық саясат жүргізуді (казактардың «Возрождение» партиясы), ал оның экстремистік бөлігі Орал облысын Қазақ КР құрамынан шығаруға шақырды. Орыс казактарының бұл ұйымы бүкіл өмір салтын әскери құрылым дәстүріне негізделе дамытуға тырысты [2].

Ал «Азат», «Алаш» және «Желтоқсан» ұлттық қоғамдық-саяси бірлестіктері болса, Қазақстанның КСРО құрамынан шығуының қажеттілігін, республикалардың Орталықтың қатысуынсыз бір-бірімен тікелей келісімге келуін жақтады. Бұл партиялар КОКП XXVIII съезінің ұлт мәселесіне байланысты қарарына қарсы болды, КСРО Жоғарғы Кеңесіне, КСРО Үкіметі мен Қазақ КСР Үкіметіне қарсы тұруға да дайын екендігін көрсетті [2].

Зерттеу нәтижелері бойынша КОКП ОК Ұлттық саясат бөлімі сол кездегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани өмірдегі туындаған күрделі жағдайда Қазақстан Коммунистік партиясының қызметіне деген талаптардың өскендігін атап көрсетті. Ол енді қоғамда болып жатқан өзгерістердің тамырын дөп басып, тұрақты түрде зерттеу жүргізіп, халықтың шынайы көңіл-күйін біліп отырудың қажеттілігін ескертті. Орталық партия билігі республиканың партия ұйымынан саяси жұмыстың пәрменділігін арттырып, толыққанды Орталығы бар жаңартылған егемен республикалардың Одағын құру бағытында еңбек етуге кеңес берді. Сонымен бірге өз қорытындыларында конфедерацияның мәнін, Қазақстанның КСРО құрамынан шығуының дұрыс еместігін, оның территориясында автономия құрудың, сол сияқты қоғамның «Түркістан» федерациясын құру бағытына түсудің «орынсыз» екендігін халыққа түсіндіруді ұсынды [2].

Мұндағы Мәскеудің көздегені жаңа ахуалдан қорытынды жасап, партияның жұмыс тәсілін өзгертіп, оның іс-әрекетінің бағдарламасына түзету енгізу еді. Сөйтіп барып осы шаралар арқылы барлық деңгейдегі партия ұйымдары мен комитеттерінің қалың бұқара арасындағы саяси жұмысының тиімділігін арттырып, олардың ықпалдылығын күшейту мақсат етілді. Ол тек қана Қазақстан Коммунистік партиясының жүргізіп отырған саясатының маңыздылығынан ғана емес, ол сол кездегі өзектілігі арта түскен ұлт саясаты сияқты өткір мәселеден де көрініс тапқаны анық. Ал оның ар жағында аймақтарды өз ықпалында ұстап, уысынан жібермей, қайткен күнде де Кеңестер Одағын сақтап қалу мақсаты тұрған еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Архив Президента РК ф.7, оп.1, д. 1571, лл.1, 2, 3.
2. Архив Президента РК ф. 708, оп.139, д. 3155, л. 1-2, 11, 12, 13.
3. **Нысанбаев А.Н.** Философия взаимопонимания. - Алматы, 2001. - 544 с. - С. 292.
4. **Сұлтанов Қ.** «Елбасы және Қазақ Мемлекетігі» / Қ.Сұлтанов. - Алматы, 2015. - 488 б. - С. 241-242.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕГІ С.НҰРМАҒАМБЕТОВТІҢ РӨЛІ

Болат САЙЛАН,
 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих,
 археология және этнология факультетінің
 профессоры, тарих ғылымдарының докторы,
 Ақтолық РАЙЫМБЕК,
 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология
 және этнология факультетінің 1-курс магистранты

Егемендік пен аумақтық тұтастық – кез келген елдің бірінші кезектегі және ажырамас белгілері. Қаншама қиындықтар арқылы қол жеткізген осы жеңістерімізді сақтау және қорғау мықты Қарулы күшті талап етеді. Қазіргі таңда еліміздің Қарулы күштерінің уақыт талабына сай қарқынды дамып, осы дәрежеге жеткеніне Елбасымыз Н.Назарбаевтың және оның басшылығымен тағайындалған еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің қажырлы еңбегін атап өтуіміз қажет. Сол кезеңде нақты қойылған міндеттер мен тиімді қабылданған шешімдер нәтижесінде Қазақстанның Қарулы күштері қазіргі күнде республиканың аумақтық тұтастығын бекем қорғап келеді.

Тәуелсіз елдің Қарулы күштерін құруға үлкен ықпал жасаған белгілі тұлға, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің ерен еңбегін көпшілік біле бермейді. Осы мақсатта жүргізілген зерттеулер де тапшы. Алайда бұл оның жеке армия қалыптастырудағы қызметі ел тарихы үшін аса маңызды екендігін өзгертпейді.

Сағадат Нұрмағамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Қосым ауылында дүниеге келген. Әкесі Қожахмет дүние есігін ашпаған перзентіне Сағадат есімін (араб тілінде тыныштық, бейбітшілік) қойып өмірден өтеді. Жеті жасында Сағадат анасынан да айырылады [1, 7-б.]. Әкенің де, ананың да орнын баса білген, жалғыз ағасы Сағитты да сұм соғыс Новгород түбінде алып кетеді. «Сағит ағамды ерекше жақсы көруші едім. Ұзын бойлы, қара көзді, мейірімді күлкісі анама қатты ұқсайтын» [2, 17-б.], – деп үлкен жылылықпен есіне алатын. Жақын адамдарынан өте ерте айырылған Сағадат тез есейіп, жастайынан еңбекқор әрі өжет болып өседі. Алайда мұғалім боламын деген арманына соғыс біржолата кедергі болады. 17 жасқа енді толған ол майдан даласына өз еркімен баруға бел буады. Бірнеше рет жасы жетпегеніне қарамастан, ол 1942 жылы алдымен әскери училищеге, 1 жылдан соң Қызыл Армия қатарына қабылданады. Мұрғаб жазығы, Байрам-али қаласындағы (Түркіменстан) Түркістан пулемет училищесін бітіреді. «Сенейін бе, сенбейін бе, мен – офицермін. Отбасымда да, тегімде де офицер болмаған. Мен – алғашқысымын. Әрине, мен мұнымен мақтандым», – деп Сағадат Нұрмағамбетов өзінің соғыс жылдарындағы өмірін еске алады [3, 37-б.]. Соғысты көзімен көріп, ажалмен бетпе-бет келген Сағадат Нұрмағамбетов шайқасқа жүріп, соғыс тактикасын, әскери тәртіпті меңгеруге тырысады. Қатар жүрген сарбаздардың оққа ұшып, қыршынынан қиылғанын көрген Сағадат Нұрмағамбетовке майдан даласында тек сабыр мен берік мінез көмектеседі.

Осы соғыс жылдарындағы ерлігі үшін Сағадат

Нұрмағамбетовке 1945 жылы 21 жасында Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. 1946-1949 жылдары Сағадат Қожахметұлы Мәскеудегі Фрунзе атындағы Әскери академияны бітіріп, Орта Азиядағы Түркістан әскери округінде полк басқарады. Сағадат Нұрмағамбетов қорғаныс саласында жүріп, үнемі біліктілігі мен білімін арттырып отырған. 1950-1989 жылдары Азаматтық Қорғаныс штабының бастығы, Венгриядағы оңтүстік әскер тобы бастығының бірінші орынбасары секілді жауапты қызметтерді атқарады.

Мемлекет өз қорғанысын қамтамасыз етпей, тәуелсіздігін ұзақ уақыт сақтап қалуы екіталай. Осы ретте бар күш-жігерін елінің қорғанысына, біртұтас күш болуына жұмсаған Сағадат Қожахметұлының еңбегі ерен. Азаттыққа қол жеткізген, алайда жеке қорғанысты қамтамасыз етуді қажет ететін сол кезеңді ол өзінің «Мой передний край» [2] еңбегіндегі «Республиканың егемендікке қол жеткізуі мен жеке армияның құрылуы» бөлімінде толық суреттеп береді. Барлығына белгілі, Қарулы күштердің құрылуы Кеңес Одағының құлауымен тығыз байланысты. Сол кезеңде жоғарғы әскери басшылар өз қызметтерінен босатылды. Бұл, әлбетте, бұрынғы ортақ Отанымыздың Қарулы күштеріне кері әсерін тигізді. 1991 жылдың қыркүйегінде КСРО Қорғаныс министрлігіне қайта тағайындалған авиация маршалы Е.Шапошникке одақтық республикалардың әскери ведомства өкілдеріне жиналыс өткізу ұсынылды. Қазақстан өкілі Сағадат Нұрмағамбетов болып тағайындалды. Жаңа министр жиналғандарға – әскери округ шекараларын қайта қарау, әр республикада өз Қорғаныс министрлігі мен комитетін құру, тәртіптік бөлімді қайта құру, барлық қашқындарды амнистиялау, генералдық лауазымды қысқарту мәселелерін қарастыруды ұсынды. Тұрасын айтқанда, қайта тағайындалған Қорғаныс министрінің бұндай мәлімдеме жасауы өте кеш еді. Себебі, көптеген мемлекеттер өз егемендіктерін жариялаған, ал Балтық жағасындағы мемлекеттер жиналысқа мүлдем өкілдерін жібермеген еді. Сонда Сағадат Нұрмағамбетов: «Одақтық республикалар арасындағы қол қоюға дайындалған келісім шарттары бұзылған жағдайда қандай әскери округ шекаралары жөнінде сөз болуы мүмкін? Кеңес Одағы тұтас мемлекет ретінде жойылғанда қашқындарды қалай амнистиялауға болады? Сондықтан менің тарапымнан бұл қарсы шығу емес, мәселенің шынайы жағдайын көрсету. Бізге тұтас армияны қалай сақтап қалу жөнінде ойлану қажет», – деп бұл тезистерге қарсы шықты [4, 6-7-бб.].

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін Сағадат Нұрмағамбетов 1991 жылы 25 қазанда Президент Жарлығымен Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің төрағасы, ал 1992 жылдың мамырында

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда одақтық республикалар басшылары кездесуі ұйымдастырып, бұл жиналысқа Сағадат Нұрмағамбетов те қатысты. Жиналыста көптеген саяси және экономикалық мәселелер қарастырылды. Ең негізгісі армия тағдырын емес, стратегиялық ядролық күшті шешу еді. Сол кезеңде ядролық қару Ресейде, Украинада, Белоруссияда және Қазақстанда болды. Сағадат Нұрмағамбетов: «Қазақстанның алдында ядролы немесе ядролы емес мемлекет болу мәселесі көлденең тұрды, 16-17 сағаттан жұмыс жасадық. Қазақстанның ядролық қаруға қатысты қандай шешім қабылдайтынын аса үлкен зейінмен қадағалап отырған елдерге біз: «Барлық ядролық державалар Қазақстанның егемендігін, шекарасының біртұтастығын мойындаса, Қазақстанға шабуыл жасамау туралы кепілдік берсе еліміз ядролық қарудан бас тартады» деген шарт қойдық», – деп есіне алады [5, 15-б.].

Тұңғыш Президенттің «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру» туралы 1992 жылдың 7 мамырдағы Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасы территориясындағы барлық әскери бірлестіктер, құрамалар, бөлімдер, мекемелер, ұйымдар, полигондар, сақтау базалары, қоймалар, жылжымалы және жылжымалы емес әскери мүліктер Қазақстан Республикасы құзыреттілігіне алынып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер құрамына енгізілді. Қазақстан Республикасы территориясындағы дислокацияланғандардың барлығын қабылдап алуға Сағадат Нұрмағамбетовке үш ай мерзімінде уақыт берілді [4, 8-б.].

Қазақстан әскерінің құрылуы «таза парақтан» басталды және Қорғаныс министріне өте үлкен мәселелерді шешу қажет болды. Қысқа ғана уақытта Қарулы күштерді басқару жүйесі құрылды. Әскери басқару органдары тапшы болып, осы саладағы дайындалған мамандардың жетіспеушілігі байқалды. Орталықтанған жүйенің құлауы салдарынан, әскердің қаржылық, материалды-техникалық және медициналық қамтамасыз етілуін қайта құру қажет болды. ТМД елдерінде ұлттық армиялардың құрылуы себебінен офицерлердің тапшылығы байқалды. Бұл әскери кадрларды дайындаудың жеке жүйесін құруды талап етті [6, 13-б.].

Қазақстан Республикасының егемендікке енді ғана қол жеткізген тұстағы әскери күші туралы Сағадат Нұрмағамбетов: «Иә, жаңадан құрылғалы тұрған Қарулы күшімізге қажетті мамандарды қайда даярлаймыз деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз, Ресейдің Генералдық штабымен Республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады. Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицер әскери академияға, 250-300 офицер әскери училищеге оқуға қабылданатын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбісі қазіргі кезде генерал, бастық болды. Академияға қазақтың офицерлерін тартып отырып оқуға жіберген едім. Алғашында қиындық болар, кейін олардың барлығы елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды...», – деп пікір білдірген [5, 15-б.].

Сол кезеңде президент аппаратының Қорғаныс бөлімінде меңгеруші болып қызмет еткен полковник, әскери ғылымдар докторы Ким Серікбаевқа Сағадат Нұрмағамбетов: «Ким інім, маңайыңа жақсы жігіттерді жинап, қорғаныс ісінің келешегі мен әскеріміз мығым

болуы үшін қажетті құжаттарды жаз. Бізге әскери докторина керек. Мен әскери практика жөнінен жұмыстанайын, сен әскери теория барысын бекемде. Сөйтіп, еліміздің қорғанысын нығайтайық», – деп егемендікке қол жеткізген тұстағы алғашқы қадамдарды белгілеген [7, 7-б.].

Егер бастапқы кезеңде негізінен ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізілсе, келесіде Қарулы күштер өзінің негізгі қызметі – әскери дайындықпен айналысты. Мақсатты түрде әскери оқу-жаттығу жұмыстары өткізілді. Сонымен қатар, халықаралық әскери және әскери-техникалық серіктестік қатар дамып отырды [6, 14-б.].

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерін құрудағы алғашқы ұйымдастырушылық кезең (1992-1994) жеке армияны қайта құру, ядролық қарудан бас тарту, маманданған кадр жетіспеушілігі, әскерді толық қамтамасыз ету, әскери қызметтің құқықтық базасын қайта құру, көршілес елдермен дипломатиялық қатынастар құру сынды күрделі мәселелермен сипатталады. Осындай күрделі кезеңде Қарулы күштердің тізгінін ұстаған Сағадат Нұрмағамбетов иығында үлкен жауапкершілік тұрды.

Ауған соғысының ардагері, генерал-майор Мұрат Қалматаев: «... сонау тоқсаныншы жылдары, еліміздің Қарулы күштері қиын кезеңді бастан кешкенде Сағадат Нұрмағамбетов әскерімізді дағдарысқа ұрындырмай, өзінің әскери реформатор тұлға екенін танытты. Ол қандай қызметті атқарса да қазақтың «Ұлық болсаң – кішік бол» деген аталы сөзін жадынан шығармағанын білемін», – деп, әскери қайраткер тұлғалығын тағы бір қырынан толтырады [8, 15-б.].

Тәуелсіз елдің Қарулы күштерін құрудағы ерен еңбегі үшін Сағадат Нұрмағамбетовке 1993 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Армия генералы» әскери атағы берілді. Ал 1994 жылы 23 мамырда «Халық Қаһарманы» және №1 «Алтын Жұлдыз» қоса тапсырылды [9, 5-б.]. 1995 жылы армия генералы лауазымында құрметті демалысқа шыққанымен, өмірінің соңына дейін Президент кеңесшісі болып қызмет атқарды. Сағадат Нұрмағамбетов жас ұрпақтың тәрбиесіне де әрқашан мән беріп отырған, сол себепті әскери тәртіп, ерлік, батылдық жөнінде құнды өсиеттерін қалдырған. Ол – соғыс жылдарын, әскери өмірді суреттейтін «Лицом к огню» (1984 ж.), «Мой передний край» (1995 ж.), «А в памяти нет тишины...» еңбектерінің авторы.

2013 жылы 24 қыркүйекте Кеңес Одағы батыры, армия генералы, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов 89 жасында дүниеден өтті. Өз өмірін тек армиямен байланыстырған Сағадат Нұрмағамбетов әріптестерімен өзінің жауынгерлік тәжірибелерімен бөлісіп, сарбаздарды, сержанттарды, офицерлерді батылдық пен ерлікке баулып отырды. Сондай қасиеттердің ең маңыздысы – адал жолмен жүруді үйретті.

1999 жылы Астана қаласындағы «Жас ұлан» республикалық мектебіне тәуелсіз еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі Генерал Сағадат Нұрмағамбетов есімі берілді. Бұл оның жауынгерлік және қайраткерлік қызметінің жоғары құрметке ие болғандығын көрсетті [8, 15-б.].

Сол себепті, тәуелсіз Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылған Сағадат Нұрмағамбетов есімі ел есінде. Оның соғыс жылдарындағы ерлігі, Қазақстан Қарулы күштерін құрудағы еңбегі, артынан қалдырған өнегелі өсиеттері Қазақстан халқы, соның ішінде жас ұрпақ үшін үлкен тарихи маңызға ие болып қала береді.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена работе первого министра обороны Республики Казахстан, генерала армии Сагадата Нурмагамбетова по созданию Вооруженных сил независимой страны.

The article is devoted to the work of the first Minister of Defense of the Republic of Kazakhstan, Army General Sagadat Nurmagambetov in the creation of the Armed Forces of an independent country.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Тобагабылов Т. Сагадат Нурмагамбетов. Очерк. «Жазушы» – 1966. – 28 б.

2.Нурмагамбетов. С.К. Мой передний край. – Алматы: Ана тілі, 1995. 224 с.

3.От огненных лет до суверенной армии. Сагадат Нурмагамбетов. Сборник мемуарных произведений. – Алматы: Издательский дом «Жибек жолы», 2005. – 544 с.

4.Нурмагамбетов С.К. Первые шаги Казахской армии // Бағдар-Ориентир. – 2002. – N 2. – С. 6-11

5.Сағадат Нұрмағамбетовтің өсиеті // Бүркіт. – 2006. – N 4. – 14-15 бб.

6.А.Тасбулатов. 10 лет на страже независимости Республики Казахстан // Бағдар-Ориентир. – 2002. – N 2. – С. 11-21

7.А.Грибанов. Сагадат Нурмагамбетов: «А в памяти нет тишины»//Вечерний Алматы. 2013. – 26 сентября. – С.7

8.Сағадат Нұрмағамбетов // Дала мен қала.– 2013.– 26 қыркүйек (№39).–15-б.

9.Сағадат Нұрмағамбетовтың өмірі мен қайраткерлік қызметі туралы мәліметтер // Қазақ. – 2016. – 6-13 мамыр (№18/19). – 5 б.

ОТАНЫНА АДАЛ ҰЛ: Жақыпбек батырдың ерлік іздері және тың деректер

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
ҚР БҒМ Ғылым комитеті Мемлекет тарихы
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты



Бұл мақала Кеңес Одағының Батыры Жақыпбек Махамбетовтың майдан даласындағы ерлік іздеріне арналады. Ол (1912-1981) 5 наурыз күні Қызылорда облысы Сырдария ауданының №9 ауылында дүниеге келген. Сырдария аудандық Әскери комиссариаты 1942 жылы Қызыл Армия қатарына қабылдаған.

Кейбір мәліметтерде 1943 жылы әскерге қабылданған, Далалық майданда әскери қызмет жасады деген қате дерек жазылған. Ол Воронеж майданының 52-армиясының 254-ші атқыштар дивизиясының 933-ші атқыштар полкының пулеметшісі болған және түрлі әскери операциялар аясында ұрыстарға қатысты. Бұдан әрі батырдың тағдырына қатысты мәліметтер ҚР Орталық мемлекеттік архиві және РФ ҚМ Орталық архиві қорындағы жоғарыда аталған дивизия мен полкке қатысты бұрын құпия болып келген архив құжаттарына сүйене баяндалады және ғылыми айналымға алғаш еніп отыр. Батырдың жеке қорында Әскери комиссариат рәсімдеген Марапат қағазындағы мәлімет бойынша батырдың аты-жөні: Махамбет Жабек. Аға сержант. Ұлты – қазақ. БК(б)П мүшесі, Білімі – 6 кл. Кеңес Одағының Батыры атағын алғаннан кейін 1944 жылы 20 маусымда кіші лейтенанттар даярлайтын курсқа жіберіліп, оны аяқтайды. «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалінің және «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері. КСРО

Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылдың 22 ақпанындағы Жарғысымен Жақыпбек Махамбетовке Кеңес Одағының батыры атағы беріліп, оған қоса «Ленин ордені» және «Қызыл Жұлдыз» медалімен марапатталды.

Жақыпбек Махамбетов туралы алғашқы деректер легі Олег Кожухарьдың «Мухамбетов Жакипбек», «Сыр елі энциклопедиясы» негізінде (www.wikipedia.org.kz) қысқаша өмірбаяны, облыстық аудандық газеттерде мәліметтер берілді. Сол сияқты құрметті ұстазымыздың бірі Қадыр Әмзеевтің «Ауылым сұлу Сырдың жағасында» кітабында батыр туралы «Сыр бойы» газетінде 1975 жылдың 22 ақпан



күні жарияланған мақаланың, 1992 жылдың 7 қазаны күні «Сырдария» газетінде жарияланған Шажанбаев Сыздықтың және Байбосынов Елеместің, Өтеген Жаппархановтың естеліктері негізінде жазылып, бүгінгі жас ұрпақ Жақыпбек батырдың бейнесін үлгі тұтарлықтай мәліметтер берілген. Алайда құжаттар тапшылығынан батырдың майдан даласындағы ерлігі, шайқасқа түскен орны, әскери қозғалыстар бағыты белгісіз болып келді.

Расында ешкім батыр болып дүниеге келмейді. Оның көзін көрген замандасы Өтеген Жаппарханов батырлыққа апаратын батылдықтың сырын сұрағанда: Жақыпбек батырдың Отанға деген махаббаты, ауыл ақсақалдарының ақ батасы және еңбекқорлығы деген екен. Ендеше, қандай заман болмасын адамшылықтың бастау көзі: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету болып қала береді.

Соғыс тарихындағы батырларымыздың тағдыры

мен олардың жүріп өткен іздерін толыққанды зерделеу – біздің парызымыз. Алайда тарихи деректер қолжетімсіз. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына қатысты мұрағаттық деректердің басым көпшілігі, оның ішінде ұлттық әскери құрамаларға қатысты құжаттар әлі де 2045 жылға дейін «құпия» грифте тұр. Бұған қарамастан ізденіс жұмыстары жүргізіле берілетіні сөзсіз. Бұл күнделікті ақпарат, баспасөз беттері мен ғылыми зерттеу жұмыстарынан көрініс беруде.

Жақыпбек жетімдіктің дәмін татып, соғысқа дейін он алты жыл трактор жүргізген. 30 жасында өз еркімен сұранып, майданға аттанады. Ол нағыз сарбаз, елін сүйген ер болатын. Өзінің майдан даласынан жолдаған хатында ел-жұртына былайша уәде береді: «Менің көзім көріп, аяқ қолым сау тұрғанда, соңғы дұшпан жойылғанша ұрыс даласын тастамауға ант етемін». Ол уәдесінде тұрып, 1944 жылдың өзінде майдандас достары мен әскери басшылық тарапынан «Батыр» атағына қоса, «Ұлы Дала ұлы» ретінде мойындалады. Екінші дүниежүзілік соғыста стратегиялық маңызға ие болған Днепр үшін шайқаста ерлік көрсетті. Алайда ол операциялардың маңызы мен қатері қарапайым жауынгерлер түгілі, дивизия қолбасшылығына да белгісіз болыпты. Бұл әскери операциялардың мақсаты мен барысы тек Жоғарғы Ставка және армия қолбасшыларына мәлім ері «құпия» ұсталды.

Жақыпбек батырдың әскери қызмет атқарған атқыштар дивизиясы тарихынан: Соғыс тарихында 254-ші атқыштар дивизиясы – Қызыл Тулы Ленин және Суворов, Кутузов, Б.Хмельницкий орденінің иегері, Черкаскілік дивизиясы деген құрметті атағын қоса алған Қызыл Армияның әскери құрамасы еді. Аталмыш дивизия бес орденмен марапатталған жеті дивизияның бірегейі болатын. Сол сияқты Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар саны бойынша да дивизия бірінші орын алды. Бұл – дивизия жауынгерлерінің жанқиярлықпен шайқасқанын көрсетсе керек. Ж.Махамбетов 1942-1943 жылдардағы ұрыстарда ерекше жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» ордені және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. 1942 жылдың 12 желтоқсанында 933-ші атқыштар полкының әскери құрамы: үш атқыштар батальонынан (286 адам) және автоматшылар (32 адам) ротасынан тұрған, ал 1943 жылдың 10 қазанындағы дивизия мәліметі бойынша 1011 адамды құраған.

254-ші атқыштар дивизиясы (бұдан әрі – АД) 1941 жылдың 5 шілдесінен 1945 жылдың 15 мамыры аралығында Қызыл Армия құрамында шайқасты.

Соғыс жылдары жауынгерлік ерлігі үшін 6800-ден аса сарбаз ордендер және медальдармен марапатталса, олардың ішінде 59 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Дивизияның 13 жауынгері III-дәрежелі Даңқ орденінің иегері. Соңғы архив деректеріне сәйкес, 933-ші атқыштар полкы құрамында Днепр үшін шайқаста көрсеткен ерлігімен көзге түскендер арасында кіші сержант Жақыпбек Махамбетовты қосқанда он екі жауынгер, КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының 1944 жылдың 22 ақпанындағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағын алғаны мәлім болды. Жақыпбек Махамбетов қазақ батырларының ерлік рухын Днепр үшін шайқаста тағы бір рет жаңғыртты.

Отанының адал ұлы

Күн сәулелі Қазақстанның Ұлы дала ұлы Жақыпбек Махамбетов соғыс басталысымен майдан даласында болды. Әскери өмірінің алғашқы күнінен-ақ өзінің Отан-анаға шексіз адалдығын, оған деген терең де ыстық махаббатын көсетті. Әрбір ұрыста өзінің өзгеше қайсарлығы мен ержүректілігін көрсете білді. Айбынды ерлігі мен батылдығы үшін Жақыпбек Махамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол үш орденмен марапатталған. Біздің бүкіл халқымыз Жақыпбек Махамбетовтей ержүрек патриотымызбен мақтануға құқығы бар. Біздің бөлімнің жеке құрамы толықтай Жақыпбектей көзсіз батырды тәрбиелеген ата-анасына шын жүректен рақымат айтады және таза жауынгерлік жүректен ризашылық білдіреді. Сол сияқты біз Қызылорда облысының бүкіл еңбекшілеріне майдан даласында жүрген бізге хат жолдауларыңызды өтінеміз, сіздердің хаттарыңыз тағы да жауынгерлік ерлік жасау үшін бізді шабыттандыратын болады.

**Саяси бөлім бастығының орынбасары, капитан Г. Дектярев
Әскери пошта 72428 –х.**

Днепр үшін шайқас: батырдың ерлік іздері

Курск шайқасынан кейін қарсыластар Кеңес әскерін жеңудің күрделілігін ішкі түйсіктері арқылы сезінгенмен, өздерінің майдан шебіне одан әрі қорғаныс жасай, тактикалық жағынан басымдылық бере нәтижеге жеткісі келді. 1943 жылдың тамызы мен желтоқсаны аралығында Жоғарғы Бас қолбасшылық Ставкасы басшылығымен кеңес әскері Украинаның сол жағалауын, Донбассты азат етіп, Днепрдің оң жағалауына өту мақсатында, бірнеше бағытта біртұтас қорғаныс және қарсы шабуыл операцияларын жүргізді. 1943 жылдың тамызының ортасына қарай Кеңес әскері қарсы шабуыл операцияларын жалғастыра түсті. Алайда соғыс тарихы көрсеткендей бұдан кейін қарсыластардың стратегиялық жағынан ешқандай нәтижелі жеңіске қолдары жетпеді. Немістердің әскери қолбасшылығының шешімі бойынша дұшпан әскері кеңес әскері күшіне тосқауыл болатын көптеген бекіністер салып, Днепрді қалай болғанда да ұстап қалғысы келді. Тиісінше Кеңес Одағының Бас Қолбасшысы жау қолына түскен территорияны қалайда жедел қайтаруды мақсат тұтты. Сондықтан да кеңес әскері басты қарсы соққы беру бағытын стратегиялық өндірістік маңызы бар, оңтүстікке бұрды.



ВорМ жедел ақпарат бөлімінің есеп картасы (29.9.43 ж. - 1.10.1943 ж.).

1943 жылдың 26 тамызы күні Смоленск мен Азов теңізі аралығында кеңес армиясының армия генералдары К.К.Рокоссовский, Н.Ф.Ватутин, И.С.Конеv, Р.Я.Малиновский, Ф.И.Толбухин қолбасшылығындағы бес (Орталық, Воронеж, Далалық, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік) майдан дивизияларының құрамындағы 2,5 мыңнан аса адам және әскери күштері қатысқан қарсы шабуыл ұрыс қимылы басталды. Бұл операцияға 36 жалпыәскери, 4 танк, 5 әуе күштері армиясы қатысқан болатын. Алайда қарсыластар күші де әлсіз емес еді, ербір қала мен деревняны азат ету үшін жан беріп жан алатын ауқымды ұрыс жүргізілді.

Дұшпан әскерлері шегінген күннің өзінде бұрынғы орналасқан қалалары мен бекінген бекініс биіктіктеріне гарнизон әскерін қалдырып отырды, кеңес әскері кірген сәтте-ақ тиісінше олар кедергі келтірді, кеңес әскерлерінің алға жылдам жылжуларына мүмкіндік бермеді. Осылайша қыркүйек айының басына дейін итжығыс тұрғыда қос тарапты ұрыстар жүргізілді. Осы уақытта кеңес әскеріне Орталық майдандағы қарсы шабуыл шебінде қарсыластардың Днепрге ұмтылған дұшпан әскері майданының орналасқаны және олардың қорғаныссыз қалған шебі белгілі болады. Тамыз айының ортасында Орлов-Брянск бағытында Великий Луктан Қара теңізге дейінгі майданда кеңес армиясының қарсы шабуыл операциялары жалғаса түсті. 7-тамызда батыс бағыттағы қарсыластардың «Орталық» армиясының сол қанатына қарсы Батыс майданы, осыдан бір аптадан кейін оған Калинин майданының сол қанаты қосылып шабуыл жасады. Гитлер 11 тамызда қорғаныс аймағында стратегиялық мәні бар (Шығыс дуалы) құрылысын салу туралы бұйрық шығарады. Бұл дуал Керчь бұғазынан Молочная өзені аралығында, Днепрдің орта ағысы мен Сож өзенінен Гомельге дейін, одан әрі Оршь, Витебск, Невель, Псковтың күнбатыс бетіне және Чуд көлінің теріскейінен Нарва өзені аралығын қамтыды және ұстап қалғысы келді. Днепрдің орта ағысы мен Сож өзенінде жеке көпір жанынан бекініс салу қарастырылды. Бірақ қарсыластар күші Днепр өзенін «кері ағыза алмады».

1943 жылдың мамыр айының соңында 52-ші армияның 254-ші дивизиясы Воронеж түбіндегі темір жол бойына орналастырылды. 1943 жылдың 5 маусымына қарай 254-ші дивизия құрамы толықтырылып, Төменгі Ведуги ауданында жинақталды және оқу-жаттығу жүргізілді. 1943 жылдың 3 тамызы күні Воронеж майданы Далалық майдан әскерімен бірігіп, Белгород-Харьков бағытында қарсы шабуыл жасауға көшеді. 5 тамызда 69-шы және 7-ші гвардиялық армиялардың құрамалары Белгородты алады. 1943 жылдың тамыз айының ортасында Днепр үшін шайқас басталды. Бұл Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік майданы әскери күштері қатысқан Донбасс операциясы болатын. Ставканың талабы бойынша Оңтүстік-батыс майдан әсері Днепр шебіне жау әскерінің бекуіне жол бермеу керек болды, ал қарсыластар болса әскери күштерін оң жағалауға көшіріп, сол жерде қорғаныс орнатып кеңес әскерінің алға жылжуына кедергі жасау жоспарын құрды. 23 тамызда Харьков азат етілді. 26 тамызда Орталық, Воронеж, Далалық майдан әскері қарсы шабуыл операциясын бастады.

1943 жылдың 4 қыркүйегінде 254-ші дивизия әскері

Зеньково ауданында қорғанып жатқан дұшпан әскеріне қарсы шабуылға көшті де Үлкен Пожарня, Перелески, Зеньковоның оңтүстік-батысындағы Хмаровка етегінің шебіне қарсы шабуыл жасады. 6 қыркүйек күні қаланы азат ету үшін болған ұрысқа қатысып, кері шегінген қарсыластар ізіне түседі. 1943 жылдың 9 қыркүйегінде 254-ші дивизия әскері Боркиге басып кіреді.

1943 жылы 9 қыркүйекте жылдам әрі табанды түрде су кедергілерін бағындырып ерекше көзге түскендерге Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы ЖБҚ Ставкасының директивасы шығады. Кеңес әскері дұшпан қорғанысын жедел түрде бұзып өтеді және осы сәтте қарсыластардың Киев және Донбасс бағытында қорғаныссыз екі шебі пайда болады. 15 қыркүйекте неміс қолбасшылығы Днепрден шегінуге бұйрық бергенімен, ол жерге кеңес-герман майдан шебінің солтүстігі мен орталық бөлігінің әскери күштері, сол сияқты Батыс Еуропадан дивизиялар келе бастады.



52-армия әскерінің орналасуы. Воронеж және Далалық майдандардың Днепрден өту мақсатындағы қарсы шабуыл операциялары. 25.8–30.9.43 ж. «933 ап.» әскери бөлімі.

1943 жылдың 16 қыркүйегінде 254-ші дивизия әскері Псел өзенінен өтеді де 17-18 қыркүйегінде Сорочинца және Миргород қалаларын азат етуге қатысады. Ал 20 қыркүйекте Великий Богачканы алады, бұдан кейін қарқынды жылдамдықпен жүре отырып, дивизия Золотоноша қаласын азат етуге қатысады, 26 қыркүйекке қарай Бубноская Слободка, Домантово ауданында Днепр жағалауына шығады. Нәтижесінде, кеңес әскерінің Чернигов-Припятск операциясы барысында 21 қыркүйекте Чернигов азат етілді.

1943 жылдың 29-нан 30 қыркүйегіне қараған түні 254-ші дивизия жауынгерлері Россь өзені сағасының қарсы бетінен Днепрден өтеді, дивизияның оң қанатына 93-ші атқыштар дивизиясы, сол қанатына 138-ші атқыштар дивизиялары орналасып, 2 қазанға қарай арtpолктан өзгесі толық құраммен Каневск плацдармын жаулап алады. Қыркүйек айындағы үш аптаға созылған қарсы шабуыл жауынгерлердің аса үлкен шығынымен қатар жүргізілгені мәлім. Дұшпан әскерінің Донбассты ұстап қалу және Днепр өзені бағытына кеңес әскерінің өтуіне тосқауыл қою жоспарлары орындалмады. Мүмкін де емес еді.

Дегенмен, қарсыластар 1943 жылдың 10 қазанында танктердің қолдауымен жаяу әскерді қарсы шабуыл жасап, кеңес әскерінің 254-АД-ның дивизион бөлімдерін Днепр өзенінің шығыс жағалауына ығыстыруды жоспарлады. Бұл сәтте 254-ші атқыштар дивизиясы қарсылас

дұшпан әскері күшіне тойтарыс беру мақсатындағы даярлық жұмыстарын жүргізу үшін, өздерінің орналасқан әскери шегінде уақытша қорғанысқа көшеді. Қызыл Армия әскері 1943 жылдың 23 қазаны күні Мелитополь, 30 қазанда Геническ азат етіліп, оңтүстік жағалаудағы плацдармды алып, Сиваш шығанағы жағалауына шықты. 5 қарашаға қарай Днепрдің солтүстік жағалауы дұшпандардан тазартылды [3].

1943 жылдың 16-17 қазаны аралығында 254-ші дивизия қолбасшылығы алдына қойылған міндет: Днепр өзенінің батыс жағалауындағы плацдарм шегін кеңейту, Крещатик хуторын азат ету үшін шешуші қарсы шабуыл жасау және сол жерде бекініс құру еді. Қарсылас дұшпан әскери қолбасшылығы болса, өздерінің орналасқан әскери шебін табанды түрде қорғау болатын.


Қос тараптың әскери күштер ара салмағы:

	254-ші АД	Қарсыластар күші
Әскери құрамы	1250	1650
Ст. пулеметтер	11	12
Қол пулеметтері	42	23
Минометтер	45	44
ДА Қондырғылары	47	36
ТҚҚ Қондырғысы	9	28
Танктер	4/ жөнделінбеген «Т-70»	28
Зеңбірек оғы шығыны	1900 дана (17.10.43 ж.)	

254-ші дивизия әскері 1943 жылдың қазан айында толықтай Каневск плацдармында ең ауыр қорғаныс ұрыстарын жүргізеді, тек 17 қазанда ғана дұшпан әскеріне қарсы шабуылға көшеді, Крещатик селосын азат етеді.

Крещатик үшін қанды шайқас

Крещатик – Украинаның Черкасск облысы Черкасск ауданындағы жау әскері басып алған ауылдың атауы. 254-атқыштар дивизиясының 936-шы атқыштар полкының екінші атқыштар бригадасының бір взводы, Оступ көлінің теріскей күншығысындағы қарсыластарды тойтару үшін барлық күшімен солтүстік хутор түбегі мен Плавучий түб. Күнбатысындағы Безымянный түбегіне шығады және сонда бекінеді. 1943 жылдың 17 қазаны күні таң ата 254-ші атқыштар дивизиясының плацдарм шегін кеңейту мақсатындағы жүргізілетін әскери қимылын жүргізу үшін және қазанның 16-сынан 17-не қараған түні 933-ші атқыштар полкының өзеннен өтуіне даярлық жасалды. Дивизияның корпус бойынша шығарған бұйрығына сәйкес шабуылды 16 қазанда 14.00 сағатта бастау талап етілді. Осы бұйрықты орындау барысында 929, 936-шы атқыштар полктары (бұдан әрі – ап) қарсы шабуылға көшті. 16 қазанның екінші жартысында 929 және 936-шы полктар дұшпанның қарсылығына жолығып, бораған оқтың ортасында дұшпанның шабуылына қарсы тұрды. Полктар құрамындағы 24 жауынгерінен айырылды және 56 жауынгер жараланды. Алға жылжыды. 16 қазанның 21.00-22.45 сағат аралығында қайық пен арқан арқылы 936 ап-ның 1-ші атқыштар бригадасы толықтай Россь өзені арқылы өтті. Түнгі 2.00 сағатта 2-ші атқыштар бригадасы өтті, оларды байқап қалған дұшпандар 81 мм минометпен жеті рет атқылады.



254 А. Әскери бөлімдерінің орналасуы.

Таңғы 4.00 сағатта Крещатиктің күнбатыс бетіне шығып қарсыластарды атқылаған сәтте, тұтқиылдан жасалған шабуылға жау әскерінің есі шығып қару-жарақтары мен техникасын және Крещатикті тастап қаша жөнелді, үйлерге ене ұйықтап жатқан дұшпан солдаттары мен офицерлерін қарулары ұшымен түйреп, атып тастады. Таңғы 5-те бірінші атқыштар бригадасы үлкен шығынмен аймақтың күншығыс бетіне шықты. Крещатикте қалған қарсыластар әскері де естерін жинай, кеңес жауынгерлерін атқылай бастады. Ұрыстың бірнеше ошағы пайда болды.

Бірнеше сағаттан соң 17 қазан күні 11.30 сағатта өздерін ретке келтірген қарсыластардың 100-ге жуық адамнан тұратын жаяу әскері 4 танктың қолдауымен 933-шы атқыштар полкының 1-ші батальонын атқылап, оларды Крещатиктің батыс бөлігіне ығыстыра жөнелді. Крещатикті ұстап қалу үшін 1/933 атқыштар полкы танкке қарсы оны жоятын құралдары болмаса да дұшпанға қарсы ұрысқа шықты. Үздіксіз қарсылық жасаған 1/933 ап және 2/936 ап-ның батальондары үлкен шығынға ұшырағандықтан, Крещатиктен ығыстырыла бастады. Осы сәтте ұрыс қимылындағы бөлімдердің оң қапталын көлегейлеген 2/933 ап-ы қорғаныс шегін құрды. Қараңғы түскенде 2/933 ап-ның командирі, аға лейтенант Голубев ешкімнен рұқсат сұрамай орналасқан майдан шебін тастап, батальонын Россь өзенінің күнбатыс жағалауына кері қайтарып әкетеді. Ол осы әрекеті үшін Әскери трибунал сотына беріледі. Алайда, кеңес жауынгерлерінің дені жан-алысып жан берісті.

Дұшпанға қарсы шабуыл нәтижесінде олардың 400-ге жуық солдаттары мен офицерлері өлтірілді және 7 танк, 7 қондырғысы, 6 жүк машинасы, 2 жеңіл машина, 1 мотоцикл жойылды. 1943 жылдың 17 қазаны күні болған ұрыста 254-ші атқыштар дивизиясының 56 жауынгері жан тапсырды, 245 адам жараланды, 20 адам із-түзсіз кеткендер қатарына ілікті. Техникалық шығындары: 164-винтовка, 25-ВППШ, қол пулеметтері – 9, ст. пулемет – 1, ПТР – 1.

19 қазанда 2/933 атқыштар полкы батальонының оңтүстік қапталы ашық қалады. Әрине осы сәтті пайдаланған қарсыластар оларды қоршап алып, жойып жіберуге әрекет жасайды. Алайда қарсыластар тойтарылып, Россь өзені бойына ығыстырылды. Осылайша 20 қазанның күні мен түні бойы қарсыластардың Россь өзенінің батыс бөлігінде 2/933 ап қалған бөлігін жою мақсатындағы әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. Жақыпбек Махамбет те пулеметімен осы қырғын ұрыстың ортасында қазақ

батырларының ерлік дәстүрін жалғастырған болатын.

Махамбетов Жабектің* жауынгерлік ерлігі сипатталған Марапаттау парағынан үзінді:

1943 жылдың 2 қазаны күні бөлімнің құрамында қарсыластардың қиян-кескі жан-жақтан жауған оқтарына қарсы өзінің пулеметінен нысанаға дәп тигізе оқ жаудырып тойтарыс бере, дұшпанның бораған оғының астында қаймықпастан 43 фашистің көзін жойып, гранатаны дұшпанның ірі калиберлі зеңбірегіне оның жанындағы солдаттарын қоса нысанайлай тигізіп, Днепрдің оң жағалуына өтті.

Крещатик деревнясы үшін болған ұрыста 1943 жылдың 17 қазаны күні түнде ержүрек пулеметші Махамбетов көзсіз батылдығымен қарсыластардың қанқұлшы шабуылына тойтарыс беріп, өзінің пулеметімен қыспаққа алған 44 фашистің көзін жойды және танкке қарсы лақтырылатын гранатамен қарсыластардың неміс танкісі мен 3 автокөлікті істен шығарды.

Жау оғының астында Днепр өзенінен жылдамдықпен өтуде және Днепрдің оң жағалауындағы плацдармды алуда көрсеткен қаһармандығы мен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына лайық.

29 қазан 1943 жыл.

Полк командирі – Гвардия подполковнигі Чертов.

ҚКБ Мамандар Бас Басқармасы. 1944 ж. 2-ші Басқарма ісі 3/20.

*Жабек – құжатта осылай берілген. Мұны қате деп айту да қиын, ауыл және туған-туыс, достар арасында есімі осылай аталған болуы мүмкін.

1943 жылдың 6 қарашасынан бастап 254-ші АД Днепрдің шығыс жағалауына шықты, Черкас қаласын азат ету үшін 12-нен 13-ші қарашаға қараған түні дивизия алдыңғы қатарлы отрядтармен қайтадан Днепрден өтіп плацдармды иеленді де Черкассаға шабуыл жасай оның күнбатыс қапталынан шығады. Қалада дұшпан әскері (72, 57-ші жаяу әскер дивизиясы, СС «Викингтің» 5-ші танк дивизиясы) қорғанысы болатын. 20-26 қарашасы аралығында кеңес әскері (254-АД, 373-АД, 7-ші әуе-десанты дивизиясы) қалаға соққы береді. Жоспарланған 28 қараша күнгі қалаға тікелей шабуыл сәтсіз аяқталды. Смелый бағытынан келіп жеткен қарсыластардың 3-ші танк дивизиясының қарсы шабуылы салдарынан қоршап тұрған топтарды оқшаулап тастайды да 3 желтоқсанға дейін дивизия сырттан ғана соққы бере алды. Сақиналай сыналап жасақталған кеңес әскері үшінші рет 4 желтоқсанда, 9 желтоқсанда төртінші рет қалаға тікелей шабуыл ұйымдастырды. Черкасса қаласы 1943 жылдың 14 желтоқсанында азат етілді. 254-ші АД Черкассаның оңтүстік батысындағы 12 шақырымдағы Дубиевк ауданында қорғаныс жасап, қаланың батыс қапталын қорғады.

1944 жылдың 30 мамыры мен 5 маусымы аралығында дұшпан әскері соққысын тойтарғанмен сәл ығысуларына тура келді, 24 маусым күні армия резервіне өтіп Скулянның шығысындағы Пруттың сол жағалуына барып орналасты. 19 тамызда дивизияның бір бөлігі Пруттың келесі бетіне өтіп, Ястың теріскей шығысына орналасты. 21 тамыздан бастап дивизия құрамына 18-ші танк корпусы қосылысымен Ясса-Кишинев операциясы бойынша қарқынды ұрысқа қатысады. 1944 жылдың 22 тамызында таң ата дивизия Марэ қырының жотасына шығып, Васлуйдағы Ясс тас жолындағы асуды алады. 25-30 тамыз аралығында 254-ші дивизия қарсыластардың кишинев тобы әскерінің қоршаудан шығу әрекеттеріне қарсы шиеленіскен тойтарыс беру ұрыстарын жүргізеді.

1944 жылдың қыркүйек айының соңында дивизия Владимир-Волынский қаласы аймағына орналас-тырылып, 22 қазанда Польшаға бағыт алды, 29 қазанда Сандомирдің шығысында 40 шақырым жердегі Ниско

қаласының оңтүстігінде жинақталды. 1944 жылдың 23 желтоқсанын бастап дивизия батысқа аттанды да Висла арқылы сандомир плацдармына өтті, 25 желтоқсанның таңында Сташув қаласының оңтүстік қапталына жетті.

Қорытынды.

- КСРО-да 12 776 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алған екен. Соның бірі – Сыр бойынан нәр алған Жақыпбек Махамбетовтың болуы үлкен мәртебе. Батыр 1942-1946 жылдар аралығында Далалық майдан құрамында емес, керісінше Солтүстік-Батыс майданы, Волхов майданы, ЖБК Ставкасы резервінде, Воронеж майданы, 2-ші Украин майданы құрамындағы 52-ші армияның 254-ші атқыштар дивизиясының, 933-ші полкы құрамында пулемет тізгінін ұстап, қиян-кескі ұрыстарға қатысқан.

- Дивизияның 10.10.43ж. әскери құрамы: 929, 933, 936-шы атқыштар полкы, 791-ші артиллериялық полкы, 130-шы ОИПТД, 333-ші ОРП-дан тұрған.

- Жақыпбек Махамбетов wikipedia.org.ru/kz-те берілгендей 1943 жылы емес, 1942 жылдан бастап Қызыл Армия қатарында әскери қызмет атқарған. Батырдың майдан даласындағы ізі табылды. Зерттеу жұмысы жалғастырылады.

Кеңес Одағының батыры Жақыпбек Махамбетов 1946 жылы әскери қызметінен запасқа жіберіледі.

Батыр туған жеріне келіп, бейбіт өмірдің тіршілігіне белсене араласқан, қоғам қайраткері дәрежесіне көтеріледі. Ол 1947 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. 1955 жылдан бастап Қызылорда қаласында тұрды. Қарапайым еңбек адамынан, яғни трактористен қоғам қайраткеріне дейін көтерілген бірегей тұлға. Бақытты жан. Тағдырдың тауқыметі мен соғыстың отты күндері де адами қасиетті сақтап қалуға оған ештеңе кедергі болған жоқ. Керісінше, ол жігерлене түсті де, ащы тіршіліктің тәтті дәмін татты. Асылы мұндай бақыт екінің біріне бұйыра қоймайтын, бұйырса да адамзат дүниесіндегі ар-намыстың туын алып жүре алатын адамға тиесілі болу керек. Батыр 1981 жылы 19 қазан күні пенделік дүниеден озғанмен, оның тарих бетіндегі мәңгілік жасайтын батырлық рухының парақшасы ашылды.

Ер есімі ел есінде мәңгі қалмақ!

МАТЕРИАЛДАР МЕН ДЕРЕКТЕР

1.Олег Кожухарь. Мухамбетов Жакипбек. Сайт «Герои страны»; Герои Советского Союза: Краткий биографический словарь / Пред. ред. коллегии И.Н.Шкадов. – М.: Воениздат, 1988. – Т. 2 /Любов – Ящук/. – 863 с. – 100 000 экз. – ISBN 5-203-00536-2. // «Сыр елі энциклопедиясы» мәліметі // www.wikipedia.org.ru; Әмзев Қ. Жақыпбек Махамбетов. // Ауылым сұлу Сырдың жағсында. – Қызылорда. «Тұмар», 2017. -175-177-бб.

2.ҚР Орталық мемлекеттік архиві. Жақыпбек Махамбетовтың жеке қоры. 1660-қор, 1-тізім, 137-іс.; Из письма Жакыпбека Махамбетова.// Из газеты «Ленинский путь» № 210 (1831), 29 октября 1944 г.

3.РФ Қорғаныс министрлігі Орталық архиві қорынан: https://pamyat-naroda.ru/254_933/documents100316707/; 8319-қор, 130958-тізім, 17-іс.; 1540-қор, 000001-тізім, 0032-іс.; 408-қор, 0010011-тізім, 0140-іс.; 203-қор, 2843-тізім, 1018-іс.; <https://pamyat-naroda.ru/documents455119134> [09.09.2019].

4.Летне-осенняя кампания 1943 года. //Научно-исследовательский институт (военной истории) ВАГШ ВС РФ. <https://www.poo-journal.ru/velikaya-otechestvennaya-voyna-kampaniya-1943-goda> [13.03.2020]

5.Степной фронт. //https://ru.wikipedia.org/[16.03.2020]; звания Героя Советского Союза //https://znanio.ru/media/spravochnyj_material_po teme_geroj_sovetskogo_soyuza_9_klass-37320 [30.01.2020]

Қосымша: Медаль за Отвагу.https://ru.wikipedia.org/wiki:Medal_for_Vvalor_USSR.jpg; орден красный звезды.https://ru.wikipedia.org/wiki/media/BB:Order_of_the_Red_Star.jpg ; орден Ленина. https://upload.wikimedia.org/15/57/Order_of_Lenin_badge_with_ribbon.png; медаль золотая;звезда./https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B0%D0%B9%D0%BB:Hero_of_the_USSR_Gold_Star.png [03.01.20].

МАЙДАНГЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІГІ

Қайрат ҚАРАМАНДАЕВ,
Құрлық әскерлері әскери институты әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, бауыржантанушы, тарихшы-зерттеуші



ТУКМАНБЕТОВ Хасан
4.11.1917 жылы Қызылорда облысы Қазалы қаласынан 10 шақырым жерде №3 ауылда дүниеге келген. Үлкен аталары Мұнарбай Ырғыздың (Шөмекей, Көнек) тумасы, Мұнарбайдың баласы Нәжіметдин Ырғыздан 1916 жж. аласапыран уақытта көшіп, Сырдың бойына Қазалы маңына қоныс тебеді. Тукманбетов Хасан Қазалы маңында 1932 ж. дейін сол ауылда өсіп, бастауыш сыныпта оқиды.

Ашаршылық жылдары отбасы елмен бірге Тәжікстанға көшеді. Көкташ аудан орталығында оқып, ауыл шаруашылық жұмысшы факультетіне оқуға түседі, оны бітірген соң ауыл шаруашылық институтының түлегі болады.

1936 жылы Тәшкен жаяу әскери училищесіне оқуға түсіп, 1938 жылы Тбилиси артиллерия әскери училищесіне ауысады. Оны бітірген соң 95-ші атқыштар дивизиясының, 57-ші артиллерия полкінің взвод командирі болып тағайындалады. Содан соң қолбасшының резервінде, 1167-ші артиллерия полкінде дивизион командирінің орынбасары.

20.01.1940. – 20.05.1940 жж. көлік взводының командирі болып Карел мойнағында 25.01.1940. – 12.03.1940 жж. финдермен соғысады, сонан соң Бессарабия жорығында қатысады. Соғыс басталғанда 2.07.1941 жылы Унгены қаласы үшін шайқасады, сонан соң 8.07.1941 жылы Калараш қаласы үшін ұрысқа қатысады. 21.02.1941. – 24.05.1942. штаб бастығының көмекшісі, ал 24.05.1942. – 11.03.1942. артиллерия батареяның командирі болып Кавказды қорғайды.

2 рет жараланған: 17.12.1941. Севастополь қаласын қорғауда оң иығынан, 4.05.1942 жылы басынан жарақат алған қанқұйлы Севастополь қаласы үшін.

Ол Отан соғысына алғашқы күндерден қатысқан майдангер. Жауынгерлік жолы толы ерліктерімен. Лейтенант Тукманбетовтың негізгі мақсаты: ол қарсыластың басым күштерінің шабуылын тоқтату, оның әскерлерін шығынға ұшырату, маңызды шептерді ұстап тұру, уақыт ұту және шабуылға көшуге жағдай жасау. Оны ойындағыдай орындады.

Теңіз жағасындағы майданда, 95-ші атқыштар дивизиясының, 57-ші артиллерия полкінде взвод командирі, кейіннен Кавказ майданының, Қара теңіз тобының, 18-ші Армиясының, 1167-ші артиллерия полкінде штаб бастығы көмекшісі лауазым қызметінде лейтенант Тукманбетов 22.06.1941. – 18.07.1942. өзін қайратты, жігерлі, батыл командир ретінде көрсете білді. Бүкіл полкті үнемі қару-жарақпен қамтамасыз етіп, жауды талқандауға мүмкіндік жасады. Осы ерлігі үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «... лейтенант Тукманбетов работа с 22.06.1941. – по 18.07.1941. на должности помощника начальника штаба по тылу показал себя как волевой, энергичный командир, всю свою энергию отдаёт на благо Родины. Умело руководя тыловыми подразделениями своевременно обеспечивал полк боеприпасами, чем способствовал разгрому врага.

Достоин награждения Правительственной наградой медалью «За Боевые Заслуги».

Командир 57 АП (артиллерийского полка) майор Филиппович.

Военный комиссар 57 АП батальонный комиссар Волков. 19.07.1941.

Достоин медалью «За Боевые Заслуги».

Командир 95-й стрелковой дивизий полковник Соколов. Военный комиссар 95-й стрелковой дивизий полковой комиссар Мельников. 25.07.1941.

Командующий войсками Приморской армий генерал-лейтенант Сафронов.

Военный комиссар Приморской армий бригадный комиссар Кузнецов. 25.09.1941.»

Оның ерекше ерлігі 1941-1942 жж. 95-ші атқыштар дивизиясының құрамында, 57-ші артиллерия полкінде Одесса қаласын 73 күн қорғап Қырымға бағыт алады, Севастополь қаласын 250 күн қорғайды. Жойқын қанды ұрыста 3 км. ұзындықта өзінің мергендігімен, ержүректік ептілігімен, қолма-қолдық шапшаңдығымен, әскери шеберлігімен жаудың 2 рота жаяу әскерін қырып-жойып, 1 жеңіл батареясын, 2 миномет батареясын, 1 бақылау пунктін, 2 автомашинасын, 11 қару-жарақ тиелген атарбасын талқандаған. Бақылау пунктінде бақылау жасап, атысты дәлдеп атып, дұшпанды талқандау нәтижесінде ең жақсы, үздік батарея атанды.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «... обороня подступы города Севастополя тов. Тукманбетов продолжает уничтожать немецких захватчиков. Маневрируя огнем своей батареи на фронте протяженностью 3 км. тов. Тукманбетов уничтожил до двух рот пехоты противника, уничтожил 1 легкую батарею, подавил 2 минометных батареи, разбил 1 НП (наблюдательный пункт) противника, подбил 2 автомашины и разбил 11 повозок с боеприпасами.

Тов. Тукманбетов непрерывно находится на передовом НП, активно ведет наблюдение за действиями противника и корректирует огнем своей батареи, в результате чего его батарея является одной из лучших батарей по разгрому немецких захватчиков.

Вывод: тов. Тукманбетов достоин предстания к правительственной награде медалью «За Отвагу».

Командир 57-го АП майор Филиппович.

Военный комиссар батальонный комиссар Юрченко. 24.07.1943.»

6.08.1943 жылы Дзержинский атындағы артиллерия академиясына жіберіледі, оны бітірген соң, сырқаттанып үйіне отпуск алып 1944 ж. маусымы айына дейін болады. Денсаулығын түзеген соң 31.10.1944 ж. Ташкент қаласында курста оқиды. Оны бітірген соң 24.10.1947 ж. дейін Тәжік ССР Рамит ауданында әскери комиссар, 24.10.1947. – 15.08.1949. Орджоникидзебад ауданында әскери комиссар, 15.08.1949. – 17.10.1951. Тәжік ССР Гармск облысында облвоенком, 17.10.1951. – 9.09.1952. М.В.Фрунзе әскери академияның тыңдаушысы, 9.09.1952. – 15.01.1955. Ақмола облысында Облвоенкоматтың әскери комиссары, 15.01.1955. – зейнетке дейін Түркістан облысында Түркістан ауданында әскери комиссар.

Өмірлік жары Саху екеуі төрт ұл (Әлиасқар, Әнуарбек, Мәлік, Бақыт), қызы Талма асырап жеткізді. Тукманбетовтардың әскери әулеттік шежіресі – 200 жылдан асады.

Ұлы Мәлік Тукманбетов Армавир әуе әскери училищесін бітірген шені полковник, ұшқыш. Балалары, немерелері, шөберелері әскери салада жауапты қызметте. Полковник Тукманбетов Сұлтан, полковник Тукманбетов Мұхамеджан, полковник Тукманбетов Дастан тікелей Ауған соғысының қатысушылары, әр түрлі әскери операцияға қатысқан. Бұлар Новосібір әскери-саяси училище бітіргендер. Подполковник Тукманбетов Болат АВОКУ бітірген, қызметте. Немересі Тукманбетов Нұрлан подполковник қызметте, шөбересі Әлиасқаров Асанәлі Нұрланұлы Құрлық әскерлерінің әскери институтының курсанты. Немере шөберелері өсіп, өніп жатыр.

1995 жылы 11 науырызда Тукманбетов Хасан қарапайым күн кешіп қайтыс болды. Қазақстан Республикасының Президенті жарлығы бойынша полковник шені берілді. 13.10.1996 жылы Сарыағаш қаласының бір көшесі полковник Тукманбетов Хасанның атымен аталады.

Полковник Тукманбетов 2 мәрте «Қызыл Жұлдыз» 30.06.1942., 13.06.1952., 1-ші дәрежелі «Отан соғысы» 6.04.1985. ордендерімен, 2 мәрте «Жауынгерлік еңбегі үшін» 25.09.1941., 24.06.1948., «Өжеттігі үшін» 24.07.1943., «Одессаны қорғаған үшін» 10.07.1943., «Севастопольді қорғаған үшін» 24.07.1943. «Кавказды қорғаған үшін» 1.06.1944., «Совет Армиясына және, Теніз флотына 30 жыл» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.



Қ А С Ы М Х А Н О В

АБДРАХМАН 1924 ж. Семей облысы Ақсуат ауданындағы Көктүбек ауылында дүниеге келген. Әкесі ауыл мұғалімі Абылғазыұлы Қасымхан 30-жылдардағы «қызыл қырғынға» ұшырап, хабаршарсыз кеткен. Ал шешесі Қатима Астаева колхозда қарапайым жұмысшы болатын. Ақсуат қазақ орта мектебіне 1934 жылы түсіп, 1938 жылдар мектеп-интернатына ауысады да,

1942 жылы бітіріп шығады. Мектепті бітірісімен Ақжайлау ауыл советі «Максим Горький» атындағы колхозда мұғалім болып жұмыс істейді. Бозбала 1942 жылы он сегізге толысымен ақ әскерге аттанады. Жұмысшы-шаруа Қызыл Армия қатарына 1942 ж. желтоқсанында Семей облысының Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Алдымен Өзбекстанның Фергана қаласындағы командирлер даярлайтын училищеге жіберіледі, одан соң Уфа қаласында әскери дайындықтан өтеді. Сержант, кіші лейтенант, лейтенант, аға лейтенант, капитан.

3-ші Украин, кейіннен 1-ші Белорус майданының, 8-ші гвардиялық Армиясының, 29-атқыштар корпусының, 82-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, 246-шы атқыштар полкінің, взвод командирі, кейіннен 3-ші атқыштар батальонның комсомолдық ұйымдастырушысы. Үш рет жараланған: 1-ші рет 20.08.1943. Солтүстік Донец өзені бойында, 2-ші рет 20.08.1944. Висла өзенін бойында, үшінші рет 7.02.1945. Познань қаласы бойында ауыр жараланған. Қазақ офицері жойқын, қанды Сталинград шайқасынан бастап Берлинге дейін соғысып жаяу жүріп жетті, әйгілі генерал Чуйковтың Армиясында соғысты.

Осы армияның қарамағындағы 82-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі Совет Одағының Батыры генерал-майор Хетагуров Георгий Иванович) жауынгерлік жолы, толы ерліктерімен: бұл әйгілі дивизияда 14 Совет Одағының Батыры, 34 «Данқ» орденінің толық иегерлері шыққан. Ленин орденімен 37 адам, «Александр Невский» орденімен – 84 адам, «Қызыл Ту» орденімен

– 269 адам, «Отан соғысы» орденімен – 1345 адам, «Қызыл Жұлдыз» орденімен 1720 адам, 10 мың адам медальдармен марапатталған.

Изюм – Барвенково – Донбасс – Запорожье – Днепр өзені – Никополь – Днепропетровск – Березина өзені – Люблин – Брест – Магнушев – Варшава – Лодзь – Познань – Кюстрин – Зеелов биіктігі – Берлин қаласына дейін жетті.

20.04.1944 жылы Қасымханов жолдас Маниохи елді мекенінде (Польша) шабуыл бағытында өз жауынгерлерін ертіп әкетіп, өзінің батылдығымен, әскери шеберлігімен жаудың 1 қола пулеметін, 15-тен астам дұшпанын жер жастандырған. Қарсы шабуылға тойтарыс беріп, станокты пулеметті өзі қолға алып, жаудың бронды машинасын дәлдеп атып құл-талқанын шығарған. Осы ерлігі үшін 3-ші дәрежелі «Данқ» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...при наступлении 20.08.1944 года на с. Маниохи находясь в боевых порядках роты личным примером храбрости увлек бойцов вперед. В этом бою он из автомата уничтожил 15 фашистов и подавил огонь ручного пулемета противника.

При отражении контратаки противника, когда расчет станкового пулемета вышел из строя, тов. Касымханов лег за пулемет и подбил бронемашину противника.

Достоен ордена «Красной Звезды».

Командир 246-го стрелкового полка гвардий майор Клепиков.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Нач-к политотдела 82-й стр. дивизий подполковник Травит. 3.09.1944.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир 82-й гвардейской стрелковой Запорожеской ордена Богдана Хмельницкого дивизий генерал-майор Хетагуров. 6.09.1944.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир 29-го стрелкового гвардейского корпуса генерал-майор Шеменков. 13.09.1944.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Начальник политотдела 8-й гвардейской Армии генерал-майор Скосырев. 16.09.1944.

Приказом 8-й гвардейской Армии №369 от 6.10.1944 года награжден орденом «Славы» 3-й степени».

Қасымханов жолдас бүкіл комсомол ұйымын ұрысқа дайындап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жеңіске жұмылдырып, жаудың траншеясына ең бірінші еніп, қоян-қолтық ұрыста, өзінің қолма-қол шапшандығымен, ержүректік ептілігімен жаудың 12 солдатын қырып жібереді. Негізі 40 астам жау солдатын өлтірген. Осы ерлігі үшін жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...подготовив свою комсомольскую организацию к участию боям тов. Касымханов проявил исключительное старание в агитационно-пропагандистской работе, нацеливал комсомольцев на выполнение последней Сталинской задачи по разгрому немецко-фашистских захватчиков.

Во время боя когда батальон первым штурмовал сильно укрепленный и глубокошелонированную оборону противника тов. Касымханов непрерывно находился впереди бойцов штурмующих передний край врага и воодушевлял их личными героическими подвигами.

Тов. Касымханов одним из первых врывался с комсомольцами и молодыми войнами в траншею врага и уничтожал немецких захватчиков. При прорыве обороны уничтожил до 12 немцев, а всего на его счету имеется до

40 уничтоженных солдат противника.

Достоен Правительственной награды ордена «Красного Знамени».

Командир 246-го стрелкового полка гвардий п/п-К Клепиков. 21.01.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Нач-к политотдела 82-й стр. дивизий подполковник Травит. 21.01.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир 82-й гвардейской стрелковой Запорожской ордена Богдана Хмельницкого дивизий генерал-майор Хетагуров. 23.01.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир 29-го стрелкового гвардейского корпуса генерал-майор Шеменков. 29.01.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Начальник политотдела 8-й гвардейской Армии генерал-майор Скосырев. 30.01.1945.

Приказом 8-й гвардейской Армии № 472 от 08.02.1945 года награжден орденом «Боевого Красного Знамени».

1945 жылдың 29 сәуірінде бір топ жауынгерлерімен Қасымханов Берлин қаласы үшін шайқаста ерекше ерлік көрсетті. Қасымхановтың ұйымдастыру шеберлігімен жауынгерлер ерліктің үлгісін көрсетіп, бұйрықты мүлтіксіз орындады. Шабуыл кезінде ең бірінші болып үйге кіріп граната лақтырып, өзіне төнген қауіпке қарамастан, ұтқырлығы мен жылпостығының арқасында, қойын-қолтық ұрыста 5 немісті өлтіріп, үшеуін тұтқынға алады. Осы жойқын, қанды Берлин қаласы үшін шайқаста 29 немісті жойып жіберген. Басшы тарапынан осы ерлігі үшін, 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...подготовив комсомольскую организацию батальона к предстоящим боям за г. Берлин, тов. Касымханов правильно нецелил всех комсомольцев на выполнение Сталинской задачи. Много работал над ростом комсомольской организации батальона за счет лучших товарищей. На протяжении боев за г. Берлин, комсомольцы под руководством тов. Касымханова показали исключительные образцы героизма, идя в авангарде. Лично тов. Касымханов находясь всегда в боевых порядках пехоты показал образцы героизма, личными подвигами воодушевлял личный состав.

29 апреля 1945 года в бою за квартал в центре г. Берлина тов. Касымханов первым с небольшой группой смельчаков шел на штурм последних крепостей и штурмуя один дом, он первым ворвавшись в него забросал гранатами находившихся там немцев, в другом доме в рукопашной схватке уничтожил 5 немцев и трех взял в плен. Всего на боевом счету тов. Касымханова за бои в г. Берлин имеется 23 уничтоженных немцев.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командир 246-го гвардейского стрелкового Познаньского Краснознаменного полка гвардий майор Плякин. 9.05.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Начальник политотдела 82-й гвардейской стрелковой дивизий подполковник Гончаров. 11.05.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командир 82-й гвардейской стрелковой Запорожской ордена Богдана Хмельницкого дивизий генерал-майор Лука. 12.05.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Начальник политотдела 29-й стрелкового корпуса полковник Копылов. 14.05.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командир 29-го стрелкового гвардейского стрелкового корпуса генерал-майор Хетагуров. 17.05.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Начальник политотдела 8-й гвардейской Армии генерал-майор Скосырев. 21.05.1945.

«Жауынгерлік Қызыл Ту (8.02.1945.), 2-дәрежелі «Отан соғысы», (14.06.1945.), 3-дәрежелі «Даңқ» (6.10.1944.), «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «За взятие Берлина», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Туған жеріне 1946 жылдың тамызында оралып, мұғалімдік жұмысына кірседі. 1947 жылы «Социалистік қарқын» газетінде жауапты хатшы, 1950 жылы Ақсуат ауданының халық ағарту бөлімінің орынбасары, 1963 жж. статистика бөлімінің инспекторы, 1963-1979 жж. экономист қызметін атқарды. Мәнәпқызы Қаныммен отбасын құрып 5 ұл, 3 қызды тәрбиелеп жеткізді. Немере, шөберелері өсіп, өніп келеді. Тарбағатай ауданының орталығы Ақсуат ауылында көше берілген, 2019 жылы батыр атындағы көшеге ескерткіш тақта орнатылған. 12.10.1979 жыл дүниеден озды.

АХМАДИЕВ ӨМІРТАЙ 1922

ж. Семей қаласында туған. Әкесі Ахмади Оңалбаев, сүйегі уақ Бесқарағай, Жыланды, Белағаш, Белтерек елінде ертеде егін салып ұйымдасқан жеке шаруалар болған. Әкесінен он жасында жетім қалған, 1932 жылы әкесі қайтыс болған. Бала Өміртай зерек, ынталы болып өседі. Семей қаласында 10-сыныпты бітіргеннен кейін Күршім ауданында бір айлық мұғалімдер курсына оқып келіп, Семейдің екі жылдық мұғалімдер институтына сырттай оқуға түседі.



Оны бітіргеннен соң шалғайдағы Күршім ауданының Құмашы орта мектебінде мұғалім болып бастап, сонан соң Шұбартау ауданының орталығы Баршатасқа сабақ беруге жібереді, одан кейін Семей қаласының № 26 мектебінде ұстаздық қызметін жалғастырады. Кейін Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі Өль-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультетін бітірген.

Қызыл әскер қатарына Семей қалалық әскери комиссариатынан 1941 жылдың қазан айында шақырылып Забайкалье әскери округінің «Горный Зерентуй» барлаушы мектебінде бес ай дайындықтан өтіп, Орынбор қаласында 59-шы полк құрамында бір ай шеберлігін арттырып, соғыс тәртібіне бейімделеді.

Ел басына қауіп төнген сын сағатта қолына қару алып, Отанын қорғауға Мәскеу арқылы аттанады. Батыс, кейіннен Калинин майданында соғысады. Сол жерден 39-шы Армиясының құрамында, 135-ші атқыштар дивизиясының, 120-шы аса механикаландырылған барлау ротасының барлаушысы болып тағайындалады. Әрине барлауға түгелдей бәрін шетінен алмайтын. Шыдамды, төзімді, денсаулығы күшті, мықты, табанды, тұрақты, жүйкесі тың адамдарды алатын. Барлау – соғыстың ішіндегі соғыс. Майдан шебінің тағдырын шешетін де осы барлау. 135-ші дивизия Калинин майданының оперативтік-стратегиялық тобына кірген. 39-шы Армиясының құрамында Ржев бағытында 40-50 ша-

қырым жерге солтүстік-батысына ауыстырады.

1942 жылдың күзінде Калинин майданы шабуылға шықты. 135-ші атқыштар дивизиясы да лап қойды жауға. Бірақ ұзаққа бармай жер бауырлап жатып қалды, жау оқ боратып бас көтертпеді. Себебі немістер басып алған аймақты, бекініп, қамалға айналдырып алған. Нағыз қырғын, аса қанқұйлы шайқастар жүріп жатты. Ұйқысыз, аш, қарлы боранда, қақаған аязда, борап тұрған оқтың астында, аласапыран атыста алдыңғы қатардағы роталар алдыға жылжыды.

Негізі Ржев шайқасы – адамзат тарихында ең қиян-кескі, қантөгіс, қанды ұрыс болды. 1,5 млн. адам өлген, 60 жыл құпия түрде ләм-мим айтылмады. Великие Луки, Ржев, Селижарово, Урдом, Первомайское, Жуково, Денисово, Алоткино жерінде Ржев әскери комиссариаттың мәлімдемесі бойынша – 42 әскери зиратта 140 атқыштар дивизиясының, 50 жеке атқыштар бригадасының жауынгерлердің өліктері жерленген. Бұл жер – қара түнек, тозаққа айналды. Какен Абеноттың «Операция «Марс», казахи в «Долине смерти» кітабында жақсы жазылған. Қазақтың ұлттық 100-ші, 101-ші атқыштар бригадалары 39-шы Армиясының құрамында осы Калинин майданында ұрысқа кірісті.

Барлаушы Ахмадиев Калинин бағытындағы Ярдом, Первомайский, Жуково, Денисово, Алоткин елді мекендерде босатуға ат салысқан. 29.09.1942 жылы Алоткино елді мекен үшін шайқаста тізе сүйегінен ауыр жараланады, №3918 госпитальде емделеді. Осы ерлігі үшін «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...красноармеец разведчик Ахмадиев Умиртай активно участвовал в Отечественной войне на Западном фронте Калининского направления с 4.08.1942 г. – по 28.09.1942 года в должности разведчика 120-й особо механизированной разведроты 135-й стрелковой дивизии, 29 армий. Участвовал в боях за освобождение крупных населенных пунктов на Калининском направлении Ярдом, Первомайский, Жуково, Денисово, Алоткино и др.

За населенный пункт Алоткино 28.09.1942 года получил тяжелое ранение разрывной пулей в области колennого сустава – левой ноги с повреждением костей. Находился на излечении в эвакуогоспитале №3918 и 17 июля 1944 г. Был направлен по месту жительства. Ныне инвалид.

Тов. Ахмадиев достоин награждения ордена «Красной Звезды».

Чарский военкомат 6 мая 1945 года.

Представлен медалью «За отвагу».

Семипалатинский облвоенком полковник МАТАЕВ 28 июня 1945 года.

Достоен награждения медалью «За Отвагу».

Зам. Командующего Тур КВО генерал-майор ЛИПАТОВ.

Член военного совета ТурКВО генерал-лейтенант УРАНОВ. 20 октября 1945 года».

Жалпы жау тылына 11 рет сапар шеккен, 30 км. астам қашықтықтан өткен, бұйрықты орындау үшін жеті тәулік бойы ұйқы көрмеген, жау шебінде жүріп талай «тіл» әкелген, 3 рет ауыр жараланып госпитальге түскен. Ең ақырғы жаралануы ауыр болған, ес-түстен айырылып қалған. Қарулас достары Жамбылдық Оразхан Сұраншынов пен Атыраулық Сатқан Серікбосынов екі тәулік бойы, плащ-палаткамен сүйрелеп, атысып жүріп, жау отының астынан кезек-кезек арқалап өтіп, №419-дала госпиталына табыс еткен. Өкінішке орай екеуіде келесі жауапты тапсырма орындауда хабар-ошарсыз кеткен.

Осылайша 1944 жылдың шілдесінде Ахмадиев Өміртай госпитальдан елге оралады. Шар қаласында темір жол саласында жұмысқа орналасып, Шар, Семей, Аягөз станцияларында кадрлар бөлімінің бастығы болады. 1955

жылы Аягөз тораптық партия комитетінің хатшысы, кейін 1962 жылы аудандық партия комитетінің төрағасы болып сайланады. Осы қызметті 1982 жылға дейін абыроймен атқарды, қала, аудан халқына өте сыйлы адам болды. Өміртай Ахмадиев Аягөз қаласын өркендетуге, және мәдениет саласының дамуына ерекше көңіл бөлді.

Елімізге белгілі өнер шеберлері, ғалымдар арнайы шақыртылып тұрғындармен кездесу ұйымдастырды. Аты аңызға айналған Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлымен, КСРО халық әртістері Ермек Серкебаевпен, Бибігүл Төлегеновамен, Нұрғиса Тілендиевпен, Асанәлі Әшімовпен, Борис Андреевпен, академик Нәйля Базановамен, жазушы Қалмұқан Исабаевпен, Кеңес Одағының маршалы К.Москаленкомен, Флот адмиралы Быстрицкиймен, Орта азия әскери округінің қолбасшысы армия генералы Лященкомен, белгілі әдебиеттанушы Серікқазы Қорабаймен және тағы басқа танымал тұлғалармен болған кездесулер жұртшылық есінде.

Жұбайы Сақаева Шайзамен отау тігеді. Ол кісі 35 жыл мұғалім болып жұмыс істеген, Семей педагогикалық институтында ұстазы абайтанушы Қайым Мұхамедхановтан дәріс алған. «Үздік мұғалім» және «Құрмет» белгілерінің иегері. Екеуі төрт бала тәрбиелеп Күлшат, Гүлбахрам, Баян, Айгүл есімді қыздарды тәрбиелеп өсірді. Немерелері: Әділет, Еркеш, Армангүл, Ғалым. Шөберелері: Қадиша, Алишер, Алихан, Ализар.

Ахмадиев Өміртай 45 жыл партия қызметіде, 21 жыл Аягөз қалалық атқару комитетінде төраға болған, 27 жыл аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, 16 облыстық кеңестік депутаты, Аягөз қаласының құрметті азаматы, 2 рет Жоғарғы кеңестің «Құрмет» грамотасымен, «Қызыл Жұлдыз», 2-дәрежелі «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, 2-рет «Ерлігі үшін» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. 2011 жылдың 5 ақпанында Алматы қаласында өмірден озды. 2012 жылы Аягөз қаласында мемориалдық тақта салтанатты түрде орнатылды.



КӘРІМОВ Өмірғали Семей облысы Абай ауданы Арқат өңірінде Қопа тауының етегінде 1922 жылы дүниеге келген. Әкесі Өтепбергелулы Кәрім – шаруа адамы, сонау ашаршылық жылдары ерте қайтыс болады. Бұл 1930 – 1932 жылдары Арқат Қопа елінде қалың халық аштықтың азабын тартып жатқан кез еді. Тайша атты анасы 3 баламен жесір қалған екен. Өмірғали екі қарындасы, Нұржамал мен Дина сол кезде Шыңғыстауда ашылған панасыз

балалар үйінде тәрбиеленіп, содан жан сақтап тірі қалған екен. Ел қайта оңала бастаған кезде Өмірғали Тайша анасының қолында Қопада бастауыш мектепте оқыған, кейінде Қарауылда орта мектепте оқып 18 жас шамасында Отан алдындағы міндетін өтеуге әскер қатарына алынады.

Шаруа Қызыл Армия қатарына Кәрімов Өмірғали 1939 жылдың 10 қазанында шақырылған. 1939 жылдың қазан айынан – 1940 жылдың наурыз айына дейін Комсомольск қаласында 5-ші жеке атқыштар батальонында тәрбиеші. Үлгерімі жақсы, тәртіпті жасөспірім 3.1940 ж. – 3.1942 жылдары Сібір әскери округінің Томск қаласындағы Белоцерков жаяу әскер училищесіне жолдама алып жіберіліп, оқуды бітіріп шығады. Бұл жылдары қатардағы аға сержанттан взвод командиріне дейін көтеріледі.

Оқуды қысқа мерзімде бітіріп, лейтенант шенін алып

Батыс майданы Мәскеу әскери округінің 33-ші запастағы атқыштар дивизиясына жіберіледі. 3.1942 ж. – 2.1943 ж. 99-шы запастағы атқыштар полкінде взвод командирі ретінде тағайындалып міндетін атқарған.

Сонан кейін 2.1943. – 9.1943 жылдары Батыс майданындағы Мәскеу әскери округінің «Выстрел» курсіне тыңдаушысы болады. Оны бітірісімен 52-ші Армиясының құрамында, 12.1943. – 2.1944. Волхов майданында, кейіннен Ленинград майданының, 67-Армиясының, 65-ші Қызыл Тулы Новгородтық атқыштар дивизиясының, 311-ші атқыштар полкінің, 1-ші атқыштар батальонының, 3-ші атқыштар ротасының командирі ретінде Ленинград түбінде «Өмір жолы» атанған Ладога көлі маңындағы жау топтарын талқандауға қатысты. Алдын ала арнайы училище мен курста болып дайындықтан өтуі, соғыс кезінде шыңдалуына септігін тигізеді. Сол жолы аға лейтенант әскери офицер атағын қоса берді.

Кәрімовтың ерекше ерлігі, ол 4.03.1944. Ленинград облысының Островской ауданының Демидово елді мекенінде болған шайқас. Әскери-стратегиялық шеберлікті және соғыс тәсілінің тактикаларын ұтымды пайдаланып, аға лейтенант Кәрімов ротасын жедел басқара отырып, алғы шепке шығып, тұтқиылдан жауға білдіртпей шабуылға шығып, дұшпандарды тас талқанын шығарып, 50-ден астам солдаттарын құртып жойып жіберген. Жеке өзі, өжет офицер батылдығының, ұтқырлығының, шапшаңдығының арқасында 8 жаудың солдатын, 1 офицерін атып өлтірген. Осы ержүректік, батылдык көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...в бою за деревню Демидово Островского района Ленинградской области 4 марта 1944 года тов. Каримов смело и решительно действовал в овладении этой деревни. Рота под его командованием незаметно пробралась с фланга к противнику внезапным ударом атавало его позиций и ворвалась в деревню, истребив своим огнем более 50 гитлеровцев. Лично сам тов. Каримов в этом бою уничтожил 8 солдат противника и 1 офицера.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир 311-го стрелкового полка подполковник Бородий. 7.03.1944.

Достоин Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир 65-й Новгородской стрелковой Краснознаменной ордена Суворова дивизий полковник Калиновский. 30.03.1944».

Жоғары әскери басшылары көп ұзамай аға лейтенант Кәрімовты ерекше қабілеті және әскери ұйымдастырушылығын байқаған олар 4.1944 – 6.1944. Ленинград майданында, 65-ші атқыштар дивизиясының, 311-ші атқыштар полкінің батальон командирінің орынбасары қылып тағайындайды. Сонан кейін 2-ші Балтық майданының 4-ші Екпінді Армиясының құрамында от пен оқтың арасында батальон жауынгерлеріне басшылық жасап жүргенде шабуыл бағытында Краслова темір жол бекеті маңайындағы (Латвия) шайқаста зұлмы жаудың зеңбірегінен жауған оқтан ауыр жарақат алған (оң аяғының табанынан) Өмірғали Саратов қаласындағы әскери госпитальға түсіп ұзақ 1 жылға жуық емделеді. Әскери дәрігерлер күрделі операциялар жасап, қатарға қосқанша Жеңіс күні де келеді.

Өмірғали: «Қырық жыл қырғын болса да, ажалың келмесе, өлмейді екенсің. Бірнеше ай бойы төсекте таңылып жатқанда тіпті сауығамын деп те ойламадым. Бірақ, көрер жарығым бар екен, бірте-бірте сауығып, қатарға қосылдым ғой», – деп сол күндерді еске алушы еді.

Өмірғали бейбіт өмірдегі еңбек жолы да әскери қызметтен басталады. 1945 жылы жазда әскери лауа-

зымды адамдар оған әскери комиссариатқа жұмысқа баруға жолдама береді. Қызылорда облысының Шиелі ауданының әскери комиссариатына аға нұсқаушы болады. Кейінде Оңтүстік облысының Фрунзе ауданында төртінші бөлім бастығы қызметінде істейді. Сол қызметте жұмыс істеп жүрген кезінде басшысы Оңтүстік облысының әскери комиссары подполковник Евдокимов аға лейтенант Каримовты «Қызыл Жұлдыз» орденіне лайық деп рапорт ұсынады.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...лейтенант Каримов Умирғали Каримович, призван в Красную Армию 25 октября 1939 года Аягузским райвоенкоматом. На офицерской должности с декабря 1941 года. Участник Отечественной войны, легко ранен в голень левой ноги при наступлении на ст. Чертская 8 апреля 1944 года, 2-й Прибалтийский фронт, 52-я Армия, 65-я стрелковая дивизия, 311-й стрелковый полк. Тяжело ранен в стопу правой ноги 21.07.1944. при наступлении на ст. Краслова (Латвия) 4-я Ударная Армия, 311-я стрелковая дивизия, 1071-й стрелковый полк в должности командира роты. В настоящее время ограниченно годен 1-й степени. Работает начальником 4-й части Фрунзенского райвоенкомата. Работу свою знает, дисциплинированный, к работе относится добросовестно, знания свои повышает своей деятельности, своей должности вполне соответствует.

Достоен Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Южно-Казахстанский облвоенком подполковник автомобильной службы Евдокимов. 15 августа 1945 года.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны 2-й степени».

Командующий Турк ВО генерал-майор М. Липатов.

Член Военного Совета Турк ВО генерал-лейтенант Уранов. 1.02.1946.

Награжден Постановлением Президиума Верховного Совета СССР 6.11.1947 года медалью «За Боевые Заслуги».

1946 жылы Түркістан әскери округінің бұйрығымен Семей жеріне қайтуға рұқсат алады. Сонымен, қатарынан сегіз жыл бойында қатардағы курсант, солдаттан «аға лейтенант» болып, 1946 жылы туған елге оралады. Сол жылдан бастап яғни 1946 ж. Семей қаласындағы Крупская атындағы педагогикалық институтында әскери дайындық пәнінен ұстаздық еткен.

1948 жылы Аягөз қаласындағы Зооветкадр дайындайтын мектепке бір жылдық мал дәрігерлік курсті (кіші ветеринар фельдшер) 1949 жылы бітіреді. Бір жылдай мал санитары болады. Өзінің ізденгіштігімен, тиянақтылығымен көзге түскен ол табан аудармастан осы салада қызмет етті. Қатарынан 35 жылдай, қашан құрметті еңбек демалысына шыққанша, Жаңасемей, Абай аудандарының көптеген колхоз, совхоздарында мал дәрігерлік қызметті атқарды.

Отбасын құрып, үлкен семьялы болады. Ұлдары мен қыздарына жақсы тәрбие беріп, еңбекке, ынтымақтыққа баулыды. Ұлдары – Тұрсынғали, Түсіпқали, Айдар, Шаған. Қыздары – Қарлығаш, Жанар, Анар, Баян. Бұлардың ішінде суретші де, дәрігер де, заңгер де, т.б. әр түрлі мамандық иелері бар. Бәрі де өз мамандықтарын меңгерген. Осы балаларынан 20 немере-жиен, 4-5 шөбере де көрді. Бәрі де бір-бірімен ынтымақшыл, сыйласып өмір сүреді.

«Қызыл Жұлдыз» (31.03.1944.), 1-дәрежелі «Отан соғысы» 06.04.1985. ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» (6.11.1947.), «Ленинградты қорғаған үшін», «Мәскеуді қорғаған үшін», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне» және көптеген мейраптойлық медальдарымен марапатталған.



КУЗЕНБАЕВ Физат Рахым-ұлы 1924 жылы Семей облысы Абай ауданы Арқат ауылында дүниеге келген. Байыстың тұңғыш ұлы Ақымбетінен тарайтын екінші ұлы Бершейдің тікелей ұрпағы.

Әкесі Рахым Күзенбаев Шығыстау ауданын ұйымдастырып, Қарауылдың аудан орталығы болуына атсалысқан азамат, тұтынушылар қоғамын құрушылардың бірі. Ұзақ жылдар мал дайындау мекемесінің бастығы,

есеп қызметкері болып халыққа қамқор болып ел құрметіне бөлініп, Әбже атанған.

Күзенбаев Физат Рахымұлы шаруа Қызыл Армия қатарына Семей облысы Абай аудандық әскери комиссариатынан 1942 жылдың қыркүйегінен шақырылған. 235-ші атқыштар дивизиясының құрамында Вологда – Курск – Орел – Витебск – Новгород – Латвия – Литва – Прибалтика – Шығыс Пруссия – Берлинге дейін.

Ер мінезді Физат ұрыста батыл, өте жауапты, табанды қасиеттерімен, өжеттілігімен көзге түсіп, қанды ұрыстарда неше мәрте ерліктің үлгісін көрсетті.

Бастапқыда байланысшы-телефонист, кейіннен 2-ші дивизионның, 5-ші батареясының, 682-ші артиллерия полкінің, 235-ші атқыштар дивизиясының, 1-ші Балтық майданында, кейіннен Жоғарғы қолбасшының резервінде, 50-ші гаубицалық артиллерия бригадасының, 1516-шы гаубицалық артиллерия полкінде барлаушы-бақылаушысы.

Жоғары штабтан бірнеше жауапты, өте маңызды және қауіпті тапсырмаларды Күзенбаевқа жүктейді. Үнемі барлауда жүріп, жаудың құнды мәліметтерін теріп, құпия деректерін жеткізіп отырған.

Осындай бір маңызды барлау тапсырманы орындап, шаршап, шалдығып келе жатқанда (жауға алынған елді мекенде) жартылай қираған үйге кіргенде, жараланған аға лейтенанты тауып алады. Ойланбастан ефрейтор Физат Күзенбаев сүйемілдеп, сүйрелеп, арқалап майдан шебіне жеткізеді. Сөйтіп командирді өлімнен құтқарады. Бұл парторг болған запастағы полковник Тараненконың 2005-ші жылы жазған «Сражающая партия» мақаласында кездеседі: «В войну по горячим следам записал Тараненко историю о том, как ефрейтор Физат Кузенбаев проходил свой кандидатский стаж. Возвращаясь зимой из разведки вконец измученным, он в полуразрушенном доме в занятой немцами деревне обнаружил раненого старшего лейтенанта и, не раздумывая, потащил его на себе через линию фронта, спас командира жизнь».

6.10.1943. – 17.10.1943. жауынгерлік міндетін атқарып жүргенде жаудың 23 атыс нүктесін дер кезінде бақылап, бораған оққа қарамастан, 12 үзілген байланыс-телефон жерін жалғаған. Осы ерлігі үшін «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...наградить ефрейтора Кузенбаева Физата Рахимовича медалью «За Отвагу» за то, что в период наступательных боев с 6.10.1943. – по 17.10.1943. находясь в боевых порядках пехоты обнаружил 23 огневых точек противника, кроме того под огнем противника устранил 12 порывов линий связи.

Командир полка подполковник Бушманов. 25.10.1943.

Награжден медалью «За Отвагу» приказом № 4 от 25.10.1943 года 682-го артиллерийского полка».

23.06.1944. Тошник-Новоселки елді мекенінде артиллерия атқылауына қарамастан, жаудың қорғаныс шебін бұзу кезеңінде, жеке өзі барлау нәтижесінде, душпан қорғанысының 8 дзотын, 3 артиллерия миномет батареясын,

15 пулемет нүктесін тауып, дер кезінде артиллеристерге хабарлайды. Нәтижесінде жаудың қорғанысын, біздің артиллерия дивизиондар жаншып, езіп жіберген. Сөйтіп, ортақ табысқа мүмкіндік туғызған. Өзінің батылдығымен, қолма-қол шапшандығымен, барлау тобының басшы ретінде, жеке өзі жаудың 8 солдатын тұтқынға алған. Осы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...во время подготовки прорыва обороны противника и в период прорыва 23 июня 1944 года в районе Тошник-Новоселки под артогнем противника обнаружил 8 дзотов, 3 артминбатареи и 15 пулеметных точек противника, которые были своевременно подавлены и уничтожены огнем дивизиона, что способствовало успеху прорыва обороны противника. Находясь в разведке старшим группы лично пленил 8 немецких солдат.

Достоен Правительственной награды ордена Красной Звезды.

Командир 682-го стрелкового полка подполковник Бушманов. 13.07.1944.

Достоен Правительственной награды ордена Красной Звезды.

Командующий артиллерией 235-й стрелковой дивизии полковник Мельников.

15.07.1944.

Приказом по 235-й стрелковой Витебской Краснознаменной ордена Суворова дивизии № 49 от 1.08.1944 года награжден орденом «Красной Звезды».

Күзенбаев Физат – Кенигсберг қанды шайқасының қатысушысы. Кіші сержант Күзенбаев 6.04.1945. – 9.04.1945. жаяу әскерімен бірге барлау жұмысын жүргізе отырып жаудың 2 станокты пулеметін, 1 минометін, 5 пулемет нүктесін дер кезінде тауып, дивизионға хабарлайды. Нәтижесінде дивизион жаудың атыс нүктелерін құл талқанын шығарып, жаяу әскерлерге алдыға жылжуға мүмкіндік алады. 8.04.1945 жылы дивизион командирінің орынбасарын бақылау пунктіне ертіп, шығарып салып келе жатқанда жаудың үй ішінде жасырынған атқыштарына тап болады, кіші сержант Күзенбаев дәл мергендігімен жеке өз қаруымен жаудың 2 атқышын атып түсіріп, офицерге қауіпсіздікті қамтамасыз еткен. Осы ерлігі үшін дивизия командирінің бұйрығымен 3-ші дәрежелі «Данқ» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...в бою по штурму города Кенигсберг с 6 – по 9 апреля 1945 года следуя в боевых порядках пехоты и ведя непрерывную разведку противника обнаружил 2 станковых пулемета, один миномет и 5 других пулеметных точек, которые огнем дивизиона были уничтожены, чем обеспечил успешное продвижение поддерживаемой пехоте.

8 апреля 1945 года сопровождая зам. командира дивизиона на наблюдательный пункт, попали под огонь автоматчиков противника засевших в домах. Младший сержант Кузенбаев меткими выстрелами из личного оружия, уничтожил 2 автоматчиков противника, чем обеспечил безопасность офицеру.

Достоен Правительственной награды ордена «Славы» 3-й степени.

Командир 682-го Краснознаменного полка подполковник Клепиков. 17.04.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Славы» 3-й степени.

Командующий артиллерией 235-й стрелковой дивизии полковник Мельников.

Награждаю орденом «Славы» 3-й степени.

Командир 235-й стрелковой Витебской Краснознаменной ордена Суворова дивизии полковник Рутько.

Приказом по 235-й стрелковой Витебской Краснознаменной ордена Суворова дивизий № 51 от 28.04.1945 года награжден орденом «Славы» 3-й степени».

Соғыстан кейін елге оралады, отбасын құрайды. Екі қыз (Бақыт, Ырыс), 5 ұлды асырап жеткізді (Есет, Әсет, Елік, Ғани, Қайыржан) балалары әр салада жұмыс атқарады, немерелері (Аян, Әсел, Бауыржан, Ерасыл, Айман, Әсем, Әсел, Бекжан, Бағжан, Бексұлтан, Мұхтар, Айым, Балым, Гүлайым, Абдірахман, Әліби, Әйгерім, Салиха) өсіп, өніп келеді.

«Қызыл Жұлдыз» 01.08.1944., 3-ші дәрежелі «Даңқ» 28.04.1945. 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» 06.04.1985. ордендерімен, «Өжеттігі үшін» 25.10.1943., «За взятие Берлина», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

1946 – 1984 жж. ұстаздық қызмет атқарған, Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің озаты. 1984 – 1998 жж. Жидебайдағы ұлы Абайдың мемориалдық мұражайының меңгерушісі болып еңбек еткен Республикалық мәртебедегі зейнеткер, абайтанушы, шежіреші адам.

ҚАЛИЕВ РИЗУАН 1922 жылы Семей облысы Шар ауданы Кезенсу ауылында дүниеге келген. Қызыл Армия қатарына Семей облысының Жарма ауданының әскери комиссариатынан 1.12.1941 ж. шақырылған.

Алматыда жасақталып жатқан 100-ұлттық атқыштар бригадасының артиллерия дивизионның құрамында соғысқа аттанған. Бастапқыда Калинин майданының 100-ші жеке атқыштар бригадасының, жеке арtdивизионның атқышы, қатардағы жауынгер, затвор ашушы, дивизионның құрамында қару-жарақтың нысанашысы, кейіннен 1-ші, 2-ші Беларус майдандарының құрамында 1-ші Бресттік Қызыл Тулы атқыштар дивизиясының, 226-шы артиллерия полкінің, 6-шы батареясының нысанашысы, орудия командирі, кіші сержант, сержант. 1.12.1942. – 3.11.1943. жойқын қанды Калинин майданында, 3.11.1943. – 4.02.1944. 2-ші Беларус майданының құрамында, 4.02.1944. соғыстың аяғына дейін 1-ші Беларус майданында. Ұрыста ержүректік, батылдық, ерлік көрсеткен үшін талай мәрте басшылар тарапынан марапатқа ие болған. Талай мәрте өлімнен қалған.

«Менің бірінші зеңбірек расчетім 9 қаңтарда төгіс қаза болып, одан жалғыз өзім ғана қатарда қалдым. Одан кейін ие болған екінші расчетімдегі адамдар да жараланып, оққа ұшып, тек затвор ашушы Ризуан Қалиев екеуміз ғана Великие Лукиден аман шықтық. – «Боздақтар» кітабының үзіндісінен (автор Ә.Нұршайықов).

13.9.1943 жылы Қалиев жолдас «Святая гора» елді мекенінде нысанашы ретінде өз қаруынан дәлдеп атып артиллериялық шабуылда жаудың 3 минбатарейасын, 1 пулемет нүктесін, 2 станокты пулеметін, 1 қол пулеметін жойып, 4 немістің солдатын, офицерін жер жастандырған, нәтижесінде бұйрық орындалып батарея тапсырманы дер кезінде орындады.

Осы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» ордені лайықты деп дивизион командирі капитан Рахматуллин қол қойып 25.09.1943 жылы ұсынған, бірақ бригада командирі полковник Морецкий өзінің шешімін жөн деп санап, 1-2 саты төмендетіп түсіріп «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапаттауға қол қойған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...13.9.1943. в опе-

рациях за населенный пункт Святая гора тов. Калиев как наводчик 1-го орудия стрелял точно, быстро и своевременно выполняет переданные команды. На его орудие как первое орудие батарей пришлось работать больше всех остальных орудий произведя пристрелку реперов к ориентиру. Тов. Калиев с этой задачей справился отлично, дав большую экономию снарядов в пристрелке.

Во время арtdнаступлений он стрелял также точно и быстро, подавил при этом 3 минбатарей, 1 пулеметную батарею и много огневых точек противника. Во время ожесточенного боя огнем своего орудия уничтожил 2 станковых пулемета, 1 ручной пулемет и 4 немецких солдата и офицеров корректировавших огонь минбатарей. В результате всего этого батарея выполнила свои задания, также легко удалось узнать высоту Святой горы.

Достоин Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир дивизиона капитан Рахматуллин. 25.09.1943. Награждаю медалью «За Боевые Заслуги».

Командир 100-й ОСБр (отдельной стрелковой бригады) полковник Морецкий.

Начальник штаба 100-й ОСБр подполковник Мостовой. 26.09.1943».

25.07.1944. Уеслица, Мокрыны елді мекенінде жаудың қарша борап тұрған оғына қарамастан кіші сержант Қалиев өзінің ептілігімен, қолма-қолдық шапшаңдығымен, мергендігімен, әскери шеберлігімен жаудың 3 пулемет нүктесін, 2 автомашинасын, 1-өздігінен жүретін қондырғысын және 20-дан астам жаудың солдатын жойған. Осы ерлігі үшін «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...награждает наводчика 6-й батареи 2-го дивизиона младшего сержанта Калиева Ризуана (деректе дәл солай – автор) за то, что в бою 25.07.1944. в районе деревни Уеслица, Мокрыны несмотря на сильный огонь противника продолжал работать у орудия уничтожив 3 пулемета, 2 автомашины и до 20 солдат противника и одно самоходное орудие.

Командир 226-го артиллерийского полка подполковник Фуфаев. 30.07.1944.

Приказом командира части № 016 от 30.07.1944 года награжден медалью «За Отвагу».

20.04.1945 жылы жүре соғыса отырып батыс және шығыс Одер өзенінен ету кезінде ержүрек сержант Қалиев өз өмірін қатерге тігіп, жаудың артиллериялық атқылауынан, бораған оғына қарамастан өз қару-жарағымен жаудың 2 ірі калибрлі, 2 қола, 1 станокты, 1 бақылау пунктін атып, құлталқанын шығарып және батарея құрамасында душпанның 2 взводтан астам жаяу әскерін қырып жіберген. Осы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...20.04. 1945. В боях при форсирований рек восточного и западного Одера бесстрашный в боях сержант Калиев, невзирая на артиллерийские налеты противника уничтожил из своего орудия: 2 крупнокалиберных, 2 ручных, 1 станковый пулемет, 1 НП (наблюдательный пункт 75 мм. орудия противника), тем самым дал возможность наступающей пехоте успешно форсировать восточный и западный Одер.

Достоин Правительственной награды ордена «Славы» 3-й степени.

Командир 226 –го АП (артиллерийского полка) гвардий полковник Фуфаев. 6.05.1945.

Ходатайствую о награждении ордена «Славы» 3-й степени.

Командующий артиллерий 1-го стрелкового Брест-

ского Краснознаменной дивизий гвардий подполковник Тевзадзе. 8.05.1945.

Наградить орденом «Красной Звезды».

Командир 1-го стрелковой Брестской Краснознаменной дивизий гвардий полковник Карпелюк. 9.05.1945.

Приказом командира части от 11.05.1945 года награжден орденом «Красной Звезды».

Соғыстан кейін елге оралып, отбасын құрып өмірлік жары Бижамал екеуі 9 баланы (Әбілмансұр, Әбілмәмбет, Рысқұл, Разиғұл, Кенжебек, Болат, Әбілқасым, Мағиғұл, Ержан) аман-есен тәрбиелеп жеткізген. Ауылда партия ұйымында ауыл кеңесінде, мектеп директоры болып жұмыс атқарған.

«Қызыл Жұлдыз» (11.05.1945), 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» (6.04.1945) ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» (26.09.1943), «Өжеттігі үшін» (30.07.1944) және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.



БАЙЗАҚОВ Қадыр Абдуллаұлы 1914 ж. Семей облысы Аягөз ауданы бұрынғы Сергиополь, қазіргі Мамырсу ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1933 ж. бастаған. 1936 ж. «Түркісіб» теміржолының Аягөз вагон участкесінде слесарь автоматшы болып жұмыс атқарған. Теміржолмен бірге өндіріс орындары да ашылып Аягөз іргелі кәсіпорындары бар, тоғыз жолдың торабына орналасқан маңызды стратегиялық өндіріс

осағына айналды.

Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армия қатарына Семей қалалық әскери комиссариатынан 18.05.1940 ж. шақырылған. Бастапқыда зеңбірек нысанашы, кейіннен 3-ші Беларус майданының, 352-ші Оршан Қызыл Тулы Суворов орденді атқыштар дивизиясының, 914-ші атқыштар полкінің, зеңбірекшілер расчетының командирі. Батыс, 3-ші Беларус майдандарының қатысушысы.

Әйгілі немістің танк армиясының қолбасшысы генерал Гепнерге тойтарыс берген. Алдыңғы шепке оқ-дәріні жеткізеді, сонан соң снаряд тиелген 2 арбаны зеңбіректерге апара жатқанда жау ұшқтары шүйіліп келіп, пулеметтен оқ жаудырады, аттары оққа ұшып, жараланды, өзіне де сол иығынан оқ тиеді, жарақатына қарамастан, тиелген арбаларды межелі жерге жеткізеді.

Жойқын, қанды Мәскеу қорғанысына қатысқан, 2 рет жараланған: 14.12.1941 ж. Мәскеу түбінде жеңіл жараланған, 25.01.1942 ж. Можайск қаласы үшін шайқаста ауыр жараланған.

7.03.1943. Ашково, Клоково елді мекенінде мергендігімен жаудың 2 танкіге қарсы зеңбірегін, 10.03.1943. жаудың 1 станокты пулеметін жойып жіберіп жаяу әскерге жол ашқан, сол ерлігі үшін «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...наградить медалью «За Отвагу» наводчика орудия 3-й батареи красноармейца Байзакова Кадира Абдуллаевича за то, что он 7 марта 1943 года в бою за д. Ашково ведя огонь из своего орудия подавил огонь двух противотанковых орудий противника и уничтожил станковый пулемет. 10 марта 1943 года за д. Клоково ведя огонь уничтожил пулемет противника, чем обеспечил продвижение нашей пехоты.

Командир 914 артполка майор КОНДРАТЕНКО 29.03.1943 г.».

15.06.1944. жылы Гродно қаласы үшін шайқаста, өз зеңбірегін 300 метр ашық алаңға қойып, жаудың кіші калибрлі пушкасын, 2 пулеметін күл талқанын шығарып, жаяу әскерлерге жол ашты.

21.07.1944. Салодкино елді мекенінде, артиллерия ат-

қылауына қарамастан жаудың танкіге қарсы зеңбірегін және 8 автоматшыларын қырып-жойып жіберген. Нәтижесінде жаяу әскерлерге жол ашты.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «15 июня 1944 года в боях за город Гродно сопровождая пехоту установил свое орудие на открытую огневую позицию, впереди пехоты на дистанцию 300 метров, открыл огонь по северо-восточной окраине города, прямым попаданием уничтожил мелкокалиберную пушку, 2 пулемета, чем помог пехоте, овладеть окраиной города.

В бою у деревни Салодкино 21.07.1944. прямой наводкой под сильным обстрелом противника уничтожил орудие ПТО и 8 автоматчиков, которые прикрывали отступление, тем самым сломив сопротивление противника, дали возможность пехоте развить успех.

За проявленную отвагу достоин награждения Правительственной награды ордена «Славы» 3-й степени.

Командир полка подполковник Пикалов. 15.08.1944.

Достоен ордена «Красной Звезды».

Командующий артиллерией 352-й стрелковой дивизий подполковник Поляков. 24 августа 1944 года».

Шығыс Пруссия жерінде Фрин-Гаф шығанағында батылды, табандылық көрсетіп, шұғыл түрде, әскери тактиканы ұтымды пайдаланып өз мергендігімен, ептілігімен, тапқырлығымен, шапшаңдығымен жаудың 5 пулеметін, 1 зеңбірек қондырғысын дәлдеп атып, күл-талқанын шығарған. Өзі жараланса да жарасын таңып, әрі қарай атысты жалғастырған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...в боях по уничтожению Восточно-Прусской группировки немцев на побережье залива Фрин-Гаф, в исключительных трудных условиях весенней распутицы, образцово выполнял боевое задание.

26.03.1945 г. в бою районе д. Бальга, ведя огонь из своей гаубицы, прямой наводкой уничтожил 5 пулеметов, 1 зенитную установку. Противник заметив орудие, открыл по нему сильный артогонь, но тов. Байзаков продолжал вести огонь, и лишь тогда, когда орудие было выведено из строя прямым попаданием снаряда, тов. Байзаков был контужен. Несмотря на контузию стал помогать вести огонь другому расчету.

За проявление мужества и отвагу достоин Правительственной награды ордена «Отечественной войны».

Командир 914 артиллерийского полка полковник ПИКАЛОВ. 5.04.1945.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени.

Командир 352 стрелковой Оршанско Краснознаменного ордена Суворова дивизий генерал-майор Максutow. 10 апреля 1945 года».

Жеңісті Бреслау қаласында қарсы алады.

«Қызыл Жұлдыз» (14.09.1944), 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» (18.05.1945) ордендерімен, «Өжеттігі үшін» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Соғыстан кейін 1945 жылы 29 қыркүйекте әскер қатарынан босап, елге оралады. Аягөз вагон депосына қайта келіп орналасады. Слесарь, ауысым шебері, аға вагон қараушы, өндірістік техникалық бөлім шебері, 1953-1963 жж. жергілікті комитет төрағалығына сайланды, бастауыш партия ұйымының хатшысы, кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметтерін атқарып, 1975 ж. зейнетке шықты, 1982 ж. дүниеден озды.

Өмірлік зайыбы Кәткен екеуі 5 бала тәрбиелеп өсірді. Үлкен қызы Фатима агроном, зейнетте Қарағанды қаласында, ұлдары түгелдей әке жолын қуып теміржолшы мамандығын қалады. Марат, Жанат, өндірістен қол үзбей оқып Алматы темір жол техникумын, соңынан темір жол

институтын бітіреді. Қанаты тепловоз машинісі.

Серікболаты Омбы қаласындағы инженер дайындайтын Теміржол институтын бітірген, еңбек жолын токарь болып бастаған, вагон құрастыру цехының шебері, аға шебері, комсомол ұйымының хатшысы, Аягөз аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, депо бастығының орынбасары, инженердің қызметін атқарған.

Немерелері: Темірбек Қарағанды депосында тепловоз машинісі, Айдын Астана қаласындағы «Тальго» зауытында маман, Серік, Кадрия, Рауфа Алматы қаласының темір жол саласының қызметкерлері, Мұрат Аягөз белгі беру байланыс дистанциясында электромеханик. Байзақовтар әулетінің теміржолдағы қызметі – 200 жылдан асады.



НҰРМАҒАМБЕТОВ АРҒЫНҒАЗЫ 1921 ж. Семей облысы Жарма ауданында бұрынғы Капанбұлақ, қазіргі Әбдібеков Төлеуғали елді мекенін №24 ауылында туған - 1973 жыл Аягөз қаласы. Ол соғысқа алғашқы күндерден соңғы күндерге дейін қатысқан майдангер. Бастапқыда 1941 – 1944 жж. Карел майданында, ал 1944 – 1946 жылдар 2-ші Беларусь майданының қатысушысы.

2-ші Беларусь майданының, 19-шы Армиясының, 27-ші атқыштар дивизиясының, 33-ші жеке байланыс батальонының, байланысшысы, бөлімше командирі. Аға сержант. Байланыс телефонындағы жұмыстың бір сәтте үзілмеуін қамтамасыз етті. Жаудың Шиаве, Шварцау қаласын алуда, үздіксіз телефон байланысын қамтамасыз еткен үшін ефрейтор Нұрмағамбетов «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...в период наступательных действий при обеспечении проводной связью полков Нурмагамбетов всегда посылается на важный ответственный участок и где он работает линия связи всегда исправно. При взятии города Шиаве и Шварцау, враг вел усиленный огонь, тов Нурмагамбетов продолжал тянуть линию связи и после чего устранял повреждения обеспечивая связью командование.

За мужество, отвагу и исполнительность ефрейтор Нурмагамбетов достоин Правительственной награды медалью «За Отвагу».

Командир 33-й отдельного батальона связи капитан Иванов 14.03.1945 г. Приказом 04.04.1945 г. по 27-й стрелковой дивизии 2-го Белорусского фронта награжден медалью «За Отвагу».

Ер мінезді Арғынғазы жойқын ұрыста жүректілігін көрсете білді. Қауіпті сәтте өзіне төнген қауіпке қарамастан, қарша борап тұрған оқтың астында үзілген 30-дан аса телефон желісін жалғап, батальонның дивизиямен байланысын қамтамасыз етіп, нәтижесінде Кеңес әскерлері Шрольп, Путцинг, Гдыня қалаларын босатуға жол ашты.

Гдыня қаласы үшін шайқаста ауыр жараланады, жарасын таңған соң ұрыс алаңына қайта оралған. Гдыня қаласын алғанша ұрыс жүргізіп, немістің қуатты «Курляндия» тобын талқандаған. Осы үлкен ерлігі үшін батальон командирі капитан Иванов Нұрмағамбетовтың ерлігіне бас иіп, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденіне лайық деп қол қойып ұсынады, бірақ дивизия командирі полковник Коршунов бір неше саты төмен түсіріп, 3-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен шектеледі.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...тов. Нурмагамбетов награжден медалью «За Отвагу» за бесперебойное

обеспечение командования проводной связью. Тов. Нурмагамбетов в боях за город Шрольп, Путцинг, Гдыня проявил исключительную храбрость и мужество. В жарких боях под артиллерийским, минометным, пулеметным огнем противника исправил 30 раз порывов на линии. Во время штурма города тов. Нурмагамбетов пренебрегая опасностью все время находился на линии связи и приложил все усилия для обеспечения бесперебойной связью.

Тов. Нурмагамбетов будучи ранен не ушел с линии до взятия г. Гдыня и ликвидации остатков группировки «Курляндия». Достоен награждения орденом «Красная Знамени».

Командир 33 ОБС капитан ИВАНОВ 07.04.1945 г.

Приказом по 27-й стрелковой дивизии №51 от 20.04.1945 г. награжден орденом «Славы» 3-й степени.

Гдыня қаласы үшін қанды ұрыста 53 рет өмір мен өлімнің арасында үзілген телефон желісін 105 жерінен жалғаған, дивизия мен полктар арасында үздіксіз байланысты қамтамасыз еткен. № 33 жеке байланыс батальонның командирі капитан Гурьев, 27-ші атқыштар дивизиясының командирі полковник Коршунов екеуі де 2-ші дәрежелі «Отан соғыс» орденіне лайық деп ұсынады, бірақ 19-шы Армияның Әскери кеңесі «Қызыл Жұлдыз» орденіне қол қояды.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «Тов. Нурмагамбетов награжден медалью «За Отвагу» приказом 27-й стрелковой дивизии, № 28 от 04.04.1945 г. орденом «Славы» 3-й степени. За бесперебойное обеспечение проводной связью командование дивизии и командование 239-го стрелкового полка. Тов. Нурмагамбетов в период боевых действий за г. Гдыня проявил исключительную храбрость и отвагу.

Под сильным артиллерийским и пулеметным огнем противника 53 раза выходил на исправление поврежденных линий связи и устранил 105 повреждений. Тов. Нурмагамбетов при штурме г. Гдыня пренебрегая опасностью все время находился на линии связи от командования дивизии до командира 239-го стрелкового полка и приложил все усилия для обеспечения бесперебойной связью. Тов Нурмагамбетов будучи раненым не покинул поле боя, оставаясь на своем пути до взятия города Гдыня и уничтожения десантов обеспечивая бесперебойной связью командование дивизии с командиром 239 стрелкового полка.

Тов. Нурмагамбетов достоин Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени

Командир 33-го отд. батальона связи капитан Гурьев.

Достоен Правительственной награды ордена «Отечественной войны» 2-й степени


Командир 27-й стрелковой дивизии полковник КОРШУНОВ 24.05.1945 г.

Приказом войскам 19-й Армии 0319/н от 31.05.1945 года награжден орденом «Красной Звезды».

Тек 1946 жылы әскери міндетінен босатылып, елге оралған.

«Қызыл Жұлдыз», үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Майдангер Нұрмағамбетов бейбіт өмірде де үлгілі болды, ұзақ жылдар қаржы, әлеуметтік салаларда жауапты қызметтерде болды. Қай істе болмасын адал, жауапкершілігі жоғары, білікті маман, азамат ретінде ел құрметіне бөленді. 1973 жылы ауыр науқастан қайтыс болды.

Өмірлік жары тыл ардагері Қазанбайқызы Зүбайра бес баламен жесір қалды. Балалары: Гүлжанат, Жұматай, Асқар, Мұхтар, Гүлшарбат. Барлықтарын жеткізіп, тәрбиелеп, қиындықтарға қарамай ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере, шөбере сүйіп 88 жасында дүниеден қайтты.



СҮЙЕҒАЗИЕВ Нығмет

(Сүйегазиев Негмет) Батыс Қазақстан облысы бұрынғы Фурманов, қазіргі Казталов ауданында 1905 жылы жарық дүниеге келген. Соғысқа Батыс Қазақстан облысы Фурманов аудандық әскери комиссариатынан 1.08.1941 жылы аттанған. Ол соғысқа алғашқы күндерден соңғы күндерге дейін қатысқан майдангер. Ұрыста ержүректік, батылды, ерлік көрсеткені үшін талай мәрте басшылар

тарапынан марапатқа ие болған. Бастапқыда Брянск, Оңтүстік-Батыс, сонан соң Воронеж майданының 237-ші атқыштар дивизиясының, 841-ші атқыштар полкінің танкіге қарсы қаруының (ПТР-противотанковое ружье) атқышы, кейіннен 1-ші Украин, 4-ші Украин майданының, 8-ші атқыштар дивизиясының, 229-шы атқыштар полкінің взвод командирінің көмекшісі, азық-түлікпен әскерді жабдықтау старшинасы. Кіші сержант, сержант, аға сержант, старшина. Қанқұйлы, жойқын, қанды ұрыста 7 рет жараланған: 15.11.1941., 15.10.1942., 15.01.1943., 3.09.1943., 30.04.1944., 29.05.1944., 24.07.1944., бірақ періштелері сақтап отырған.

Қан майданда өзін батыл, табанды, айбынды жауынгер ретінде көрсете білді. 7.08.1943 жылы Сум облысы (Сумская) Краснопольск ауданының № 48 темір жол бекетінде жойқын ұрыста, жаудың қарсы шабуылына шығып, танкіге қарсы қаруымен, өзінің әскери шеберлігімен, жанкештілігімен, әскери тактиканы ұтымды пайдаланып 25 жаудың солдат-офицерлерін қырып-жойып жібергені үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...наградить командира отделения взвода ПТР, 3-го стрелкового батальона младшего сержанта Суюгазиева Нигмат (деректе дәл солай — автор) за проявленное мужество и отвагу в борьбе против немецких захватчиков. Особенно тов. Суюгазиев отличился в бою 7.08.1943. за ж/д разъезд Краснопольского района Сумской области. Во время отражения вражеской контратаки он уничтожил из противотанкового ружья до 25 солдат, офицеров врага.

Командир 841-го стрелкового полка подполковник Любимцев.

Приказом № 17 от 24.08.1943 года 237-й стрелковой дивизии награжден медалью «За Боевые Заслуги».

Аға сержант Сүйеуғазиевтің ерекше ерлігі – ол 25.07.1944.- 26.07.1944. командирге оқ тиіп, ол саптан шығады. Осындай қиын-қыстау кезеңде жауапкершілікті сезе отырып, взвод басшылығын өз қолына алып, ұрысқа кірседі. Кескілескен шайқаста қайтпас қайсарлық көрсетіп, өз жауынгерлерін батылдығымен баурап, соңынан ерте білген. Нәтижесінде шептен шепті босатады, тапсырма мүлтіксіз орындалады. Жеке өзі 7 немісті өлтіреді, екеуін тұтқынға алады. Взвод жауынгерлік тапсырманы жақсы орындайды.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...старший сержант Суюгазиев (деректе дәл солай – автор) 25.07.1944. при преследования прорыва обороны противника проявил мужество, отвагу, и беспредельную храбрость. Своим личным примером увлекая за собой бойцов на боевые подвиги. 26.07.1944 года когда по ранению вышел из строя командир, тов. Суюгазиев принял командование на себя, смело и решительно повел бойцов в бой. Не давая опомниться врагу, освобождали рубеж за рубежом. Сам тов. Суюгазиев озем из своего автомата уничтожил 7 вражеских солдат и 2 захватил в плен. Взвод под ко-

мандованием Суюгазиева продвигался первым и боевую задачу выполнил отлично.

Командир 229-го стрелкового полка подполковник Александров. 19.08.1944.

Достоин Правительственной награды ордена «Красной Звезды».

Командир 8-й стрелковой Ямпольской дивизии генерал-майор Смирнов. 28.08.1944.

Приказом № 38 от 31.08.1944 года 8-й стрелковой дивизии награжден орденом «Красной Звезды».

8.10.1944 жылы «Безымянный» жотасында Сүйеуғазиев жолдас сақылдаған сары аязда және қиын жағдайда өз ротасын дер кезінде қару-жарақпен, ыстық тамақпен қамтамасыз еткен. Қиын-қыстау уақытта жауынгерлерге рух беріп, өзінің ержүректік ептілігімен, тапқырлығымен, қолма-қол шапшаңдығымен жеке өзі гранатамен жаудың бір қол пулеметін, 8 сарбазын жойып жіберген. Осы ерлігі үшін 3-дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...в боях за высоту «Безымянный» 8.10.1944 года тов. Суюгазиев (деректе дәл солай – автор) в трудных условиях и в сильной мороз своевременно обеспечивал горячий пищей свою роту, а также боеприпасами, когда положение стало напряженным тов. Суюгазиев своим бесстрашием поднимал боевой дух бойцов на выполнение боевых задач. Лично сам в бою уничтожил гранатой ручной пулемет и 8 солдат противника.

Командир ордена Суворова стрелкового полка подполковник Александров.

Достоин Правительственной награды ордена «Славы» 3-й степени.

Командир 8-й стрелковой Ямпольской дивизии Герой Советского Союза гвардий полковник Уерюмов. 10.12.1944.

Приказом №76 от 24.12.1944 года награжден орденом «Славы» 3-й степени».

Сүйеуғазиев жолдас таулы-орманды, ну жынысты жерге қарамастан өз батальонын дер кезінде ыстық тамақпен қамтамасыз еткен. Қиын-қыстау уақытта жауынгерлерге рух берген. 23.04.1945 жылы 734-ші биіктікте орманда, аяқ астынан бір топ жау әскерінің қоршауына түсіп қалады. Тең емес ұрысқа кірісіп, өз өмірін қатерге тігіп, өзінің жылпостығымен, жылдамдығымен, қаруымен үздіксіз оқ жаудырып, жаудың 6-уын жер жастандырып, 2 тұтқынға алады.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...тов. Суюгазиев проявил исключительную заботу о личном составе батальона снабжений пищи. Несмотря на трудные условия горно-лесистой местности пища доставляется всегда во время вкусная и в горячем виде. Наряду с честным трудом тов. Суюгазиев проявил себя как смелый, отважный, храбрый боец.

23.04.1945 года доставляя пищу в батальон на высту 734 в лесу его окружила группа гитлеровцев. Тов. Суюгазиев с группой бойцов принял неравный бой, уничтожил 6 гитлеровцев и 2 захватил в плен. Тов. Суюгазиев во время боев не допустил ни одного случая перебоев в питании подразделения батальона, там где невозможно было доставить пищу в кухню, тов. Суюгазиев в термосах и на вьюках, умело проводя караван по трудно проходимым горным тропинкам доставлял пищу. В особо трудных условиях тов. Суюгазиев организовал доставку пищи на себя. К своим обязанностям относится исключительно преданно, тем самым способствует выполнению боевых задач батальона.

Командир 229-го стрелкового Попрадского ордена Суворова полка майор Мелешко. 13.05.1945 года.

Достоин Правительственной награды ордена «Славы» 2-й степени.

Командир 8-й стрелковой Ямпольской ордена Суворова дивизий Герой Советского Союза гвардий полковник Урюмов. 15.05.1945.

Достоин Правительственной награды ордена «Славы» 2-й степени.

Командир 17-го гвардейского стрелкового Карпатского корпуса гвардий генерал-лейтенант Медведев. 19.05.1945.

Достоин Правительственной награды ордена «Славы» 2-й степени.

Командующий войсками 18-й Армии гвардий генерал-лейтенант Гаспилович.

Член Военного Совета 18-й Армии генерал-майор Колонин. 25.05.1945.

Начальник штаба 18-й Армии генерал-майор Брилев. 25.05.1945.

Начальник отдел кадров полковник Катерушин. 25.05.1945.

Приказом Военного Совета 18-й Армии № 251 от 25.05.1945 года награжден орденом «Славы» 2-й степени.

Соғыстан кейін елге оралады. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданында Талдапан ауылында басшы болып қызмет істейді. 1951 жылы соғыста алған жарақатынан Саратов әскери госпиталында қайтыс болады.



БЕЛКИН Иван Нестерович родился 1924 году. Рядовой, красноармеец. Призван на войну Урджарским РВК Семипалатинской области 01.08.1942 года. Радист 768-го стрелкового полка, 138-й дивизий, 58-й Армии Воронежского фронта – ныне учетчик полеводческой бригады.

Из центрального архива Министерства обороны Российской Федерации: «...красноармеец радист Белкин Иван Нестерович участвовал в боях на Воронежском фронте с 1 августа 1943 года – по 6 сентября 1943 года в составе 3-го батальона 768-го стрелкового полка, 138-й стрелковой дивизий, 58-й Армии. 6-го сентября 1943 года в боях за населенный пункт «Большая Павловка» Полтавской области был тяжело ранен в обе ноги с повреждением костей. В настоящее время инвалид 3-й группы. Работает учетчиком полеводческой бригады Некрасовского колхоза Урджарского района Семипалатинской области. К работе относится добросовестно и честно.

Представляется к Правительственной награде медалью «За Боевые Заслуги».

Семипалатинский облвоенком полковник Матвеев. 26 июля 1945 года.

Достоин награждения медалью «За Боевые заслуги».

Командующий войсками Турк ВО генерал-майор М.Липатов.

Член Военного Совета Турк ВО генерал-лейтенант Уранов. 30.01.1946».

В 1944 году уволен по инвалидности. Создал семью, женился на Прасковье Харитоновне. Дети: Евгений 1945 г.р., Владимир 1947 г.р., Николай 1951 г.р., Валентина 1953 г.р., Анатолий 1959 г.р. Внуки, правнуки растут и работают в разных уголках Стран СНГ. Жена Ивана Нестеровича Прасковья Харитоновна в наших воспоминаниях осталась добросердечной, отзывчивой, чуткой, простой и обаятельной русской женщиной.

Автором этой статьи Қарамандаевым Қайратом с первого класса до 10-го учился младший сын Ивана Анатолий Белкин. С детства познавали, что такое добро. Он учил меня познавать русский язык, я учил его традициям, обычаем, нравам казахов, так как мы были соседями. Удивительная, феноменальная память была у Анатолия. Что рассказывал учитель на уроке, то на следующий день он без подготовки, мог рассказать любое задание на отлично. Не зря говорят 20% воспитания – генофонд. Мы нашли друг друга спустя 40 лет. Он живет в Казани. Семья, дети, внуки. Презваниваемся.



НҰРМАҚАНОВ ҚАМЗА (Нурмаканов Камза) 1915

ж. туған. Қызыл Армия қатарына Петропавловск әскери комиссариатынан 1941 жылы маусым айында шақырылған. Соғысқа 20.08.1942 жылы аттанған. Бастапқыда 4-ші Украин майданы құрамында, кейіннен, 1-ші Балтық майданы, 91-ші атқыштар дивизиясы, 321-шы артиллерия полкінде, 85мм. пушканың, кейіннен 122 мм., және 152 мм. гаубицасының

7-ші батареясының расчет нөмірінің нысанашы, қатардағы жауынгер.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...наградить медалью «За Отвагу» орудийного номера 7 батарей красноармейца Нурмаканова Камза за то, что он в бою за местечко Волостное управление Латвия 28.10.1944. огнем своего орудия в составе огневого взвод подавил огонь минометной батареи, уничтожил 1 ДЗОТ и один пулемет противника.

Командир 321-го артиллерийского Краснознаменного полка майор Фомберг. Начальник штаба майор Гусев. 30.10.1944».

«2-дәрежелі «Отан соғысы» (11.03.1985.) ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Қырымды босатқаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Бейбіт өмірінде еңбегі бағаланып 10.04.1974 ж. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1955 ж. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» және көптеген медальдармен марапатталған.



КЕНЕБАЕВ Жұмамұрат 1912 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданы №15-ші ауылында туған. Бейбіт өмірде химия пәнінен сабақ беріп, ұстаздық қызмет атқарған. Соғысқа Қызылорда қаласының Қарақалпақ көшесінің №13 үйінен аттанған. Өмірлік жары Кенебаева Салибжамал, төрт жасар ұлы Гелий және емшектегі бір жасар қызы үйінде қалады.

Соғыста 197-ші атқыштар дивизиясының, 862-ші атқыштар полкінің 3-ші атқыштар батальонының атқыштар взводының командирі болған. Жойқын ұрыста 29.01.1944 жылы оқ тиіп, ауыр жарақаттан госпитальда қайтыс болады. Беларусь мемлекеті, бұрынғы Поллесская область Парчинский район, қазіргі Гомель облысы Светлогор ауданы Великий Бор деревнясында, №2 зиратында 1-ші қатарда жерленген. Жерленген жерге белгі орнатылған. Кіші

лейтенант. 48928-әскери бөлім. Көп ұзамай 1945 жылы науқастан ауырып өмірлік жары Салибжамал қайтыс болады. 2 баланы қамқорлыққа алған қамқоршы жақын туысы Бахарбаева Жұмагүл асырады. Ұлы Гелий арнайы ағайын, туған, туыстарымен жыл сайын батырдың басына барып тағзым жасайды.



АБЛАМБАЕВ ҚОЖА-ҒҰЛ 1917 жылы Семей облысы Абай ауданында туған. Қызыл Армия қатарына 15.10.1939 жылы Жаңасемей аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1939 ж. – 1941 ж. Моңғолияның Чайболсан қаласында қызмет еткен. Артиллерия полкінде орудия командирі болған. 1943 ж. шілде айына дейін зениттік дивизиясында Қиыр Шығыста қызмет атқарды.

Бақылау пунктінде жаудың атыс нүктелерін тауып, дер кезінде баяндап, жоғарғы командованиенің бұйрығын мүлтіксіз орындайды.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...наградить разведчика-наблюдателя ефрейтора Абламбаева Кожакүл медалью «За Отвагу» за то, что находясь на НП своевременно докладывал об обнаружении оружейных точек и образцово выполнял приказы вышестоящего начальства».

Соғыстан кейін 1945 ж. -1946 жж. мамырына дейін қираған Ленинград қаласын қалпына келтіруге қатысып, елге оралған. 1947 жылы отбасын құрып, Рымбалаға үйленеді. 8 баланы асырады. 1950 ж. Абай аудандық қамсыздандыру мекемесінде бөлім бастығы, Қарауыл мектеп-интернаты шаруашылық істері жөніндегі орынбасары. 1975 жылы қайтыс болды.



ЕСКЕНОВ Балтабек 1922 туған. Қызыл Армия қатарына Семей облысы Аягөз аудандық әскери комиссариатынан 1.12. 1941 жылы шақырылған. 1-ші Беларус майданының, 10-шы жеке моторлондырылған танкіге қарсы батальонның бастапқыда атқыш, кейіннен оқшашары.

Сержант Ескенов Балтабек Берлин қаласын алуда ерліктің үлгісін көрсетті. 26.04.1945 – 2.05. 1945 жылы шабуыл бағытында өз автоматымен немістің 4 солдатын жер жастандырды, ал 29.04.1945 жылы қорғаныста тұрған жаудың

көпқабатты үйін өзінің оқшашарымен өртеп жібереді. Көрсеткен ерлігі мен өжеттігі үшін сержант Ескенов Балтабек «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...сержант Ескенов, участвуя в штурме Берлина с 26.04.1945. - по 2.05.1945. проявил отвагу, уничтожив огнем из автомата 4-х немецких солдат. Огнем из огнемета 29.04.1945 года сжег 4 многоэтажных дома в обороне противника».

За мужество и отвагу, проявленные в боях при штурме Берлина сержант Ескенов достоин награждения медалью «За Боевые Заслуги».

Командир ОМПОТОАНБ (отдельного моторизованного противотанкового Томушевского ордена Алекасандра Невского батальона) подполковник Веселов. 31.07.1945.

Достоин медали «За Боевые Заслуги».

Начальник химического отдела ГСОВГ (Группа Советских оккупационных войск в Германии) генерал-майор технических войск Ботвинник. 15.08.1945».

«**Қызыл Жұлдыз**» орденімен, «**Жауынгерлік еңбегі**», «**Германияны жеңгені үшін**» және көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейін елге оралады. Теміржол депосында машинист болып жұмыс атқарған. Өмірлік жары Нәзия екеуі 8 баланы тәрбиелеп өсірген. Балалары: Роза – 1948 ж., Ақылтай – 1949 ж., Сабыртай – 1950 ж., Серіктай – 1952 ж., Беріктай – 1954 ж., Болат – 1955 ж., Гүлбадан – 1956 ж., Табиғат – 1959 ж. Немерелері, шөберелері өсіп, өніп келеді. Өкінішке орай 1969 жылы дүниеден ерте озды.



МУСІЕВ Молдағали

Мұсаұлы 1919 жылы Батыс Қазақстан облысы Бұрынғы Чапаев ауданы, қазіргі Ақжайық ауданы Игілік ауылында дүниеге келген. Шаруа Қызыл Армия қатарына Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық әскери комиссариатынан 1939 жылы алынған. Фин соғысының қатысушысы. 45 – мм. пушқасының нысанашысы. 11.09.1944 жылы өзінің дәлдігімен, әскери шеберлігімен 45 мм. пушқасымен жаудың 2 дзотын күл-талқанын шығарып, ротаның алдыға жылжуына мүмкіндік береді.

Мусиевтің расчеты 67 рет атып, нәтижесінде 32 фашисті жер жастандырып, 6 пулеметті құртып, 2 танкіге қарсы жаудың пушқасын, 4 дзотын өртеп жібереді, ауыр жараланса да атыс алаңынан кетпей, ұрысты жалғастырды. Осы ерлігі үшін «Өжеттігі үшін» медалімен марапатталады.

Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігінің орталық мұрағат құжаттарынан: «...наградить медалью «За Отвагу» наводчика 45 мм. орудия младшего сержанта Мусиева за то, что он в бою 11.09.1944 года прямой наводкой огнем из пушки подавил огонь из 2 дзотов обеспечив успешное продвижения роты вперед. Будучи раненым поле боя не оставил. За период нахождения в обороне его расчет провел 67 стрельб прямой наводкой уничтожил 32 фашиста, 3 пулемета. Выведено из строя : 6 пулеметов, 2 противотанковые пушки врага, разрушено 4 дзота. Тяжело ранен 25.09.1941., легко ранен 11.09.1942., 11.09.1944.

Командир 116-го стрелкового Новороссийского Краснознаменного полка подполковник Ефимов.

Начальник штаба 116-го стрелкового Новороссийско Краснознаменного полка майор Ваулин. 27.09.1944 года».

1945 жылы Мәскеуде Қызыл алаңда шеруге қатысқан. Эстония, Белорусия, Венгрия жерін азат еткен.



СҮЛЕЙМЕНОВ Хамза 1909

жылы Ақмола облысы Зеренді ауданы Ұялы ауылында жарық дүниеге келген. Соғысқа дейін Қарағанды облысында, Қарағанды қаласында сот жүйесінде жұмыс атқарған. Қызыл Армия қатарына Ақмола облысы Зеренді аудандық әскери комиссариатынан 1941 жылы алынған.

Батыс майданының, әйгілі 33-ші Армиясының, 7-ші гвардиялық атқыштар корпусының, жеке 112-ші ерекше бригадасының атқышы. Смоленск облысы Воря өзенінің

батысында Соснина, Заницы, Раповка, Балмостов елді мекенінде ұрысқа кірісіп шайқасады. Өкінішке орай 3.09.1942 жылы кескілескен, қанды, жойқын ұрыста оққа ұшады. Смоленск облысы, Темкин ауданы (Темкинский), Лопатино елді мекенінде 500 м. оңтүстік-батыста жерленген. **Интернеттен алынған мәлімет:**

«112. ОСБр (особая стрелковая бригада) была сформирована в марте-апреле 1942 года в Ижевске. Будущие бойцы проходили военную подготовку в тылу. По ее завершении были проведены учения и смотр после них. Учения и смотр проводил маршал Советского Союза К.Е.Ворошилов, находившийся в то время в Ижевске. Командиром бригады был назначен гвардии полковник А.П.Мэтте, военкомом – полковой комиссар И.Г.Шеренгин, начальником политотдела батальонный комиссар П.С.Васильев.

В мае того же года бригада должна была отправиться на фронт. Перед этим бригаде было вручено Красное знамя Президиума Верховного Совета Удмуртской АССР. Знамя хранилось в четвертом особом стрелковом батальоне, сформированном из жителей Удмуртской АССР. В середине мая бригада шестью эшелонами отправилась к новому месту дислокации. Бригада выгрузилась на станции Мятлевская и сосредоточилась в районе города Медынь. Там бригаду включили в состав Седьмого Гвардейского стрелкового корпуса, находящегося в резерве Западного фронта. В августе 1942 г. корпус вошел в состав 33 Армии. 12 августа 33 Армия перешла в наступление, форсировала реку Истра, прорвала оборону противника. 112ОСБР находилась в резерве 33 Армии, имея задачу развивать наступление. В середине августа бригада получила боевой приказ: силами одного батальона ликвидировать группировку немцев, занимавших оборону северо-западнее деревни Савинки, Темкинского района Смоленской области. Второй особый батальон выбил немцев с занимаемых позиций, нанеся

им большие потери. В результате боя были захвачены четыре противотанковые пушки, одно крупнокалиберное орудие, четыре миномета, четырнадцать пулеметов и даже три велосипеда. Противник оставил на поле боя большое количество трупов солдат и офицеров. Для лета 1942 года это был большой успех.

На другой день вступили в бой уже все части бригады. Развивая наступление, бригада освободила населенные пункты Соснино, Заницы, Раповка, Балмостово и др. В течение всего лета и осени 1942 года бригада вела тяжелые сначала наступательные, а затем оборонительные бои на западном берегу реки Воря. В сентябре бригада, за исключением артиллерийских частей, была выведена во второй эшелон корпуса для создания оборонительных рубежей. Артиллерийский и минометный дивизионы бригады находились на передовой, поддерживая огнем соседние части. 17.05.43 г. бригада расформирована. Личный состав направлен на формирование 176(2) СД».

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Доспанов Жұмабай. Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақ офицерлері 25-томдық кітап, «Ағатай» баспасы 2016 ж.
- 2.Отбасынан алынған деректер.
- 3.Елдің елдігін сақтағандар. Керей Клим Төлемісұлы. «Семей-Печать», ӨК, ШҚО, 2015 ж.
- 4.Майдангерлер. Энциклопедиялық жинақ А., 2015 ж., құрастырушы Б.Шалғынбай.
- 5.Аманат, «Жазушы» баспасы, Алматы, 2005 жыл.
- 6.<https://pamyat-naroda.ru/heroes/>
7. <http://www.podvignaroda.ru>
- 8.Бақ.кз
- 9.(Источник:<http://www.ugra.alexandrovi.ru/forum/index.php?topic=1266.240>
- 10.ru.wikipedia.org > wik

К ВОПРОСУ О ПОЛОЖЕНИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ в СССР в годы Великой Отечественной войны

Куляш ДЖУМАГАЛИЕВА,
к.и.н., ст. преподаватель кафедры истории
Казахстана КазАТУ им. С.Сейфуллина

Истории Великой Отечественной войны посвящено большое количество научных исследований. Они затрагивают разнообразные темы истории одной из самых кровопролитных войн XX столетия. Многие авторы уделяли внимание военным действиям и ключевым сражениям той войны. Но помимо военно-стратегических действий, была и повседневная жизнь. Этой стороне военных событий уделяется внимания меньше.

К одной из мало исследованных проблем следует отнести положение военнопленных и состояние лагерей, в которых они содержались на территории Казахстана. В результате военных действий в советский плен попало большое количество военнослужащих противника. Длительный период в советской историографии эта тема фактически не исследовалась. Впервые об этом открыто заговорили только в середине 80-х годов XX века. На самом деле военнопленные удерживались в Советском Союзе до 1965 г.

История военнопленных и интернированных нашла отражение в западной, российской и отечес-

твенной историографии. Однако каждое из этих направлений изучали данную проблематику с разных позиций. Среди казахстанских историков следует выделить С.Дильманова [1], А.Михееву [2], С.Елеуханову [3], Р.Бекмагамбетова [4], Б.Жангутина [5], Г.Х.Халидуллина и А.С.Жанбосинову [6], С.К.Кабылтаева и др.

Первый нормативный документ о военнопленных был принят 27 марта 1931 года и утвержден как Проект ЦИК и СНК СССР «Положение о военнопленных». В этом документе было дано определение, кто может быть причислен к статусу пленного [7, с.56].

После начала Великой Отечественной войны 1 июля 1941 года было принято другое Постановление СНК СССР за №1798-800с об утверждении «Положения о военнопленных». Документ представляет собой подробное изложение о содержании пленников в лагерях заключения, разработаны условия их содержания и правовое положение. Офицеры размещались отдельно от солдат и обеспечивались всем необходимым. Они сохраняли свою форменную одежду и знаки отличия. Все военнопленные имели право на медицинское обс-

луживание. Причем лечением занимались не только советские специалисты, но и разрешалось привлечение медицинского персонала из числа военнопленных и интернированных.

Военнопленным предоставлялось право об извещении своих близких и родных о нахождении их в плену. Им разрешалось также получать с родины и других нейтральных стран посылки и денежные переводы. На эти деньги они могли покупать продукты и необходимые предметы быта. В этом Положении было уделено внимание и трудовой повинности военнопленных в местах заключения. Так, офицеры могли быть привлечены к работе только с их согласия [8, лл. 297-299].

Численность военнопленных резко возросла после Сталинградской битвы в 1943 году. Многие солдаты противника оказались обмороженными, истощенными, больными. В связи с этим в Директиве НКВД СССР №248 указывалось на необходимость принятия скорейших мер по улучшению санитарного состояния пленных. В документе говорилось об организации индивидуального лечения каждого человека. Во избежание смертности истощенным пленным выдавали по 750 гр. хлеба до полного выздоровления. Обеспечивали «овоцами, витаминными продуктами и продуктами для диетпитания» [9, лл. 396-397].

По всей территории СССР были созданы специальные лагеря для военнопленных. Они были сформированы и в Казахстане. Основной контингент составляли немецкие и японские военнопленные. После разгрома Квантунской армии советские войска захватили в плен 594 000 японцев. В СССР было отправлено 499 807 человек, из них, генералов – 166, офицеров – 21 345, рядовых – 478 296. В Казахстан было отправлено 27 648 человек. Более 300 000 японцев были размещены в Западной и Восточной Сибири и Хабаровском крае. Они оказались не приспособленными к суровым климатическим условиям. Как отмечалось в докладной записке №9898 от 23 августа 1945 года, в Казахстане находилось 27 648 человек. Военнопленные были распределены по наркоматам. Японцы, находившиеся в Казахстане, были переданы Наркомуглю и Наркомцветмету. На предприятиях этих наркоматов и были задействованы японцы.

В отчетах отмечается хорошая работоспособность японцев. Многие перевыполняли норму выработки, особенно при работе в закрытых помещениях. Те, кому пришлось работать на лесозаготовках и строительных работах показывали 50-60% нормы. Суровые климатические условия Сибири и Дальнего Востока и непригодность японцев сказывалась на показателях труда.

В Казахстане, Сибири и на Дальнем Востоке было организовано 49 лагерей, куда было направлено 1492 медицинских специалистов. Создан запас продовольствия, отправлено 300 вагонов захваченного в Японии обмундирования [10, лл. 285-287].

Если пленные немцы состояли из тех, кто принимал непосредственное участие в военных действиях, то с японцами была другая ситуация. **Это были солдаты, ставшие пленными в результате капитуляции Японии в 1945 году. Поэтому сама депортация японских военнослужащих в СССР и их присутствие в стране до 1956 года, по сути, правовой казус.**

2 апреля 1946 года Главное управление по делам военнопленных и интернированных СССР утвердил приказ №00322 о репатриации японских пленников. Первыми были вывезены бывшие японские военнослужащие из Красноярска численностью 1667 человек. Это были в основном больные люди. В то же

время согласно приказу МВД СССР №00385 от 4 мая 1946 года планировался вывоз еще 20 тыс. больных и нетрудоспособных человек. Отправка на родину японских солдат была вызвана рядом обстоятельств. Лечение и обслуживание такого количества больных требовало больших финансовых затрат со стороны государства. Другой причиной была скученность пленников, что не соответствовало возможностям лагерей. Отправка этих пленников, позволяла решить проблему обеспечения продовольствием оставшихся японцев [7, с. 811-814].

Процесс репатриации военнопленных и интернированных начался после окончания войны. Следующий этап начался в 1955 г. Среди последних освобожденных пленников были австрийцы, немцы и японцы. *Необходимо отметить, что военнопленные, находившиеся в СССР, не подвергались таким издевательствам и тотальному уничтожению, как это было в немецких концлагерях по отношению к советским солдатам. Несмотря ни на что, советское государство и народ проявили гуманизм и терпимость к поверженному противнику.*

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы КСРО-ғы әскери тұтқындардың жағдайы қарастырылған. Бұлар бұрынғы гитлерлік коалицияның солдаттары мен офицерлері болатын. Әскери тұтқындардың көпшілігі немістер мен жапондықтар болды. Автор әскери тұтқындардың күнделікті өміріне ерекше назар аударған.

Түйін сөздер: әскери тұтқындар, немістер, жапондықтар, медициналық қызмет көрсету, әскери міндеткерлік.

In article reveals position of prisoners of war in USSR in days of the Great Patriotic War. These were the soldiers and officers of the former Hitlerites coalition. Germans and Japanese were made by among prisoners of war the majority. In article is paid the attention to their everyday life.

Keywords: prisoners of war, Germans, Japanese, medical care, labor duty.

ЛИТЕРАТУРА

1. Дильманов С. Исправительно-трудовые лагеря на территории Казахстана (1930-1956 гг.): Дисс... д-ра ист. наук. – Алматы. – 350 с.
2. Михеева Л.В. Иностранцы военнопленные и интернированные в Центральном Казахстане (1941-начало 50-х гг. XX века): Дисс... канд.ист.наук. – Караганда, 2007. – 190 с.
3. Елеуханова С. История Карлага: охрана, режим и условия содержания заключенных (1930-1956 гг.). Автореферат дисс... к.и.н. – Караганда. – 30 с.
4. Бекмагамбетов Р. Иностранцы военнопленные в системе принудительного труда в Казахстане (1941-1950 гг.). Автореферат дисс... к.и.н. – Алматы, 2009. – 27 с.
5. Жангутин Б. ГУПВИ: военнопленные и интернированные на территории Казахстана (1941-1951 гг.) // Отечественная история. – №2. – С. 107-114.
6. Кабылтаева С.К. Иностранцы военнопленные на территории Казахстана (1941-1945 гг.) // Вестник КазНУ – Алматы, 2012. – С.
7. Иностранцы Военнопленные в СССР (1939-1956). Документы и материалы. // Сост. М.Загоруйко, С.Сидоров, Т.Царевская. Под ред. М.М. Загоруйко. – М.: Логос, 2000. – 1120 с.
8. Государственный архив Российской Федерации (далее – ГА РФ). Ф. 9401, оп. 1, д. 619, л. 297-299.
9. ГА РФ. Ф. 9401, оп. 1, д. 684, л. 396-397.
10. ГА РФ. Ф. 9401, оп. 2, д. 134, л. 283-287.

ТҮРКИЯДАН КЕЛГЕН ҚАЗАҚТАР: этномәдени ерекшеліктері

Ақбота СЕЙСЕНБАЕВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университеті Қазақстан тарихы
кафедрасының аға оқытушысы, PhD,
Райса САУЫРБАЕВА,
аталған университеттің қоғамдық-
гуманитарлық пәндер кафедрасының
аға оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Қазіргі таңда Түркиядан келген қандастарымыздың біршама бөлігі Алматы қаласының Қарасай ауданы, Қаскелең қаласына қоныс тепкен. Жетісу аумағына алыс және жақын шетелдерден қоныс тепкен қандастарымыздың отбасылық қатынастарындағы әдет-ғұрыптарында жергілікті қазақтармен салыстырғанда біршама ерекшеліктер байқалады.

Түркиядан келген қазақтардың бала туу және тәрбиелеуге байланысты дәстүрлеріндегі ерекшеліктері. Олар – тарихи соқпақтардың небір қиын жолдарынан өтіп, ондаған жылдар бойы бөгде ел, бөтен ұлт арасында өмір сүрсе де, өзінің ұлттық болмысын сақтап келе жатқан қазақ репатрианттарының бірі. Дегенмен де, көптеген жылдар бойы басқа халықтың әлемінде өмір сүрген соң, жат жердің тілі, мәдениеті, санасы, ұлттық психологиясы, салт-дәстүрі сол жерде тұрып жатқан қазақтарға да әсер етпей қоймайтыны анық. Оның үстіне қазақтардың түріктермен қаны, діні тамырлас, тілі ұқсас болуы да олардың басқа халықтармен салыстырғанда біртіндеп кейбір салттарының еніп кетуіне әсер еткен.

Қазіргі кезеңде қариялар мен орта жастағылар болмаса, қазақ жастары өзінің ана тілін біраз ұмытқан. Оның ең бір басты себептерінің бірі – жергілікті ұлт өкілдерімен аралас некенің көбеюі. Сонымен қатар қазақ халқының өмірінде нәрестенің дүниеге келуімен байланысты туған ырымдар, жөн-жоралғылар көп. Халқымыздың дәстүрлі мәдениетінде бала туылғаннан бастап, есейгенше қатар жүретін жөн-жоралғылардың барлығы ұрпағын ұлттық болмыста тәрбиелеуге негізделген. Сондықтан ұлттық рухта тәрбиелеудің бастауы бала тәрбиесінен басталары хақ [1].

Қазақ халқы келін алғаш босағаны аттағаннан бастап бала көтеруі үшін әртүрлі ырым-жырымдарды жасайтын болған. Осы жөнінде Түркиядан Қазақстанға тәуелсіздік алған жылдардың басында көшіп келген, руы жалайыр, 57 жастағы Айша Полат: «... Жас түскен келіннің алдына бала отырғызып, ертерек бала көтерсін деп ырымдаған. Сонымен қатар әйел жүкті болғанда абысындары, жеңгелері оның жерік асын дайындап, үйіне апарып береді», – деп әңгімелейді [1].

Түркиядан келген қазақтарда да жас келіннің

бойына бала біткенін сезе салысымен ене оны өз қамқорлығына алып, пәле-жаладан, тіл көзден сақтаудың шарасын істей бастайды. Мәселен, қазақтар жас келінді түн қараңғысында жалаңбас далаға шығармау, кешке суға жібермеу, өлік шыққан үйге барғызбау, т.с.с. жағдайларға тыйым салынады. Егер үйде ері жоқ болса, бір өзін жатқызбай, қасына қайын сіңілісі не енесі жатады. Қазақ арасында жалпы аяғы ауыр әйелдерге жын-шайтан, пері, албастылар үйір болады деген ұғым бар. Бұлардың қастандығынан іштегі нәрестеге зақым келуі мүмкін делінеді.

Тәжірибелі ежелер келіннің аяғы ауыр екендігін білсе, абысын-ажын, ауыл әйелдерін жинап, «құрсақ тойын» өткізе бастайды. «Құрсақ шашу» бүгінге таңда жергілікті қазақтар арасында ұмытылып бара жатқан жоралғылардың бірі.

Жас нәрестенің, әсіресе, ұл баланың өмірге келуі отбасы мүшелеріне, әкесі мен атасына, нағашы жұртына үлкен қуаныш әкелген. Сондықтан осындай қуаныштарда «сүйінші» сұрау қазақ өмірінде қалыпты болып саналады. «Сүйінші» сұрау әдеті түрік халқында да кеңінен таралғандығы белгілі. Түркиядан келген қазақтарда да, жалпы Жетісу өңіріне көшіп келіп қоныстанған қазақтардың бәрінде де сүйінші сұрау сақталған. Әрине, сүйінші сұраған адамға ақшалай не заттай сүйіншісін береді [11].

Ақпарат беруші 60 жастағы Қаратамыр руынан шыққан Мухаммедияр Қаратамыр: «Мен бұрын жүкті әйелдерді босандырып, баланың кіндіктерін кесетінмін. Ертеректе тәжірибесі бар әйелдер екі қабат әйелді көбіне белін буып үйде босандыратын. Сондай бір әйелді босандырып жатқанда бала теріс айналып қалып, кіндігіне оралып қалады, кіндік қатты шандыр болады екен. Кіндіктегі қанды сауып барып, кіндікті кеседі. Босанып жатқан әйелдің кіндігі беріш болып қатып қалыпты. Өкінішке орай, екеуі де тірі қалмады. Баланы алып, жуындырып қойдық. Егер бала жылап түсіп шетінесе, жаназасын шығарады, егер өліп туылса, онда жаназасы шығарылмайды. Оны бұрын Қарамолда деген кісі айтып отырушы еді», – деп әңгімелейді [11].

Шілдехана. Баланы босана салысымен бір жеті өткеннен соң, мал сойылып, шілдехана өткізіле-

ді. Шілдеhana – нәрестенің дүниеге келу құрметіне арналған той, қазақ халқының көптеген салт-дәстүрлерінің бірі, баланың дүниеге келгендегі алғашқы тойы. Шілдеhanаның көне атауы «Шілде күзет» болған. **Мағынасы:** туылғаннан кейінгі қырық күндік күзет «анасы мен баласын жын-шайтандардан 40 күн бойына, яғни қырқына дейін күзету». И.Сванберг өз еңбегінде ғалым Улла Йохансеннің Алтайкөй кентінде 1957 жылы көрші үйде дүниеге келген ұл балаға жасалған ырым-жырымдар жөнінде жазған деректерінен мысалдар келтіреді. Қазақтар босанатын әйел толғатқанда тезірек босандыру үшін арқанға керіп қоятындығын айтады. Дүниеге келген нәрестенің денесін тұзды сумен сүртіп, шомылдырады да орап, анасының қасында үш күн ұстайды. Алғашқы үш күн анасы баласын жатпай, тұрмай күзеткен, себебі «сары албасты», «қара албасты» қасқұнем күштер ұрлап кетеді деген сенім болған. Екі жақтың туған-туыстары, дос-жарандары, көрші-қолаңдары жиналып, босанған әйелдің қасында ән айтып, би билеп, ойындар ойнау арқылы көңілін көтеріп, ұйықтатпауға тырысқан. Кешке ер адамдар карта ойнап, ал әйелдер әңгіме дүкен құрып, тігіс тігіп, балаларға қараған [2].

Босанған әйелге қой малы сойылып, арнайы ас «қалжа» дайындалады. Босанған әйел міндетті түрде қойдың мойын омыртқасын мүжиді, мүжілген омыртқаны керегеге іліп қойған. Егер омыртқалар ажырамай кепсе, жақсы ырым саналған, яғни баланың мойны тез бекиді деп ырымдаған. Бұл дәстүр осы күнге дейін сақталып келеді. Көрші-қолаңы, туыстары сый ретінде құс етін, әсіресе, тауық етін, оның жұмыртқасын әкеледі. Сонымен қатар қазақ отбасыларында ұл босанса екі қой, қыз босанса бір қой сойып, ас берген немесе мешітке апарып таратады.

Кезінде Алтай ауылында шілдеhanaда өлең айтатын едік деп еске алады кезінде ақындығы болған Әмина Әшімқызы. Алматы облысы Қаскелең қаласы, жасы 32-де. Руы шөмекей.

*Бәйтерек басы биік, түбі саусақ,
Қаңбақтай жел аударған жерге барсақ,
Қаңбақтай жел аударған жерге барып,
Көкорай жерге барып бие саусақ.*

*Берейін сөйлеп-сөйлеп сөзден өрнек,
Болғанда сізден рұқсат бізден ермек,
Қасыңда туыстарың толып отыр,
Кеңге жай құлашыңды көкке сермеп.*

Өлеңнің бәрі туған жерге деген сағыныштан туатын [IV].

Дүниеге келген нәрестенің кіндігін кескен әйел «Кіндік шеше» туралы И.Сванберг: «*«Кіндік шеше» туыстық қатынастың бір түрі, бұл қазіргі күнге дейін сақталып отырған дәстүр. Жүкті әйелдердің перзентханаларда босануларына байланысты, кіндігін кескен адам, дос-жарандары немесе туған-туыстарының ішінен тағайындалады. Нәрестенің ата-анасы кіндік шешеге сыйлықтар жасайды. Бала да өсіп ержеткенше кіндік шешесіне ерекше құрметпен қарайды»* [2, 172-б.].

Қорыта келе Түркия, Ауғанстан, Иран ислам дінін қатты ұстанатын елдер болғандықтан, осы елдерден көшіп келген қазақтар да ислам

дініне берік, әрі балаларын да дінді қадірлеуге, құрметтеуге тәрбиелейді. Сондықтан ол жердегі қандастарымыз да олардың балалары да 13 жасқа толған соң бесуақыт намаздарын оқып, ораза ұстайды. Түркия, Иран, Ауғанстан мемлекеттерінен келген қандастарымыз негізінен салт-дәстүрін, мәдениетін қатаң түрде сақтап қалуға тырысады. Алайда, кейбір ұлттық ерекшеліктеріне көз жұма қарауға тура келеді. Атап айтқанда балаларына ат қоюда қазақша аттардың орнына біртіндеп парсы есімдерін қойып жатыр. **Бұның себебін зерттеуші ғалым Ислам Жемөней өзінің мақаласында былай деп көрсетеді:** «*қазақ есімдерін парсы тілінде айтылуы да, жазылуы да қиын болғандықтан, екіншіден, қазақ есімдерінің кейбірі парсы тілінде жағымсыз мағынаны білдіретін болғандықтан, үшіншіден, иранда сәбилердің аттары мемлекет тарапынан бекітілген арнайы “Иран есімдері кітабынан” таңдалып қоюға мәжбүр болғандықтан*», – деп қазіргі таңда қазақтар ұлттық аттарынан күн өткен сайын қол үзіп бара жатқанын айтады. Қорытындылай келсек, алыс және жақын шет елдерден келген оның ішінде өзіміз жоғарыда тоқталған Түркия, Иран, Ауғанстан мемлекетінен келген қазақтардың өмір салтында бірқатар өзгешеліктер бар екенін көріп отырмыз. Алайда, бір-біріне деген мейірбандық, бауырмалдық, үлкенді сыйлау, келіндік міндетті орындау, бала тәрбиесіне байланысты қазақтың салт-дәстүрлеріне үлкен мән береді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности обычаи и традиции казахов из Турции. Особого внимания заслуживают традиции воспитания детей и родов. В основе статьи лежали материалы, собранные в рамках этнографической исследовательской экспедиции.

Ключевые слова: Казахи из Турции, Иран, этнос, традиция, репатриант, шилдеhana.

In this case, the Kazakh language and traditions of the Kazakhs are translated from Turkey. This is a good tradition that helps traders in the UK and abroad. On the basis of these statistic materials, contained in the frameworks of the ethnographic research expedition.

Keywords: Kazakhs from Turkey, Iran, ethnicity, tradition, repatriate, shildehana.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алматы облысының жұмыспен қамту орталығының көші-қон бөлімінен алған мәліметтер бойынша. – Талдықорған, 2014.
2. Сванберг И. Казахи Китая. Казахские беженцы в Турции. – Алматы: Санат, 2005.

МӘЛІМЕТ БЕРУШІЛЕР

1. **Айша Полат**, 57 жаста, руы Жалайыр. Алматы облысы, Қаскелең қ.
2. **Мухаммедияр Қаратамыр**, 60 жаста, руы Қаратамыр. Алматы облысы Қаскелең қаласы.
3. **Әмина Әшімқызы**. Алматы облысы, Қаскелең қаласы, жасы 32-де. Руы шөмекей.
4. **Гүлжан Полатқызы**, 40 жаста. Алматы облысы, Қаскелең ауылы.

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – қоғам өркениеттілігінің көрінісі

Бағдагүл АМАНИЯЗОВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің оқытушысы

Қазақстан – өзінің көпұлтты мәдениетімен түрлі ұлттардың қатар бейбіт өмір сүріп жатқан әлемнің аз ғана елдерінің бірі. Біздің еліміздің бірегейлігі тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу сәтінен бастап мемлекеттік ұлттық саясатының тарихи негізі болып табылатын ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге мемлекет тарапынан дер кезінде және басым назар аударылды. Бүгін Қазақстан әлемде ұлтаралық келісімнің бірегей үлгісін көрсетіп отырғандығын мақтан етеміз. Республикада тұратын барлық ұлттардың мәдениетін үйлестіретін және өзіне үйлесімді қалыптастырған қазақстандық қоғамның рухани байлығы да осы болып есептеледі.

Ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі нені білдіреді? Оның негізі Қазақстанның Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Ел Конституциясында, сондай-ақ басқа да маңызды мемлекеттік актілерде қаланды. Бұл ретте біздің модель ұлтаралық келісімді сақтауда ғана емес, сонымен қатар дамытуда, болашаққа бағдар алғандығымен маңызды. Қазақстанның жүргізіп отырған ішкі саясатының күшті жақтарының бірі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірлігі болып табылады. Бұл мәселеге Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында да назар аударылады. Стратегияның маңызды бағыттарының бірі ретінде ұлттық рухты, атап айтқанда, ұлттық бірегейлікті сақтау және нығайту бекітілген.

Біздің тәуелсіз мемлекетіміз әрқашан ұлтаралық және конфессияаралық үдерістердің ырағында дамып келеді. Елбасы құрған Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары әрқашан ұлттық бірлікті нығайту үшін күнделікті, тынымсыз жұмыс жүргізіп келеді. Ұлттық комиссия мақала жарияланғаннан кейін бірден қарқынды жұмыс жүргізді. Сараптамалық жұмыс топтары құрылды, орталық пен өңірлерде жобалық кеңселердің жұмысы іске қосылды. Әрине, ұлтаралық келісімді нығайтуға табысты экономикалық саясат пен халықтың әлауқатының артуы да айтарлықтай дәрежеде ықпал етеді. Ұлтшылдық пен ұлттық қақтығыстар – кедей, білімсіз адамдардың әрекеті. Бұл тек материалдық игілікке қатысты ғана емес, мәдениетке де қатысты айтылады. Нәсілшілдік, ұлттық шовинизм, ұлтшылдықтың шеткі түрлері – бұл мәдениет кедейлігінің, білімнің жетіспеуі, басқа халықтардың рухани байлығын түсіну мен бағалай білмеудің көрсеткіштері.

Қазір сананы жаңғырту идеясы, яғни, өз мәдениетін, жеке ұлттық кодын сақтау – өте өзекті мәселе. Сондықтан да сана жаңғырту – өткен, қазіргі және болашақ халықтың көкжиегін біріктіретін платформа. Бұдан басқа, рухани жаңғыртудың маңызды миссиясы – ұлттық сананың түрлі полюстерін жақындастыру, татуластыру. 1995 жылдың 1 наурызы – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні. Оны құру идеясын 1992 жылы Қазақстан Республикасының Елбасы айтқан болатын. Дәл сол кезде өткен ғасырдың 90-жылдарының басында біздің тарихымызда, біздің басты игілігіміз – халықтар достығын сақтау үшін – 1992 жылғы Қазақстан халықтарының 1-ші форумында Н.Ә.Назарбаев осы форумды тұрақты негізге көшіру

қажеттігі туралы идеяны айтты. Ал 1995 жылдың 1 наурызында республиканың қоғамдық-саяси аренасында ұлттық саясат саласындағы жаңа институт – Ассамблея пайда болды.

Ассамблея құру идеясы қазақстандық қоғамның жер қойнауынан туындады. Жаңа, бірегей құрылымды құру өңірлердегі кіші ассамблеялардан басталды. 1995 жылы 16 ақпанда Елбасы Н.Назарбаев ұлттық мәдени орталықтардың басшыларымен кездесті. Бұл кездесуде КСРО ыдырағаннан кейін кейбір посткеңестік мемлекеттердегі ұлтаралық және этникалық негіздегі қарулы қақтығыстар өршіп, ондаған мың адам өмірден өтіп, қаншама адам қоныс аударды, жүздеген мың адам баспанасыз қалды. Бақытымызға орай, Қазақстан ұлтаралық келісім мен бейбітшілік саясатының арқасында осындай қайғылы оқиғадан аман өтті. Бұл үшін Елбасы әр түрлі ұлт өкілдеріне алғысын білдірді. Одан әрі Н.Назарбаев республикада ұлтаралық келісімді сақтау және одан әрі нығайту үшін жаңа қоғамдық институт – Қазақстан халықтарының келісімі мен бірлігі Ассамблеясын – Президент жанындағы консультативтік және кеңесші орган ретінде құру қажеттігін атап өтті.

Қазақстан аумағында 90-жылдардың басында 130-ға жуық ұлт өкілдері өмір сүрді. Бұл көптеген сарапшылардың пікірі бойынша, біріншіден, ерекше феномен болса, екінші жағынан өте қауіпті еді. Ұлтаралық шиеленіс, қоғамдағы дезинтеграция және осы негіздегі қарулы қақтығыстар сол кезеңде көптеген мемлекеттерде, соның ішінде біздің елмен көршілес елдерде орын алып жатты. Елбасы осындай сценарийлердің Қазақстанда болмауы үшін барлық мүмкіндіктерді жасады. Осы бағыттағы аса маңызды қадам Ассамблея құру болды, ол бір жағынан әрбір этностың өзіндік ерекшелігін сақтауға ықпал етті, ал екінші жағынан қоғамға Қазақстанның барлық тұрғындары – өз елінің тағдырына ортақ жауапты біртұтас халық екенін түсіндірді. Мемлекет басшысы Қазақстанның қалыптасуының алғашқы жылдарында нақты тәуелсіздікке қол жеткізу, оның ішінде рухани қолдауды да талап ететінін бірнеше рет атап өтті, яғни қоғамда қосымша проблемаларды шешуге уақыт пен күш-жігерді рәсуа қылмай, саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларға ықпал ететін және қолдау көрсететін атмосфера құру қажет. Көпұлттықты елдің әлсіздігі емес, қосымша артықшылығы ретінде пайдалану керек болды.

Ассамблея осындай атмосфераны құрумен айналысуы тиіс еді. Барлық ұлттардың мүдделерін қорғау, олардың ұлтына қарамастан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз ету. ҚХА-ның кейінгі жылдардағы жұмысы Мемлекет басшысының құру кезінде оған жүктелген үміті ақталғанын көрсетті. Сонымен қатар, Мемлекет Басшысы «ұлттық мәселені» күн тәртібінен толығымен алып тастау мүмкін еместігін және этносаралық қарым-қатынас саласындағы саясатты Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытуды дәйекті түрде жалғастырғанын түсінді. ҚХА үшін маңызды 2007 жыл болды. Алдымен, осы жылы оның атауындағы

негізгі сөз жалғыз – Қазақстан халқы Ассамблеясы деп жазыла бастағанын еске алу керек.

«Жаңа ғасырдың басында этносаралық және конфессияаралық қатынастардың қазақстандық моделі тиімді қазақстандық ноу-хау деп танылды, ол әлемнің көптеген елдері үшін тартымды және пайдалы бола алады», – деп еске алады Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында. Кейіннен Елбасы ұсынған әлемдегі ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынас үлгісі «Назарбаев моделі» деген атауға ие болды. Ол БҰҰ-да таныстырылды және өз уақытында БҰҰ Бас хатшысы Кофи Ананд біздің елімізді әлемнің басқа мемлекеттері үшін тұрақтылық пен дамудың үлгісі ретінде атады. ЕҚЫҰ-дағы осы саладағы Қазақстан саясатының тиімділігін жоғары бағалады. Қазақстан тәжірибесі әлемнің ондаған елдерінде зерттелді, кейбіреулерінде 1998 жылдың мысалында ҚХА типі бойынша өз құрылымдары құрылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, республикадағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ұлтаралық қатынастар саласындағы қоғамның мемлекеттік және азаматтық институттарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталды.

130-дан астам ұлт өкілдері тұратын ел жағдайындағы ұлтаралық және конфессияаралық өзара іс-қимылдың қазақстандық моделі – бұл мемлекет басшылығының да, бүкіл қазақстандық қоғамның да айтарлықтай жетістігі екендігі күмәнсіз. Қазіргі әлем өте маңызды ұлтаралық, мәдениетаралық қақтығыстарға толы. Еуропа мен АҚШ-та мультикультурализм дағдарысы, тұрғылықты тұрғындар мен эмигранттар арасындағы қайшылықтар ашық қақтығыс кезеңіне өтті және жағдай одан әрі шиеленісе түседі, өйткені эмигранттық ортада батыс елдерінде туған және осы елдердің азаматтығы бар, бірақ қоғамға бейімделе алмаған және қоршаған ортаны дұшпан ретінде қабылдайтын адамдардың жаңа буыны қалыптасқан.

Осы жағымсыз фонда ұлтаралық диалог құрудың қазақстандық оң тәжірибесін зерттеудің өзектілігі бірнеше есеге артып отыр. Егер ұлтаралық қақтығыстардың өздері ғылыми әдебиетте жақсы зерделенсе, онда келісім мен толеранттылықтың тиімді үлгісін қалыптастырудағы оң тәжірибе одан әрі өзге полиэтникалық мемлекеттердің жағдайларына бейімделуі үшін терең ғылыми ой-пікірге ие болуы тиіс. Бұл Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін зерттеудің жоғары өзектілігін түсіндіреді.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру Қазақстан Республикасында ұлтаралық қатынастарды реттеу үшін пәрменді тетіктер мен заңнамалық актілерді қалыптастыруға ықпал етті.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның саяси және қоғамдық жүйесіндегі Ассамблеяның рөлі туралы маңызды екендігін атап өтті. Құрылған алғашқы күннен бастап Қазақстан халқы Ассамблеясы тұтас кешенді міндеттерді шешу үшін кең өкілеттілікке ие болды: мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу; қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал ету; мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту; ұлтаралық саладағы өңірлік саясатты жетілдіру; демография және көші-қон саласындағы жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу; елде және шетелде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау; ұлтаралық келісімге қол жеткізуге бағытталған ағартушылық және баспа қызметін жүзеге асыру; ұлтаралық қатынастар жай-күйінің, оның ішінде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін қолдану саласындағы

мониторингін жүзеге асыру; мемлекеттік ұлттық саясат мәселелері жөніндегі заң жобаларының қоғамдық-саяси сараптама-сына; шет елдердегі қазақ диаспорасының ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, оның тарихи Отанымен байланысын нығайту мәселелерінде қолдау көрсету [2].

2007 жылы Ассамблея конституциялық орган мәртебесіне ие болды, конституциялық кепілдік берілген парламенттік өкілдік – ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутатты сайлау құқығына ие болды. 2008 жылғы 20 қазандағы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң Ассамблея қызметі мен құрылымын нормативтік-құқықтық реттеуді, оның елдің қоғамдық-саяси жүйесіндегі рөлі мен орнын, Конституциялық парламенттік өкілдікті іске асыруды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етті.

2010 жылдың мамыр айында азаматтық қауымдастық ретінде біртұтас Қазақстан ұлтын қалыптастыру бағытында маңызды қадам жасалды. Ол – *«Қазақстанның барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер мен лайықты өмір сүру жағдайларын жасауға ұмтылысты, адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын тануды, ұлттың тағдыры үшін жауапкершілікті сезінуді, байырғы қазақ жерінде ұлттық мемлекеттілікті құру мен нығайтуды және мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда, Мемлекеттік Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңда және Қазақстан Республикасының Конституциясында баяндалған басқа да негіз қалаушы қағидаттарды ескере отырып, ұлттық бірлік доктринасын қабылдау»* [3] еді. Бұл құжаттың негізгі міндеті Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен халықтардың өкілдері өз санасында ұлттық тиесілілік идеяларын жеңіп, өздерін қазақстандық ұлт ретінде анықтауға болатын біртұтас өкіл ретінде сезіне алатын жағдайларды қалыптастыру болып табылады. Бұл ретте жалпы азаматтық қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру қазақтардың және Қазақстанның басқа да халықтарының ұлттық сана-сезімінің және әлеуметтік-мәдени құндылықтарының мәнін кемітпеуге тиіс болды.

Бұл міндеттер үш қағидатқа негізделген Доктринаның құрылымын анықтайды:

- Бір ел – бір тағдыр;
- Тең мүмкіндіктер;
- Ұлттық рухты дамыту.

Осылайша, тәуелсіздіктің барлық жылдарында ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылды. Мемлекет даму векторын құрады, схеманы, оны іске асыру тетіктерін құрастырады, бірақ күнделікті жұмыс, жергілікті жерлердегі өзара іс-қимыл, ағымдағы, ахуалдық проблемаларды шешу азаматтық қоғам институттарының қатысуынсыз мүмкін емес. Осы тұрғыда Ассамблея маңызды бағыт – ұлтаралық қатынастар мәселелері шеңберінде қоғам мен билікті біріктіретін коммуникатор рөлін атқарады.

Нәтижесінде ішкі теңдікті сезіну, басты және екінші дәрежелі ұлттарға бөлінудің болмауы Қазақстанда конфессияаралық келісім тетіктерін, оның ішінде отбасы деңгейінде тиімді жаңғыртуға мүмкіндік береді, өйткені қоғамның тезбеушілік пен ксенофобия көріністері мүлдем жоқ жағдайда басқа конфессиялар мен ұлттардың өкілдеріне толерантты табиғи қарым-қатынас жағдайында өскен жастар тәрбиенің барлық буынынан өтеді.

Бірақ Қазақстанның этникааралық және конфессияаралық келісім идеяларына бейімділігі тек ішкі ел деңгейінде ғана көрініс тапқан жоқ. Астана өзінің көптеген бастамалары мен ұсыныстарын айтып әлем-

дік қоғамдастыққа үндеу тастады. Мұның жарқын мысалы Қазақстан Президентінің өркениеттер мен конфессиялар арасындағы диалогты дамытуға арналған Өлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін өткізу туралы бастамасы болып табылады.

Қазақстан бес мәрте съездерді өткізу ошағына айналды. V съезд 2015 жылғы 10 маусымда Бейбітшілік және келісім сарайында, мерейтойлық жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылында өтті.

Өткен съездердің қорытындысы өте әсерлі. Бірнеше жыл ішінде өлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі конфессияаралық диалогтың жаһандық мәселелерін талқылау үшін беделді диалог алаңына айналды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 22-ші сессиясында Елбасы 1 наурызды Алғыс күні деп атап өтуді ұсынды. «Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды – жыл сайын барлық ұлттардың бір-біріне және осы адамдарды туған-туысқандары ретінде қабылдаған мейірімділік танытқан қазақтарға алғыс күні ретінде атап өтуге болады», – деді Н.Назарбаев. Елбасы мұндай дәстүрді енгізу қазақстандықтарды одан әрі жақындата түседі және бұл күн қайырымдылық пен махаббаттың жарқын мерекесі болуы мүмкін екендігін атап өтті [4]. 14 Қаңтар 2016 ж. Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Жарлыққа қол қойып, соған сәйкес 1 наурыз Алғыс айту күні деп жарияланды.

Осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясы – Қазақстанның бірегей саяси жаңашылдығының нәтижесі. Бүгінде оның жұмыс тәжірибесі өлемнің көптеген елдері үшін тартымды және пайдалы болып келеді. Бүгінде Конституция мен Қазақстан халқы Ассамблеясы жай ғана құрдастар емес. Бұл тұрақтылық, жаңғырту және өркендеу іргетасына айналған екі ұлы құндылық. Сенім, дәстүрлер, транспаренттілік, төзімділік – бұл біздің көпұлтты гүлденіп келе жатқан мемлекетіміздің негізі болатын қағидаттар. Ұлтаралық саладағы мемлекет саясатының негізіне «Әралуандықтағы бірлік» қағидаты алынды.

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін «БҰҰ миниатюрасы» жиі атайды. Ол 5 базалық қағидатты қамтиды – қазақ халқының біріктіруші рөлі, бірлік, төзімділік және жауапкершілік, мәдениет пен тілдерді дамыту, этноконфессиялық және мәдени-тілдік әралуандылық. Ұлттық саясат стандарттары Конституцияда айқындалған, онда 11 бап этносаралық қатынастар мәселелеріне арналған. БҰҰның этникалық, діни, тілдік азшылық құқықтары туралы Декларациясына сәйкес, олар әлеуметтік, нәсілдік, этникалық тиістілігіне және діни сеніміне қарамастан олардың теңдігін қамтамасыз етеді.

Біздің елімізде 88 мектепте оқыту өзбек, тәжік, ұйғыр, украин тілдерінде жүргізіледі. Ал 108 мектепте 22 қазақстандық этностың тілдері жеке пән ретінде оқытылады. Елде 15 тілде 35 баспа басылым шығарылады. Телеарналар эфирінде 11 тілде хабар беріледі. Елде 14 орыс театры, сондай-ақ өзбек, ұйғыр, неміс және корей театрлары жұмыс істейді. Мұндай еш жерде жоқ, тек біздің елде. Яғни, Әралуандықтағы бірлік қағидаты қазіргі заманғы тәуелсіз Қазақстанның бейнесін өкілдері өздерін қазақстандықтар деп атайтын барлық 130 этнос қалыптастыратынын білдіреді. Бұл біздің алтын байлығымыз, оны біз көзіміздің қарашығындай қорғауымыз керек.

Мемлекет өмірінің салаларындағы ауқымды жаңғырту үдерістерімен сипатталатын Қазақстанның егемендік дамуының жаңа кезеңінде Ассамблея елдің келешектегі әл-ауқатының маңызды шарттарының бірі ретінде елдің бірлігі мен келісін сақтау жөнінде өзінің маңызды рөлін атқаруда. Біз әрқашан уақыттың сынқатерлеріне лайықты жауап береміз. Бұл бірінші кезекте біздің бірліктің арқасында қол жеткізіледі. «Келісімде тұратын ел – бай», – дейді халық. Қазіргі кезеңде де күрделі міндеттер тұр. Егер біз өз келісімімізді сақтасақ, біз үшін еңсерілмейтін биіктер жоқ.

АННОТАЦИЯ

В статье проанализирован ответ на вопрос, что такое казахстанская модель межнационального согласия. Ее основа заложена в законе о государственной независимости РК, в Конституции РК, а также в других государственных актах. Важно, что наша модель направлена не только на сохранение межнационального согласия, но развитие, на перспективу.

В Казахстане вопрос формирования общественно-го согласия в основе своей тесно связан с полиэтничным характером общества. А интеграция разных групп, имеющих свои особенные, разнонаправленные и порой взаимоисключающие интересы в одно целое – задача очень сложная. Как правило, данный процесс сопровождается определенными трудностями в условиях национальной самоидентификации, периодических проявлений этнонационалистических настроений.

The article analyzes the answer to the question what is the Kazakh model of interethnic harmony. It is based on the law on state independence of the Republic of Kazakhstan, the Constitution of the Republic of Kazakhstan, and other state acts. It is important that our model is aimed not only at preserving inter-ethnic harmony, but also at developing it in the future.

In Kazakhstan, the issue of forming public consent is closely related to the multi-ethnic nature of society. And the integration of different groups that have their own special, multidirectional and sometimes mutually exclusive interests into one whole is a very difficult task. As a rule, this process is accompanied by certain difficulties in the conditions of national self-identification, periodic manifestations of ethno-nationalist moods.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Нурадил Г.Н.** Строительство новой модели управления для создания прочного мира // Казахстан-Спектр. – 2006. – № 2 (36). – С. 3943.

2. За мир и согласие в нашем общем доме. Выступление Назарбаева Н.А. на I сессии Ассамблеи народов Казахстана. 24 марта 1995 г. // Политика мира и согласия. – Астана: Елорда, 2007. - С.283.

3. Национальное единство – наш стратегический выбор. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана (Астана, 26 октября 2009 г.) Электронный ресурс] URL: www.akorda.kz.

4. Мәңгілік Ел: одна страна, одна судьба. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XXII сессии Ассамблеи народа Казахстана (Астана, 23 апреля 2015 г.). Электронный ресурс] URL: www.akorda.kz.

5. Создание Ассамблеи народа Казахстана. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.kazportal.kz/sozdanie-assamblei-naroda-kazahstana/>

6. **Сыздыкова Л.** Рожденная общенародной волей // Казахстанская правда. – 2018. -5 декабря.

ҚОҒАМДАҒЫ БІРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ: этномәдени бірлестіктердің рөлі

Самал МОЛДАШЕВА,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің
оқытушысы, магистр

Мақалада қоғамдық келісім мен этностар мүддесін біріктіруге негіз болатын этносаралық қатынастар, бір мемлекетте тұратын әртүрлі этностар, этностық топтар мен диаспоралар арасындағы қарым-қатынастарды реттеу тетіктері зерделенеді. Сондай-ақ, мемлекеттік билік жүйесіндегі, елдің қоғамдық саяси өмірі мен қазақстандық қоғамды біріктірудегі Қазақстан халқы ассамблеясы мен этномәдени бірлестіктердің атқарған қызметі талданып, этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді сақтау және нығайту қызметі көрсетіліп, Атырау облысының мысалында берілген.

Кез келген мемлекеттің дамуы үшін қоғамда саяси және діни тұрақтылық қажет. Тәуелсіздік алған тұста алға қойған мақсат пен міндетті орындауға қол жеткізу үшін қоғамда этносаралық ынтымақты сақтаудың мәнісі зор. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген дана сөзі халқымыздың ерте заманнан-ақ бірлікті – ең басты байлық деп танығандығын дәлелдейді. Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі күні жеткен әрбір жетістігінде қоғамдағы этносаралық ынтымақ пен достықты сақтау және дамыту бағытында құрылған Қазақстан халқы ассамблеясының алар орны ерекше.

Қазақстан халқы ассамблеясы азаматтық қоғамның бірыңғай институты ретінде этномәдени бірлестіктерді біріктіреді, сондай-ақ, көпұлтты елдің тұрақтылығын, бірлігін сақтауға ұйтық болуда [1. 296]. Әрбір облыс орталығындағы Қазақстан халқы ассамблеясы этномәдени бірлестіктердің қызметтерін және түрлі этностардың рухани-мәдени дамуын белсендіруге мүмкіндік жасайды [2.106].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында былай деген болатын: «Біз ұлтына және діни сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін, әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз» [3.43]. ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қысым кезінде қоныс аударылған әртүрлі этностарды қазақтар бауырына тартты. Шаруалықты қалпына келтіру, тың және тыңайған жерлерді игеру біртұтас этносаралық ынтымақ нәтижесінде жүргізілді [4.96].

Қазіргі уақытта елімізде мекендейтін қазақ ұлтымен бірге өмір сүретін 12 миллиондай қазақпен қоян-қолтық араласып жатқан 6 миллиондай (66,48%) өзге халықтардың өкілдері бірігіп, Қазақстан халқын құрайды. Қазір Атырау өңірімізде тұрғындардың **92 пайызы** қазақтар болса, **33723 (5,67%) орыс, 3145 (0,53%) көріс, 2329 (0,39%) татар** және **1459 (0,25%) өзбек** ұлты құрайды, қалған бөлігі украин, неміс, армян, болгар, еврей, азербайжан, шешен-ингуш, дағыстан, ұйғыр, түрік, қарақалпақ ұлтының өкілдері бір мыңнан төмен [5].

Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласақ, еліміздегі барша этностар – сол шаңыраққа шаншылған уықтар, бұл – әртүрлі этностарды ортақ қоғамға біріктіру идеясы. «Достық», «бірлік», «татулық» идеялары

Қазақстан халқы ассамблеясының ерекше мәртебесін айқындайды.

Әр облыста Қазақстан халқы ассамблеясы жанынан этномәдени бірлестіктер құрылып, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан халқы ассамблеясының Атырау облыстық филиалы құрамына 19 этномәдени бірлестіктер құрылып, Әділет басқармасына тіркелген. Олар:

- “Видергебурт” неміс ЭМБ (1989 ж.) төрағасы – Александр Филиппович Думлер;
- “Тхоньил” көріс ЭМБ (1991 ж.) төрайымы – Ли Людмила Валентиновна;
- “Возрождение” болгар ЭМБ (1992 ж.) төрағасы – Кустадинчев Юрий Юрьевич;
- “Татулық” татар-башқұр ЭМБ (1995 ж.) төрайымы – Байкенова Гульсина Гарифжановна;
- “Алия” еврей ЭМБ (2001 ж.) төрағасы – Ткач Павел Петрович;
- “Вайнах” шешен-ингуш ЭМБ (2001 ж.) төрағасы – Зубариев Зелимхан Асабалиевич;
- “Новруз” азербайжан ЭМБ (2001 ж.) төрағасы – Ахмедов Эльдар Мамедович;
- “Салам” дағыстан ЭМБ (2002 ж.) төрағасы – Алишаев Муса Абакарович;
- “Довира” украин ЭМБ (2002 ж.) төрайымы – Ольга Павленко Дмитриевна;
- “Былина” орыс ЭМБ (2003 ж.) төрағасы – Солодовников Александр Германович;
- “Иверия” грузин ЭМБ (2003 ж.) төрағасы – Бобохидзе Зураб Гедеванович;
- “Таврос” армян ЭМБ (2004 ж.) төрағасы – Плужян Гагик Сережаевич;
- Ұйғырлар қоғамы Атырау облыстық филиалы (2004 ж.) төрағасы – Нодяров Анарбек Нодярулы;
- Қазақстан түріктері қоғамы Атырау облыстық филиалы (2007 ж.) төрағасының орынбасары – Мурадов Абубакир Мушгамбарович;
- Орыс, славян және қазақтар республикалық қауымдастығының облыстық филиалы (2005 ж.) төрағасы – Заверткин Владимир Николаевич;
- Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Атырау облыстық филиалы (2007 ж.) төрағасы – Әлімгереев Өтепберген Әлімгерейұлы;
- «Еділ-Жайық» қарақалпақ этномәдени бірлестігі (2009 ж.) төрағасы – Бекмұратов Қазақбай Ережепұлы;
- «Светоч» славян ЭМБ (2017 ж.) төрайымы – Раиса Афанасьева;
- «Барбарг» курдтар ЭМБ (2017 ж.) төрағасы – Али Сеидов.

Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз етіп, мемлекеттік саясатты іске асыруға үнемі өз үлестерін қосып келеді. Биылғы жылдың өзінде Атырау облысы Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен **600-ге жуық** шаралар ұйымдастырылды. Елбасының

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және «Ұлы Даланың жеті қыры» стратегиялық мақаласында алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жолында этномәдени бірлестіктердің қатысуымен Наурыз мейрамы, «Қазақстан халықтары достығы фестивалі», Тілдер мерекесі, «**Этнофест**» ұлттық мәдениеттер фестивалі және тағы да басқа мәдени, тәрбиелік шаралары өткізіліп отырады [10]. Сондай-ақ, ұлттардың ұлттық мерекелері «Рождество», «Сольналь», «Терендез», «Пасха», «Масленица», «Пурим», «Навруз байрам», «Сабантуй», «Чусок», «День чеченской матери», «Червона Калина», «Нинооба», «Рош-а-Шана», «Вардавар», «Октоберфест», «День узбекской культуры», «Яблочный спас» жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтуде.

Облыс бойынша 2014 жылы Атырау қаласында «Достық үйі» салынып, халықтың игілігі жолында пайдалануда. Онда азаматтық қоғам институттарын және қоғамдық келісімді қалыптастыру мақсатында әдістемелік кабинеттер, конференция залы, хореографиялық және оқу сыныптары ашылған. Көпұлтты облыс тұрғындары ұлттық мәдениеті мен игі дәстүрлерін көрсету, түрлі мерекелерді бірге атап өту бағытында игі жұмыстар атқарауда. Олар білім, ұлттық мәдениетті, дәстүр мен әдет-ғұрыптарды дамыту мәселелерімен айналысады. Өртүрлі этномәдени бірлестіктердің қатысуымен Қазақстан халықтарының мәдениетінің фестивалы, жексенбілік мектеп оқушыларының ана тілі мен мемлекеттік тілді меңгеруін анықтайтын байқау-бәйгелер, спорттық жарыстар, тіл саясатына арналған халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарлар және этномәдени даму мәселелеріне қатысты дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады [6.104].

Сондай-ақ, «Жаңғыру жолы» қозғалысының бастамасымен ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында этнос жастары да өз үлестерін қосуда. Ұмыт қалған қазақтың эпостық жырларын жаңғыртып, кейінгі ұрпаққа насихаттап дәріптеу мақсатында этнос жастары арасында «Эпос жырларын жатқа айту» байқауын ұйымдастыру дәстүрге айналған.

Атырау облысында әрбір этностың мәдени дәстүрі мен тілін сақтау және дамыту үшін Қазақстан халқы ассамблеясының жанында 4 жексенбілік мектеп (Тхоньил, Татулық, Былина, Иверия) жұмыс істейді, онда түрлі этникалық топтардың оқушылары оқиды [7. 46].

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мәдени әлеуетімізді арттыруға, тағылымды тарихи мұраларды өскелең ұрпаққа танытуға бағытталған: «Жібек жолындағы сұхбат», «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық жобасы, «**Сағындырған әндер-ай**» ретро-фестивалі, «**Достар-фест**» достық фестивалі, «Шәмші Қалдаяқовтың патриоттық әндеріне арналған «Бірлік» фестивалі, «Өнеріміз саған – Қазақстан!» фестивалі, «Бірге өмір сүру өнері» жастар фестивалі, «**Қайырымдылық керуені**» акциясы қазақстандық татулық пен келісімнің моделін, отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге ықпал етті. Қазақстан аумағындағы түрлі елді мекендерді аралап қайтқан «Менің Қазақстаным», «Мәңгілік ел», «Тәуелсіз Қазақстан» пойыздарының да басты мақсаты – халықпен Тәуелсіздік жылдары еліміздің қол жеткізген табыстарымен бөлісу, халыққа білім беру, медицина, әлеуметтік қамсыздандыру, құқықтану, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша білікті арнайы мамандар тарапынан кеңестер беру, түрлі мәдени-қайырымдылық шаралар өткізу болды. Аталған жоба – қазақстандық бірегейліктің, жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісімнің нығаюына септігін тигізді [8.23].

Хакім Абайдың он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез

деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық» [9.24], – деген тұжырымы «Мәңгілік елге» айналуға бет алған мемлекеттің өске-лең жастарын тәрбиелеуде де өз маңызын жоған жоқ. Елбасының сөзімен сабақтасақ «*Бүгінгі заман – ой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман*». Қазақстан халқы ассамблеясы – еліміздің білімі мен ғылымын дамытуға да өзіндік үлес қосып келе жатқан ұйым. «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы, «Мәңгілік елдің тілі» жобасы, жалпықазақстандық ашық диктант пен шығарма жазу сынды жүзеге асырылып жатқан шаралар сөзімізге дәлел болады.

Ел бірлігі мен қоғам тұрақтылығын насихаттау, этносаралық өзекті мәселелерді талқылау, конфессияаралық қатынастарды зерттеу барысында Қазақстан халқы ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық топтары, Қоғамдық келісім және Аналар кеңестерінің атқаратын қызметі зор.

Қазақстан халқы ассамблеясы базасындағы Ғылыми-сарапшылар кеңесі мынадай әр түрлі гуманитарлық білім салалары өкілдерінен тұрады: тарихшылар, саясаткерлер, әлеуметтанушылар, заңгерлер, филологтар, этнолингвистер, психологтар және т.б. Ассамблея Орталық Азия аймағындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Бұл орталық Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының құрылымдық бөлімшесі, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеумен, этносаясат, ұлттар мен конфессиялар мәселелерін оқытумен айналысады. Бүгінде еліміз бойынша ірі университет базаларында, айталық, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумелов атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті базаларында Қазақстан халқы ассамблеясы кафедралары құрылған. Атырау облысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау мұнай және газ университеті, Атырау инженерлік гуманитарлық институтында Қазақстан халқы ассамблеясы кафедралары жұмыс істейді.

Бүгінде Атырау облысы бойынша Ғылыми-сарапшылық кеңесінің құрамына 15 адам мүше. Оның ішінде 3 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты мен ғылыми сарапшы мамандар бар.

Қазақстан халқы ассамблеясы бүгінде Қазақстандағы қоғамдық және этносаралық қатынастар саласында басты медиатор қызметін атқарып келеді. 2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Медиация» туралы заңы қабылданды. Аталған Заңға сәйкес Қазақстанда дауларды баламалы шешудің жаңа түрі – медиация енгізілді. Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы медиация орталығының мақсаты – қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылап, дау-жанжалдың алдын-алу, даулы мәселелерді өркениетті тетіктер арқылы шешуге жәрдемдесетін қосымша біріктіруші факторларды іздестіру.

Бүгінгі күні Атырау облысында кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың базасы жинақталып, 61 кәсіби емес медиатор тіркелген. Жергілікті әкімдіктер жанынан 40 медиация кабинеті ашылған. Жыл басынан бері 72 дау, оның ішінде 9 қылмыстық, 63 азаматтық іс қаралды. Атырау облысы Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Медиация кабинеті» жұмыс жасауда. Кабинетті ашудың мақсаты әлеуметтік қарым-қатынастар саласындағы мәселелерді шешу тәжірибесінде медиация әдістерін қолдану болып табылады [10].

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды ғылыми зерттеу орталығының бастамасымен отандық жас ғалымдардың ғылыми-сарапшылық әлеуетін тарту арқылы этносаяси және этноәлеуметтік жағдайды жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісіне арналған ғылыми жұмыстар байқауының да жастарға берері мол.

Республикалық деңгейде корейлердің, немістердің, поляктардың бірнеше съезі өтті, сондай-ақ ұйғырлардың, түріктердің, дүңгендердің, күрдтердің, армяндардың мәдениет күндері, құрылтайлары және татарлардың сабантойлары, неміс балаларының шығармашылықтары бойынша фестивальдер ұйымдастырылып тұрады. Барлық өңірде жас ақындардың, жыршылардың, термешілердің мектептерін құру жөнінде жұмыстар жүріп жатыр. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі жыл сайын этножурналистика саласында «Шаңырақ» шығармашылық байқаулар өткізіп тұру дәстүрге айналған.

Бүгінде елімізде мәдениетаралық байланыстың арқасында ұлттық ерекшелікті сақтауға, этносаралық қарым-қатынастың үйлесімді дамуына, азаматтық және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасалған. Қазіргі уақытта өңірлерде мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асыру шеңберінде өтетін әлеуметтік маңызы зор мәдени акциялар мен іс-шаралардың бастамашысы әрі қатысушысы болған этномәдени бірлестіктер белсенді жұмыс атқарып отыр.

Мемлекет пен қоғам, сондай-ақ Ассамблея ынталандыратын этномәдени бірлестіктер елімізде тұрып жатқан әртүрлі этностар арасындағы мәдениетаралық диалогты, қоғамдық сананы одан әрі жаңғырту үшін қоғамдық ынтымақтастық пен келісімді сақтау мен дамыту, жаңа мәдени және әлеуметтік негізді нығайтуды көздейді.

Қорыта айтқанда, этномәдени бірлестіктер Қазақстандағы азаматтық қоғамның мықты институтына

айналды. Олар дәстүр, мәдениет пен тілді сақтап қана қоймай, мемлекетаралық қатынастағы «алтын көпір» болып табылады және экономиканың дамуына айтарлықтай үлес қосып отыр.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется деятельность Ассамблей народа Казахстана и этнокультурных объединений с точки зрения их межнационального согласия и укрепления дружбы между этносами.

The article analyzes the activities of the Assemblies of the people of Kazakhstan and ethno-cultural associations in terms of their in interethnic harmony and strengthening of friendship between ethnic groups.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасу тарихы. Алматы: Таймас, 2008. – 106 б.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 43 б.
4. Ерімбетова Қ. Еуразиялық идея аясында этносаралық қатынастарды зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері. // «Қоғам және дәуір», №3, 2016. - 96 б.
5. Демографический ежегодник Атырауской области. Атырау, 2017.
6. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа үрдістер: Әдістемелік оқу құралы. Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 104 б.
7. Атырау этностары. Алматы: Тау қайнар, 2015. – 46 б.
8. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері. Алматы: ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2010. - 11-б.
9. Abai.kz ақпараттық порталы.
10. Атырау облысы әкімі аппараты жанындағы Қоғамдық келісім КММ-нің ғылыми қорының материалдары.

ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

(Батыс тарихнамасы бойынша)

Айнұр БЕЙСЕҒҰЛОВА (Бейсеғұлова),
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің PhD докторанты

Қазіргі қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселесіне айналған бірегейлік ұғымы әр түрлі бағытта дамып келеді. Соның ішінде Батыс зерттеушілерінің бірегейлік ұғымы төңірегінде ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеулері көптеген ғылыми еңбектердің теориялық негізі болып отыр. Осы тұрғыда Батыс зерттеушілерінің этнобірегейлік мәселесіне арналған еңбектерінің бірқатарына тоқталуды жөн көрдік.

Бірегейлік ұғымы әлеуметтік ғылымдарда қоғамдық өзгерістердің қарым-қатынасын сараптауға және этностардың өзін-өзі тану немесе өзіндік сәйкестіктің стратегиясын анықтауда кеңінен қолданылып келеді. Оның ішінде Э.Эриксон қоғамдық трансформациялар кезінде бірегейліктің дағдарысы болатындығын көрсетіп берді. Оның пікірінше бірегейлік екі негізде құрылады. Біріншісі, өзін-өзі тану немесе сәйкестену

болса, екіншісі, әлеуметтік-мәдени анықтауыштар болады. Эриксон еңбектерінде бірегейліктің динамикалық аспектілері көрініс табады. Оның мәдени және әлеуметтік аспектілерімен байланысты болуы оның мәдени құндылықтар мен идеологияның бір бөлігі ретінде қарастыруға болатынын көрсетеді [1, 58-бет].

Ал, Дж.Г.Мидтің тұжырымы бойынша, бірегейлік өзгелермен байланыстың орнауынан пайда болатын құбылыс, яғни адамдар арасындағы коммуникация, сырттан төнген қауіпті сейілтуге мүмкіндік береді. Осылайша, индивидтің топтасуына жағдай жасалады деп түсіндіреді [2, 191-бет]. Сондықтан этникалық бірегейліктің ұғымы мен категорияларын топтар арасындағы әлеуметтік психологиялық үдерістер негізінде зерттеу әлеуметтік бірегейліктің механизмдерін қызметін анықтауда ұтымды болып табылады.

Осы тұрғыда әлеуметтік бірегейлікті сараптау

әлеуметтік психолог Г.Тейфел мен Дж.Тернердің еңбектерінде кездеседі. Олар топаралық қатынастар мен топаралық салыстырмалы үдерістерді қарастырды [3, 277–290-бет].

Ал, Э.Смит этникалық топтарды этноним, мәдениет, ортақ шығу тегіне қарай, туған жерімен немесе территориясымен байланысына және ынтымақтастығына қарай тануды ұсынады [4, 21-бет]. Бұл Батыс ғалымдарының ішінде этникалық бірегейлікті зерттеу Г.Тейфел және Дж. Тернердің әлеуметтік бірегейлікті сипаттайтын когнитивті теориясы шеңберінде нақты көрсетіле бастағанын байқауға болады. Ал, этникалық топтардың мәдени шекаралары жөнінде Ф.Барттың еңбектерінен кездестіреміз. Сонымен қатар, батыс зерттеушілері ішінде этникалық бірегейлікті Дж.Де Востың зерттеулерінде зерделенген. Этникалық топтың кроссмәдени үрдістерін Э.Эриксонның психо-әлеуметтік бірегейлік тұжырымдарымен сабақтастыра аламыз. Ғылыми және теориялық зерттеулерде этникалық бірегейліктің мәдени шекараларды қалыптастыратынын көрсетеді. Жалпы, этникалық шекаралардың қалыптасуы жөнінде алғашқылардың бірі болып чех ғалымы Любор Нидерле айтқан болатын. Оның пікірінше мәдени шекара жекелеген этникалық топтың топтасып орналасуы мен тілінен және басқа да этносты ерекшелейтін құндылықтарынан көрініс табады. Мысалы, салт-дәстүр, физикалық келбеті мен ортақ тарихи аңыздары болып табылады. Методологиялық тұрғыда мәдени шекаралардың зерттелуі үшін этностың территориялық шегі бір жерде тиісті үлесі болуы қажет деп көрсетіледі [5, 26-бет].

Батыс антропологиялық мектебінде этникалық шекаралар мен мәдени ерекшеліктерге жан-жақты теориялық тұрғыда қадам жасаған зерттеушілердің бірі Ф.Барт болды. Норвегиялық зерттеуші өзінің «Этнические группы и границы. Социальная организация культурных различий» атты еңбегінде этникалық бірегейлікке қатысты негізгі ойларын жеткізді [6]. Барттың пікірінше жаһандық ақпараттық қоғамның тез қарқынмен дамуына қарамастан мәдени әр түрлілік сақталып отырғандығына мән берілуі керек. Сонымен қатар, адамдардың өмір бойы әр түрлі әлеуметтік статуска ие болуы мәдени шекараларға тосқауыл бола алмайды. Сондай-ақ тұрақты әлеуметтік қатынастар этникалық шекаралардан өту арқылы этникалық статуска негізделеді. Қазіргі әлемдегі этникалық әркелкіліктің болуы бірыңғай әлеуметтік жүйеде бір тәртіппен жүре бермейді. Көбінесе әлеуметтік жүйенің негізі қаланатын шынайы негіздерде қалыптасады. Бұл жөнінде Барт әлеуметтік жүйеде этникалық ерекшеліктің жоғалуына жол берілмейді, тіпті этносаралық қатынастарда да сақталады деп көрсетеді. Сонымен қатар, географиялық және әлеуметтік оқшаулану мәдени көптірлілікті сақтаудың шешуші факторы болып табылады [6, 10-бет].

Барттың ғылыми көзқарастары этникалық және мәдени ерекшеліктерді зерттеуде түбегейлі өзгерістер алып келді. Ол этникалық бірегейліктегі мәдени шекаралардың объективті тарихи сабақтастығынан гөрі этникалық бірегейлікке индивидуальды сана мен әлеуметтік жағдайды түйсінуді шарттарына мән береді. Десе де, этникалық топтардың мәдениет тасымалдаушы қызметі жайлы да айтып өтеді. Яғни этникалық топтың мәдениет тасымалдаушы болуы үшін дәстүрлі мәдениетті қазіргі кезде ұстануы шарт. Тек осы тұрғыда этникалық бірегейліктің белгілері көрінеді.

Бұл мәселеде С.Бенхабиттің пікірлерінің маңызы зор. Оның пікірінше, қазіргі заманауи әлемде мәдениет жалпылама қолданыстағы бірегейліктің синонимі болып табылады [7, 34-бет]. Автордың пікірінше мәдениеттер

адамдардың қызметінің жиынтық элементі болып табылады [7, 52-бет]. Қазіргі әлемнің көп елдерінде мәдени шекаралар этникалық бірегейлікті қолдайды.

Этникалық бірегейліктің мәдени теорияларына америкалық зерттеуші Дж. Де Востың да зор үлесі бар. Ол өзінің «Этнический плюрализм: конфликт и адаптация» атты еңбегінде этникалық бірегейліктің ішкі құрылымдарын анықтайды. Оның пікірінше, «саяси этникалық бірегейліктен гөрі эстетикалық дәстүрлерге, мәдени символдарға және адамзаттың жалпы құндылықтарына жүзінген дұрыс» [8, 229-бет]. Де Вост этникалық бірегейлікті мәдени символикалық жіктелу ретінде қарастырады. Яғни, адамдардың саяси бостандығы болмаса да, тіпті территориясы болмаса да этникалық бірегейлікті сақтай алады деген ойды айтады [8, 236-бет]. Де Вост бұл пікірді әлемнің түкпір-түкпірінде жүрген сығандардың өмірімен байланыстырады. Сондай-ақ, этникалық топтың этникалық бірегейлігін сақтауына эстетикалық мәдени модельдің сақталуында екеніне көз жеткізеді. Оған тамақтану жүйесі, киім-кешек, әшекей бұйымдары және әр этносқа тән адам сұлулығының идеалдары жатады. Сонымен қатар, оның пікірінше тіл – этникалық бірегейлікті сақтайтын маңызды фактор деп көрсетеді. Алайда мәселе этникалық топтың тілді қолдануында емес, оны символикалық маңызында екенін атап өтеді. Оған мысал ретінде шотландықтар мен ирландықтардың гэль тілін қолданып, өздерінің кельттік немесе шотландық этникалық бірегейлікте екенін көрсетеді [8, 241-бет]. Бұл жөнінде Л.Нидерле де өз пікірін тілмен байланыстырған болатын. Сонымен қатар, Де Востың еңбегіндегі негізгі мәселелердің бірі дінге арналған. Ғалымның пікірінше дін – этникалық бірегейлікті жоятын негізгі факторға жатады. Бұл жерде халықтың наным-сеніміне қайшы келетін діни үдерістерді алға тартады. Яғни этникалық топтар арасындағы дәстүрлі наным-сенім мен әлемдік діндер арасындағы қайшылықтардың ара жігін ажыратуға тырысады. Жалпы, Дж. Де Востың еңбегінде этникалық бірегейліктің сақталуы мен жойылуына байланысты көптеген факторлар келтіріледі. Соның ішінде территориялық, нәсілдік, экономикалық және т.б. тұжырымдары бірегейлік мәселесінде айшықты орын алды.

Этникалық бірегейлік теориясының қалыптасуында этнопсихологтардың да орны ерекше. Соның ішінде, Дж. Девероның «Этнопсихологиялық» еңбегінде этникалық бірегейлікке психологиялық тұрғыдан әртүрлі сараптама жасайды. Ол этникалық бірегейліктің түрлері мен қызметін сипаттай келе, «жоғары қуатталған» этникалық бірегейлікті атап өтеді. Бұл этникалық бірегейлік басқа этникалық топтарды жоққа шығарып, әлеуметтік байланыстарды тоқтататындығын жазады [9, 150–151-бет].

Жалпы, этникалық топтар арасындағы мәдени шекаралардың болуы өзара бірегейлікті қалыптастырса, ендігі жерде этникалық топтар арасындағы мәдени арақашықтық мәселесі туындайды. Яғни өзге топ өкілдерінің жергілікті ортаға бейімделуі мен кірігуі мәселелерін қамтиды. Бұл тұрғыда мәдени арақашықтықтар бойынша алғашқы зерттеулерді А.Фернхем мен С.Бочнер жасады. Олар мигранттардың психологиясын кроссмәдени талдау арқылы жергілікті жерге бейімделуі және жаңа мәдени ортаға кірігуін қарастырды [10]. Психологиялық бағытта жасалған кроссмәдени қадамдар топтар арасындағы мәдени ерекшеліктер зерттеушілерді субъективті символикалық сипатта қызықтырды. Мәдени ерекшеліктерді зерттеу әдістерінің негізінде әртүрлі этникалық топтар мен қауымдастықтарға

берілген психологиялық параметрлер арқылы әр жеке индивидуалды тұлғаның тәжірибесінде әлеуметтік ұйымдасқан мәдени ерекшеліктерінің қызметін көрсетті. Ол этносаралық өзара қабылдауды психологиялық параметрлер арқылы мәдени арақашықтық ретінде түсіндіреді. Фэрнхем мен Бочнердің зерттеулерінде мигранттың жаңа мәдени ортадағы күйзелістік деңгейі (мәдени шок) жаңа тұрып жатқан жерінің мәдениетіне түпнұсқалық жақындығына байланысты болды. Соның ішінде мәдениет жақындығын зерттеушілер географиялық факторды ескере отырып, мәдениетті алыс, орта және жақын деп бөліп қарастырды. Себебі, мәдени күйзелісті өткізу мәдениеттің алыс жақындығына тікелей байланысты болды. Бұл өзге этникалық ортада мәдени арақашықтықты қабылдаудың психологиялық сипаттамасын беретін қалыптасқан эмпирикалық байланыстың негізі болып табылады. Кез келген этникалық топтың мәдени арақашықтықты өткізуі бірқатар параметрден тұрады. **Бірінші**, объективті мәдени ерекшелік; **екінші**, жаңа күйзелістерге тұрақты болу қабілеті; **үшінші**, мәдениет аралық және этносаралық байланыстардың тәжірибесіне байланысты болады. Сондай-ақ, мына мәселеге көңіл аудару қажет. Өртүрлі мәдени ерекшеліктің болуы мәдени арақашықтықты анықтауға мүмкіндік береді. Соған сәйкес мұндай зерттеулерде этнологияның примордалистік бағытындағы еңбектерді қарастырған жөн.

Жалпы, жоғарыда келтірілген этнобірегейлік теориясының негізгі ұстанымдары шетелдегі қазақ диаспорасының мәдени бағыт-бағдары мен этникалық бірегейлігінің көрсеткіштерін анықтауға және әлеуметтік қатынастарда жергілікті ортаға бейімделуі мен кірігуінің дәрежесін белгілеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, этникалық топтар арасындағы психологиялық ерекшеліктердің және мәдениет арақашықтығының деңгейінің алыс немесе жақындығы жекелеген ортаға бейімделу қабілеттілігін көрсетеді. Бұл тұрғыда еліміздегі оралмандардың жергілікті ортаға бейімделуінің келген мемлекетіне байланысты жүретіндігінен көрінеді. Сондай-ақ көрсетілген теориялық ұстанымдар Қазақстандағы басқа да этностарды

жаңа бағытта зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл олардың мәдени алыс жақындығы мен өзара оқшаулану дәрежесін анықтайды. Сондай-ақ жергілікті халықтың өзге этностарға толерантты көзқарасын айшықтайтын негізгі ұстанымдар болып табылады.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена исследованию актуальных проблем этнической идентичности западных ученых.

The article is devoted to the study of urgent problems of ethnic identity of Western scientists.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Эриксон Э.** Идентичность: юность и кризис: Пер. с англ. Общ. ред. и предисл. Толстых А. В. – М.: Издательская группа «Прогресс», 1996. – 344 с.
2. **Дж. Г. Мид.** Избранное: Сб. Переводов / РАН ИНИОН. Центр социал. научн.-информ. исследований. Сост. и переводчик В.Г. Николаев. Отв. ред. Д.В. Ефременко. – М., 2009. 290 с.
3. **Tajfel H., Turner J.** The Social Identity Theory of Intership Behavior // Psychology of Intergroup Relations. Chicago, 1986.
4. **Smith A.D.** National Identity. L., 1991. P. 21
5. **Нидерле Л.** Обозрение современного славянства // Энциклопедия славянской филологии. – СПб., 1909. – Вып. 2. – С. 26.
6. **Барт Ф.** Этнические группы и социальные границы: социальная организация культурных различий. Сборник статей. Под ред. Ф. Барта: пер. с англ. И. Пильщикова. М.: Новое издательство, 2006. – 200 с.
7. **Бенхабиб С.** Притязания культуры. Равенство и разнообразие в глобальную эру. – М: Логос, 2003. – С. XXXI
8. **Дж. Де-Вос.** Этнический плюрализм: конфликт и адаптация. Пер. М.Г.Котовский, Т.В.Волковой. В кн. Личность, культура, этнос: современная психологическая антропология. Под общей ред. А.А.Белика. – М.: Смысл, 2001. – 555 с.
9. **Дж. Деверо.** О работах Джорджа Деверо. Пер. Л.В.Трубицыной. В кн. Личность, культура, этнос: современная психологическая антропология. Под общей ред. А.А.Белика. – М.: Смысл, 2001. – 555 с.
10. **Furnham F., Bochner C.** Culture Shock: Psychological Reaction to Unfamiliar Environments. L., N.Y., 1986.

ПРОГРАММА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» в системе развития полиэтнического общества

Марал КАЛИЕВА,
доктор политических наук, ассоциированный
профессор (доцент), главный научный сотрудник
Института истории государства Комитета науки МОН РК

Программа «Рухани жаңғыру» основана на положениях статьи Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», вышедшей в свет 12 апреля 2017 года. В ней определены актуальные аспекты развития духовных ценностей общества в контексте модернизационных процессов: *«Я убежден: начатые нами масштабные преобразования должны сопровождаться опережающей модернизацией общественного сознания. Она не просто дополнит политическую и экономическую модернизацию – она выступит их сердцевинной»* [1].

Социокультурные ценности являются одним из важнейших ресурсов модернизации полиэтнического

общества. Такие общечеловеческие качества, как гуманизм, толерантность, патриотизм, милосердие, способствуют выработке активной гражданской позиции человека. Важно развитие социокультурных ценностей межэтнических отношений. Толерантность является основополагающей ценностью и необходимым качеством социальной практики. Развитие информационных технологий оказывает воздействие на повышение миграционной активности и мобильности населения. Укрепление межэтнической толерантности связано с поддержанием и применением опыта и традиций межэтнического взаимодействия.

В полиэтническом обществе необходимо поддерживать этнокультурное развитие всех этносов, форми-

ровать социокультурные ценности межэтнической толерантности. Толерантность является основой активной коммуникации, гражданского мира и солидарности. Она ориентирована на развитие потенциала гражданского согласия, восприятие межкультурных особенностей и различий, а также умение существовать в системе плюрализма мнений и воззрений. Позитивный опыт межэтнического согласия и межэтнического взаимодействия оказывает конструктивное влияние на укрепление межэтнических отношений.

Программа «Рухани жаңғыру» выявляет актуальность модернизации общественного сознания, развития духовности и культуры полиэтнического общества. Межэтнические отношения представляют собой открытую, целостную и динамичную систему связей между различными этническими группами и общностями. В условиях глобальных рисков и вызовов XXI века необходим комплексный научно-теоретический, практический подход к изучению межэтнических отношений. В статье Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» подчеркивается: *«На наших глазах мир начинает новый, во многом неясный, исторический цикл. Занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления, невозможно. Поэтому важно сконцентрироваться, изменить себя и через адаптацию к меняющимся условиям взять лучшее из того, что несет в себе новая эпоха»* [2].

В полиэтническом обществе идут процессы развития этнических культур и межэтнической интеграции. Семья и образование являются эффективными и действенными социальными институтами укрепления межэтнической толерантности. Актуально совершенствование образовательных процессов на основе расширения знаний в области межэтнической, межконфессиональной, социокультурной компетентности. Этническая идентичность означает принадлежность к определенной этнической общности на основе разделяемых представлений об общей территории, языке, культуре, истории и государственности. Умение миротворно, непротиворечиво осуществлять жизнедеятельность, позитивно воспринимать социальную поликультурность формируют толерантную модель этнической идентичности.

В целом, идентичность необходимо рассматривать в контексте взаимосвязи понятий независимости и демократии, что актуально в процессе модернизации общества. Идентичность имеет свои отличительные черты. Исследователь С.Хантингтон отмечает: *«1. Идентичностью обладают как отдельные индивиды, так и группы людей. Но индивиды приобретают и могут изменить свою идентичность только в рамках определенной социальной группы. 2. Люди сами конструируют свои идентичности, так как последние – «воображаемые сообщества» (Б.Андерсон). 3. У отдельного человека, так же как и группы людей, может быть множество идентичностей (кровных, территориальных, национальных и т.д.). 4. Идентичности определяются самим индивидуумом, но только по результатам взаимодействия с другими. Например, желаемую идентичность нельзя получить, если этого не хотят те, кто уже ею обладает. 5. Значимость той или иной идентичности зависит от конкретной ситуации»* [3].

Существенным фактором межэтнической стабильности является государственность. Она призвана определить преемственность и всеобщую связь поколений, отвечать интересам полиэтнического общества, укреп-

лять социокультурные ценности открытости и демократии, создавать условия для развития социума в аспектах современной глобальной конкурентоспособности. Важна стратегическая перспектива цивилизованного, геополитического, экономического статуса государства в международном сообществе.

Идея государственности выступает как фактор развития модернизационных процессов. Полиэтническое общество представляет собой сложный, живой функционирующий организм, где толерантность является составляющей частью социокультурных ценностей. Идея государственности состоит из основополагающего блока воззрений, представлений о стратегии и тактике развития общества, его роли в системе международного сотрудничества и месте человека в данном обществе. Она формируется в контексте развития государства. При этом ее основополагающие направления должны затрагивать как интересы государства и полиэтнического общества в целом, так и интересы граждан. В то же время идея государственности призвана активизировать и концентрировать усилия наиболее активной части социума, которая в своих воззрениях ориентируется прежде всего на интересы общества. Идея государственности базируется на прочном социальном фундаменте. Главное ее свойство – доступность каждому члену общества. Идея должна трансформироваться в убеждения людей, лишь в этом случае она становится мощной духовной силой, принадлежит всему обществу, получает признание и одобрение большей части его членов, становится всеобщим достоянием. В таком контексте идея государственности определяется в значимый ресурс развития полиэтнического общества.

В реализации Программы «Рухани жаңғыру» большое значение имеет деятельность созданной в 1995 году по инициативе Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А.Назарбаева Ассамблеи народа Казахстана (АНК). Широкое участие АНК в жизнедеятельности страны представляет собой ресурсный компонент модернизационного процесса. АНК способствует формированию культуры межэтнического общения и согласия в обществе. Документы из фондов Государственных архивов Костанайской и Атырауской областей выявляют всестороннюю работу АНК по развитию межэтнических отношений в Казахстане. Примечательно в этом плане письмо № 16-41/И-76 от 26 марта 1997 года Государственного Секретаря Республики Казахстан А.Кекилбаева Аким, Председателю малой Ассамблеи народов Казахстана Кустанайской области Кадамбаеву Т., в котором подчеркивается, что главным критерием кандидатов, рекомендуемых в состав Ассамблеи народов Казахстана, должна быть общественная работа, их желание и возможность активно влиять на дальнейшее укрепление общенационального согласия в республике [4].

АНК уделяет значительное внимание проведению общественных мероприятий, направленных на углубление взаимопонимания и доверия в межэтнических отношениях. В частности, в письме № 14а от 07.02.97. Заведующей исполнительным секретариатом малой Ассамблеи народов Казахстана Кустанайской области Л.Сложеникиной Заместителю Акима Кустанайской области отмечается: *«С января по август 1997 года Ассамблея народов Казахстана с Областной телерадиокомпанией и ОА санатория «Сосновый бор» проводит, ставший традиционным, областной фестиваль-конкурс авторской песни «Мой край родной». ... Цель конкурса – через национальную самобытную культуру всех народов, проживающих на территории Кустанайской области, показать республику как единую*

мать-Родину для всех проживающих на ее территории людей, посредством народного творчества раскрыть красоту родного края, его природы, почтить память жертв политических репрессий» [5].

Этнокультурные объединения в составе АНК способствуют укреплению государственности и стабильности в полиэтничном обществе, воспитанию чувства патриотизма, дружбы, добрососедства и межэтнической толерантности. В 1999 году по Атырауской области была проведена большая работа с участием национально-культурных центров (НКЦ) по выполнению решения акима от 23.04.99 г. № 78 «О реализации Указа Президента РК от 30 декабря 1998 г. «Об объявлении 1999 г. Годом единства и преемственности поколений» и постановления Правительства РК по этому вопросу от 24 февраля 1999 г.» [6]. Этнокультурные объединения играют важную роль в формировании новых социальных стандартов межэтнических отношений, основанных на нравственных убеждениях диалога, доверия и согласия. Они активно участвуют в культурно-просветительской деятельности, мероприятиях по формированию социокультурных ценностей гражданственности, толерантности и социальной активности у молодого подрастающего поколения. Современное общество представляет собой сложное этнодемографическое образование, в котором взаимодействуют представители различных этнических общностей и демографических групп.

Государственность имеет консолидирующий потенциал для динамичной и всесторонней модернизации общества. Под модернизацией в широком смысле следует понимать процесс адаптации социальных, экономических, политических и культурных аспектов развития общества к требованиям, соответствующим представлениям о современности. Модернизационный процесс способствует развитию независимого государства, укреплению законодательной основы как связующего звена между государством и гражданским обществом, активности социума и межэтнической стабильности.

Программа «Рухани жаңғыру» определяет значимость социокультурных ценностей полиэтничного общества, способствующих развитию государственности, интересов гражданского общества и личности. Идея государственности играет большую роль в укреплении межэтнического согласия и толерантности в полиэтничном обществе, сохранении и дальнейшем развитии преемственности поколений. Важно соблюдение принципа перспективности и взаимосвязи исторического прошлого, настоящего и будущего.

Модернизация общественного сознания неотделима от идеи демократии. Как показывает мировая практика, среди множества ее моделей широкое признание получила либеральная демократия. Она основана на проведении регулярных выборов, межпартийной конкуренции на законодательной основе, укреплении социально-электоральной базы. Либеральная демократия предполагает функциональное развитие государства и гражданского общества, неизбежность и приоритетность частной собственности, создание и деятельность общественных организаций. Она поощряет и поддерживает активность и участие граждан в жизни общества.

Конкурентоспособное общество представляет собой существенный ресурс и потенциал модернизационного процесса. Идея конкурентоспособности содержит в себе систему ценностей, ориентированных на перспективное, динамичное развитие модернизационного процесса. Конкурентоспособность предполагает расширение и углубление демократических отношений, что непосредственно связано с развитием полиэтничного общества.

Конкурентоспособность укрепляет принципы прозрачности, открытости, определяет позитивное и конструктивное развитие страны на уровне соответствия мировым стандартам. Она определяет целевую основу модернизации общества. Конкурентоспособность способствует продвижению в число 30-ти развитых стран мира, всестороннему развитию информационных технологий и постиндустриального типа производства.

Программа «Рухани жаңғыру» в системе развития полиэтничного общества имеет большую актуальность и важность. Она обосновывает единство цели, политики и практики на долгосрочную стратегическую перспективу, аккумулирует потребности и интересы социума, определяет значимость межэтнической стабильности. Модернизация общественного сознания «становится концептуальной основой духовного обновления нации» [7].

Базисными социокультурными ценностями Программы «Рухани жаңғыру» являются чувство патриотизма, гражданская ответственность, межэтническое согласие и толерантность. Модернизация общественного сознания вбирает в себя весь спектр осуществляемых преобразований, отражает уровень динамичности и эффективности общественного развития, представляет собой существенный показатель устойчивости и стабильности полиэтничного общества.

Для большинства населения характерно сознание, соответствующее облику самого общества и его институтов. Этот аспект необходимо учитывать для определения уровня согласия в обществе по тем или иным значимым для граждан вопросам, выявления конфликтных сфер, степени доверия институтам государственной власти, а также для установления динамики этих представлений в процессе развития общества. Представления, имеющие место в обществе, неразрывно связаны с социальными нормами и традициями.

Программа «Рухани жаңғыру» направлена на модернизацию общественного сознания, что актуально и важно в контексте реализации Стратегии «Казахстан – 2050». В условиях современного глобального мира межэтническая стабильность занимает одно из центральных мест в системе социокультурных ценностей, является одним из факторов развития полиэтничного общества.

Таким образом, Программа «Рухани жаңғыру» определяет актуальность и значимость модернизации общественного сознания, способствует развитию вековых традиций народа, укреплению межэтнической стабильности и межэтнической толерантности в полиэтничном обществе.

ЛИТЕРАТУРА

1. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» 12 апреля 2017 / https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (дата обращения: 21.02.2020).
2. Там же.
3. Хантингтон С.П. Кто мы? Вызовы национальной американской идентичности // Политич. наука. – 2005. - № 4. – С.32-33.
4. Государственный архив Костанайской области. Ф.917. Оп.1. Д.22. Л.4.
5. Государственный архив Костанайской области. Ф.917. Оп.1. Д.25. Связка 1. Л.6.
6. Государственный архив Атырауской области. Ф.446. Оп.1. Д.19. Связка 107. Л.6-7.
7. Ауанасова А.М. Исторический контекст модернизации общественного сознания // Духовное наследие Великой степи: история, современность. Материалы международной научной конференции / Под общей редакцией Б.Г.Аягана. – Астана: Институт истории государства, 2017. – С.245.

САНДЫҚ БІЛІМ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Д.АСЫМОВА, Г.ҚЫРҒЫЗХАН,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті тарих мамандығы бойынша докторанттары


Қазір цифрлық сауаттылыққа жету – білім беру жүйесінде, кадрларды даярлауда цифрлық технологияларды тиімді қолдануда өте маңызды жетістік. Жаңа буын маманына қажет құзыреттердің бірі – сандық құзыреттілік. Біз мұны «сандық» ұғымында нақтылай аламыз, яғни «құзыреттілік» компьютерді сенімді және сындарлы қолдану, ұялы телефон, планшет, интерактивті тақтаны ұтымды пайдалану негізі болып табылады. Құзыреттілік – логикалық ойлау мен жоғары деңгейге негізделген. Сандық құзырет үлгісі келесі білімдерден тұрады: жалпы түсіну, компьютерлік құрылғылардың құрылымы мен өзара әрекеті; сандық технологияның әлеуетін түсіну, инновациялық қызмет; негізгі түсінік алынған ақпараттың сенімділігі мен шынайылығы, бағдарламаларды пайдалану мүмкіндігі. Бәсекеге қабілетті маман дайындауда ең алдымен әр ЖОО-да өзінің цифрлық құзыреттерін қалыптастыруды қолға алуы қажет. Оқытушы өз үлесін оқушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға жұмсауы керек.

Бұл орта мына принциптерге сәйкес жасалуы керек:

- оқушының білімнің белсенді субъектісі ретінде анықтамасы; оның өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталуы,
- өзін-өзі дамыту; жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушының субъективті тәжірибесіне сүйену,
- болашақ маман контекстінде оқыту;

Бакалаврларды даярлаудағы практикалық қызметімізде біз мына жағдайға тап боламыз: көптеген бірінші курс студенттеріне презентация дайындау қиын, қалай қолдану керектігін білмейді. Біз заманауи мұғалімді даярлауда студенттер арасында цифрлық құзыреттілікті, дизайн жасау қабілетін қалыптастыру секілді қосымша пәнді оқыту қажеттігін маңыздылығын білдік, яғни сандық білім құралдарын қолдану арқылы оқу процесі мобильді құрылғылар арқылы жүзеге асады (бейне дәрістер, презентациялар, электрондық нұсқаулықтар және т.б.)

Сандық құзыреттіліктің маңызын анықтау мақсатында ауызша және жазбаша сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде біз 60 студенттен сұхбат ала отырып, көбіне компьютерді 100% жақсы қолдана алатынын және жақсы дағдыларға ие екендігіне көз жеткіздік. Білім алушы 24 студент қана планшет компьютеріндегі бағдарламалармен таныс, яғни бұл 40%-ды құрайды; Ал мектеп оқушыларының 80%-ы смартфон қосымшаларын жақсы меңгерген болып шықты. Ал 70% оқушылар интерактивті тақтамен толық жұмыс жасай алатынын дәлелдеді. Әр оқушыда жаңа смартфон бола бермейді. Сондықтан қосымшалармен жұмыс істеу қиын.



1-сурет. Бірінші оқу жылындағы студенттердің цифрлық құзыреттілік деңгейі. 1-санат – компьютер, 2-санат – планшет, 3-санат – смартфон, 4-санат – интерактивті тақта.

Студенттердің 5%-ы семинарларға дайындық кезінде YouTube-тен бейне материалдар пайдаланады, білім алушылар үшін презентацияның артықшылығы – 30%; ал 65% студенттер ауызша сөйлегенді ұнататын болып шықты. Орыс тілді және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарының басым бөлігі сандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға және дамытуға арналған.

Н.В.Гафурова ақпараттық технологияларды оқыту әдістерін құрса; А.П.Шмакова мен Е.Л.Федотова ақпараттық технологияның маңыздылығын өздерінің еңбектерінде атап өтті.

Қазіргі уақытта білім алу процесі тек дәрісханаларда ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желілерде де жүргізілуде. М.Каттик зерттеулері аутизмді бар балаларды оқытуда мұғалімнің смартфондармен жұмыс жасауы қаншалықты маңызды екенін көрсете білді.

Құзыреттілік – тек білім ғана емес, студенттің оқу үдерісінде меңгерген білімдерін, дағдыларын мен біліктерін іс жүзінде дұрыс, орынды, тиімді пайдалануы.

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың мынадай аспектілерін көрсетеді:

- Түйінді құзыреттер;
- Жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- Қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- Өмірлік дағдылар.

Бұлардың әрқайсысын орындау студенттердің құзыреттіліктерін, олардың университет бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себепкер болады.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға білім алушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіндерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады. Б.Тұрғанбаева: «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады» [4], – деген еді.

Студент қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Студенттің шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болады.

Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдау, таңдау (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді. Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Студент анкета толтырып, хат, арыз жазуды, сұрақ

қойып, пікір таластыруды, т.б. білуі тиіс. Бұл құзыреттілікті оқу үдерісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны, олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс.

Орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту барысында нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет. Құзырлылық – студент іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе. Сонымен бірге «қолданбалылық» желісінде – қазіргі білім беру мазмұнын елеулі байытып және модернизациялауға мүмкіндік беретін кем дегенде екі күшті идея жатыр. Мұның алғашқысы өте қарапайым. Шын мәнінде бұл білім беру мазмұнының іс-әрекеттік сипатта болу идеясы (тәсілдер туралы білімді емес, әртүрлі тәсілдердің өзін меңгеру қажет). Өте қарапайым мысал келтіруге болады. Мәселен, студенттер белгілі бір мәтінді меңгеру арқылы болашақ өз ойын толық түрде тәжірибе барысында да қолдана алуы тиіс.

Білім беру мазмұнын осы тұрғыдан қолға алу өте пайдалы іс болар еді. Қазіргі кездегі білім берудегі оқытушының мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану сонымен қатар заман талабына сай жастардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается анализ методов формиро-

вания цифровых компетенций у студентов гуманитарных дисциплин, будущих педагогов, в образовательном пространстве вуза. Благодаря стремительно развивающимся технологиям сегодняшние ученики совершенствуются вместе с цифровым миром.

The article discusses an analysis of the methods of forming digital competencies in students of humanitarian disciplines, future teachers, in the educational space of the university. Thanks to the rapidly evolving technology, today's students are improving with the digital world.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Гущина С.М.** Формирование цифровой компетентности педагога в области разработки цифровых образовательных ресурсов / С.М.Гущина. – Режим доступа: <http://znanium.com/catalog.php?bookinfo=485601>

2. **Yachina N.P.** E-Teaching Materials as the Means to Improve Humanities Teaching Proficiency in the Context of Education Informatization / N.P.Yachina, L.A.Valeeva, A.F.Sirazeeva // International Journal of Environmental and Science Education. – 2016. – Vol. 11, Is. 4. – P. 433–442.

3. **Гафурова Н.В.** Методика обучения информационным технологиям. Практиум: учеб. пособие / Н.В.Гафурова, Е.Ю.Чурилова. – Красноярск: Сибирский федеральный универ., 2011. – 181 с.

4. **Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В.** Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий: Учебно-методическое пособие. – М.: Наука. АПКИ ППРО, 2005. – 182 б.

5. **Тұрғанбекова Б.А.** «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы: Райан, 2005. – 250 б.

«ӨЛКЕТАНУ» ФАКУЛЬТАТИВ ПӘНІН ОҚЫТУ (Алматы облысы материалдары негізінде)

Бекзат ҚАЛИЕВА,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының тарих мамандығының 2-курс докторанты

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылдың 12 сәуірінде қабылдаған бағдарламасы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы

жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады», – деп Елбасымыз атап өтті [1, 3-4-бб.].

Мемлекет басшысының осы бағдарламасына тоқталуымыздың бірден-бір себебі біздің тақырыбымыздағы тарихи жады осы мемлекет қабылдаған заң, саяси жобалар негізінде іске асырылады. Сонымен қатар, іске асырылуы арқылы өскелең ұрпаққа өз елінің тарихын жетік меңгеруімен қатар жадында сақтап қалу, ұмытпау үдерісінің болуын көрсету жұмысымыздың негізгі мақсаты.

Сонымен қатар, 2018 жылдың 21 қарашасында жарияланған Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жаһандық тарихтағы қазақ елінің рөлін нақты тарихи деректерге сүйене отырып көрсету болып табылады [2]. Аталып отырған мақалада қазақтың тарихын жан-жақты саралап, талдап, тарихи оқиғаларға мән беру негізделеді.

Бүгінгі таңда мектепте «Қазақстан тарихын» өту барысында, сонымен қатар қосымша сыныптан тыс сағаттарын немесе «Өлкетану» факультатив сабақтарын оқу барысында оқушылар көптеген қосымша ақпарат өзіне алады. Мектепте жалпы коммеморативті тәжірибелердің іске асырылуы олардың тікелей мемлекет тарапынан

қабылданған жады саясатының негізінде іске асырылады. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Қазіргі кезде жалпы меморативті тәжірибелерді зерттеп, оларға талдау жүргізіп, анықтама, түсінік қалыптастырып, сонымен қатар оның тәрбиелік жағынан да әсер етуін қарастыратын ғалымдардың теориялары көп: оларды біз Н.И.Чуркина-ның «Коммеморативные практики в Российском образовании как метод историко-педагогических исследований» атты мақаласында келтірілген авторлардың теорияларынан (А.И.Миллер, А.С.Святославский, А.Ассман, П.Нора, Е.И.Красильникова) [3] және М.Л.Шубтың «Современные коммеморативные практики: образовательный и воспитательный потенциал» атты мақалаларынан көре аламыз (А.Мегилла, Э.Дюркгейм, П.Хаттон, Ф.Арьес, Э.Хобсбаум) [4]. Әр ғалым өзіндік тұжырымын жасап, бағасын беруде.

Жоғарыдағы ғалымдардың біразы негізінен жалпы меморативті тәжірибелердің теориялық жағына тоқталған. Бірақ білім беру бағытында қалай жүзеге асырылатыны туралы атап өткендері де бар. **Солардың ішінде білім берудегі меморативті тәжірибелерді зерттеу үшін жұмыстың тақырыбы және хронологиялық шеңберіне қарай Е.И.Красильникованың алты элементі негізінде жұмысымызға талдау жасап көрсетсек.**

Бірінші элемент бойынша меморацияның алдыңғы кезеңіндегі жалпы жағдайын анықтауды ұсынып отыр. Бұл негізде жалпы мемлекет тарапынан қабылданған «Өлкетану» курсына қатысты жоспарын көрсетуімізге болады.

Осы аталған бағдарламалар аясында бүгінгі таңда Республика көлемінде жалпыға ортақ білім беретін мекемелердің 7-сыныптарында «Өлкетану» курстары жүргізілуде. Ол туралы төменгі құжатта келтірілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы сәуірдегі № 115 бұйрығына 109-қосымшасына сәйкес **Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбы үшін «Өлкетану» курсынан типтік оқу бағдарламасы төмендегідей:**

1. Түсінік хат.

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығының 109-қосымшасына сәйкес.

2. Өлкетану курсының басты мақсаты:

1) өзінің туған өлкесі жайлы білімді терең меңгерту және дамыту;

2) жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және отансүйіштік сезім тәрбиелеу.

3. Аталған мақсаттарға сәйкес білім берудің келесі міндеттері шешілуі тиіс:

1) оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету;

2) практикалық және интеллектуалдық дағды мен шеберлікті қалыптастыру және дамыту;

3) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу;

4) жеке тұлғаның бойында ізденушілік-зерттеушілік қасиетін, экспедициялық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

5) әр түрлі тәсілдермен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын өлкетану жұмысындағы кешенділікті сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын, байқағыштықты, ойлауды, қиялдауды, ғылымдарға деген сүйіспеншілікті, білімдарлықты және мәдени деңгейін, әдеби және пәндік тілді, бірнеше тілді меңгеруді, әр түрлі

мамандық иелерімен, өзінен үлкен-кіші адамдармен қарым-қатынас дағдыларына икемделу, өз бетімен өмір сүруге және болашақтағы мамандығына психологиялық тұрғыдан дайындалу, моральдық-өнегелілік қасиеттерді, туған өлкеге және Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

4. Өлкетану сабақтарда, сынып сағаттарында, олардың тәрбиелік мақсаты ретінде («кіші» Отанына деген патриоттық, азаматтық сезімдерді тәрбиелеу) жүзеге асырылады.

5. Өлкетану курсы жергілікті жердің қыр-сырын ашып көрсету арқылы география, биология, тарих, әдебиет және басқа да пәндерді оқу білімімен логикалық түрде толықтырады.

6. Өлкетану курсының бағдарламасы сыныпта және мектепте жекелеген зерттеу топтарымен, білім беру ұйымының өлкетану жұмысы Кеңесінің белгілеген экспедициялық зерттеу тақырыптары бойынша жүзеге асырылады.

7. Нақты белгіленген бағдарлама бойынша факультатив сабағы ретінде бөлек оқытылады.

8. Оқу сабақтары үдерісі кезінде туған өлкені тікелей оқып-білу мүмкіндігі шектеулі. Сол себепті, жұмыстың жүйелі-әрекеттік нәтижелерін сыныптан тыс және сабақтан бос уақытта кабинеттерден жергілікті жердің төңірегіне, өзен-көлдердің жағалауына, өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарына, ескерткіштерге және тарихи даңқ орындарына, мұражайлар мен көрмелерге, т.б. жерлерге саяхатқа шығу арқылы жандандыру мүмкіншілігі бар.

9. Оқу барысында оқушылардың бойында өз өлкесі: оның табиғаты, табиғат ресурстары, өнеркәсіптері, ауыл шаруашылығы, көлік жүйесі, тарихи және мәдени дамуы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесі қалыптасуы тиіс. Оқушының өз өлкесі экономикасындағы еңбек ресурстарына сұранысы жайлы білу мүмкіндігі бар.

10. 7-сынып оқушылары туған аймақтың табиғи-экономикалық ерекшеліктерін және олардың даму келешегін оқып-үйренеді. Алдын-ала оқыту мақсатында, бағдарламаға өлкенің экономикасы жайлы тақырыптар кіргізілгенін атап айту қажет, жоғары сыныптарда ол тақырыптар тереңдетіліп оқытылады. Сонымен қатар, өлкетану жұмысының мазмұнына өлкенің тарихи өткені, археологиялық ескерткіштерін, мәдени (сәулет өнері, әдебиет) ескерткіштерін, әр түрлі жанрдағы фольклорлық материалдарды, ұлттық ерекшелігі бар қолөнерді, өлкенің атын шығарған атақты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу кіреді.

11. Оқушылардың өз өлкесіне тән негізгі ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайтын, өлкетанудағы оқу-ізденушілік әрекетінің негізгі түрі ретіндегі бұл бағдарлама, іздеу-зерттеу әрекеттерінің алгоритмі. Бағдарлама жан-жақты сипатқа ие және еліміздің кез келген бөлігінде орналасқан туған өлкені, ауылды немесе қаланы, олардың төңірегін оқып-білудегі негізгі бағыттарды көрсетеді.

12. Жыл бойы жүргізілген жұмыстың нәтижесі мектептің өлкетану конференциясында қорытындыланады, үздік жұмыстар марапатталады және аудандық, қалалық конференцияға ұсынылады.

13. 7-сыныпта өлкетану факультативтік курс ретінде аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат оқытылады.

2. Оқу пәнінің базалық мазмұны.

14. Курстың мазмұны келесі тақырыптардан тұрады:

1) «Кіріспе» (1 сағат).

2) «Туризм негіздерімен танысу және карталармен жұмыс істеу» (2 сағат).

3) «Өлке аумағының жер бедері» (3 сағат).

4) «Өлкенің табиғи ресурстары» (2 сағат).

- 5) «Жергілікті жердің ауа райы және климаты» (3 сағ.).
 6) «Өлкенің сулары және оларды пайдалану» (3 сағат).
 7) «Өлкенің топырағы» (2 сағат).
 8) «Өлкенің және қаланың өсімдіктері» (3 сағат).
 9) «Өлкенің жануарлар дүниесі» (3 сағат):
 10) «Өлкенің және қаланың ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау» (3 сағат).
 11) «Өлкенің, қаланың шаруашылығы» (4 сағат).
 12) «Өлкеде өмір сүретін халықтардың тарихы және мәдениеті» (4 сағат).
 13) Қорытындылау (1 сағат).

Екінші элемент – коммеморацияның шарттардың мінездемесі мен динамиканың факторлары (саяси жағдай, кезеңнің мәдени-интеллектуалдық сылбасы, аталмыш кезеңнің білім беру саясаты туралы).

Бүгінгі XXI ғасыр негізінен мәдени-интеллектуалдық даму үдерісі бар кезең. Қазіргі жасөспірім жастарымыз терең ойлап, алдыға нық басатын қоғам. Сондықтан да жоғарыда мемлекет тарапынан қабылданған курс негізінде енді әр облысқа өз деңгейінде соған сәйкес жоспарларды іске асырып, жұмыстарын жүргізуі тиіс.

Курстың типтік оқу бағдарламасы (ТОБ) негізінде әр облыс өзінің «Өлкетану» курсының ТОБ-н жасайды. Мысал ретінде Алматы облысы бойынша көрсетсек:

7-сынып бойынша «Өлкетану» курсынан типтік оқу бағдарламасы.

Реті №	Сабақ №	Сабақ тақырыбы	Сағ.	Мерзім
1	1	Кіріспе «Жер жаннаты – Жетісу»	1	
«Туризм негіздерімен танысу және карталармен жұмыс істеу»				
2	2	Туризм негіздерімен танысу және карталармен жұмыс істеу.	1	
3	3	Жергілікті жерде және картада азимутты анықтау.	1	
«Өлке аумағының жер бедері»				
4	4	Өлке аумағының жер бедері.	1	
5	5	Жетісу өлкесінің жер бедері мен тау жыныстары	1	
6	6	Жетісу өлкесінің экологиясы.	1	
7	7	Өлкенің табиғи ресурстары.	1	
8	8	Туған өлкенің минералды ресурстары және оның маңызы.	1	
«Жергілікті жердің ауа райы және климаты»				
9	9	Жергілікті жердің ауа райы және климаты.	1	
10	10	Ауа райын болжаудағы халық болжамдары.	1	
11	11	Табиғат күнтізбесі деген не? Қазақ халқының ырымдары.	1	
«Өлкенің сулары және оларды пайдалану»				
12	12	Өлкенің сулары және оларды пайдалану.	1	
13	13	Жергілікті жер су атауларының шығу тарихы туралы.	1	
14	14	Өлкенің су ресурстары олардың орналасу ерекшеліктері.	1	
«Өлкенің топырағы»				
15	15	Өлкенің топырағы.	1	
16	16	Жетісу өлкесіндегі топырақ эрозиясымен күрес жолдары.	1	
«Өсімдіктермен жалпы танысу»				
17	17	Өлкенің және қаланың өсімдіктері.	1	
18	18	Өлке аумағында өсетін өсімдік жамылғысын оқып-танысу.	1	
19	19	Көптеп шөптердің көмегімен жергілікті жердің өсімдіктерін оқып-білу.	1	
20	20	Өлкенің жануарлар дүниесі.	1	
21	21	Өлке аумағының жануарлар дүниесін анықтау және оқып-білу.	1	
22	22	Жануарлар дүниесін қорғау.	1	

23	23	Өлкенің және қаланың ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау.	1	
24	24	Қызыл кітапқа енген туған өлкенің жануарларымен өсімдіктер түрлерімен танысу.	1	
25	25	Алматы қорығымен танысу.	1	
27	27	Алакөл қорығымен танысу.	1	
«Өлкенің, қаланың шаруашылығы»				
28	28	Өлкенің, қаланың шаруашылығы.	1	
29	29	Кәсіпорындарға саяхат жасау.	1	
30	30	Өлкеде өмір сүретін халықтардың тарихы және мәдениеті.	1	
«Өлкеде өмір сүретін халықтардың тарихы және мәдениеті»				
31	31	Өлкеде өмір сүретін халықтардың тарихы және мәдениеті.	1	
32	32	І.Жансүгіров, М.Тынышбаев мұражайларына саяхат.	1	
33	33	Б.Римова атынд. театрына саяхат.	1	
34	34	Қорытындылау.	1	

Үшінші элемент – коммеморацияның динамикасына әсер ететін мемлекеттің жады саясатының мазмұнына анықтама беріп, сонымен қатар бұл саясаттың тәсілдері мен ерекшеліктерінің практикада жүзеге асуын қамтамасыз етуін қадағалау.

Яғни бұл туралы жоғарыда тоқталып, көрсетіп кеттік. «Өлкетану» факультатив курсының мемлекет тарапынан қабылданып, бүгінгі таңда әр облыс өз ерекшеліктерін сәйкес жоспарларын жасап, оны іске асыруда. Практика жүзінде де мемлекет тарапынан қабылданған саясаттың іске асырылып жатқанын көруімізге болады. Сонымен қатар, әр облыс өзінің аймағына байланысты 5-7-сыныптарға арналған «Өлкетану» кітаптарында шығарды.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай Алматы облысының білім басқармасының жоспарларының ішінен бір ғана мысал ретінде, ол «Өлкетану» курсын оқыту қолға алынғанын көруге болады.

Алматы облысы білім басқармасының «Рухани жаңғыру», «Туған жер» бағдарламалары аясында жоспарланған іс-шараларының жүзеге асырылып жатқанын көруге болады. «Өлкетану» интеграциялық курсын оқыту бүгінгі таңда қоғам талабына қажеттілігін туындатқан, сонымен қатар әр қазақ елінің азаматы өз тарихына деген қызығушылығының артқанын атап өтуге болады.

Төртінші элемент – ол коммеморацияның даму негізіндегі Қазақстан мәдениетінде қалыптасқан үздіксіздікті анықтау.

Бүгінгі таңда мемлекетіміз өз алдына дербес, тәуелсіз даму үдерісінде. Сонымен қатар мәдени өмірінде де көптеген жаңашылдыққа бой алдыруда. Ал біздің мемлекетіміздің мәдени дамуының бір элементі ретінде өз еліндегі мәдени мұра жәдігерлерімен өскелең ұрпақтың таныс болуы. Ол үшін әрине де «Өлкетану» курсының өткізілу маңыздылығы жоғары. Мемлекет тарапынан қабылданған жоспар негізінде бүгінгі таңда өзге де Қазақстанның өңірлерінде бұл курс оқытылуда, сонымен қатар жүзеге асырылуда. Оны біз төмендегі мақалалармен танысу арқылы көре аламыз.

Өзіміз жоғарыда атап өткеніміздей жалпы Қазақстанның барлық облыстарында «Туған өлке», «Өлкетану» факультатив сабақтары сабақтан тыс уақытта жүргізілуде, қосымша негізінде десек дұрысырақ болады. Осы негізде «Қазақ тарихы», «Қазақстан тарихы» журналдарында, «Қазақстан тарихы: ЖОО және мектептерде білім беруде», «Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО-да» атты және т.б көптеген журналдарда Қазақстан Республикасының әр бір облысы, ауданынан мектеп ұстаздарының шығарылған мақалалары өте көп. Оларға тоқталатын болсақ, «История Казахстана: преподавание в школе» атты журналдың 2014 жылғы №9 санының

«Методика и опыт» атты бөлімінде Семей қаласындағы №6 гимназияның ұстазы Е.Н.Помозова, Р.К.Кожамкулованың «Из опыта работы учителей истории КГУ «гимназии №6» по краеведению» атты мақаласы [5]. Бұл мақалада автор өздерінің гимназиясында тарихи-өлкетанулық мұражайы және оның жұмыс жасау бағыттарын атап көрсеткен.

Сондай-ақ, «История Казахстана: преподавание в школе» атты журналдың 2014 жылғы №4 санының «Методика и опыт» атты бөлімінде Батыс Қазақстан облысы, Теректінің туризм және экология орталығы, №1 Федоров орта мектебінің биология, география пәнінің ұстазы Л.В.Анаисова және тарих пәнінің ұстазы М.М.Сагитова «Школьная туристско-краеведческая деятельность как форма воспитательного процесса подрастающего поколения» атты мақалалары [6]. Бұл мақалада өздерінің мектептеріндегі өз өңірлері негізінде Батыс Қазақстан бойынша қандай маңызы бар тарихи-өлкетанулық жерлер болса, соның негізінде оқушылармен бірлесіп отырып жұмыс жасалып жатқандығын атап өткен.

Келесі мақаламыз «История Казахстана: преподавание в школе» атты журналдың 2014 жылғы №4 санының «Методика и опыт» атты бөлімінде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы №250-ші мектеп-лицейінің ұстазы Р.Ж.Қалмұратованың «Краеведение – надежный помощник в познании мира для каждого любознательного ученика» атты мақаласы [7]. Бұл жұмыста өздерінің мектептеріндегі өз өңірлері негізінде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы бойынша қандай маңызы бар тарихи-өлкетанулық жерлер болса, соның негізінде оқушылармен бірлесіп отырып жұмыс жасалып жатқандығын атап өткен. Сонымен қатар үш бағытта жұмыс жасалатындығын атап көрсеткен: 1) Танымал адамдар – біздің жерлестер; 2) Көшелер сыр шертеді (танымал адамдарың аты берілген көшелер негізінде); 3) Біздің ауданның тарихи орындары. Осылайша үш бағытта жұмыс жасау негізінде өлкенің тарихын терең меңгеруіне жол ашатындығын, өзінің жаңаша әдіс-тәсілін көрсетіп отыр.

Тағы бір мақаламыз «Қазақстан тарихы: әдістемелік журналының» 2019 жылғы №8 санының «Туған жер» бағдарламасы атты бөлімінде Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Ақтоған мектебінің тарих пәнінің ұстазы К.Оразованың «Білім беру ұйымдарының өлкетану және зерттеушілік жұмыстарының ғылыми-педагогикалық негіздері» атты мақаласы [8]. Осы мақалада «Өлкетану» жұмыстары аясында алынатын фактілер мен оқиғаларды 5 талпақ бөліп көрсетіп, оның ұйымдастырылуы мен оқытылу формасын екі категорияға бөлу арқылы қарастырып, жалпы бұл курстың маңыздылығына тоқталған.

Бесінші элемент – алдыңғы кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің коммеморациясына тән инновациялық, дәстүрлі емес қырлары.

Мемлекет тарапынан «Өлкетану» факультатив курсына байланысты жоспарлар, бағдарламалар қабылданбай тұрып, коммеморациялық тәжірибелер «Қазақстан тарихы» пәні аясында, сонымен қатар сыныптан тыс сағаттар негізінде дәстүрлі емес түрде жүргізіліп тұрды.

Алтыншы элемент – коммеморацияның елеулі қабылдаудың ерекшеліктерін анықтау. Аталып отырғандай, бүгінгі қоғам ол барлық жағынан даму үдерісіне алға басып келе жатыр. Оған мысал ретінде төменде Алматы облысы аясында жүзеге асырылған іс-шараларды атап өтейік.

Енді жоғарыда көрсеткеніміздей әр облыстар өз өңірлерінің тарихын жетік зерделеу үстінде болса, дәл солай Алматы облысында да жұмыстар жасалуда. Алматы облысы білім басқармасының «Рухани жаңғыру», соның ішінде «Туған жер» бағдарламасы аясында төмендегідей іс-шаралар жасауды жоспарлауда: - білім беру; - экология және абаттандыру; - мәдени-тарихи ескерткіштерді және жергілікті жерлердегі объектілерді өңірлік тарихи қалпына келтіруді зерделеу [9]. «Туған жер» бағдарламасының

бірінші бағытының шеңберінде іске асыруға ұсынылған негізгі іс-шаралардың бірі ретінде көрсетілген жалпы білім беретін мектептерде, ЖОО-да «Туған өлке тарихы» немесе «Өлкетану» факультативтік (міндетті) пәнін енгізу деп қарастырып, оны жүзеге асырды.

Жоғарыда атап өтілген Алматы облысының білім басқармасының жоспарларының ішінен бір ғана мысал ретінде, ол «Өлкетану» курсының оқыту қолға алынғанын көруге болады: Облыстық білімді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 2018 жылдың 27-29 қараша аралығында облыс аймақтарында тарих, қазақ әдебиеті, география және музыка пәні мұғалімдеріне арналған «Өлкетану» оқытудағы ерекшеліктер тақырыбында облыстық семинар өтті. Аталған шарада 5-7-сыныптарға арналған «Өлкетану. Алматы облысы» [10] оқулығының авторлары оқулықтың ерекшеліктерін атап, таныстырылым жасады. Сонымен қатар педагогтарға күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауда «Өлкетану» курсының кіріктіру бойынша әдістемелік көмек беріліп, ашық сабақтар жүргізілді. Семинарға 230-дан астам педагог қатысты.

РЕЗЮМЕ

В данной работе необходимо отметить проведение факультативного курса «Краеведение» (на материалах Алматинской области) в начале XXI века, показать важность государственной политики в прохождении школах данного курса и проанализировать проведения курса в других областях.

In this work, it is necessary to note the optional course “Local Lore” (based on the materials of the Almaty region) at the beginning of the XXI century, to show the importance of state policy in the schools of this course and to analyze the course in other areas.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Назарбаев Н.Ә.** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақ. // ҚР Президентінің ресми сайты. www.akorda.kz/. 12 сәуір 2017.
2. **Назарбаев Н.Ә.** «Ұлы даланың жеті қыры» // «Айкын» газеті – aikyn.kz/2018/11/21/73794.html
3. **Чуркина Н.И.** «Коммеморативные практики в российском образовании как метод историко-педагогических исследований» // Отечественная и зарубежная педагогика. – 2016. - № 6. – 37-44 с. // <https://cyberleninka.ru/article/n/kommemorativnye-praktiki-v-rossiyskom-obrazovanii-kak-metod-istoriko-pedagogicheskikh-issledovaniy>
4. **Шуб М.Л.** «Современные коммеморативные практики: образовательный и воспитательный потенциал» // «Челябинский гуманитарий». – 2016. – № 3(36). – С. 80-87. // <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-kommemorativnye-praktiki-obrazovatelnyy-i-vospitatelnyy-potentsial>
5. **Помозова Е.Н., Кожамкулова Р.К.** Из опыта работы учителей истории КГУ «гимназии №6» по краеведению. // «История Казахстана: преподавание в школе» журнал, №9, 2014. – 2-4-бб.
6. **Анаисова Л.В., Сагитова М.М.** Школьная туристско-краеведческая деятельность как форма воспитательного процесса подрастающего поколения. // «История Казахстана: преподавание в школах и ВУЗах» журнал, №4, 2014. –63-66-бб.
7. **Калмуратова Р.Ж.** Краеведение-надежный помощник в познании мира для каждого любознательного ученика. // «История Казахстана: препод. в школах и ВУЗах» журн., №4, 2014. – 73-75-бб.
8. **Оразова К.** Білім беру ұйымдарының өлкетану және зерттеушілік жұмыстарының ғылыми-педагогикалық негіздері. // «Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал», №8, 2019. - 25-28-бб.
9. «Туған жер» бағдарламасын іске асыруда негізгі тұжырымдамалық тәсілдер // Алматы облысының білім басқармасы – Ресми сайты // almaobledu.gov.kz/
10. **Қабдұлова А., Досаева Э.Т., Өуезова Ә.А., Дихамбаева Ж.А.** «Өлкетану. Алматы облысы». Жалпы білім беретін мектептердің 5-7-сыныптарына арналған оқулық. Алматы, 2018 ж. -184 б.

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ және оны оқу үдерісіне енгізу

Күлімкөз САНТАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің
қауымдастырылған профессоры (доцент) м.а.,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Жұлдыз ӘСКЕРБАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты

Бүгінгі таңда білім жүйесінде көптеген бағдарламалар іске асырылуда. Солардың бірі – Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы болып табылады. **Бағдарламаның мақсаты** болашақ педагогтардың қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазақстандық ұстаздарға қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға; түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етуге жағдай жасау [1,4-б.]. Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны жеті модульге негізделген. Алайда, осы жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекелеген стратегиялар мен тәсілдер сияқты бір-бірімен өзара байланыста болады.

Бағдарламаның модульдері:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету;
3. Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау;
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану;
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Осы курстың артықшылығының бірі осыған дейінгі білім келген білімдерімізді одан әрі жетілдіру болды. Оған дәлел дәстүрлі оқу жүйесінде «Бағалау не үшін керек?» деген сұраққа бір жақты «Студенттердің білімін тексеру үшін» деп жауап беріп келдік, себебі бағалауды оқытушы тарапынан білімгердің білім деңгейін анықтау деп түсіндік. Өйткені бұған дейін, яғни курсқа дейін білімгердің білімін бағалауда апта сайын бағалау, аралық бақылау, емтихан арқылы білімгерлер берілген сұрақтарға ауызша жауап берді немесе тест арқылы қабылдаумен шектеліп келдік. Көбінесе білімгерден өз айтқанымызды, өз білгенімізді ауызша сұраумен ғана болдық. Дәстүрлі дәрістерде сабақтың өн бойында өзіміз сөйледік, ал семинар сабақтарында білімгерлер өз жазғандарын немесе жанындағы досынан көшіргенін оқып берді, әлде ауызша айтып берді, оларға өте қарапайым сұрақтар қойылды, барлық сабақтар осындай тәсілдермен жүргізілді, бұдан студентке де, оқытушыға да пайда шамалы болды. Себебі білімгер де, оқытушы да өз жасаған іс-әрекеттерін бағаламады, оған тырыспады. Біз үшін «бағалау» ұғымы «баға қою» ретінде қабылданды, ал мұндай түсінік бағалаудың мазмұны мен барлық ерекшеліктерін айқындамайды.

Біз курсты оқи отырып, үш апталық тәжірибеден ой

түйгеніміз, білімгерлердің ішкі жан дүниесін түсіну сол арқылы білімгердің қандай ойы, өз пікірі, дүниетанымы, көз-қарасы, түсінігі, пайымдауы, уәждері дәлелдері бар екендігін білу, түсіну болды. Оларды белсенді іс-әрекеттерге ден қойып, өзіндік түсінікті қалыптастыруға, оны өзгелерге жеткізуге, үйрету емес үйренуге итермелеу, әрекет жасау. Үйрету емес үйренуге білімгердің өзі талпыныс жасау керек, ал оқытушы болса «бағыттаушы» емес, «бақылаушы» болып, барлық іс-әрекетті білімгерлердің өзіне жасатуға итермелеу немесе өздеріне жасату деп түсінеміз.

«Бағалау бірінші кезекте білімнің сапасын айқындау үшін қажет. Егер де біз өз жұмысымызда елеулі табыстарға қол жеткізгіміз келсе, онда өткен уақыттағы және қазіргі нәтижелерімізді анықтауымыз керек, яғни жұмысымыздың оң жақтары мен кемшіліктерін айқындап, оны бағалауымыз қажет» [2,155-б.]. Бағалауда мақсат айқын болу керек, сонымен бірге білімгерлердің берілген тапсырмаларды қандай дәрежеде орындайтындығын анықтайтын және олардың үйренгендігін дәлелдейтін талаптар құрастыру керек. Бұл талаптар білімгердің жұмысының сапасын арттырады. Бағалаудың талаптары қандай болу керек? Критерийлер келесі ережеге сай болу керек. Критерийлер үшеуден кем болмау, білімгерлерге алдын ала белгілі болу керек, білімгерлермен бірге құрастырылу керек, осы ережелерді сабақтарда қолдануға тырыстық.

«Бүгінде оқытуды, оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді жақсарту мүмкіндіктерін және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін анықтауға бағытталған бағалау қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалау» деп аталады [3,51-б.]. **Қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалауды** тек біз оқып жатқан курстан кейін осы жеті модульді сабаққа пайдалана отырып жүргізу мүмкін екендігіне көзіміз жетті. Сабақты жүргізу барысында білімгерлер өздеріне сенімді болды, үйренуге деген құлшыныстары артты, білімгерлер өздері белсенділік танытты. Өрбір студент сабақта қалайша жұмыс жасағандығын анықтау өте күрделі мәселе. Білімгерлердің оқу процесінде қалайша жұмыс жасап жатқандығын, оқу мазмұнын қандай дәрежеде игергендігін бақылаймыз. Студенттер өзін-өзі бағалау керек, өзін өзі бағалауды былай ұйымдастыруға болады: Бірінші студенттермен бірлесе отырып бағалау критерийлерін айқындап (критерийлер студенттердің іс-әрекеттерінен тұру керек), бағалау кестесін құрастырдық. (студенттің өзін өзі бағалау кестесі №1). Екіншіден, студент сабақ барысында немесе басқа да іс-әрекет қортындысы бойынша өз жұмысын бағалайды. Бағалауда оң, теріс белгілерін немесе дәстүрлі бес балдық жүйені қолдануға болады. Барлық өткізген сабақтарда нәтижелерді талқылап отыру қажет. Білімгерлерге келесідей мәселелерді талқылауды ұсынамыз: Қандайда болмасын жұмысты орындау барысында студенттер өздерінің қандай әрекеттерін сәтті болды деп есептейді? Жұмысты орындау барысында студенттерде қандай қиыншылықтар пайда болды? Бұл қиыншылықтарды қалай жеңуге болады? Студенттердің бұл әрекеттері бұрынғы жұмыстармен са-

лыстырғанда қандай деңгейде болды? Жұмысты орындау барысында студенттер қандай жетістіктерге қол жеткізді? Бұл тәсілді, сабақтың соңында, рефлексиялық кезеңде де ұсынып отырамыз.

Барлық сабақтарда топпен жұмыс жасалды. Осы топ жұмысын қалай бағаладық? Студенттердің топ ішінде жұмыс жасау деңгейін білу мақсатында оларға топ жұмысын бағалау кестелерін ұсындық. Бағалаудың бұл түрін қолданғанда алдымен критерийін айқындап, олардың кестесін студенттерге таратып беру керек. Бағалау қорытындысы ретінде студенттер мына сұрақтарды талқылайды: Топ жұмысының қандай жағымды жақтарына назар аудардыңыз? Бірлесе жұмыс жасау тиімді болды ма? Топ жұмысын кім басқаруға ұмтылды? Оның көшбасшылығын өзгелер мойындады ма? Неліктен? Топ жұмысында қандай қиыншылықтар болады? Неліктен? Осы қиыншылықтарды қалай жеңуге болады деп ойлайсыз? Топ жұмысын бағалауда кестелер қолданған өте тиімді /Кесте №2/.

Өткізілген барлық сабақтардың соңында эссе жаздырған тиімді. Эссе – студенттің сабақта қарастырылған тақырып жөнінде өз ойлары мен түсініктерін, идеялары мен пайымдауларын келтіретін бағалау тәсілі. Бұл сабақтың соңына қарай 5-10 минуттық уақыт аралығында жазылды. Ал, бірнеше беттен тұратын эсселер үй тапсырмасы ретінде берілді. Эссеге төмендегідей критерийлер қойылды: студенттің өзіндік «мені» көрініп тұру керек. Кітаптың сөзімен жазылмау керек, басқа біреудің ойларын қайталамау керек, 300 сөзден аспау керек. Бұл тәсіл өз білімдерін шыңдау үшін өзін-өзі бағалау үшін өте тиімді тәсілдердің бірі деп ойлаймыз.

Сабақтың соңында барлық сабақтарда кері байланыс, рефлексия, немесе шығу парағын толтыру керек. Шығу парағын сабақ аяғында студенттер бірнеше сұраққа (2-3 сұрақ) жазбаша стикерге жазып берді.

Сұрақтар төмендегідей болады:

-Бүгін не үйрендіңіз?

-Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?

-Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

-Сабақ қызық өтті ме?

-Сіз үшін сабақтың құнды жайттары қандай болды?

Бүгінгі үйренгеніңіз сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? деген, т.б. сұрақтар қойылды. Бұл сұрақтар арқылы сабақты қорытындылап, студенттің алған білімін, сабақтың қалай өткендігін бағаладық. Бұл тәсіл білімгерлерге өте ұнады олардың кері байланысын оқығанда өте риза болдым. Жүргізген сабақтарымынан байқағаным, білімгерлер сабаққа белсене ат салысып өз білімдерін сабақтың өн бойында өздері бағалады. Сабақ басталғаннан кейінгі алғашқы кезде, ортасында, соңында қандай білім бағаланды біріншіден өзіндік көзқарас қалыптастырғандығын байқады, өзіндік пікір, идеяларын ортаға салды. Қандай білім бағаланады? Бірлесіп топ жұмысын жасағандығы, проблеманы айқындап, оның шешу жолдарын қарастырғандығы, ортақ ойдан таңдау жасап, ортақ шешім қабылдай білгендігі. Сонымен бірге өз әрекеттерін жоспарлап, ұйымдастыра білгендігі, осы мәселе төңірегінде өзіндік түсінік, идея қалыптастырғандығы және оларды дәлелдей білуі бағаланды. Осы айтылғандарды қандай тәсілдер арқылы білімгерлер жүзеге асырды, әдетте жазба жұмыстар оның ішінде эссе арқылы, тестілеу, бақылау, интервью, сауалнама, есеп беру, өзін-өзі бағалау (оның ішінде топ жұмысын бағалау кіреді) арқылы жүзеге асырды. «Жиксо» әдісі тарихшыларға өте тиімді әдістің бірі. «Жиксо» әдісі көлемді мәліметтер мен мағлұматтарды білімгерлердің өздігімен игеруге және бірін-бірі оқытуға бағытталған тиімді тәсіл [4,95-б.]. Пострды қорғап болғаннан кейін әр топ өзара бірін-бірі стикерге жазып бағалайды. Стикерді пострға жапсырды. Бағалау арқылы

мен білімгердің білімі қандай дәрежеде екендігін және өзінің оқыту әдіс-тәсілдерінің нәтижелілігін анықтау өте тиімді болды.

Сонымен, бағалау не үшін қажет деген сұраққа білім игерудегі жетістіктерді анықтау үшін, белгілі бір уақыт аралығында білімгердің өсу және даму қарқынын анықтау үшін, білімгердің белсенділігін арттыру үшін, ынталандыру үшін, топ жұмысына қосқан жеке үлесін анықтау үшін, алдағы білім игеру әрекеттерінде жетістіктерге жету үшін, алған білімін одан әрі дамыту үшін, білімгерлердің әрекеттері арқылы оқытушының деңгейін анықтау үшін қажет екендігін айтар едік.

1-кесте. Студенттің өзін-өзі бағалау кестесі (Топ ішінде талқылау жұмысы, «тарих» мамандығының 311-топ студенті Ауылбай Нұржан).

Критерийлер	Әрқашан	Әдетте	Кейде	Ешқашан
Мен талқыланып жатқан мәселені басқа проблемалармен салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындаймын.	+			
Мәселені жан жақты қарастырып, қорытынды жасаймын, барлық ойлар мен болжамдарды ортаға саламын.	+			
Нақты дерек көздеріне сілтеме жасап, барлық ұсыныстарымды нанымды түрде дәлелдеймін.		+		
Талқылау барысында басқалардың пікірлерін мұқият тыңдаймын, олардың сөздерін бөлмеймін, олармен санасамын.	+			
Проблема шешуде ортақ мәмілеге келу үшін өз пікіріме өзгерту енгіземін.			+	

2-кесте. Топ жұмысын бағалау кестесі.

Критерийлері	Топ мүшелері	Идеялар ұсыну	Жолдастарын топ жұмысына жұмылдыру	Идеялар дербестігі	Сұрақ қою	Сұраққа жауап	Жалпы ұпай
Нұржан	+	+		+	+	+	6
Анар	+	+		+	+	+	6
Жұлдыз	+	+		+	+	+	6
Дана		+			+	+	3
Медет	+	+		+	+	+	6
Руслан	+	+			+	+	5
Мерует	+	+		+	+	+	6

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена внедрению методов формирующего оценивания в учебный процесс и повышению квалификации учителей.

The article is devoted to the introduction of formative assessment methods in the educational process, teacher training.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тренерге арналған нұсқаулық – 36 бет. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.
2. **Әлімов А.Қ.** Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құрал Алматы. 2009. – 328 бет.
3. Студентке арналған нұсқаулық – 51 бет. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.
4. **Әлімов А.Қ.** Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құрал – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. 2014. – 188 бет.

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ: өзектілігі мен маңыздылығы»

Венера ЖОЛМҰХАМБЕТОВА,
№9 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш – халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаштықтардың «Алаш» атауын таңдауы да жайдан-жай емес. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеямен байланысты. Міне, осы тұста алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлын тілге тиек ете аламыз.

Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелерінің әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар. Алаш зиялылары – елшілік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді.

Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды.

Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды. Туған халқының халін сезіп, біліп өскен өрелі жас буын өкілдері ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің идеяларын қолдап, солармен бірге қимыл жасады. Қозғалысқа қатысты құжаттардан Алаш қайраткерлерінің оларды іске жұмыл-

дырып, қажет жерінде тиісті тапсырмалар беріп отырғанын байқауға болады. Алаш қозғалысына қатысқан 17-25 жас аралығындағы жастардың ішінен кейін көптеген мемлекет, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққаны белгілі. 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында Бірінші жалпықазақ съезі өткені мәлім. Осы съезде Алаш партиясының бағдарламасы жарияланды.

Ал оның негізгі ұстанымдары: Біріншіден – Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз түрде әрекет етеді. **Екіншіден** – Ресей республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар ерікті болады. **Үшіншіден** – дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы. **Төртіншіден** – билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі шарт, т.б.

Қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлов: «*Басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай нәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!*» деген еді. Әлихан Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып, киілуі керек. Яғни мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізілуі тиіс болған.

Алаш алыптарының бірі Міржақып Дулатов: «*Оян, қазақ!*» деп жар салса, Алаштың тағы бір қайраткері Халел Досмұхамедов: «*Өз тілін өзі білмеген ел – ел бола алмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт*», – депті. Уақытынан оза туған Алаш қайраткерлерінің идеялық мұрасын терең зерттеп, бүгінгі күннің қажетіне жаратып, олардың ісін жалғастырған абзал. Алаш қайраткерлерінің облыстық, уездік съездер мен комитеттерді, жалпықазақ съездерін ұйымдастыруы, сол тұстағы Уақытша үкіметпен келіссөздері, бағдарлама дайындауы, қаулы-қарарлар қабылдауы – олардың қаншалықты дәрежеде саяси өте сауатты қайраткерлер болғандықтарын көрсетеді.

Алаштықтар Қазақстанның сол тұстағы шаруашылық жайын саралай отырып, соған орай экономикалық дамудың бірқатар жолдарын да мегзеді. Бір қызығы, сол кезеңде олар Қазақстанның астанасы жөнінде де орынды мәселе көтерді. Айталық, 1905 жылғы Мұхаметжан Тынышбаев пен Халел Досмұхамедовтер «*Ақмоланы астана жасаймыз*» деген идея көтерді. Сонымен қатар олар 1917 жылы Семейді «Алаш астанасы» деп жариялап, оған «Алаш» деген атау берді. «Алаш» партиясының бағдарламасында көрсетілген ел басқару жүйесі, жастардың білім алуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі, азаматтардың құқы мен бостандығы жөніндегі ұстанымдар тәуелсіз қазақ мемлекетінің саясатымен сабақтас жатыр. Сол себепті Алаш көсемдерінің өмірінен өнеге, тірлігінен тағылым алып, Алаш мұратын ұлт мұраты ретінде тануымыз керек. Алаш идеясы – ұрпақтың бойына отаншылдық пен мемлекетшілдік идеясын сіңірудің басты құралы болуы керек.

Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

Эльмира ӘЛБОСЫНОВА (Альбосынова),
Талдықорған агро-техникалық колледжінің
құқық негіздері пәні оқытушысы

Сабақтың мақсаты. Білімділік: оқушыларға Қылмыстық құқық құрылымы мен функциялары туралы жүйелі білім беру.

Дамытушылық: студенттердің танымдық ойлау, талдау, салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту, олардың танымдық қызығушылықтарын арттыру. Ой-өрісін, зейінін, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: студенттерді өздігімен жұмыс істеуге және жауапкершілікке тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру. Шектеулі уақытта дұрыс шешім қабылдауға үйрету, ұқыптылыққа, ұжымдық еңбекке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, слайдтар, ҚР Қылмыстық кодексі, плакаттар, бейнеролик.

Сабақтың түрі: Танымдық ойын.

Пәнаралық байланыс: Адам. Қоғам. Құқық. Қазақстан тарихы.

Қолданылатын әдебиет. Оқулық.

Сабақта жасалатын әрекеттер: топқа бөлу, жеке жұмыс, ой-өрісін тыңдау (ой шақыру), слайдтармен жұмыс, пысықтау, бекіту, топпен жұмыс, (әр топқа сұрақ беріледі, топ капитаны мен топ мүшелері жауап береді).

I Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі:

1) Амандасу; 2) Оқушылардың сабаққа қатысу деңгейін анықтау; 3) Ынта-зейіндерін сабаққа аудару.

II Үй тапсырмасын сұрау: өткен тақырып бойынша үй тапсырмасын тексеру.

III Жаңа сабақ: қылмыстық құқық құрылымы мен функциялары.

Сабағымызды жүргізу үшін 2 топқа капитандар сайлап алайық. Топтарға сәттілік тілейміз.

Сайысымыздың бірінші бөлімі. Ой қозғау:

IV 1-кезең: «Мен құқықты білемін» сайысы.

1. Қылмыстық құқық дегеніміз не?

2. Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімі қандай қатынастарды реттейді?

3. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі қандай қатынастарды реттейді?

4. Қылмыстық құқық қандай принциптерге негізделген?

5. Қылмыс және қылмыстық заң дегеніміз не?

6. Қылмыстың санаттары дегеніміз не?

7. Қылмыстың белгілерін атаңыз.

8. Қылмыстың құрамы дегеніміз не?

9. Жаза дегеніміз не?

V 2-кезең: «Баптар сөйлейді» (ҚР-ның Қылмыстық кодексінің кейбір баптарына өзіндік анализ жасайды). Кім жылдам? (капитандар жарысады).

VI 3-кезең: «Қазақтың салт дәстүрі ізімен» сайысы.

1. Алғашқы құқықтық ережелердің қалыптасу тарихы.

2. Бумын қаған заңдары.

3. «Төре бітік» заңының түрік қоғамында алатын орны.

4. «Жасақтың» моңғол-түрік қоғамындағы маңызы.

5. «Жасақтың» моңғол мемлекетінің қалыптасуында алатын орны.

6. Шыңғыс хан ұрпақтарының билік жүргізгенде «Жасақтың» орындалуына қатысты іс-әрекеттері.

7. Қасым ханның заңдары және оның баптарын талдау.

8. Есім хан тұсында қабылданған заңдардың маңызы.

9. Қазақтың әдеттегі құқық негіздеріне шарифаттың әсері.

10. «Жеті жарғы» заңының қабылдану кезеңі.

11. «Жеті жарғы» және «құн институты».

12. «Жеті жарғы» және «айып институты».

13. «Жеті жарғы» және «Дала заңдары».

VII Қорытындылау. Студенттер пікірлерін тыңдау және талдау. Пікір айту. Сайыскерлердің білімдерін бағалау.

VIII Марапаттау. Сабақ барысында белсенділік танытқан студенттерді мадақтау және бағалау.

1. Ең білімді студент.

2. Ең тапқыр студент.

3. Ең алғыр студент.

4. Ең шапшаң студент.

5. Ең ізденімпаз студент.

IX Рефлексия.

1. Мен не үйрендім?

2. Мен не білгім келді?

X Үйге тапсырма. Оқулық. Қылмыстық құқық құрылымы мен функциялары.

КІТАП – АЛТЫН ҚАЗЫНА

Кітап – адамзат баласының баға жетпес құндылығы. Білімнің биік белестеріне жетелейтін де осы – кітап. Жақсы кітаптың бар қазынасын оқырман жүрегіне жеткізу – кітапханашы міндеті. Кітап оқыған адамның ақыл-ойы, білім-парасаты кітап оқымаған адамға қарағанда әлдеқайда жоғары болады екен. Олар қоғам өміріне белсенді араласып, үнемі ізденісте жүретін көрінеді. Айналадағы өмірмен, табиғатпен, адамның еңбегімен, құрбы-құрдастарымен танысып, жақсы болуға, жақсылық істеуге құштарландыратын құрал – кітап. Ата-бабамыз кітапты ерекше ақылшы ұстаз санаған.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының аясында Назарбаев зияткерлер мектебі ұсынған «100 ән, 100 кітап» жобасы іске қосылған болатын, кейін осы жобаның жалғасы ретінде «25 ән, 25 кітап» жобасы өзім оқып жатқан Алматы қаласындағы

Ғ.Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназиясының өміріне енді. Әр сынып белгіленген күні өздерінің оқыған кітабынан үзінді оқып, оның мазмұнын баяндап, мазмұны бойынша қойылымдар көрсетті. Бұл іс-шара оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырады. Осындай іс-шаралар мектебімізде болып тұрса екен деймін, өйткені оқушы өзінің жауапты екенін сезінеді, қоғамдық жұмысқа қатысуға мүмкіндік алады. Осындай жобаны ұйымдастырып отырған мектеп әкімшілігіне алғысымыз шексіз. «25 ән, 25 кітап» рухымызды көтеріп, жанымызға рухани азық береді!

Ділназ ЕСЕНГЕЛДІ,
Ғ.Мүсірепов атындағы №86 мектеп-
гимназияның 11 «В» сынып оқушысы.
Алматы қаласы.